



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нүрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ғашықтық дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Елеукенов Ш. Қасқабасов С.
Әуесбаева П., Қорабай С.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Өзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Әуесбаева П., филология ғылымдарының кандидаты
(*жауапты шығарушы*), Рақышева Ж.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 18: Ғашықтық дастандар. — 2005. — 320 бет, суретті.

ISBN 9965-612-27-7

«Бабалар сөзі» сериясының он сегізінші томына «Қисса хазірет
Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі», «Қисса Шеризат —
Күлшат», «Қисса Дандан», «Қисса Зияда, Шаһмұрат» атты ғашықтық
(романдық) дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) - 04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-612-27-7 (т. 18)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Серияның 18-томы ғашықтық (романдық) дастандарға арналған. Олар: «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі», «Қисса Шеризат — Күлшат», «Қисса Дандан», «Қисса Зияда, Шаһмұрат».

Бұл дастандардың тақырыптары бір болғанымен, сюжеттері сан алуан. Мысалы, «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» дастанына арқау болған сюжет ежелгі мифтерден, Таурат пен Інжіл, Құраннан алынған. Ол шығыс пен батыс әдебиетіне бірдей, кең тараған әлемдік сюжеттердің қатарына жатады. Осы тақырыпқа арналған шығармаларда жақсылықтың мәңгі күші туралы ойлар, жазаның болмай қоймайтындығы туралы және соңында зұлымдықтың жеңілісімен аяқталатыны жайында, мінез-құлықтың әлеуметтік мәні туралы бейнеленген.

«Қисса Шеризат — Күлшат» дастаны орта ғасырлық парсы хикаясының желісімен жырланып, қазақ арасына кең тараған. Қазіргі кезде осы сюжетке негізделген, бір-бірінен бөлек, атаулары әр түрлі болып келетін, фольклор және жазба әдебиет түрінде жырланған, жазылған алты шығарма мәлім болып отыр.

Бұларды дүниеге әкелген, өзінше жырлап, халық арасына таратқандар — М.Ж.Көпеев, Ә.Найманбаев, Н.Нысанбайұлы, Е.Құнанбаев, К.Әлімбетов т.б. Осы томға халықтық вариантын ұсынып отырмыз.

«Қисса Дандан» және «Қисса Зияда, Шаһмұрат» шығыстың ғашықтық дастандарының классикалық үлгісі бойынша құрылған. Онда ғашықтық дастандар поэтикасына тән мотивтер сақталған: сырттай ғашық болу, қатерлі сапарға шығу, барлық қиындықтарды жеңіп, ақыры сүйгенімен кездесу т.б. «Қисса Зияда, Шаһмұрат» дастанының бір ерекшелігі — екі жігіт пен екі қыздың, яғни қос жұп арасындағы махаббаттың жырлануы. Мұнда ол көбіне ертегілік-таңғажайып сипатта суреттеледі.


«Қисса Дандан» мен «Қисса Шеризат — Кұлшат» дастандары кирилл әрпінде алғаш басылып отыр. Ал «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» дастаны 1976 және 1994 жылдары, «Қисса Зияда, Шаһмұрат» дастаны 1986 және 1995 жылдары фольклорлық жинақтарда біраз түзетулермен редакцияланып жарияланды.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның басылу принциптеріне сәйкес бұл том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Мұнда томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтер қамтылды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.


Томды дайындау барысында XIX ғасырда араб әрпінде жазылған қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан дүниелерді дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.

Томға енген мәтіндер 1917 жылға дейін жарық көрген басылымдар мен қолжазбадан еш өзгертусіз дайындалды.

Томның көлемі — 23,5 б.т.



Μ Θ Τ Ι Η Δ Ε Ρ



Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі

Бисмиллаһир рахманир рахим*

Бастаймын «бисмилла» деп Тәңірім атын,
Жақсылар, айып етпе жазған хатым.
Құдайым һәм пайғамбардан сөз бастасам,
Қалай теріс болады насихатым.

Құп тыңлап бұ сөзімнен мағына алған,
Көңіліне фаһим әйлап, қайғы салған.
Таңда махшар күнінде пырақ мініп,
Ұжмақтан хор қызымен орын алған.

10 Хазіреті Жүсіптен сөз бастайын,
Басқа сөз арасына һеш қоспайын.
Көламда аты мәшһүр — Жүсіп сыдық,
Мақтамай, шамам келсе тастамайын.

Атасы Жақып нәби сушы болған,
Жәбірейіл оларға елші болған.
Бабасы — Халилолла Ысқақ нәби,
Болады расул Алла тап солардан.

Мұхаммед расул Алла — Құдай досты,
Артық-дүр бұ ғаламнан оның нәсілі.
Екі жаһан тұтқан қақпасын,
20 Шек келтірген оларға жарамас-ты.

* Қайырымды, рақымды Алла атымен

Расул Алла — жаһанның паналары,
 Биік дәраخت саялы, бек шырын миуалары.
 Кәлима шаһадатны жары қылған,
 Шапағат, үміт қылар жанның бәрі.

Басшысы Әбубәкір шаһариардың,
 Құрметін тұтқан ғарда пайғамбардың.
 «Сыдығым» деп ат қойған хақ Пайғамбар,
 Шыншылдығы жете алмас баршалардың.

30 Жар болған онан соңы әділ ғұмыр,
 Расулның шарифатын қылған хабар.
 Төрт мың төрт жүз мәсжидні бина қылған,
 Бұларны мадақтаған сауап табар.

Молда Оспан — төрт жардың үшіншісі,
 Олармен тең келмейді һешбірісі.
 Құранды жамиғ қылған, қате қылмай,
 Артық-дүр көп адамнан мәртебесі.

Андан соңыра лә фата иллә* Әли,
 Дінсізге үстем қылған тәңірім оны.
 Лә сайфу иллә** зұлпықар деп мәшһүр қылған,
Жігіттер, енді олардай адам көні?

40 Перзенті пайғамбардың — екі жігіт,
 Серкесі мұсылманның дінге келіп.
 Жігіттікте дүниядан жаннат барды,
 Хасен, Хұсайын сұрасаң — екі шаһид.

Олардан көп әулие кейін [болды],
 Құдаға олар құлдық туғры қылды.
 Хазірет имам ағзам онан кейін,
 Көндірді шарифатқа талай елді.

50 Оларға Рахман Ием рахматы мол,
 Баспаған тірлігінде һеш қисық жол.

* Тек ұлан

** Тек қылыш

Құдай артық жаратқан сол ерлерден,
Мен ғаріп медет тілеп, көтердім қол.

Иләһи, өзің баста туғры жолға,
Қаламды «бисмилла» деп алдым қолға.
Өлең қылып аударған бұ кітапты,
Жүсіпбекті, иә, Алла, өзің оңла.

Сиындым медет тілеп, иә, Зұлжалал,
Тауфиқ беріп, һидаят жолыңа сал.
Өзі надан, ақылсыз Жүсіпбекті,
60 Жамиғ пайғамбарлар, қолына ал.

Мен құлыңа рахмат қыл, Қадір Мәула,
Саламат қыл қатерден, дінім сәуле.
Жарандар, құлақ салып, тыңлап тұрғыл,
Хазірет Жүсіптен қалған қолы.

Келіпті бұ жаһанға Жүсіп нәби,
Атасы Жақып нәби — Хақ хабибі.
Ыбраһым халилдің зүрияты,
Бабасы Ысқақ сушы — дін табибі.

Раст қисса бұ сөзім өңге сөзден,
70 Кәламда, кітаптарда көрдім көзбен.
Тыңлаған жан көз жасын тия алмайды,
Болмаса шыны-рас діннен безген.

Көңіліме тауфиқ бергіл, бір Құдайым,
Не болса да білесің өзің жайым.
Жүсіп нәби қиссасы енді келді,
Жоқты-барды көп сөйлеп не қылайын.

Келгенде он бір жасқа Жүсіп нәби,
Жақып сушы қасында ұйықтап еді.
Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
80 Тағбирын атасынан сұрай келді.

Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала: Инни раайту ахада ашара каукабан уашшамса уал қамара раайтуһум ли сәжидина*

— Әй, ата, түсімде толған ай мен бір күн көрдім,
Он бір жұлдыз қасында бірге көрдім.
Он бір жұлдыз ол айға сәжде қылды,
Тағбирін, ата, сізден сұрай келдім.

Қаулаһу Тағала қала: — Йа, бунаййа, лә тақсус руйака ала ихуатика файакиду ләка кайдан**.

— Әй, ұғылым, бұл түсіңіз — мүбәрак түс,
Құдайым берер сізге нығмет уа күш.
Саған ғиззат уа рифғат қылар Сұбхан,
Һешкімге бұ түсіңді айтпағыл һеш.

90 Күншығыс, күнбатысқа кетер атың,
Алланың көрерсіңіз ғинаятын.
Ғаламға сенің атың мәшһүр болар,
Көрерсіз пайғамбарлық рисалатын.

Менім айтқан тілімді алғын, балам,
Сұбханыңа хамд, сәна айтқыл, балам.
Естісе ағаларың күндер сені,
Хорлық көріп жүрерсің, нанғыл, балам.

100 Басыңа бақыт, дәулет қонар екен,
Он бір ағаң қызметкер болар екен.
Патшалық, пайғамбарлық бәрі сізге,
Құдайым нәсіп қылып, келер екен.

Жорыды Жақып нәби былайша деп,
Атасының жауабын тыңлады бек.

* Құранда Алла Тағала былай деп бұйырыпты: Расында да мен (түсімде) он бір жұлдыздың, күн мен айдың маған сәжде етіп жатқандарын көрдім.

** Алла Тағала сөзін айтты: Әй, балам, түсіңді бауырларыңа айтпа, олар саған жамандық қылады.

Он ұғылымен туысқан бір қыз мұны
Ағаларына айтады есітіп кеп:

— Ағалар, Жүсіп інің түс көріпті,
Бір айға он бір жұлдыз сөжде қыпты.
Сіздерді оған қызметкер болады деп,
Атаңыз құп жорыды естідім, — депті.

110 Шайтан айдап келтірген әлгі қызды,
Естіді ағалары қыздан сөзді.
Күншілік құсалар ішке сыймай,
«Қызметкері қыла ма, — деп, — баршамызды».

«Ол Жүсіп патша болса бәрімізге,
Қатты ар, намыс іс қой айтар сөзге.
Тоқалдың ұғылы бізге патша болса,
Таяқпенен түртеді көзімізге.

Жүсіпті оңашаға шақыралық,
Рас па екен ол түсі біз сұралық.
Өгар ол түс көргені рас болса,
120 Жүсіпті не қылсақ та өлтірелік».

Жүсіпті ағалары шақырады,
Оңаша үйге ертіп апарады.
«Түс көрдің бе, қарағым, Жүсіпжан?» деп,
Жалынып ағалары қылды зарды.

Көп жалынып сұрады ағалары,
Жүсіпке тауазуғлық қылды бәрі.
Ата сөзін бұза алмай Жүсіп отыр,
Жалынып қайта-қайта сұрады оны.

«Бізді дұшпан көрдің бе жасырғаның?
Болмаса, айналайын, айтсаңшы?» деп.
«Түс көрмедім» демеді Жүсіп сыдық,
130 Отырды үндей алмай, көп қысылып.

Ағаларының көңілін бұза алмады,
Жалған сөйлеп, мойнын бұра алмады.
Құдай шыншыл жаратқан Жүсіп сыдық,
Баян қыла бастады көргендерін.

Жүсіп сөзін тыңлады он ағасы,
Иаһуда еді бәрінің отағасы.
— Жүсіп бекер айтады жалған түсті,
140 Атам жақсы көрсін деп, қылған қасы.

Атам жақсы көрсін деп, айтқан өзін,
Атам рас білді ғой жалған сөзін.
Жалған сөзіменен атамды рәсуа қылар,
Онан да жоғалтайық мұның өзін.

Атамыздан тілелік мұны барып,
Біздерден жақсы көрер атам ғаріп.
Біздерді жақсы көрер онан кейін,
Мұны өлтірсек, атамнан тілеп алып.

Атамыз оны бізден көреді артық,
150 Не іс болса тұрады оған тартып.
Енші берсе, біздерден артық берер,
Үлкен қылып жүреміз оны қайтіп.

Сәлем беріп атасына келді жетіп,
Қол қусырып, алдына тағзым етіп.
Арыз қылып Жүсіпті тіледілер:
— Аңға барып келсін, — деп, — тамаша етіп.

Жүсіпжан біздерменен аңға барсын,
Көрмеген тамашалы жерлер көрсін.
Аққан су, тау, ағаштар бәрін көріп,
160 Кешке жақын алдыға қайтып келсін.

Жүсіпжан барып келсін бізбен еріп,
Таудағы дөрахтлардан миуа теріп.
Сізге келіп, һәммасын баян қылсын,
Түрлі, алуан тамаша істер көріп.

Тыңлады мына сөзді Жақып нәби,
Ішіне жаман қайғы қылды өні.
Өзі бір жаман түсті көрген екен,
Түсін ойлап Жақыптың күпті жаны.

170 Балаларына айтады: — Бір түс көрдім,
Түсімде он бір қозы бағып жүрдім.
Біреуін қасқыр келіп алып кетті,
Бұ түсім қалай түс деп, қорқып тұрдым.

Жүсіпті мен сіздерге бере алмаймын,
Жүсібімді көре алмай тұра алмаймын.
Бұл түсімнен қорқамын жаман қатты,
Бұл айтқан сөздеріңе ере алмаймын.

180 Олар айтты: — Жүсіпті құп сақтаймыз,
Жүсіпсіз біздер, сірә, дәм татпаймыз.
Көзімізден Жүсіпті таса қылсақ,
Қайтіп, ата, тұзыңды біз ақтаймыз?

Көзден таса қылмаймыз Жүсіпжанды,
Қорқытамыз Құдайдан басқа жанды.
Қасқыр түгіл, жолбарыс, арыслан, қабылан
Қолмен ұстап аламыз талай аңды.

— Қойыңдар, Жүсіп, сірә, аңға бармас,
Тамаша іс көрмекті ойына алмас.
Жүсіпті жіберіп отыра алман,
Қонып қалса, көзімнен ағады жас.

190 Есітеді он ұғылы мына сөзді,
Мұны естіп атасынан күдер үзді.
Жүсіптің өзін барып алдадылар,
— Тойға ертіп апарамыз, — деді, — сізді.

Жүсіпжан, біздерменен аңға барғыл,
Көрмеген тамашалы жерлер көргіл.
Аққан су, тау, ағаштар бәрін көріп,
Кешке таман атаңа қайтып келгіл.

- Жүсіп айтты: — Әй, ата, ауға барсам,
Далада аң, судағы құсты көрсем.
Ағалармен ілесіп тамаша қып,
200 Рұқсат берсең қайтеді, барып келсем.
- Бәни Ысрайыл Жүсіпке рұқсат бермес,
Сағат таса қылуды рауа көрмес.
«Қой, перзентім, барма!» деп айтып еді,
Мойнына асылып, жалынып маза бермес.
- Жібермесе, Жүсіптің көңілі қалар,
Қорқып тұрса, Құдайдан келді хабар.
Үшбу сөз көңіліне заһир болды
Иза жааль қаза аммиль басари*.
- Мұны ойлап Ысрайыл сабыр қылды,
Қаза келсе, үйде алып қалмас, білді.
210 — Балаларым, Жүсіпті жіберейін,
Күн батпай алып кел, — деп уағда қылды.
- Мұны естіп қуанды балалары,
Көңілінің кетер болды саналары.
Жүсіптің де ойында неш нәрсе жоқ,
Өлтірмекке ант қылды ағалары.
- Ол күн қонып, ертең жүрмек болды,
Жақып нәби Жүсібін бермек болды.
Кейін «Құдай, кешір» деп, тәубе қылсақ,
Обалын жүре барып, көрмек болды.
- 220 Таң атқан соң, орнынан тұрды бұлар,
Атасына барғалы жүрді бұлар.
Жақыпқа сәлем беріп, қол қусырып,
— Кәне Жүсіп, бергін, — деп, тұрды бұлар.
— Құп, балалар, Жүсібім барсын, — деді,
Көзінен Ысрайылдың жас төгілді.

* Жазмыштан озмыш жоқ.

Басын жуып, Жүсіптің шашын өріп,
Ыбраһымның сәлдесін басына орап.
Түрлі асыл киімдер киінді енді,
Көзіне сүрме тартты, шашын тарап.

- 230 Ысқақ нәби кемерін беліне буып,
Жүсіпті алып шықты жолға қарап.
Түрлі, алуан Жүсіпке азық берді,
Жақып сушы құшақтап зары қылды.

— Аманат Жүсіп жаным сіздерге, — де[ді],
Күн батпай, үйге қайтып әпкел, — деді.
Ренжітпеңдер Жүсіпті, мені десең,
Арқалап көтеріңдер, жаяу жүрсең — [деді].
Түзік бата беремін, балаларым,
Күн батпай, Жүсібімді алып келсең.

- 240 Жүсіпті олар ертіп алады енді,
Атасы жол аузында қалады енді.
Жүсіптің Дина деген қарындасы,
Зар жүгіріп Жүсіпке барады енді.

— Қызым, қайда барасың? — деп атасы айтты,
Неге жылап жүгірдің, жаным? — депті.
Атасының тіліне бұрылмастан,
Жүсіпті қуып жетіп, кейін тартты.

- Дина айтты: — Жүр, аға, үйге, — деді,
Жылаудан басқа сөздер сөйлемеді.
250 Өзі төрт жаста еді, ғаріп Дина,
Жүсіптің қолын ұстап жібермеді.

Дина бері тартады, олар әрі,
Динаға қарамайды оның бөрі.
Қолын ұстап шырқырап тұрғаннан соң,
Арқалап алып қашты ағалары.

Тілі анық шықпаған Дина ғаріп,
Атасына жылайды, қайтып барып.

— Түсімде он қасқыр кеп Жүсібімді,
Қолымнан алып қашты, тартып алып.

- 260 Атасы мұны естіп, зары ағлар,
Өкініп, бергеніне қайғы қылар.
«Қайран Жүсіп, перзентім, аман бол!» деп,
Қызын алып, үйіне жөнелділер.

Жүсіпті бұлар алып белден асты,
Жүсіпке сол арада қылды қасты.
Азықтарын Жүсіптің төгіп тастап,
Енді өзін өлтірмек боп ақылдасты.

- Жүсіпті сүйреледі жолдан шығып,
Рауил деген біреуі ұрды шыбық.
270 Етігін шешіп алып, жалаң аяқ,
Жаны ашымай айдады, көзді жұмып.

Бұлардың қас қылғанын Жүсіп білді,
«Ағалар, не жаздым?» деп зары қылды.
«Не күнәһым бар, ағалар, айтыңыз?» деп,
Ғазиз Жүсіп оларға көп жалынды.

Олар айтты: — Түс көрдім дедің жалған,
Атам сені инанып, қасына алған.
Жалған сөзбен атама жақсы көрініп,
Сол сөзіңнің жазасы саған салған.

- 280 Ғазиз Жүсіп жылады аяғы ауырып,
Шаршады шөлдеген соң, демі құрып.
«Ағалар, шаршадым» деп жылап еді,
«Сөйлеме!» деп, ақырды басқа ұрып.

Жүсіптің тұщы етіне өтті таяқ,
Тым болмаса ұрмады біреуі аяп.
Қамшыдан қорыққан соң зар жылайды,
Аяғын баса алмайды жалаң аяқ.

- Жүсіп айтты: — Маған қас қылдыңдар ма?
Ібілістің уасуасасына ердіңдер ме?
290 Шыныңмен айналайын, ағаларым,
Менім төтті жанымды қидыңдар ма?
- Көпсіңгенің мен болсам, өлтірерсіз,
Мақсаттарыңды орнына келтірерсіз.
Құдадан тағдыр болса, амалым не?
Атамды қай жауаппен нандырасыз?
- Қасіретке саларсыздар Ысрайылды,
Көз жасынан қорықпастан ол залилды.
Тәңірі алдына барғанда не айтасыздар?
Шын қорықпай, ұмыттың ба Хақ Жәлилді?
- 300 Атама жүз мың матам салмаңыздар,
Қорқыңдар, бақытын қара қылмаңыздар.
Анам басқа болса да, атамыз бір,
Қаным жүктеп, обалға қалмаңыздар.
- Өзім — Сыдық, атам — Жақып, бабам — Ысқақ,
Сіздерден жапа көріп, тақатым тақ.
Мен өлсем, атам көзден қан ағызар,
Қорқыңдар көз жасынан, болмаңыз ғақ.
- Мұны естіп сонда Шамғұн ашуланды,
Пышағын қолына алып жетіп келді.
310 — Бауыздаймын сені, — деп айтып еді,
Бетіне қарап Жүсіп сонда күлді.
- Шамғұн айтты Жүсіпке: — Күлдің неге?
Қуандың ба, өлтірем дегеніме?
Неге күлдің, мағынасын айтшы маған?
Жалынып, жылап едің бұрын неге?
- Жүсіп айтты: — Күлгенімді айтайын мен,
Анық ұғып, сөзімді қарағың сен.
Бір күні үйде отырып ойлап едім,
Құдайсыз пенде көңілі болмас екен.

320 Құдіретін көргізді Құдай маған,
Ойлап ем «аман тұрса бұ он ағам
Қандай дұшпан тиеді маған?!» деп ем,
Сол сөзімді көрсетті енді маған.

Бұ күнде сіздер маған дұшпан болдың,
Мұны көріп, сол сөзіме тәубе қылдым.
Алланың бұ тағдырын көргеннен соң,
Асылық қылғанымды біліп күлдім.

Бір күн үйде ойлап ем мен бір істі,
Мұңлық атам бейшара көрген түс-ті.
330 Сіздер жапа қылар деп ойламап ем,
Ақыры Тәңірі салды мұндай істі.

Енді келді атамның көрген түсі,
Жоқ сіздерге қой дейтін һешбір кісі.
Біреу тисе, жаны ашыр бауырларым,
Інісіне он жасар жетті күші.

Тәннен қуат, басымнан кетті ақылым,
Сіздерден дүнияда жоқ һеш жақыным.
Сіздерді маған дұшпан қылғанына,
Алланың тағдырына жоқ тәдбирім.

340 Мен өлген соң, мақсатқа жетер болсаң,
Тірі жүрсем, қор болып кетер болсаң,
Сіздер үшін жанымды құрбан қылдым,
Тәнімде жүз мың, өгар, жаным болса.

Не қылсаң, ағаларым, разымын,
Мен жанымды аяман қажетіңнен.
Мен үшін бәрің бірдей қор болмаңыз,
Бұ сөзім анық шыным, Құдайға аян.

Ағаларым, тыңдағыл менім сөзім,
Жаттарға телмірмесін екі көзім.
350 Сіздер үшін жанымды құрбан қылдым,
Жақсы болып қайтемін жалғыз өзім.

Бұл сөзге Иаһуданың жаны күйді,
 Мейірі келіп, жаны ашып бұ аяйды.
 — Айналайын қарағым, бауырым-ай,
 Лә тақтулу*, Жүсіп[ті], сендер, — деді.

Жүсіпті «бері жүр» деп жетеледі,
 Есіркеп, етегімен жаба берді.
 Иаһуданың Құдайым мейірін салып,
 Мейірі түсіп, жаны ашып кетеді енді.

- 360 Иаһудадан ол Жүсіп көрді шапағат,
 Көңілі оған шат болды бек қабағат.
 Олардың ұрып-соққан жапасынан,
 Иаһуда сақтап тұрды сау-саламат.

Өзгесі кеп: — Жүсіпті жібер, — деді,
 Тоқтатып неге қойдың бекер? — деді.
 Өлтіріп, ерте жайғап қалайық та,
 Қарап тұрсақ, күн батып кетер, — деді.

- Иаһуда айтты: — Жүсіпті өлтіртпеймін,
 Өлмек түгіл, таяқпен бір түртпеймін.
 370 Алланың қаһарынан қорықсақ керек,
 Атамызды тағы да ренжітпеймін.

Тоғызы жауап қылды сонда тұрып:
 — Сөз тыңла, өй, Иаһуда, мойның бұрып.
 Ант ішіп, уағда қылған сөзің қане?!
 Ұятқа қалдық бекер қарап жүріп.

Иаһуда айтты: — Дұрыс емес істеріңіз,
 Бұл Жүсіпке жетпей ме күштеріңіз?
 Өлтірген жан көрдің бе бауырласын?!
 Неге мұнша бұзылды түстеріңіз?!

- 380 Жақсы-жаман жаратқан Қадір Сұбхан,
 Бөрі әшкере өзіне қанша пінһан,

* Лә тақтулу — өлтірмеңдер

Пайғамбардың шаһид қылып қанын төгіп,
Қара жүзді болармыз екі жаһан.

Құдаға бөрі мағлұм батил амал,
Мұрсалдарның ұғылы-дүр, қылма обал.
Жұмақ беріп, тамұқты сатып алып,
Жанымызға қылмалық үлкен залал.

390 Бұл Жүсіп — біздерменен бір бауырлас,
Мұныңменен, жігіттер, болмалық қас.
Тұқымымыз өспестен құрып кетер,
Пайғамбарды өлтірген, асла, оңбас.

Бұ өлген соң, күнәһтан таза болар,
Шаһид болып дүниядан қаза болар.
«Қарғыс алған оңбайды» деген сөз бар,
Атамыз тағы бізге наза болар.

Мұның ұлық бабасы — Мағрұф халил,
Отқа салды оны ол Намруд жаһил.
Жеті тамұқ біріндей болған оттан,
Құдіретімен сақтады Мәула Жәлил.

400 Онан соң мұрсал болды халил Алла,
Тәубе қылып түсіңдер туғры жолға.
«Құрбан шал» деп Құдайым айтқаннан соң,
Атасы айтқан оны Ысмайылға.

Бауыздар жерге ұғылы келген еріп,
Атасы арыздасқан хабар беріп,
Пышақ сонда өтпеген Ысмайылға,
Соның бәрін тұрсыздар біліп, көріп.

410 Біздер тағы солардың нәсілі болсақ,
Құдаға неш оңбаймыз асы болсақ.
Жақып сушы Құдадан қатты қорқар,
Біздер неге қорықпаймыз ұғылы болсақ?!

Иаһуданың көрмеді сөзін мақұл,
Құлағына кірмеді айтқан ақыл.
Ақыреттің азабын ойға алмады,
Насихатты тыңламас болды жәһил.

Жүсіпті тартып алды жабылып кеп,
Иаһуда жалғыз болды, өзгесі көп.
Иаһуда жалынады енді оларға
«Туысқанның қанын көтерме» деп.

420 — Кел, жігіттер, Жүсіпті өлтірмелік,
Бекер нақақ қанын көтермелік.
Бір құдыққа тасталық адам көрмес,
Көзімізден тасаға кетіRELİK.

«Құдыққа тасталық» деп ақылдасты,
Осы сөзді баршасы мақұлдасты.
Құдыққа тастамақшы болғаннан соң,
Зар жылап, Жүсіп көзден төкті жасты.

*Фаслу сифати бири Йусуф аләйһиссалам**

Ғад бір құдықты қазған екен,
Суы шықпай, қырық құлаш барған екен.
430 Қырық құлаш жерге барып, суы шығып,
Адам татпас, ащы боп қалған екен.

Адам татпас, ащы боп қалған екен,
Суы келіп аузына толған екен.
Қанша жыл неш адамзат татпаған соң,
Жылан, шаян-ішіне қылған мекен.

Бір молда болған екен сол заманда,
Жүсіпті білген «Забурды» оқығанда,
«Жүсіп атты бір көрікті жан болар» деп,
Тамаша қып айтыпты барша жанға.

* Жүсіп аләйһиссаламның құдығының сипаты туралы бөлім.

440 Жүсіпке молда өзі ғашық болды,
Аллаға мінәжат қып, дұға қылды.
«Құдауанда, Жүсіпті көрсеткіл» деп,
Аллаға зары қылып тілеп еді.

Тілегін Алла Тағала қабыл қыпты,
Түсінде уахи-Илһам көрініпті.
«Сол құдыққа келеді Жүсіп сыдық,
Келгенінше сол жерде күткіл» депті.

Ол молда сол құдыққа жатты түсіп,
Құдаға тағат қылып, көңілі өсіп.
450 Һәр күнде бір анарды ауқат қылып,
«Құдай-а, келеді, — деп, — қашан Жүсіп?»

Ол заһид мың екі жүз жасқа келді,
Дұғасын Ғазиз уәжіл қабыл қылды.
Жүсіпті сол құдыққа тастамаққа
Ағалары сүйретіп алып келді.

Жүсіптің беліне кеп арқан тақты,
Зар қылды ғазиз Жүсіп сонда қатты:
— Шыныңмен, ағаларым, қидың ба? — деп,
Көзінен қан аралас жастар ақты.

460 Һешбірі тыңламады Жүсіп сөзін,
Жүсіптен құтылмаққа жұмды көзін.
Киімін үстіндегі шешіндіріп,
Жап-жалаңаш тастамақ болды өзін.

Жүсіп онда айтады: — Ағаларым,
Көзім нұры, сүйікті ғазиздарым.
Тіпті ғуриян қылмаңдар, тәнімді ашып,
Өлтірсең де разымын, бауырларым.

Һеш болмаса қойыңдар көйлегімді,
Хайуанаттар көрмесін ақ тәнімді.
470 Өгар өлсем, үстімде кебін болсын,
Құдай үшін, жалаңаш қылма мені!

Тыңламастан көйлегін тағы шешті,
Мейірі қатып, Жүсіптен жұмла кешті.
Беліне арқан байлап салбыратып,
Жоғары тартып тұрып, жібін кесті.

Жүсіп сонда бұлардан күдер үзді,
Ағалары Жүсіптен жұмла безді.
Көйлегін шешіп алып жатқанында,
Сөйледі Жүсіп сонда мына сөзді:

480 — Иләһи — Кәрим, Рахман айа Ханнан*,
Фаріптердің үміті көп-дүр сенен.
Ағалардан үмітім үздім бүгін,
Рақым әйла рахматтық, Қадір Сұбхан.
Бауырларым болдылар мейірі тас,
Жалынар һешкім жоқ сенен өзге.
Не қылсаң, Қадір Алла, байладым бас.

Иаһуда мұны естіп көп жылады,
Құдадан медет о да бек тіледі.
«Бізден үміт үзген соң, айналайын,
490 Бір Аллаға жалынды-ау» деп жылады.

Фаріптердің сүйеніші Қадір Рахман,
Фазылымен Жәбірейілге қылды пәрмен:
«Пайғамбарлық жібердім Жүсіпке мен,
«Сүйінші» деп, дертіне болғыл дәрмен».

Ошал дауыс малаик рух аламин**
Құдай артық жаратқан, білгіл тағин.
Жеті қат көк үстінен ағып келді,
Суға жетпей ұстады ол нәбиін.

Жәбірейіл айтты: — Иә, Жүсіп сыдық,
500 Құдайың сәлем, рахмат қылды тахқиқ.

* Менім Құдайым, өте жомарт, ерекше мейірімді, уа мейірімді.

** Бұл — Жәбірейіл періштенің дауысы

Сүйінші сұрай келдім бүгін сізден,
Жіберді Алла Тағала пайғамбарлық.

Рисалат құтты болсын басыңызға,
Өлгенше мен жолдас қасыңызға.
Ақиқат, Жүсіп сыдық, өзің мұрсал,
Жәннаттан тағам келер асыңызға.

Жәбірейіл екенін Жүсіп білді,
Башарат сүйіншісін естіп күлді.
Хақтан рахмат хабарды есіткен соң,
510 Ғаріп махзин көңілі шадыман болды.

Ол құдықтың түбінде тас бар еді,
Жәбірейіл тасты аузына шығарады.
Су астына тақыт қылып тасты қойып,
Жүсіп[ке]: «Тақ үстіне отыр!» — деді.

Құдайым ол Жүсіпке рахмат қылды,
Тұрғаннан тастың үсті жұмсақ болды.
Күндізгідей ол құдық жарық болып,
Құдықтың һәмма іші нұрға толды.

Алладан Жәбірейілге өмір болды,
520 Ол Жәбірейіл ұжмақ таба сапар қылды.
Бір сағатта Жәбірейіл барды дағы
Ұжмақтан хулла, тағам алып келді.

Хулла, тондар үстіне кигізеді,
Бейштің ниғматтарын жегізеді.
Жүсіптің нұры көкке тіреу болды,
Жүсіпті заһидқа Хақ көргізеді.

Жүсіп сыдық қасына заһид келді,
Заһид келіп Жүсіпке сәлем қылды.
«Мұратыма Құдайым жеткізді» деп,
530 Көрісіп хамд сөна шүкір қылды.

Жүсіпке заһид айтты: — Қайғырмағыл,
Ағаларыңнан көңіліңді айырмағыл.
Сіз менім тілегіммен келдің мұнда,
Қапа боп, жауыз дұға һеш қылмағыл.

Жүсіп айтты: — Кім едің, айт, әй, пенде?!
Тілегіңмен келтірсең мені мұнда.
Бөддұға қып зынданға салсаң мені,
Не деп жауап бересің Тәңірі алдында?!

540 Заһид айтты: — Кітаптан уасифің көрдім,
Жүзіңді һәм көрмекке ғашық болдым.
Мың екі жүз жыл жасаған ғұмырымның
Төрт жүзін тағат бірлән мұнда өткердім.

Мұратым бүгін менім хасыл болды,
Шүкір Алла, көрген соң көңілім толды.
Насихатын Жүсіпке айтып-айтып,
Онан кейін заһидке ажал келді.

550 Жолдасы өліп, Жүсіп тағы жалғыз қалды,
Жалғыз қалып, көңілі қамға толды.
Алланың өмірі бірлән ол Жәбірейіл,
Жүсіп нәби қасына тағы келді.

Келді Жүсіп қасына тағы жетіп,
Насихат сөздер айтты, құрмет етіп.
— Құдықтан шығасыз аман-есен,
Бірақ көрер алдында тауқыметің көп.

Құдықтан шығып, құл боп сатыласыз,
Неше мехнат-жапаға қатыласыз.
Ақырында салтанат[ты] патша болып,
Тәж киіп, тақытқа отырасыз.

560 Күндеген ағаларың қызмет қылар,
Көзінен жасы ағып, бек ұялар.
Пұшайман болып, қатты істеріне
Қайғырып, көңілінен гериан болар.

Атаңа һәм саламат көрісесіз,
 Көрген-білген істерін терісесіз.
 Мехнаттың ақырын рахат қылып,
 Ізгілік мұратыңа ерісесіз.

Жәбірейіл мұның бәрін қылды баян,
 Есітті Хақ сәлемін заһир, аян.
 Сабыр қылып, тағдырға разы болды,
 570 Дерттері жүрегінен болды мийан.

*Фаслу ружуғи ихуати Йусуф аләйһиссаләм**

Жүсіп нәби құдықта жата тұрсын,
 Алланың рахматына бата тұрсын.
 Енді он ағасынан сөз айталық,
 Бұл сөзге, жамағаттар, құлақ салсын.

Жүсіптің ағалары үйге қайтты,
 Бір жерде бауыздады бір лақты.
 Көйлегіне қанынан жағып-жағып,
 Көрсеткелі атасына алып қайтты.

Ол уақытта күн кешке жақын барды,
 580 Жүсіп кеткен жолына Жақып барды.
 Алдынан шығайын деп баласының,
 Жолға түсіп келеді жылап зарлы.

Сол уақытта екінді уақты болды,
 Бір ағаштың түбіне намаз қылды.
 Оқып болып намазын, жылап тұрса,
 Аспаннан «жетпіс» деген әуез келді.

«Жетпіс» деген әуезді тұрды тыңлап,
 Жақып нәби «аһ» ұрды, зары ағлап.
 «Жетпіс күн, жетпіс ай ма, жетпіс жыл ма?»
 590 Оған шейін жоқ екен» деді жылап.

* Жүсіп аләйһиссаләмның бауырларының қайтып келуі туралы бөлім.

Үйге қайтты мұны естіп Жақып нәби,
«Ағалары қас қылды-ау!» деп ойлады оны.
«Ағалары қастықпен жоғалтты ғой,
Уа, дариға, Жүсібім, — деді, — қане?!»

Он ұғылы да ауылға жақын келді,
«Бауырымдап баралық» деп уағда қылды.
Йасиғ оқып тұрғанда бәни Ысрайыл,
«Аһ, Жүсіп!» деп, жылаған дауыс келді.

600 Құлағына шулаған дауыс кепті,
Асығып үйден Жақып жүгіре шықты.
«Иә, ата, біз Жүсіптен айырылдық» деп,
Он ұғылы бәрі шулап зарлық етті.

Он ұғылы атасына келді шулап,
Жақып нәби жүрегі кетті тулап.
«Жүсібіңнен айырылдық» дегеннен соң,
«Аһ!» деп барып, сылқ етіп қалды құлап.

Жақып сушы жығылды ақылын танып,
Жүсіп үшін жүрегі оттай жанып.
Атасы жығылған соң өкіністі,
610 «Бекер қылған екенбіз!» деді ұялып.

Түнімен Жақып нәби жатты талып,
Балалары қысылды қайран қалып.
Есін жиып алған соң сөз сұрады,
Балаларын алдына шақырып алып.

Шақырып балаларын сөз сұрады,
Жүсіп халін білмекке тез сұрады:
— Ертіп алып кеткен Жүсібімді
Қайда тастап келдіңіз?! — деп сұрады.

620 Балалар атасына берді жауап,
Ұялмай беттеріне сірі жамап.
— Бәріміз де бір жолы садақ тартып,
Кетіп едік бәріміз соны қарап.

Жүсіп қоста сол уақытта жалғыз қалды,
Сол уақытта қасқыр жепті Жүсіпжанды.
Қайтып келсек, көйлегі қан боп жатыр,
Бізге Құдай осындай қайғы салды.

Жүсіпке қаза берді Қадір Құда,
Жүсіпке қылып едік жанды пида.
Фа акалаһу-з-зибу далил* осы,
630 Сөйтіп, ата, Жүсіптен болдық жұда.

Жақып айтты: — Жүсіпті қасқыр жесе,
Қалмап па мүшесінен һешбір нәрсе?
Шаш, тырнағы қалса да алып келгін,
Болмай ма шын өлгенін көзім көрсе?

Мен оны кебін орап, қойсам көрге,
Мағлұм қылсам болмай ма һәр шаһарға?
Алладан тағдыр, ажал жеткен күні,
Болмай ма, өзім тағы жатсам бірге?

Олар айтты: — Қарадық һешбір қоймай,
640 Өзіміз жылап жүріп, салып ойбай.
Жалғыз сүйек таппадық денесінен,
Кетсе керек қасқырдың өзі тоймай.

«Көйлегі, мінеки!» деп алып келді,
Жақып сушы алдына алып көрді.
«Аһ» ұрып, көйлегін көргеннен соң,
Есі ауып, со жерде талып қалды.

Бір заманда ақылын жиып алды,
Зар еңіреп, көйлекті қолына алды.
— Жүсіпті түк қалдырмай жегенінше,
650 Көйлегін жыртпағаны қалай? — деді.

Жақып айтты: — Балалар, тыңла, — деді,
Мұндай сұқ мінезді қылма, — деді.

* Сосын оны қасқырдың жегені дәлел болды.

Неге жалған жылайсың, көр болғырлар?!
Жайғап салып келдіңдер мұнда, — деді.

Барыңдар, ол қасқырды ап келіңдер!
Менім айтқан сөзімді құп біліңдер.
Жүсіпті не себептен жеген екен?
Сұрайын, алып келіп көрсетіңдер.

660 Болмаса, Рахманыма қылам зары,
Сіздерге қаһар қылар Азим, бөрі.
Мені наза қылмаңдар, қорық Тәңіріден,
Мазлұмның мұстажаб-дүр дұғалары.

Мұны естіп он ұғылы қорқады енді,
Қаһар қылса, баршасын құртады енді.
Далбасалап бір қасқырды тауып алып,
Атасының алдына әпкелді енді.

Жетелеп бір қасқырды әпкеледі,
— Жүсіпті жеген қасқыр осы, — деді.
— Жүсіпті жеген қасқыр сенбісің? — деп,
670 Бәни Ысрайыл қасқырдан жауап сұрды.

— Әй, қасқыр, Жүсіпті неге жедің?
Көйлегін қорқып жыртпай, бүтін қойдың?
Пайғамбардың жылатып баласын жеп,
Құдайдан не себептен қорықпадың?

Бір Алладан қасқырға өмір болды,
Алдында Ысрайылдың «сөйле» деді.
Құданың құдіретімен тіл біткен соң,
Жақыпқа қасқыр сонда сөйлейді енді.

680 Қасқыр айтты: — Жүсіпті көргенім жоқ,
Ғәм және қайда екенін білгенім жоқ.
Уа, Алла, тақсыр, балаңды мен көрмедім,
Бейкүнәмін, әй, тақсыр, сөзімді ұқ!

Өзіңіз кереметті хақ Пайғамбар,
Құдаймен тұрмайсыз һәм бейхабар.
Аллаға аян, білесіз өзіңіз де,
Еті бізге харам-дүр пайғамбарлар.

Бәни Ысрайыл, тыңлағың менім сөзім,
Мысырдан жаңа келдім менім өзім.
Бір күшігім бар еді, жауға алдырып,
690 Жылаудан түк көрмейді екі көзім.

Баламды жау алғалы он жеті күн,
Сонан бері татпадым тағам бүтін.
Бір тауда жылап-жылап жатыр едім,
Тіпті жалған әпкелді, бейкүнәмін.

Әй, тақсыр, өзім де ақ, сөзім де ақ,
Маған Алла куә-дүр жаратқан Хақ.
Қан жағып ауызыма алып келді,
Бейкүнәмін, әй, тақсыр, сөзіме бақ.

Жақып сушы қасқырдың сөзін білді,
700 Өз қолымен қасқырға ас жегізді.
«Құданың өзі берген қазасы» деп,
Қасқырды рұқсат беріп, қоя берді.

Һәрбір ойды ойлайды Жақып нәби,
«Пайғамбар қылған Алла өзі мені,
Сабырсыздық іс қылсам Құдайыма,
Қара жүзді болармын махшар күні.

Разымын Құданың салғанына,
Жүсіпті қолымнан алғанына.
Мұратым хасыл қылар, тәубе қылсам,
710 Жауыз дұға қылмайын қалғанына».

Иаһуда ол құдыққа һәр күн келер,
Жүсіптің халін сұрап, хабар білер.
Жүсіппенен сөйлесіп ол Иаһуда,
Естіген, білгендерін мағлұм қылар.

Фаслу Мәлік бин Дұғар түс көргені*

Мысырда болған екен бір саудагер,
 Үлкен бай, аты оның — Мәлік Дұғар.
 Ғажайып ұйқысында бір түс көріп,
 Тағбірін жорушыға қылды хабар.

720 Дұғар айтты: — Ұйқымда бір түс көрдім,
 Түсімде саудаменен Кінған бардым.
 Аспаннан күн түсіп бір жерлерге,
 Жағалап ғад қиусын жүріп едім.

Аспаннан ол күн келіп жерге түсті,
 Етегімнің астына ол жабысты.
 Етегімнің астынан өрлеп келіп,
 Қойнымнан жоғары өрлеп, көкке ұшты.

730 Инжу-маржан жаңбырдай жауды көктен,
 Кезек-кезек мен тердім екі етекпен.
 Теріп-теріп сандыққа салып едім,
 Сандық толып, үйіме сыймай кеткен.

Тағбіршы, осы түсті көрдім анық,
 Қуанғаннан барамын ішім жанып.
 Бұ түсім, қалайша түс, жорып берші,
 Тағбіршы, естиін құлақ салып.

Тағбіршы жори берді түсін оның:
 — Дәулетің өседі екен енді сенің.
 Ғад қиусын жағалап жүрген болсаң,
 Үстіне бір шығарсыз барша елдің.

740 Және сатып аларсыз бір жақсы құл,
 Аузыңа бір қарайды оң менен сол.
 Патшалардан дәрежең артық болар,
 Қазынасынан Құдайым ашады жол.

* Фасл /а/ — бөлім, тарау

Және иман Құдайың нәсіп қылар,
Қанша шаһар атыңды жұмла білер.
Дінді нәсіп қылады Тәңірім қалап,
Көңіліңе иман, шамғ нұры келер.

Пайғамбар болар, сатып алған құлың,
Мұныңнан мың хәсса өсер малың, пұлың.
Кәпірліктен құтылып, иман тауып,
750 Екі дүния рақатын бірдей алың.

Мәлік Дұғар қуанды мұны естіп,
«Кінғанға барамын» деп, кетті көшіп.
Түсіндегі көргенін қарамаққа,
Ғад қиусы басына жатты түсіп.

Қарады үміт қылып һәр жерлерді,
Жіберді һәр тарапқа қызметкерді.
Өзі келіп құдыққа қарап тұрса,
Ғайыптан құлағына әуез келді.

Ол әуезді Мәлік Дұғар тыңлап тұрды,
760 «Елу жыл бар алдыңда әлі, — деді.
Ол баланы аласың, мұнда келсең,
Елу жыл болмайынша, келме» деді.

Мәлік Дұғар оны естіп, қайта көшті,
Онан кейін елу жыл тамам кешті.
«Уағда жетті ғой» деп, қайта көшіп,
Ол қиуның басына және түсті.

Мәлік Дұғар ол жерге келіп қонды,
Қонып жатып құдыққа көзін салды,
Өзі бұрын көрмеген түрлі құстар
770 Құдықта үймелеп жүр, көзі көрді.

Мәлік Дұғар құстарды көреді енді,
Мылтық алып атпаққа жүреді енді.
Періштелер екенін қайдан білсін,
Мәлік Дұғар ол уақытта кәпір еді.

Құстарды келе жатыр атайын деп,
Құсты атып, қызыққа батайын деп.
Жақын келсе, жоқ болды құс дегені,
Мәлік Дұғар таң қалды «бұл қалай?!» деп.

780 Қарап тұрса, құдықтан шығады нұр,
Мәлік Дұғар бұл іске таң болып тұр.
Есі ауып азырақ, бойы балқып,
«Бұл қалай тамаша?!» деп, таң болып жүр.

Ойлап-ойлап қосына қайта жүрді,
«Бір ғажайып, тамаша іс бар» деді.
Қосқа келіп бір-екі жігітіне
«Барыңдар, құдықтан су әпкел» деді.

790 Бөшір, Бәшира екеуі шелек алды,
Шелек, қауға алды да суға барды.
Қауғаларын құдыққа салды барып,
Жүсіп сыдық «бұ не?» деп, қарай қалды.

Қауға жылжып төмендеп, суға жетті,
Құдайым Жәбірейілге әмір етті.
Жәбірейіл сол сағатта жетіп келіп,
«Бұ қауғамен құдықтан шыққыл» депті.
Бөшір, Бәшира — қауғасын тартты екеуі,
Қауғадан берік ұстады Жүсіп нәби.

Жәбірейіл айтты: — Жүсіп, тыңла сөзім,
Айнаға қарап едің бір күн өзің.
«Мені біреу құлым деп сатса, әгар,
Кім баға қылар еді?» деген сөзің.

800 «Сатушы, алушының бәрі әзір,
Бағаңыз қанша екенін көріп тұрғыл.
Сол айтқан жауабыңды енді көргіл,
Асылық қылғаныңа төубе қылғыл.
Алланың тағдырына неш шара жоқ,
Әр нешік пендесіне болса үкімі».

Құдықтан Жүсіп нәби шыға келді,
Толған айдай нұр жүзі туа келді.
Дұғардың екі көзі құдықта екен,
810 Жүсіпті көріп, ақылы бихуд болды.

— Иә Бәшір, хаза-ғаллам*, — деді Мәлік,
Жігіттер қосқа келді Жүсіпті алып.
Толған айдай балқыған бір жас бала,
Баршасы қарап тұрды қайран қылып.

Бәр қашан құлдарына айтады екен:
«Бір құл тауып алам, — деп, — іздеп келген,
Оны қайсың келсеңдер тауып алып,
Азат қылам соны» деп айтады екен.

Бәшір келіп Мәлікке хабар берді,
820 Қуанып Мәлік Дұғар қарсы барды.
Жаман қатты шаттанды Мәлік Дұғар,
Жүсіпті көргеннен соң қуанады.

Жүсіптің көздеп жүрген ағалары,
Көреді қонып жатқан керуендерді.
Жүгіріп кеп қараса ол құдыққа,
Жүсіп жоғын көреді баршалары.

Құдықта Жүсіп жоғын қарап көрді,
Жиылып былай шығып, кеңес қылды.
— Біздің бір қашып кеткен құлымызды,
830 Ұстап алдың, керуендер, бергін, — деді.

— Бермесең, — деді сонда Рауил тұрып,
Әй, керуендер, жіберсем бір ақырып,
Қырыларсыз тірі боп, бірің қалмай,
Құлымызды шапшаң бер, өлмей тұрып.

Ол Дұғардың ақылы зерек еді,
«Мінеки, құлыңыз» деп, береді енді.

* Иә, қуанышты хабар, бұл ғалым.

«Жүсіпті сатайық» деп ақылдасып,
«Сатамыз» деп, Дұғарға келеді енді.

840 Бұлайша кеңес-ақыл ойладылар,
Жүсіпке ғабрише сөйледілер:
— Сені біздер сатамыз құлымыз деп,
Разы болып сен оған тұр, — деділер.

Өлтіреміз, алмасаң тілімізді,
Жалғаншы қылар болсаң, өгар, бізді.
Ғабри тілімен Жүсіпті көндіріп ап,
Мәлікке: — Сатамыз, — деді, — құлымызды.

850 Қуанды сатам дегеш Мәлік Дұғар,
Қалмады көңілінде тақат, сабыры.
Ағалары сатамыз дегеннен соң,
Жүсіптің қан боп кетті жүрек, бауыры.

Жүсіп айтты: — Ағаларым, сатпаңыздар,
Мені қасірет отына атпаңыздар.
Қасам еттір һешкімге айтпасыма,
Ауылға мені алып қайтсаңыздар.

Сатпаңыздар, жүһүдке құл болмайын,
Дінсізге пенде болып, қор болмайын.
Қарағым айналайын, ағаларым!
Қасіретпенен жер жатқызбай, жағаларым.

860 Құрметі үшін кешіңдер күнәһімді,
Халилолла, Бісқақпен, бабаларым.
Олар айтты: — Әй, Жүсіп, сөзді қойың,
Болмайды қанша айтсаң да сенің ойың.
«Қасқыр жеді» дедік біз атамызға,
Болған жері, Жүсіпжан, енді тойың.

Иаһуда Жүсіпке айтты ақыл, үгіт:
— Дүниядә не көрмейді еркек-жігіт?!
Не қылса ағаларың разы болғын,
Болмаса өлтіреді, қылма үміт.

Енді сен сатылмақты рауа көргін,
870 Не айтса ағаларың жүре бергін.
Аллаға қиын емес қайтып қосса,
Атаңнан енді айырылдың, мұны білгін.

Дұғар айтты: — Рас айт, құлыңыз ба?
Алайын деп мен тұрмын пұлымызға.
Ақыл-көркі сіздерден, тіптен, артық,
Сатыңыз, пиғылын баян қылыңыз да.

Сіздерге не іс қылды мұның өзі?
Мап-майда, тіпті, жақсы айтқан сөзі.
Анық айт, құлың ба, шыныңды айтшы?
880 Бастарыңнан артық тұр басқан ізі.

Ағалары Мәлікке жауап берді:
— Бір жасында атам сатып алып еді,
Қасымызға ертіп жүруші едік,
Жүре-жүре бұл өзі ақымақ болды.

Неше мәртебе ауылға салды бүлік,
Отырмайды адамға асылы күліп.
Құдыққа түскен жерден тауып апсыз,
«Малға бар» деп жіберсек, қашып келіп.

Мәлік айтты: — Жігіттер, үшбу құлың,
890 Неше түрлі айыбы бар, айтқыл шының?
Сырын білмей, біз дағы қор болармыз,
Һәммасын айыбының баян қылың.

Олар айтты: — Айталық құлдың сырын,
Үш айыбы бар еді мұнан бұрын.
Өзі — ұғыры, жалғаншы, өзі — қашқын,
Міндерін жасырмалық неш те бірін.

Мәлік айтты: — Естідім сөздеріңіз,
Құлыңды, нәсіп болса, біз алармыз.
Айыбын көре-біле алмақ болдым,
900 Тағы да айт бағасын өздеріңіз.

Мәлік айтты: — Артқаным бәрі де пұл,
Алтын-күміс ақшам жоқ, сен иланғыл.
Артқаным атлас, қамқа, торғын миңлық,
Енді не аласыздар баян қылғыл?

Мұнан басқа азырақ жармағым бар,
Бұл құлыңды алмаққа мен харидар.
Не нәрсеге сатасыз құлыңызды?
Не алсаң да бағасын айтыңыздар.

Жүсіп бір күн айнаны көрген екен,
910 Сонда «құл боп сатылсам, — деген екен,
Бағамды кім айтады бұл менім?» деп,
Көңіліне осы сөзді алған екен.

Олар айтты: — Айталық сырымызды,
Алмаймыз атлас, қамқа, пұлыңызды.
Қанша болса, әйтеуір, жармақ бергіл,
Не де болса алсаңыз құлымызды.

— Он сегіз жармағым бар, мұны алсаң,
Құлыңды сатқыл, бұған разы болсаң.
Мұнан басқа ақшам жоқ, не аласыздар?
920 Өзгесін маған сыйла, пұл алмасаң.

Олар айтты: — Соныңа разы болдық,
Аз да болса он сегіз жармақты алдық.
Пұл алмаймыз, соныңа біз разымыз.
Өзгесін өзіңізге сыйлау қылдық.

Сонда Мәлік Жүсіптен сөз сұрады,
Мұның жайын білуге тез сұрады:
— Қайдан шыққан баласың, кім едің? — деп,
Құл екенің рас па? — деп сұрады.

Бұлар сені құлым деп, сатты маған,
930 Мен тамаша боламын, жаным, саған.
Рас па осылардың айтқан сөзі?!
Түстеріне қарасам, тіпті жаман.

Олар айтты Жүсіпке: — Құлмын дегіл,
Біздің айтқан жауапқа иқрар қылғыл.
Ғабрише айтады ағалары:
— Болмаса, өлтіреміз, мұны білгіл.

Ғазиз Жүсіп олардан қорқады енді,
Айт дегенін қорыққаннан айтады енді.
940 «Жалған болса, иә, Алла, кешіргіл» деп,
«Құлмын» дегеш, көзінен жас төгілді.

Олар айтты: — Әй, Дұғар, бізге инан,
Бұ сөздерді қылмағыл һәркез күмән.
Бір сағат босатсаңыз, айырыласыз,
Кісенін, асла, алма аяғынан.

Еліңе барғаныңша босатпағыл,
Өзі — аяр, есіркеп сөз қатпағыл.
Асла айтқан сөзінің шындығы жоқ,
Үйір қылып, қасыңа жолатпағыл.

Дұғар айтты: — Сіздерге мен инандым,
950 Айыбын есіте тұрып сатып алдым.
Бітті, жазып қол қойып беріңіздер,
Он айыбы болса да қабыл қылдым.

Олар айтты: — Берелік, мақұл, — деді,
Сіздің бұ сақтығыңыз ақыл, — деді.
Құдадан қорықпай, батыл істер қылып,
Жазып беріп, болмаңыз ғапыл, — деді.

Қағаз алып, бітісін Шамғұн жазды,
Жәһил болып, һәммасы жолдан азды.
960 Пайғамбарды құлдыққа сатты дағы,
Жүсіптен һәм Құдайдан жұмла безді.

— Бөріміз бұл саудаға разы болдық,
Он сегіз жармақ алып, бір құл бердік,
Бөрі тегіс мұны айтып, қолын қойды,
«Бұл құлды іздемеске уағда қылдық».

Жүсіп мұны естіп зары жылар,
Қасірет от ішін өртеп, бауырын тілер.
Ағалары жөнелмек болып еді,
Жүсіп рұқсат Дұғардан тіледілер.

— Рұқсат берсең, оларға барайын мен,
970 Жүздерін тойғанша көрейін мен.
Зарласып, қоштасып, амандасып,
Күнәһіларым олардан тілейін мен.

Мұны естіп жылады Мәлік Дұғар,
Елжіреп, еріп кетті жүрек-бауыр.
Жүсіптің жылауына қайран қалып,
Қалмады көңілінде тақат, сабыр.

Дұғар айтты Жүсіпке сонда тұрып:
— Не қыласың оларға бекер барып?!
Ғешбіреуі сүймейді барғаныңды,
980 Қылғандарын тұрсың ғой көзің көріп.

Олар сені саттылар кем жармаққа,
Ниеттері тек сенен айырылмаққа.
Мен сені кем қылмаймын өз баламнан,
Келіспей тұр оларға сіз бармаққа.

Ол уақытта жармақтың мың төрт жүзі,
Бір тіллә болушы еді зорға өзі.
— Осынша арзан сатып тұрғандарға,
Барғанмен жақсы көрмес, — деді, — сізді.

Сонда Жүсіп Дұғарға жауап берді,
990 Көзінен жастар ағып зар еңіреді:
— Өздерінің көңіліне түзік шығар,
Сізге теріс болғанмен қылғандары.

Сонда Мәлік Жүсіпке рұқсат берді,
Айтқан сөз, ақылына көңілі еріді.
«Ендеше амандасып барып кел» деп,
Жүсіпті Мәлік Дұғар қоя берді.

- Оларға қайтып барды ғазиз Жүсіп,
Қайтайын деп тұрғанда жолға түсіп.
«Ағаларым, не айтайын, аман бол» деп,
1000 Көрісті һәрқайсымен құшақтасып.
- Ағаларым, құтылдыңдар енді менен,
Көңілің маған тас болды әлде неден.
Құдадан һәм менен де бездіңіздер,
Орын сатып алдыңдар жаһаннамнан.
- Ысрайылдан мені махрұм қойдыңыздар,
Кегінді алып, көзімді ойдыңыздар.
Атам жүзін көруден кеттім алыс,
Маған мұндай дұшпандық қылдыңыздар.
- Уа, дариға, ғазиз едім, залил болдым!
1010 Бауырларым, сіздерден жапа көрдім.
Сіздерден анық бүгін күдер үзіп,
Көңілдерің қатқанын енді білдім.
- Уа илән атам Жақып махрұм қалды,
Жылауменен көздері көрмес болды.
«Жүсібім» деп ерте-кеш жылауменен,
Ғаріп-мұңлық атамның жүзі солды.
- Уа, дариға, пенде болды ғазиз басым!
Жыласам, кім сүртеді көзім жасын?!
Құданың құдіреті мұндай екен,
1020 Туысқан сатады екен бауырласын.
- Ағалар, менім халім — болды хараб,
Басымды кім жуады, шашым тарап?!
Қайран менім, мүсәпір, ғаріп атам!
Екі көзі төрт болды жолға қарап.
- Туысқан, бір бауырлас, ағаларым,
Мені сатып, қанды ма табаларың?!
Бұ қасірет, ақабатқа салдың мені,
Наза болып жүрмесін бабаларым.

1030 Ғазиз басым жүһүдке болды пенде,
Тақат, сабырым қалмады зәрра менде.
Бір сағат көзден таса қылмаушы еді,
Ысрайыл қайтып отыр осы күнде?!

Арқалап жүруші еді ғаріп атам,
Атам еске түскенде, қаңдар жұтам.
Жастыққа салушы еді ұйқым келсе,
Оянсам, беруші еді түрлі тағам.

1040 Ағалар, салдың маған бұ қылықты,
Жүһүдке қайтіп қылам құлшылықты.
Мұнан соң қашан көрем, ағаларым,
Бұ күнде тағдыр қылды айырылмақты.

Бұ тағдырды Тәңірден білсек керек,
Хақ үкіміне құл разы болса керек.
Құданың ирадасыз нәрсе болмас,
Білесің бе, сабырлық қылсақ керек.

Ғазиз Жүсіп мұны айтып жылады зар,
Құшақтап ағаларын қатты ағлар.
Көрісіп жылағанын көргеннен соң,
Өксіп-өксіп жылады Мәлік Дұғар.

1050 Көрісіп Жүсіп нәби көп еңіреді,
Қосылып Мәлік бірге бек еңіреді.
«Мұнан кейін, кеткеннен соң, ағаларым,
Сіздерді қашан көрем?» деп еңіреді.

Ағалары жылады мұны көріп,
Кетеділер мінезіне іші еріп.
«Бекер қылған екенбіз, — деп өкіністі,
Анық, шын іні екен, — деп, — бізге серік».

1060 Жүсіпке айтты: — Біз сені алар едік,
Ауылға алып қайтып барар едік.
Енді не деп айтамыз атамызға?!

Әуелде сені «қасқыр жеді» дедік.

Сені біз ауылға алып бара алмаймыз,
Атамызға жалғаншы бола алмаймыз.
Не болса да барасыз, Жүсіп, енді,
Сені апарып ел бетін көре алмаймыз.

Жүсіп айтты: — Өткен іс қайтып келмес,
Алланың не қыларын пенде білмес.
Алланың салғанына разымын,
Асылық, күпірлік сөз айтып болмас.

1070 Құданың һәр не қылса бір өзінен,
Жас ағып атам қалды ол көзінен.
Екеу едік бір туған бір анадан,
Ибн Иамин айырылды енді менен.

Бұ тағдырды Тәңіріден білік мағлұм,
Атам Жақып қасіретпен қалды мағмұм.
Мұнан кейін көреді мені қашан?
Бауырым Ибн Иамин қалды мағмұм.

1080 Дұғар келіп Жүсіпті жетеледі,
Жөнеліп ағалары кетеді енді.
Артына қарай-қарай жылап Жүсіп,
Дұғардың көштеріне жетеді енді.

Жүсіпті Мәлік Дұғар алып кетті,
Ағалары үйіне қайтып кетті.
Ағалардың айтқан сөзіменен,
Жүсіптің қол-аяғын тас бекітті.

Жүсіптің қол-аяғын кісендеді,
Қашып кетіп қалар деп сенбеді.
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,
Алып келіп бір түйеге міндіреді.

1090 Мәліктің бір құлы бар, Қылыш атты,
Түсі қара құл, бек айбатты.
Соған айтты «Жүсіпті сен баққыл» деп,
Мәлікке сенімді еді саясатты.

Сол сағатта керуендер одан көшті,
Бір моланың жанынан өте көшті.
Анасы Рахиланың қабіріне,
Жүсіп нәби ал сонда көзі түсті.

Анасының қабірін көрді Жүсіп,
Зар жылады көңіліне қайғы түсіп.
«Мейірбан, ғаріп анам, жатырмысың,
1100 Мен барамын мойныма шынжыр түсіп.

Мейірбан, ғаріп анам, халім көргіл,
Ағаларым саттылар мені, білгіл.
Күншілдікпен қас болып ағаларым,
Жырақ жерге жіберді, тахқиқ білгіл.

Ағаларым атамнан айырдылар,
Қасірет отпен жанымды күйдірділер.
Қол-аяғым шынжырлы, мойным бұғау,
Ғарбәт тонын үстіме кидірділер.

Ағаларым салды маған реніш, захмат,
1110 Жас күнімде түсті маған үшбу хикмат.
Пенде болып кеттім бұ күні,
Қылады Тәңірім маған қашан рахмат?

Әй, анам, менім халім көргіл заһир,
Пенделікке сатып алды дінсіз, көпір.
Жарылқар күні маған болар ма екен?
Бұ істі тағдыр қылды Мәулам ғafir.

Уа, дариға, ғазиз анам, жатырмысың?!
Менім мұндай халімді білермісің!
Темірменен байлаулы қол-аяғым,
1120 Менен хабар атама берермісің!

Үн келді қабірінен анасының:
— Иә, Жүсібім, не болған халің сенің?!
Ағаларың неліктен мұндай қылды,
Мехнатқа нағып түскен жаның сенің?!

Жан ұғылым, бұл пәлеге қайдан қалдың,
Қас болған ағаларыңа не іс қылдың?!
Рухым қозғап, өртедің сүйегімді,
Зар ұрып қабіріме жылап келдің.

1130 Атаң сенің халіңді білмеді ме?
Ғешкімге халің мағлұм болмады ма?
Ғапыл болып пәлеге нағып түстің?
Қасыңа жалғыз ағаң келмеді ме?

Құдай-а, бұ қасіретім саған мағлұм,
Үміті көп-дүр сенен жұмла мазлұм.
Фазылың бірлә нәжат қыл, иә, Рахима,
Сатылып, пенде болған — менім ұғылым.

1140 Жүсіп оны естіп, бихуд болды,
Құдайым мінәжатын қабыл қылды.
Рахиланың рухының зары үшін,
Тәж-тақыт, салтанат нәсіп қылды.

Қылыш бақты Жүсіптің түйесіне,
«Үстінде бар ма екен» деп иесіне.
Бара салып Дұғарға хабар салды,
Қалай деп, көзін салмай жобасына.

Қайғырды Мәлік Дұғар «Тұрсын керуен,
Жоқ болса, қашқан екен бұл құл ұғлан».
Жұмла керуен Жүсіпті қарайдылар,
«Қайда кетті екен, — деп, — осы арадан?»

1150 Қылыш құл мінген еді арғымақ ат,
Ашуы жаман еді бек қабахат.
Елден бұрын Жүсіпке шауып барып,
Жүсіпті қамшыменен ұрды үш қат.

Қылыш айтты Жүсіпке: — Қаштың неге?!
Мен саған көрсетейін көп әңгіме.
Құл қамшысы Жүсіпке өтіп кетті,
Сонда Жүсіп жылайды жан иеге.

- Жүсіп айтты: — Иә, Алла, не қыламын?
Бұ мехнаттан мен қайтып құтыламын?
Құдай-а, фазылың бірлән құтқар мені,
1160 Өзің жәрдем қылмасаң не қыламын?

Құдауанда, әгар, мен қате қылсам,
Әмірің қойып, мен саған асы болсам.
Тәубе қылдым, фазылыңмен кешір, Алла,
Атам Жақып өмірін бұзған болсам.

Иләһи, әгар, асы болмасам мен,
Қателік, асылық іс қылмасам мен.
Бұ қауымға көрсеткіл бір ғаламат,
Жүһүдтерге һәм қасылық қылмасам мен.

- Құдайым мінәжатын қабыл етті,
1170 Құдірет бірлән көктен бір бұлт шықты.
Қарлы жаңбыр аспаннан қабат жауып,
Ашылмай, күні-түні боран соқты.

Жеті күн боран соқты ашылмастан,
Керуендер өлер болды енді аштан.
От жағып, ауқат қылар еш лаж жоқ,
Құрғақ нәрсе таба алмай, халі қашқан.

- Һеш адам бірін-бірі көрмес болды,
Шуласып, зар еңіресіп, өлмек болды.
Көк қызарып, күркіреп, жасын түсіп,
1180 Ғаламат, ұлық қатты айбат болды.

Һеш адам бірін-бірі көре алмады,
Біріне-бірі хабар бере алмады.
Мәлік Дұғар қорқады жаман қатты,
Сөйлесер һешбір адам таба алмады.

Мәлік Дұғар шақырды керуендерді,
Шақырған соң, жиылып келді бәрі.
Дұғар айтты: — Бұ хикмат не ғаламат?
Тәңірінің неге бізге келді қаһары?

Дұғар айтты: — Жарандар, болдық ойран,
1190 Нұхтан соңғы ғаламат болды топан.
Аяғына жығылып жалынайық,
Арамызда бар еді бір мазлұм жан.

Біздерден ол мүсәпір тұһмат көрді,
Ол мүсәпір тілегін Тәңірім берді.
Бұл ғаламның иесі — Қадір Рахман,
Мазлұмның көзі жасын есіркеді.

Һәр қайсыңыз айтыңыз қылған ісің,
Қорыққанымнан кетіп тұр есі-түсім.
1200 Һәлак болып қырылдық әй, жарандар,
Жасырма қылғаныңды һәрбірісің.

Сол уақытта Қылыш құл жетіп келді,
Көпке келіп қылғанын баян қылды.
Өзге кісі болмады бұзық қылған,
«Бұ кесапат Қылыштан екен» деді.

Сонда Мәлік айтады қара құлға:
— Жүсіптен барып шапшаң, ғұзыр тіле.
Бізге ізгі дұға қылар ма екен,
Көңілін хошнуд еткіл лутфың билән.

Жүсіптің құшақтағың екі аяғын,
1210 «Күнәһімді өткін» деп зар жылағың.
Көңілі разы болғандай істер қылып,
Көңілінің разылығын көп тілегің.

Қылыш келді Жүсіптің қастарына,
Пәруана боп айналды бастарына.
Екі аяғын құшақтап, бек жалынып,
Бетін жуды көзінің жастарына.

Ол уақытта алдына Мәлік барды,
Қол қусырып, алдына ғиззат қылды.
«Қаталық күнәмізді кешіргіл» деп,
1220 Жүсіпке зары қылып көп жалбарды.

Мұны көріп Жүсіптің мейірі келді,
Оларға разы болып, дұға қылды.
Рахман ием қабыл қылып дұғасын,
Сол сағатта боран кетіп, күн ашылды.

Сонда Дұғар Жүсіптің қолын шешті,
Жалынып, аяғына иіле түсті.
Басшы — Мәлік Дұғар, жұмла керуен
Жүсіпке һәмма бәрі жалбарысты.

1230 Қол-аяғын босатып ат міндірді,
Жібек, атлас үстіне тон кидірді.
«Керуен басы — Жүсіп» деп жар шақырып,
Ұлық-кішік бәріне һәм білдірді.

Жүсіпке барша керуен қызмет қылды,
Қасиетін бәрі де анық білді.
Мәлік Дұғар хүкімін бергеннен соң,
Бәрі Жүсіп әмірінен шықпас болды.

1240 Керуенге Жүсіп қылды онда пәрмен,
Ұлық мансап берді оған Қадір Сұбхан.
Мәлік Дұғар қызметкер болғаннан соң,
Һешбірі шықпас болды әмірінен.

Баршасынан сөйлесе фаһими артық,
Һәм жәнә кеңес қылса, ақылы артық.
Көрген жан жамалына тояр емес,
Ақ жүзінен тұрады нұры балқып.

Неше маддат керуен ол жолдар кешті,
Бір шаһардың жанына келіп түсті.
Ол шаһардың һәммасы һинди екен,
Жүсіпті көріп бәрі таң қалысты.

1250 Жүсіпке һиндилердің бәрі келді,
Ұлық-кішік шаһарда, жас пен кәрі.
Жүсіптің жамалына қайран қалып,
Жүзіне қарап тұрды баршалары.

Сонда тұрып кәпірлер Жүсіпке айтты:
— Мұнша көрікті жамалды кім жаратты?
Сенің бұ нақышыңды түзеткенге,
Біз де пенде болалық, кім түзетті?

Жүсіп айтты: — Жаратқан мені Жаппар,
Бұл жаһанды түзеткен Кәрім Саттар.
Сізді, бізді жаратқан өзі Алла,
1260 Бұ сөзге нанбағанға қылар қаһар.

Баршасы үшбу сөзге инандылар,
Жүсіпке барша һинди бүгіледілер.
Иман айтып, һәммасы дінге кіріп
Һәм Жүсіпті «пайғамбар» деп инандылар.

Онан көшіп, екінші шаһарға келді,
Жүсіптің көркін көріп қайран болды.
Баршасы табынбаққа ол шаһардың,
Жүсіптің картинкасын жасап алды.

Онан көшіп, Құддыс шаһарына тағы келді,
1270 Құддыс бегі түсінде көрген еді.
Шаһарына жар салып: — Бірің қалмай,
Керуен келеді, алдынан шыққын! — деді.

Құддыс бегі ләшкер жиып қарсы шықты,
— Керуен басы кім-дүр? — деп жауап айтты.
— Мәлік Дұғар — керуеннің басшысы, — деп,
Керуеннің бәрі тұрып хабар айтты.

Ойлайды сонда тұрып Мәлік Дұғар,
«Көп ләшкер жиғанында не хикмат бар?
Мен жылда жүргенімде бүйтпеуші еді»,
1280 Қатты қорқып, бұ іске таң болдылар.

Жүсіпке келді сонда Құддыс бегі,
Әдеппен сәлем беріп, қызмет қылды.
Жүсіптен Құддыс бегі жауап сұрап:
— Әй, жаным, жөніңді айт, кімсіз? — деді.

Сонда Жүсіп ол бекке жауап берді:
— Мен боламын түсінде көрген, — деді.
«Алдынан шық!» деген соң келіп тұрсыз,
Һеш күмәнсіз сол кісің — менмін, — деді.

1290 Бү сөзді ол естіп ғажап қылды,
Жүсіпті ертіп барып, қонақ қылды.
Ғиззат, икрам, сияпат, құрмет жасап,
Қасындағы жолдасымен құп сыйлады.

Бір күн, бір түн Жүсіпті құп сыйлады,
Құддыс бегі Жүсіпке сөз сөйледі:
— Маған бір насихатыңды айтып кеткіл,
Сөзіңді қылайын, — деп бек сөйледі.
Жүсіп айтты: — Әй, патша, есіт сөзім,
Тұтыңыз көргеніңді бәрін өзің.

1300 Жүсіпті қатты сыйлап қонақ қылды,
Көп мал беріп, арғымақ ат міндірді.
Он түйеге толтырып қазына беріп,
Алтын кемер беліне буындырды.

Алдына түрлі-түрлі ас келтірді,
«Бисмилла» деп, Жүсіп те бір асады.
Бір табақтан төрт жүздей кісі тойды,
Сонда дағы бір елі кемімеді.

1310 Құддыс хан Мәлікке айтты жауап:
— Жүсіптің қылған ісі — бәрі сауап.
Құлымыз деп неліктен айттың маған?
Онан дағы қылсаңшы өзің тауап.

Осындай жақсы адамды құл дей ме екен?!
Бұларға қызметімді қыл дей ме екен?!
Сізбен бізден бағасы мың есе артық,
Басшысын басшы қылмай боқ жей ме екен?!

Сонда Дұғар ол ханға жауап берді:
— Басшысы бұл керуеннің — Жүсіп, — деді.

Мен Жүсіптің құлымын осы күнде,
Жүсіпке патшалық та лайық, — деді.

1320 Керуен көшіп ол жерден жолға түсті,
Құддыс ханы ел жиып құп кеңесті.
«Кәуіл баладан қапыда айырылды» деп,
Бәрісі жаман қатты өкіністі.

Хан айтты: — Айтайын мен бір ақыл,
Тартып алып қалалық, көрсең мақұл.
Он екі мың әскермен қуады енді,
Мәлік Дұғар о дағы емес ғапыл.

1330 Мәлік Дұғар қорқады жауды көріп,
Қорыққан соң Жүсіпке айтты келіп:
— Жау таянды, не қылам бұған? — деді,
Жүсіп айтты: «Қорықпа» деп сабыр беріп.

Шабуылдап жау сонда келді жақын,
Жүзінен Жүсіп ашты зер ниқабын.
Оны көріп, есі ауып жұмла ләшкер,
Аттарынан құлады бәрі тағин.

Он екі мың кісі еді келген шауып,
Бірі қалмай құлады есі ауып.
Керуен көшіп жөнелді аман-есен,
Дұшпаннан кетті алысқа қылмай қауіп.

1340 Олардың есі ауып жатып қалды,
Керуен халқы бұ іске қайран қалды.
«Мендей көрікті жаһанда жан бар ма?!» деп
Жүсіп тағы бұ істі көңіліне алды.

Сол сағатта Жәбірейіл келді әзір,
«Жүсіпке көрік берген Жаппар Қадір.
Өзіңе-өзің неге таң қаласың?!
Олай десең, Құданың құдіретін көр!»

Үшінші күн бір шаһарға тағы кірді,
Ол шаһарды қараса, пері еді.
Жүсіп оны қараса һәрбірісі,
1350 Жүсіптен көркі һәмма артық болды.

Ғеш біреуі Жүсіпке қарамады,
Мақтануға енді Жүсіп жарамады.
Өзінен һәммасының көркі артық,
Шаһарды бастан-аяқ аралады.

Һәммасының Жүсіптен нұры артық,
Бой нұсқасын қараса, нұры артық.
Өзінен-өзі түңілді Жүсіп сонда,
Ақыл, көркі, фаһими — бәрі артық.

Жүсіпке сонда уахи келді Хақтан,
1360 «Олар — мұрсал пайғамбар, кәмал тапқан.
Қүдіретімді тамаша қылғыл менім,
Сақтанғыл мұнан былай ол ғажаптан».

Құданың бұ хабарын заһир білді,
Қате іс қылғанына тәубе қылды.
«Иә, Алла, асылығым кешіргіл» деп,
Сәждеге басын қойып, зары қылды.

Құдайым қабыл қылды ол тәубесін,
Өзіне қайтып берді көрікті түсін.
«Тілегінді мен бердім, — деді Алла,
1370 Иә, Жүсібім, сәждеден көтер басың».

Керуендер ол жерден және көшті,
Бұ арада бірқатар күндер өтті.
Ніл дариясы жанына келді керуен,
Мысырдың шаһарына жақын жетті.

Керуен қонды Ніл дариясы жағасына,
Мәлік алды Жүсіпті өз қасына.
— Жүсіпжан, суға барып шомыл, — деді,
Бір саяз су көрсетті шамасына.

- Тозаң-топырақ тәніңнен кетсін, — деді,
1380 Көрікті жүзің жанымнан өтсін, — деді.
Шомылмаққа Нілге келіп Жүсіп нәби,
— Не айтсаңыз, көңілің бітсін, — деді.

Жүсіп нәби ол суға келеді енді,
Қол көтеріп бір дұға қылады енді.
«Тәнімді мақлұқтарға көргізбе» деп,
Алладан Жүсіп пір де тіледі енді.

- Алла Тағала дұғасын қабыл қылды,
Сол сағатта жаннаттан перде келді.
Денесін мақлұқтар көрмесін деп,
1390 Перде келіп, дарияға шомылды енді.

Ол суда бір үлкен балық болар еді,
Судағы балықтарға әмір қылды:
— Әдеп сақтап, балықтар, қарамаңдар,
Құданың пайғамбары суға келді.

Оны естіп балықтың қашты бәрі,
Ұлық-кішік жұмласы, жас пен кәрі.
Жүсіп нәби құрметін жұмла сақтап,
Қарамай, қашып кетті онан әрі.

- Ол балық Жүсіп нәби қасына келіп
1400 Айтады: — Мені, тақсыр, мініңіз, — деп.
Балықтың арқасында мініп тұрып,
Тасбих айтты сол жерде шүкір қылып.

Ол балық үстінде ғұсыл қылды,
Нұры тағы мың есе артық болды.
Бейштен хулла, тондар қолына алып,
Жәбірейіл сол сағатта жетіп келді.

- Жүсіп нәби шомылып болғаннан соң,
Қасына киімінің келгеннен соң,
Әлгі балық Жүсіпке арыз қылды,
1410 Хулла киіп, көңілі шат болғаннан соң.

Жүсіпке айтты сонда ошал балық:
— Бақ, дәулет берді маған Жаппар Халиқ.
Бұ судағы балықтың патшасы — мен,
Құдайым нәсіп қылған патшалық.

Патшасымын балықтың дәулеті мол,
Аралап көрдім өзім бірталай жол.
Дүнияда бір перзентке мұқтаж едім,
Иә, тақсыр, менім үшін бір дұға қыл.

1420 Алла сіздің дұғанды қылар қабыл,
Фазылымен Тәңірім маған берер ұғыл.
Өзім кетсем, орыныма мирасқор боп,
Артымнан дұға қылар, өлген соң ол.

Жүсіп сушы балыққа дұға қылды,
Құдайым дұғасын қабыл қылды.
Өздері кереметті, өзі — патша,
Ол балыққа Құдайым екі ұғыл берді.

1430 Екі ұғылы болыпты кереметті,
Жүністі ол балықтың бірі жұтты.
Сүлейменнің жүзігін жұтты бірі,
Дүниядан патша болып олар да өтті.

Сонда Жүсіп қосына қайтып келді,
Тасбих, таһлил Құдаға айтып келді.
Үстінде хулла, тоннан нұры балқып,
Жер мен көк арасына тіреу болды.

Жүсіптің келгенін Дұғар көрді,
Сандықтан түрлі асыл тон шығарды.
— Үстіңізге бұларды киіңіз, — деп,
Жүсіпке һәммасын алып берді.

1440 Жүсіп нәби қасына Дұғар барды,
Үстінде хулла көріп қайран қалды.
— Кім берді, — деді, — мұны, Жүсіп, саған?!
Мен ұстап көргенім жоқ мұндай малды.

Жүсіп айтты: — Тәңірім берді бұ хилғатты,
Мәулам өзі разы қылды бұл дәулетті.
Менім сырым өзіне аян еді,
Беріп-дүр соның үшін бұ рахатты.

Мәлік Дұғар бұл сөзге қайран қалды,
Сөйтіп тұрған уақытта көш жөнелді.
«Бір ғазиз, жақсы кісі келеді» деп,
1450 Ауадан Мысыр ишара бір әуез келді:

«Дұғар тажир сарайына келген, — деді,
Ол ұғланды тамаша қылғыл, — деді.
Адамға ұқсамас оның нұры,
Мұқарраб періштедей, білгіл, — деді.

Келгені ол адамның қатты тұрып,
Ақылы артық, сөздері тәтті тұрып.
Көруге ғашық болғын һәммаларың,
Бұ жаһанда бек жақсы қылықты тұрып».

Мұны естіп Мысыр елі қуанышты,
1460 Көрмекке барша жұрттар құрдай ұшты.
«Жүсіп нәби жамалын көреміз» деп,
Ұрғашы-еркек һәмма жұрт жиылысты.

Жүсіппен бірге келді ағыр ләшкер,
Олардың баршалары — періштелер.
«Қошамет қыл Жүсіпке!» деген Алла,
Шаһарға Жүсіппен бірге кірді олар.

Мұны көріп таң қалды Мысыр елі,
Бұларды «адамзат емес» деді.
«Көктен енген, бұл өзі — періште» деп,
1470 Баршалары Жүсіпке сәжде қылды.

Жүсіп сушы Мысырға келгеннен соң,
Тағамдарды қолына алғаннан соң.
Ғұд ғинбар секілді иістер шықты,
Аузына Жүсіп нәби салғаннан соң.

Мәлік Дұғар үйіне келгеннен соң,
Жүсіпке тағам беріп болғаннан соң,
Сарайдан нұры балқып көкке шықты,
Жүсіп пердесін жүзінен алғаннан соң.

1480 Оны көріп, Мысыр елі жамиғ болды,
Мәліктің сарайына бәрі келді.
«Құлыңызды біздерге көрсеткіл» деп,
Тажирге шаһар халқы арыз қылды.

Тажир айтты: — Жүсіпті көргізбеймін,
Ішіне сарайымның кіргізбеймін.
Ер басына бермесең бір тілләдан,
Үйімнің маңайынан жүргізбеймін.

1490 Разы болып, бір тілләдан берістілер,
Дұғардың сарайына кірістілер.
Көрген жан жамалына тояр емес,
Кешке шейін кезекпен көрістілер.

Екінші күн барша жұрт және келді,
Екі алтыннан қолына ала келді.
Жүсіп жүзін көрмекке ғашық болып,
Көрген жан, зар сәргардан қайран қалды.

Үшінші күн, төртінші күн, бесінші күн,
Артадылар һәр күн сайын бір-бір алтын.
Көрген жан жамалына тояр емес,
Болмайды көрген жанның ақылы бүтін.

1500 Онан кейін үшінші күн тамам болды,
Ер басына он-оннан алтын салды.
Көрген жандар есінен танып жатыр,
Шаһарда адам қалмай бәрі келді.

Кейбір жандар көреді қарсы алдынан,
Кейбір жандар көреді арт жағынан.
Жете алмай сырттан сұрап, кей жандар тұр,
Жүзін көрген талып жатыр ақылынан.

- Артқыға алдыңғылар жол бермейді,
Топырлап, бірін-бірі жібермейді.
Қолдарында көрсетіп тіллеларын,
1510 Сырттағылар дауыстап, қол сермейді.
- Жүзін көрген мал-жаннан жұмла безді,
Көре алмаған жанынан үміт үзді.
Шоқынып, шұлғып жатыр көрген жүһүд,
Есі ауып, жиырма мың адам өлді.
- Сол уақытта Құдайымнан пәрмен болды,
Мәлік Дұғар Жүсіпті алып келді.
Қораның ортасына алтын табақты
Қойды да, Жүсіпке «оған отыр» деді.
- 1520 Мәлік сонда жұртына жар шақырды:
— Енді мен Жүсіпті сатам, — деді.
Жеткізіп харидарлар баға қылса,
Ақшасы жеткен адам алсын, — деді.
- Мұны естіп жиылады Мысыр елі,
Ұлы-кіші, бай-пақыр бөрі келді.
Шамасы келетін де, келмейтін де
Бөрі де «мен алам» деп үміт қылды.
- 1530 Бір кемпір келді сонда «мен алам» деп,
Қолындағы бар пұлы — бір келеп жіп.
Сылтауменен Жүсіпті көріп алды,
Еңеш малы болмаса да айла қылып.
- Сол уақытта бір салт басты қыз бар еді,
Әкесінің аты Табиун еді.
Бұ хабарды һәркімнен естіген соң,
Көрмекке аламын деп о да келді.
- Мың түйе алтын-күміс жүк әпкелді,
Жүз құл, жүз арғымақ тағы әпкелді.
Жүз құлын киіндіріп, ат мінгізіп,
Жүз қыздың бөрі сұлу және әпкелді.

- 1540 Осындай салтанатпен келді сол қыз,
Жүсіпке назар қылды есітіңіз.
Пайғамбарлық рисалат нұрын көріп,
Қайран болып Жүсіпке тұрды ол қыз.
- Жүсіпке айтты сонда ол қыз тұрып,
Жаһанда артық туған жүзін көріп.
— Қандай жанның ұғылысыз, — деді, — жаным?
Адамзат туады екен сіздей болып.
- Жүсіпке айтты: — Әй, ұғлан, шығар сөзің,
Сататын құл емессің сенің өзің.
Қай патша, қай сұлтанның баласысың?
1550 Құл деуге батпай тұрмын менім өзім.
- Құл деп айту сіздерді лайық емес,
Сіздерді сауда қылу байлық емес.
«Сатып алам» деп айтар неткен адам,
Сіздерге дүния малы баға келмес.
- Не үшін қайғың үлкен, қатарың тар?
Қам, құса жар болып-дүр саған, әй, жар.
Ахуалыңды айтсаңшы, жаным, маған?!
Бү іске сізді салған қандай жандар?!
- Дәл сіздей бұ жаһанда адам болмас!
1560 Сізге ұқсап дүнияда адам тумас!
Сізді мен періштесіз деп ойлаймын,
Сипаты адамзаттың сіздей болмас!
- Сізді естіп, малымды жиып келдім,
Сізді сатып алмаққа үміт қылып.
Енді баға қылуға қорқып тұрмын,
Асығып әпкеліп ем мың түйе жүк.
- Барша жұрт қыз сөзіне қайран қалды,
Сонда Жүсіп ол қызға жауап қылды.
Көзінен гауһардай боп жас домалап,
1570 Өз тілінше ол қызға сөйлейді енді.

Жүсіп айтты: — Халімді Ием білер,
 Құлына оның өмірі лайық болар.
 Бұ істі құдіретімен салды маған,
 Не қылса да пендесіне өзі қылар.

Жаратқан мені мұндай Тәңірім өзі,
 Құдіретімен берген Алла көрікті жүзді.
 Ғеш адам бұза алмайды оның өмірін,
 Пенденің күнәкарлық барша сөзі.

1580 Құл керек болса, мені алғын сатып,
 Жиылған халайыққа бағалатып.
 Өгар да малың маған жетпес болса,
 Жаның сақта үйіңе барып жатып.

Мұны естіп Жүсіпке ғиззат қылды,
 Иман айтып Тәңіріге мүмін болды.
 Құдайым дінді оған нәсіп қылды,
 Дәруіштерге, жетімдерге көп мал берді.

1590 Ғұмырын тағат бірлән өткермекке,
 Мешіт салып, сол жерде жатып қалды.
 Бар Құдай жарылқады осы қызды,
 Дүнияда естімеді ғешбір сөзді.
 «Иә, Алла, енді маған иман бер!» деп,
 Мал-мүлкі, дүниясынан түгел безді.

*Фаслу фи баян Зылиха**

Жарандар, тыңлаңыздар, мына сөзді,
 Зылиха патшазада — Таймус қызы.
 Сипаты — бейіштегі хор мысалы,
 Балқыды толған айдай нұрлы жүзі.

1600 Ол Таймус патша еді күнбатыста,
 Даңқы оның кеткен еді тіпті алысқа.
 Құдай артық жаратқан патша еді,
 Көп жаннан салтанаты артық, басқа.

* Зылиха туралы бөлім.

Қылғаны салтанатпен ойын-күлкі,
 Дүнияда көп патшадан артық көркі.
 Зылиха қызы еді сол патшаның,
 Дүнияда адамзаттан артық көркі.

Зылиха Таймус патша қызы еді,
 Жастығы атасының тізесі еді.
 Бір күн көріп түсінде Жүсіпті ол,
 Ғашық болып, қайран боп қызып еді.

1610 Жүсіпті көруші еді Жақып қандай,
 Төнінде көрер еді шыбын жандай.
 Жүсіпті қандай жақсы көрсе Жақып
 Зылиха атасына — о да сондай.

Зылиха ұйықтап еді бір күн жатып,
 Түс көріп, көп қызыққа қалды батып.
 Жүсіпті түсінде көріп ғашық болып,
 Оянды зар еңіреп, жасқа батып.

1620 Оянып, жылап-еңіреп тұра келді,
 Алдына атасының жылап келді.
 — Қарағым, неден шошып ояндың? — деп
 Атасы Зылихадан сұрайды енді.

— Қарағым, не себептен тұрдың жылап,
 Зар ұрып, өзіңді мұнша бұлап?!
 Түсінде қорықтың ба бір нәрседен?
 Сені көріп жүрегім кетті сулап.

Зылиха айтты: — Ұйқымда бір түс көрдім,
 Түсімде тамашалы бір іс көрдім.
 Жаһаннан сипаты асқан сурет көріп,
 Зар жылап, соның үшін мен аһ ұрдым.

1630 Ол сурет көз алдымнан кетпей отыр,
 Ұстауға қолым менім жетпей отыр.
 Ақыл, һүшім, сабырымды жұмла алып,
 Көңілім бұл дүнияға бітпей отыр.

Таймус айтты: — Мен оны көрсем еді,
Тұрағын қайда екенін білсем еді.
Нәсіп болса, оны мен саған қосып,
Жолыңда жаным пида қылсам еді.

Онан соң Зылиханы қайғы басты,
Қуарып, күннен-күнге түсі қашты.
«Жүсіп» деп, күні-түні жылауменен
1640 Ұйқы жоқ, татпас болды тағам, асты.

Осындай қайғыменен бір жыл болды,
Түсінде Зылихаға Жүсіп келді.
«Зылиха, насихатым тұтыңыз» деп,
Ол Жүсіп насихатын айтады енді:

— Тыңласаң, мен сенікі, сен менікі,
Ойлама олай-бұлай өзге кепті.
Көңіліңзді аударма ғашықтықтан,
Шығарма қатеріңнен, асла, мені.

Зылиха үшбу сөзге разы болды,
1650 Оянып, ұйқысынан тұра келді.
Оянса, қасында жоқ әлгі сурет,
Есі танып, сол жерде жығылды енді.

Атасы мұны көріп болды қайран,
Түскенін ғашық оты білді баян.
Ертеңнен кешке шейін тұрмай жатты,
Қылса да неше түрлі айла, дәрмен.

Жатады үш күн, үш түн тағам татпай,
Бір ауыз неш адамға жауап қатпай.
Әйтеуір тірілік бар рахаты жоқ,
1660 «Ah!» дейді анда-санда тыныш жатпай.

Дәрігерлер бұған дауа қыла алмады,
Кеселі не екенін біле алмады.
Не ұйқы, не күлкі жоқ, тағам татпай,
Тік басып аяғынан жүре алмады.

Үшінші жыл Жүсіпті және көрді,
Жүсіптен ол Зылиха жауап сұрды:
— Жолыңда қайран қылдың мені мұндай,
Айтсаңшы, мекеніңіз қайда? — деді.

1670 Жүсіп айтты: — Зылиха, мені іздесең,
Мысырдың патшасымын, мені білсең.
Иншалла, жетерсің мұратыңа,
Мысырда қосыласыз іздеп келсең.

Сабыр қыл, асықпаңыз, иә, Зылиха!
Жалбарғыл сабыр қылып жалғыз Хаққа.
Сабырсыздық пендеге пайда бермес,
Жетерсің сабыр қылсаң тез мұратқа.

1680 Зылиха бұл түсінен оянады,
Қуанып бұл түсті ойға алады.
Атасына айтады бұ ахуалын,
Дертінен онан кейін оңалады.

«Мысырдың патшасы — ол жаны,
Көңіліме салған менім көп сәнаны».
Түзелді Зылиханың ақыл, көркі,
Түзелді сөзі менен түрі дағы.

Зылиха мағриб шаһтың қызы еді,
Ел-жұртының аузында сөзі еді.
Мұнан басқа перзенті жоқ атасында,
Айтатын шаһзаданың өзі еді.

1690 Мекені Зылиханың — мағриб елі,
Өлшеуі — Мысыр менен ара жолы,
Почтамен ай жарымда жетер екен,
Жүргенде тоқтамастан күні-түні.

Жиырма жеті ат мінген жолаушылар,
Һәрбірінің басында алтын тәждар.
Баршасы Зылиханы айттырмаққа
Өпкелді қисабы жоқ қанша малдар.

Жіберген бір падишаһ елшісі еді,
Елшілер Зылиханы тілеп еді.
Атасы Зылихадан сөз сұратса,
1700 «Мені Мысыр патшасына берсін» деді.

Бұ сөзді атасына айтып салды,
Атасы қызының сөзін қабыл алды.
Нама жазып Мысырдың патшасына,
«Бір қызым бар, некахлап алсын, — деді.
Таймус ибн Талус менмін анық,
Бар еді жалғыз қызым сізге лайық.

Мақұл десең, жібергіл елшілерің,
Сізге оны ғашық қылды Жаппар Халиқ.
Шаһзадалар көп тілер, һәркез бармас,
1710 Сізден өзге адамды рауа көрмес.

Мақұл көрсең, жібергіл қағаз жазып,
Көңілінен сізді қызым һеш шығармас.
Соның үшін қызымды сізге берем,
Мың түйе жүк қызыма жасау қылам.

Мың қашарға беремін алтын артып,
Қызметкерге тағы да мың құл берем.
Онан кейін мың сұлу қыз беремін,
Нені қызым қаласа, құп көремін.

Алтын менен күмістен ер ерттетіп,
1720 Мың атты жетелетіп бос беремін.
Ол уақытта Мысыр шаһы Қытфир еді,
Елшілер хатты алып жетіп келді.

Елшілердің намасын қолына алды,
Қытфир шаһ оқып көріп: — Мақұл, — деді.
Мен де сүйем өзімді сүйген жанды,
Оңалтпаймын залалы тиген жанды.

Жақсылықтың жолында жаным пида,
Мен неге жақтырмайын ондай жанды?!

1730 Мұны айтып хат жазды Қытфир шаһы,
«Һәрқашан қажетіңе біз панаһи».

Сәлем айтып, хат жазып Таймус ханға,
Жіберді бір елшіні бұ да тағы.
Қытфирдың елшілері келді жетіп,
Хатын берді Таймусқа тағзым етіп.

Таймус хан оқып болып хат-намасын,
Жөнелтпек болды қызын жол түзетіп.
Мың түйе, мың қашарға жүктер артты,
Жібектен һәр қайсысына арқан тартты.

1740 Зылиханың қызметіне бермек үшін,
Мың құл, мың қыз тағы да даярлатты.
Осындай қып жөнелтті Зылиханы,
Неше күнде Мысырға жақын келді.

Салтанаты жаһаннан асқаннан соң,
Тамашаға қаратты тамам елді.
Харир киіп, төж орап, таққа мінді,
Шат болып Зылиханың көңілі тынды.

1750 Нұры күндей балқыды Зылиханың,
Қалдырмай көңілінде зәрра мұңды.
Қуанды «Мұратыма жетемін, — деп,
Дүниядан патша болып өтемін, — деп.

Ғашық болған жарыма қосылған соң,
Ғайш-ғишрат істерді етемін» деп.
Бір уақытта бектерменен патша келді,
Бектер шығып, шаһ үйде жалғыз қалды.

1760 Зылиха көрсе, ері — бөтен кісі,
Зар еңіреп оны көріп, фариад қылды.
Зылиха зар жылайды фариад салып,
Қызметкерлер жиылды қайран қалып.
Алдына қызмет қылған қыз-келіншек,
Айтады Зылихаға бәрі келіп:

— Мысырдың патшасы — Қытфир осы,
Үшбу-дүр сұлтан ғазиз саған қосы.
Әдепсіздік қылмаңыз, ұят болар,
Өзің іздеп келген ерің осы.

Мұны естіп Зылиханың ақылы ұшты,
Фариад қып, есі ауып жерге түсті.
Қытфир шаһы жылайды мұны көріп,
Үзірлер патшаменен қайғырысты.

1770 Қыз-қатындар сұрайды шаһ жайын,
— Неліктен зары ұрып, қылдың фаған?
Біздерге мағынасын баян қылғыл,
Патшаны көріп, қорықтың не мағынадан?

Зылиха айтты: — Алыс қалды менім елім,
Аһ, неден ғаріп болып, сынды белім!
Неше күндік мехнатым зая кетіп,
Болмады бұ сапарда менім жолым.

1780 Түсімдегі көргенім осы емес,
Бұ патшаң, сірә, маған лайық емес.
Мен түсімде көріп ем бір суретті,
Ақыл, көркі, мінезі бір ұқсамас.

Нұрлы еді толған айдай оның жүзі,
Бал-шекерден тәтті еді айтқан сөзі.
Онсыз маған керек емес үшбу жаһан,
Дертіме дауа еді һәр лебізі.

Маған ол анық уағда қылып еді,
Уағдасын не себептен хилаф қылды.
Алыста қалды менім қайран елім,
Еңбегім, бейнеттерім зая болды.

1790 Зылихаға көп насихат қылды қыздар:
— Ғеш қызық көре алмаймыз сенсіз біздер.
Сабыр қылсаң, жетерсің мұратыңа,
Құр бекер қасірет ұрып, қылмағыл зар.

Қайдан білдің Құдай себеп қылмайтынын,
Ол түсің расқа келмейтінін.
Құдайға һәр не қылса қиын емес,
Кім айтты мұратыңның болмайтынын.

Зылиха бұ үгітті рауа көрді,
Мысырда тұрмақтыққа көңіл бұрды.
Еш адамға айтпады бұ сырларын,
1800 Қытфир дағы бұ сырдан білмес еді.

Зылиха сонда тұрды сабыр қылып,
Қытфирдан өзі тағы құп сақтанып.
Қайғыменен шөптей боп, солып кетті,
«Аһ, Жүсіп!» деп, күні-түні көп зарланып.

Құдай аман сақтады Зылиханы,
Жүсіп үшін сақтады Тәңірім оны.
Зылиха деп құшады Қытфир ханы,
Жын қызын қосып қойды Жаппар Ғани.

Зылиха ол Қытфирға мұтиғ болмас,
1810 Сақтанып, түн болғанда жақын келмес.
Зылиха деп құшады жынның қызын,
Қытфир шаһ бұ істерден хабар білмес.

Соныменен жеті жыл тамам өтті,
Жүсіп нәби Мысырға жақын жетті.
Мысырға келіп құл боп сатылғанын,
Ұлық-кішік ол шаһар жұмла есітті.

Базарға шапқыласты мунадилер,
«Бұ ұғланды кім сатып аладылар?!»
Базарға алып шығып жарқыратып,
1820 Пердесін жүзіндегі көтерділер.

Еш адам мұны сатып ала алмады,
Қасына біреу жақын келе алмады.
Дүния малын салмаса жиып әкеп,
Мысырдың малы баға бола алмады.

Жұртына өмір қылды Қытфир патша:
— Он қатар майдан жерге үстел жаса!
Ортасына бір таққа Жүсіпті қой,
Жұрт түгел көріп тұрсын қанша болса!

1830 Он қатар үстел, күрси келтірділер,
Айнала көтін қойып отырдылар.
Жүсіпті әкеп қойды ортасына,
Сабыр қылмай барша жұрт тік тұрдылар.

Жүсіпті көрді сонда жұрттың бәрі,
Ұлы-кіші, шаһарда жас пен көрі.
«Күндей боп жарқыраған немене?» деп,
Зылиха жетіп келіп көрді оны.

1840 Зылиха айтты топқа келгеннен соң,
Жүсіпті тани қалды көргеннен соң,
Бихуд болып жығылды һұшы кетіп,
Отырды есін жиып алғаннан соң.

Зылиха есін жиып түрегелді,
Тұрған соң қыз-қатындар бәрі келді.
— Неліктен есің ауып жығылдың? — деп,
Баршасы Зылихадан сұрайды енді.

Зылиха айтты: — Қойыңдар мен тұрайын,
Азырақ бір мәслихат, кеп құрайын.
Мұратым, уаслімнің күні туды,
Фирқат халін, ахуалын мен сұрайын.

1850 Жаңа келді қажетім, оны білгін,
Сіз оны мен үшін сатып алғын.
Аяма, қанша баға десе дағы,
Патша сарып қылсын барлық малын.

Базарға, жар шақыртты шаһарына,
Елінің хабар салып баһарына.
«Он түрлі өнері бар бұл құлдың» деп,
Мысырдың мағлұм қылды шаһарына.

— Әуелі, орта бойлы, гауһар көзді,
Екінші, өзі сұлу, көркем жүзді.
Үшінші, жетпіс екі тілді білер,
1860 Сөйлесе, балдан шырын, жұмсақ сөзді.

Төртінші, шапағатты, мурууатлі,
Бесінші, алып жүректі, бек айбатты.
Алтыншы, қырық кісінің қуаты бар,
Бү жүрген кісілерден һәм қуатты.

Жетінші, діні таза, дианатты,
Сегізінші, залым емес, аманатты.
Тоғызыншы, пайғамбардың нәсілінен,
Оныншы, мінезі артық, сөзі төтті.

Патша мұны естіп қайран қалды,
1870 Жүсіптің жамалына назар салды.
Патшаның есі кетіп сол арада,
Жүсіпті көргеннен соң талып қалды.

Патша: — Мұны маған сатқын, — деді,
Гауһар, жақұт, алтынға батқыл, — деді.
Не десең де алайын бұ құлыңды,
Бағасын қазір маған айтқыл, — деді.

Мәлік айтты: — Таразыға өлшеп көргін,
Өзінің салмағындай алтын бергін.
Төрт түлік малдарыңды тағы алдырып,
1880 Малыңнан сондай малды тағы бергін.

Патша осы сөзге разы болды,
Алдына қазынананың өзі келді.
Жүсіпті таразыға отырғызып,
Әпкеліп бір жағына алтын салды.

Қисапсыз таразыға алтын салды,
Жүсіпке сонда дағы тең келмеді.
Жүсіпке барабарға жеткізем деп,
Патшаның қазынасында түк қалмады.

Патша үй аспабын жиып алды,
1890 Гауһар, жақұт, інжу, маржан бәрін салды.
Таразыға салуға нәрсе таппай,
Патша «бұ қалай?!» деп қайран қалды.

Патша айтты: — Енді мен кедей болдым,
Барымды өзімдегі тамам қылдым.
Дүния малын жисам[да] тең келер емес,
Енді алуға мен[ің] күшім жетпей қалды.

Ал десең, қалғанын сыйла маған,
Болмаса, не беремін енді саған?!
Бұған разы болмасаң, берерім жоқ,
1900 Өзімде бір пұл қалмады, бітті һаман.

Тажир айтты: — Бұған мен разы болдым,
Жетпесе де бұ малды баға қылдым.
Баланы шын алмаққа құмар болсаң,
Қалғанын, тақсыр, сізге сыйлау қылдым.

Ол Дұғардан Жүсіпті патша алды,
Жүсіпке Мәлік Дұғар назар салды.
Алдында нәбуат нұрын көріп,
Өкініп сатқанына жылап қалды.

Жылап-жылап сөйледі Мәлік Дұғар:
1910 — Мен бұрын бұ жайыңды білсем, өғар.
Аһ, дариға, іс қолымнан кетіп қалды!
Сатпас ем бұрын, Жүсіп, берсең хабар.

Мәлік Дұғар айтады: — Жүзің нұрлы,
Ғеш адамда көрмедім сендей нұрды.
Пері ме, періште ме деп ойлаймын,
Жайыңды, Жүсіп, маған айтшы енді.

Жүсіп айтты: — Сырымды айтайын мен,
Менім жайым саған мағлұм, айтайын мен.
Мәлік Дұғар, бұ сөзге уағда қылғыл,
1920 Ғешкімге менім сырым айтпағыл сен.

Сіз менім кім екенімді білгіл анық,
 Ақиқат пайғамбармын, білгіл танып.
 Арғы атам — Халиолла, бабам — Бісқақ,
 Қардашым — Зәбихалла, атам — Жақып.

Дұғар оны естіп қайғырды көп,
 — Мен бұрын бұ жайыңды білмедім, — деп.
 Қапыда айырылдым сыдығымнан,
 Пайғамбар екенсіз ғой — шын асыл тек.

1930 Жайыңды бұрын сіздің білсем едім,
 Өгар білсем, құлдыққа сатар ма едім?!
 Өлгенімше өзіңе өзім құл боп,
 Азат қылып, атаңа ілітер едім.

Жүсіп айтты: — Енді іс қолдан кетті,
 Бү істі Тәңірі маған тағдыр етті.
 Хақ әміріне мойынды ұсынбақ керек,
 Осындай болмақ істі рауа етті.

1940 Мәлік Дұғар айтады: — Жүсіп сыдық,
 Бар еді жалғыз қызым, һеш ұғылым жоқ.
 Һеш күмәнсіз дұғаңыз қабыл болар,
 Тілеймін маған дұға қылыңыз деп.

Жүсіп сушы Мәлікке дұға етті,
 Дұғасын Алла Тағала қабыл етті.
 Ол Мәлікке Жүсіптің дұғасымен,
 Жиырма төрт ұғылды нәсіп етті.

Мәлік Дұғар Жүсіптен жауап сұрды:
 — Сізді маған сатқандар кімдер еді?
 Не себептен саттылар сені маған?
 Сіз маған сол сырыңды айтшы, — деді.

1950 Жүсіп айтты: — Ол сырымды һеш айтпаймын,
 Уағда қылған сөзімнен һеш қайтпаймын.
 Ішімдегі сырымды жұртқа жайып,
 Шайтанның көңілін байытпаймын.

Екеуміз айырылатын уақыт жетті,
 Әй, Мәлік, маған разы бол, — деп айтты.
 «Мен Жүсіпті көрдім» деп, адамға айтпа,
 Көңіліңе сақта үшбу аманатты.

Қытфир шаһы онан соң ой ойлайды,
 Ішінде ойламаған ой қалмайды.
 «Қазынамда қалмады бір тиын пұл,
 1960 Жүсіпті неге алдым?!» деп қайғыланды.

Сонда Жүсіп сөйлейді патшаға:
 — Бір кісі жібер, — деді, — қазынаға.
 Бір кісі қазынаға барып келсін,
 Қаласыз онан кейін тамашаға.

Сонда біреу қазынаға барып келді,
 Қазынадан хабарды алып келді.
 «Қазынашы бағып тұр қазынасын,
 Алтын-күміс толы» деп хабар берді.

Жүсіп айтты патшаға: — Иә, сұлтан,
 1970 Жаратқан ием бар-дүр ұлық Сұбхан.
 Жоқ істерді бар қылмақ оған оңай,
 Не болса да одан-дүр жұмла ихсан.

Білсеңіз, бұ ғинаят ол Тәңірден,
 Тысқары неш іс болмас әмірінен.
 Көп шүкірлік қыламын Құдайыма,
 Неш нәрсе үміт қылман мен сіздерден.

Жүсіп сөзін ол патша тыңлап тұрды,
 Нәсілі таза екенін анық білді.
 «Таза күтіп, мұны сен сақтағыл» деп,
 1980 Жетелеп Зылихаға алып келді.

— Зылиха, бұл балаға құрмет қылғыл,
 Өзіне лайықтап ғиззат қылғыл.
 Біздерге осы бала ұғыл болсын,
 Мені қандай сыйласаң, артық қылғыл.

Зылиха патша сөзін мақұл көрді,
Бек құрметтеп Жүсіпті сыйлай берді.
Үш жүз алпыс түрлі тон даярлап,
Күн сайын бір түрлісін киіндірді.

1900 Жүсіп айтты бір күні Зылихаға:
— Бү киімдер бәрі маған рауа ма?
Патша кимес киімдер кидіресіз,
Ұятқа қалып жүрме маған бола.

Зылиха айтар: — Тыңлағыл, иә жаным,
Патша өзі бұйырған мұның бәрін.
Патша бек шаттанар кигеніңе,
Жақсы киім киуден ұялмағын.

2000 Өз қолымен Жүсіптің шашын тарар,
Інжу, маржан, меруертпен байлап-орар,
Күннен-күнге артады ғашық оты,
Көрген сайын қалмайды сабыр, қарар.

Мүшкіл халге түсті ол онда гозин,
Бір сағатқа көрмесе Жүсіп жүзін.
Не сөйлесе «Жүсіп» деп жауап қылар,
Ілмейді құлағына кісі сөзін.

Сол заманда бір адам қан алдырса,
Хәжжам оның тамырына ништар ұрса.
«Жүсіп» деп жазылады жер үстіне,
Әгар да қаны барып жерге тамса.

2010 Ол Зылиха аспанға назар салса,
Көктегі жұлдыздарды көрер болса.
Барша жұлдыз көңілінде «Жүсіп» деді,
Ол Зылиха Жүсіпті көңіліне алса.

Ғашық отымен Зылиха есін танды,
Жүрегі ғашықтықпен оттай жанды.
Жүсіптің бір қолынан махам ұстап,
Жетелеп пұтханаға алып келді.

- Әй, санам, арыз айта келдім саған,
Өзіме лайық екен үшбу ұғлан.
Бұл баланың көңілін маған салып,
2020 Бір медет жасай көргілі енді маған.
- Арыз қып ол санамға зар жылар,
Тақаты жоқ көңілінде сабыр қылар.
Пұтына жалбарады арыз айтып:
«Тыныш қыл, — деп, — қажетімнен көңілім тынар».
- Жүсіп сушы оны көріп дұға қылды,
Пұт сынып, сол арада талқан болды.
«Жүсіпті пайғамбар деп сөйлегін» деп,
Ол пұтқа бір Алладан өмір келді.
- Ол Зылиха Жүсіптен жауап сұрды:
2030 — Қарап тұрып пұт сынып нені көрді?
Жүсіп айтты: — Құданың құдіреті,
Бү істі қаламады саған, — деді.
- Зылиха айтты: — Үшбу іс ондай болса,
Бұ санамға басқадан өмір болса,
Дұға қылып түзеткін, Жүсіп, мұны,
Жақсы болар бұл санам бүтін болса.
- Қорқамын пұтханаға патша кірсе,
Сынып жатқан санамды, өгар, көрсе.
Не деп жауап береміз патшаға,
2040 «Кім сындырды?» деп, бізден жауап білсе.
- Мұны естіп Жүсіп сушы дұға қылды,
Құдайым дұғасын қабыл қылды.
Зылиха қайран қалды мұны көріп,
Ол пұты баяғыдай бүтін болды.
- Онан кейін ғашықтық әсер қылды,
Ғашықтығы күннен-күнге қатты болды.
Ас ішпестен сарғайды, ұйқы көрмей,
Нұр жүзі Зылиханың гүлдей солды.

2050 Бір күні Зылихаға патша келді,
Шақырып бір табибты алып келді.
Тамырын кеп ұстады табиб сонда,
Ғашық оты екенін заһир білді.

Тәбиб айтты: — Бұ дертке дауа болмас,
Қанша ем қылғанменен дәрі қонбас.
Әйтеуір мұның дерті ішінде екен,
Мәнісін кеселінің айтып болмас.

*Фаслу Зылихадан ахуал сұрағаны даясының**

2060 Зылиха бір күн үйде жатыр еді,
Бір даясы бар еді оны көрді.
— Әй, ханым, сенің халің қалай болған?
Мәнісін кеселіңнің айтшы, — деді.

Әй, жаным, не себептен қатарың тар?
Сарғайып, қатты азыпсың не азабың бар?
Өлуге де қалыпсың қатты жүдеп,
Мәнісін ренжуіңнің қылғыл азһар.

Зылиха даясына айтты сырын:
— Менім бұ халімді заһир білің.
Кісіге айта көрме, ана, — деді,
Һешкімге айтқаным жоқ мұнан бұрын.

2070 Әй, ана, ол сүйгенім — құл ұғланы,
Анықтап білемісіз сіздер оны.
Соған мен ғашық болып, болдым мұндай,
Өлер халге жеткізді енді мені.

Даясы айтты: — Іс болса мұндай саған,
Айтпадың бұрын неге оны маған?
Мұратыңды қылар ем сенің хасыл,
Ұялып, айтпай жүрген өзің жаман.

* Күтушінің Зылихадан халін сұрағаны туралы бөлім.

- Әй, жаным, ғашық ісі оңай болмас,
Ееш табиб, дәрігер оған дауа қылмас.
Ғашықтықтың мәнісін мен айтайын,
2080 Барша жұрт күлсе дағы ғашық күлмес.
- Зылиха айтты: — Әй, ана, шын айтасың,
Көңілімдегі істерді құп табасың.
Әй, ана, ғашықтықтан өлер болдым,
Дертімнің дауасына не қыласың?
- Даясы айтты: — Малың сарп қылмақ керек,
Ғашық кісі малынан безбек керек.
Ғашықтарға бұ дүния неге керек?
Мал шашып, мұратына жетпек керек.
- Зылиха айтты: — Әй, ана, разы болдым,
2090 Не деген жауабыңа иқрар қылдым.
Не десеңде алайын тіліңізді,
Мал-мүлкімді бұ үшін пида қылдым.
- Кемпір айтты: — Жиғызғын ұсталарды,
Жасатқын тіптен артық бір сарайды.
Ғәмма іші нақышты, алуан болсын,
Ақылын алып тұрсын көрген жанды.
- Ішіне дүр, маржан, фарш төсесін,
Қызыл алтын ағаштар онда тіксің.
Бір ағашта жүз түрлі бұтақ болып,
2100 Басында жемістері пісіп тұрсын.
- Түрлі-түрлі теректер онда тіксің,
Теректері алтын мен ақық болсын.
Бірнеше інжуменен лағыл болып,
Бірнеше өңкей қызыл маржан болсын.
- Алтыннан оған арғымақ ат жасасын,
Гауһар, жақұт, інжу, маржан тұрман тақсын.
Жайнап тұрсын ағаштар[дың] жемістері,
Көрген жан қайран қалып, һұшы кетсін.

- 2110 Ол ағаштар бастарына құс қондырсын,
Сарайдың тамашасы мұндай болсын.
Дүниядағы иісті гүлдің бәрін егіп,
Сарайдың тамашасы мұндай болсын.

Жұпар мен зағыпыранның гүлін ексін,
Жетпіс жерге гауһардан қанадил бітсін.
Ғұд ғинбар мисктің бәрін өртеп,
Бұ дүния нақышының бәрі бітсін.

- 2120 Ол үйдің ортасына тақыт орнат,
Өзің асыл киім ки неше қабат.
Басыңа гауһар, жақұт тәж орнатып,
Тақытқа отырыңыз хорлар сипат.

Жүсіпті сол уақытта қасыңа алғын,
Сөзіме айтқан құлақ салғын.
Жүз мың сабыры болса да кетер құлап,
«Тақытқа отыр» деп, жетелеп қолын алғын.

Жүсібің сол уақытта сені көрсе,
Көрген соң, саған оның көңілі ерер.
Мұратыңды хасыл қып сол арада,
Дертіңе басыңдағы дәрмен берер.

- 2130 Зылиха кемпір сөзін мақұл көрді,
Кемпірге сыйлау қылып алтын берді.
Онан арман Зылиха өлмек болды,
Бір күні патша тұрып жауап сұрды.

Зылиха айтты: — Жиғызғын ұсталарды,
Жасатқын маған лайық бір сарайды.
Ол сарай бұ жаһаннан артық болсын,
Көңілім қалап тұрар сондай жайды.

- 2140 Кең сарай, нақышы асқан үй жасатшы,
Жаһаннан артық болсын тамашасы.
Миуа пісіп, ішінен сулар ақсын,
Һәр алуан жеміс болсын — ағаш басы.

Қытфир патша жұртына өмір қылды,
 Үсталар, нақышшылар бәрі келді.
 Бұ жаһаннан өрнегін артық қылып,
 Айтқанындай бір сарай-бина қылды.

Зылиха дүр, маржан төж орнатты,
 Үстіне алтын қамқа тон киінді.
 Гауһардан алқа салып, үйге кіріп,
 Мысалы толған айдай боп көрінді.

2150 Үйге кіріп Жүсіпті «Келсін, — деді,
 Сарайдың тамашасын көрсін» деді.
 Көңілінде һешнәрсе жоқ келді Жүсіп,
 «Қасымда, тақта бірге тұрсын» деді.

— Қасыма таққа отыр, келгін, — деді,
 Мені патша саған берді, білгін, — деді.
 Мұны айтып қолынан ұстап алды,
 — Сұхбатты бірлән құрғын, — деді.

2160 Сол уақытта Жүсіп айтты: — Құдауанда,
 Құдіретіңмен келтірдің мені мұнда.
 Фазылыңмен сақта мені сабыр беріп,
 Билік жоқ бұ фитнада, асла, менде.

Зылиха айтты: — Мен сені түсте көрдім,
 Көрмекке жамалыңа ғашық болдым.
 Мұратымды қылыңыз бүгін хасыл,
 Елімнен сізді іздеп мұнда келдім.

Зылиха берік ұстады Жүсіп қолын,
 Бекітіп қойды бәрін кетер жолын.
 Толған айдай балқыды Жүсіп нұры,
 Кетірді Зылиханың сабыр, көңілін.

2170 Жүсіп айтты: — Аулақ сарай безеніпті,
 Зылиха хор секілді түзеніпті.
 Шайтанның уасуасынан сақта, Алла,
 Малғұндар аздырмаққа кезеніпті.

Жүсіп айтты: — Әй, Зылиха, жібер қолым,
Ұнамас асла, сірә, сенің мұның.
Көп қорқамын жаратқан Аллаһымнан,
Баспайды кінә іске менім көңілім.

2180 Сенің бұл айтқан ісің қыла алмаймын,
Шерменде Хаққа асы бола алмаймын.
Сабыр қылсаң, сынады шайтан мойны,
Фасад істеп, боққа аунап қала алмаймын.

Зылиха айтты Жүсіпке қарсы тұрып:
— Қайтіп сабыр қыламын сені көріп.
Мінезің жаннан жақсы, жүзің көркем,
Кетпесең жібермеймін тек өлтіріп.

Сені көріп, кетіп тұр ақыл, һүшім,
Өртеніп бара жатыр күйіп ішім.
Сарайдың жан-жағына көзіңді сал,
Жасаттым бұ сарайды сенің үшін.

2190 Жүсіп сонда бұл сарайға қарайды енді,
— Жарайды, сарайыңыз жақсы, — деді.
Жалғыз өзің отырсың, патша жоқ,
Екеуің бірге отырсаң жарар, — деді.

Сонда Зылиха Жүсіпке жауап берер:
— Патшаның бұ сарайда не ісі бар?!
Саған арнап жасаттым мұны өзім,
Сарайдың өрнектері саған ұқсар.

2200 — Мені патшам пұлына сатып алды,
Мен үшін сарп қылды талай малды.
«Балам» деп жүр бұл күнде патша мені,
Атама ойламаймын залым халді.

Қиянатты Құдайым, асла, сүймес,
Дұшпанынан азабын һеш көтермес.
Бала қылған патшаға жәбір қылсам.
Құдайым, асла, маған рахмат бермес.

Сөз кірмес Зылиханың құлағына,
Насихат сөз кірмейді бұл шағында.
Өз сөзі Зылихаға мақұл еді,
Жүсіпті алсам деді құшағына.

2210 Айтқан сөзі — Жүсіпті бәрі мақтау,
Жүсіп көңілі — патшаның тұзын ақтау.
Жүсіпке жалынады зарлықпенен,
Жүсіп айтар «Илаһи, өзің сақта!»

— Әй, Жүсіп, жүзің нұрлы, сөзің — шырын,
Бұ күнде ішкен асым — у мен ірің.
Сен сөйлесең, көңлімнен сабырым кетер,
Сөзімнің тыңламайсыз бірде-бірін.

2220 Менім сізден тілегім — жан рақаты,
Нұр жүзіңнің ыстығы ішіме өтті.
Қанжардай тілді бауырым[ды] нұрлы жүзің,
Суретің, ғажап түрің, лебізің төтті.

Саған ұқсар неш адам болмас, сірә,
Жан-тәнім сенсіз қарар қалмас, сірә.
Фирағыңда өртенді күйіп ішім,
Дүнияны екі көзім көрмес, сірә.

Ғилал сипатындай қастарыңыз,
Тізген мерует секілді тістеріңіз.
Өз қолыммен өруге лайықты тұр,
Жұпар сүмбіл секілді шаштарыңыз.

2230 Бойың зипа, миск жұпар шашыңыз бар,
Мұхиттың гауһарындай басыңыз бар.
Кірпіктерің өкпеке қадалып тұр,
Неліктен болдың маған қатарың тар?

Ақық пенен жақұттай жанарыңыз,
Алмадай қыз балықты иегіңіз.
Арманым жоқ, бір сүйсем тамағыңнан,
Сымға тартқан күмістей сүйегіңіз.

Жас шыбықтай майысқан бармақтарың,
Лағыл тастарындай тырнақтарың.
Алақаның жұмсақ-дүр харирдан,
2240 Кафура сипатындай білектерің.

Шын ақиқат, бейқарар қылдың мені,
Мағшұғым, қашан болар уасл күні.
Жүзіңді көрмей тұрсам, сабырым қалмас,
Құшамын, ғашық жарым, қашан сені?!

Ақылымнан айырды екі көзің,
Дертіме дауа болар айтқан сөзің.
Сендей ұғыл тумайды неш адамнан,
Муқарраб періштедей анық өзің.

Бұл сөздерді тыңлады Жүсіп сыдық,
2250 Көңілін Зылиханың білді анық,
Насихаттар айтады жылы сөзбен:
— Тыңла, — деп Зылихаға: — Құлақ салып.

Жүсіп айтты: — Зылиха, сөзім тыңла,
Не айтқан жауабымды ұғып, аңла.
Жүзің сұлу екен деп қызықпаңыз,
Өлген соң, нұр қалмайды үшбу төнде.

Көрікті жүз кебін киіп, көрге кірсе,
Көмулі көр ішінде үш күн тұрса.
Қызықпақ түгіл, әуелі, қашар еді,
2260 Қанша дос болса дағы сонда көрсе.

Көрікті жүз көр ішінде нұры кетер,
Мені сен ғашық болып сүйме бекер.
Шаш-мұрттарым сыпырылып, жидіген соң,
Сол уақытта көрсеңіз, зөрең кетер.

Қырағы көз көрмес боп солар сонда,
Інжудей тіс төгіліп қалар сонда.
Етім шіріп, сүйегім қалған кезде,
Көрсеңіз, көңілің маған толар сонда.

2270 Өлместей біліп тұрсыз бұ күн мені,
Нандырамын, Зылиха, не деп сені?
Жаман іске Құдайдан қорқу керек,
Мордар іске қол суырып келмес жөні.

Зылиха айтты: — Сенде менім дертім,
Қорқып, сабыр қыларға келмес уақытым.
Уисал шауқың көңілімді ғарат қылды,
Фирақ отын жұтыпшын көп қасіретім.

Әй, Жүсіп, сенің өзің не ойлайсың?!
Көңіліңді маған қарап бір қоймайсың.
Сен[ің] маған қызықпайтын күшің жоқ па?!
2280 Болмаса, бір адамнан қорқамысың?!

Жүсіп айтты: — Қорқамын Жаратқаннан,
Жаһанды күдіретімен жаратқаннан.
Сол себептен мен сізді қаламаймын,
Ақырет азабынан қорыққаннан.

Жүсіпті құшақтап ап қысты қатты,
Күлімдеп Жүсіп сонда езу тартты.
Атасының дуасы боп сол арада,
«Лә тақрабуз зина!»* деп дауыс кепті.

Ғайыптан былай деген үн есітті:
2290 «Жаман істен қолыңды тартқын!» депті.
Ол аятты есітіп қатты қорқып,
Онан соң Жүсіп нәби сабыр етті.

Орнатқан пұт бар еді ол сарайда,
Ұқсатар Зылиха оны бір Құдайға.
Бір шапанмен ол пұтты жауып қойды,
«Құдайдан ұялам, — деп, — осындайда».

Зылихадан сұрады Жүсіп оны:
— Неге жаптың ол пұтқа шапаныңды?

* Сендер зинаға жақындамаңдар.

Зылиха айтты: — Ұяламын мағбұдымнан,
2300 Сол себептен жапқаным шапанымды.

Жүсіп айтты: — Зылиха, ақымақ болдың,
Ақымақ болып бұ істі неге қылдың?
Сен пұтқа шапаныңды жауып қойдың,
Жаратқан бір Аллаға мен не қылдым?

Жаратқан бәрімізді Қадір Сұбхан,
Заһир ерұр Аллаға қанша пінһан.
Жаны жоқ, құр сурет — сенің пұтың,
Не керек құр суретті жапқаның?!
Құдайдан безіп оған табынбағың!

2310 Құдай көрер құдіретімен, сурет көрмес.
Бұл ісің тамұқ отын сағынбағың,
Құдай көрер құдіретімен, сурет көрмес.
Құдайға жазғандығын құлы білмес,
«Ажал оғы» деп айтар оны пенде,
Алланың оғы тиген һәм оңалмас.

Бұ сөздерді Зылиха ойға алмады,
Көңілі сонда дағы һеш қалмады.
Етегі мен қолынан берік ұстады,
«Қашып кетіп қалар» деп сене алмады.

2320 — Сен менім жауабыма көнбей тұрсың,
— Құшақ жазып қойныма енбей тұрсың.
Дүниядағы қыздардан қай жерім кем,
Неге мені лайық көрмей тұрсың?!

Жігіттік қызығынан неге қаштың?
Мен саған қанат жайып, қойнымды аштым,
Жігіттікте бір қызық көрмеген соң,
Бекер-ақ өткені ме есіл жастың?!

Жүсіп айтты: — Иләһи ғафур Рахман,
Менде жоқ мұнан кетер бүгін дәрмен.

- 2330 Есік берік, неш тесік жоқ мен құтылар,
Құдай-а, құдіретіңмен құтқар мұнан!

Сол уақытта нида келді Аллаһымнан:
«Тіледің, Жүсібім, рахмат менен.
Құдірет бірлән ашайын жеті есікті,
Құтқару, медет менен, қашпақ сенен».

Мұны естіп «Алла» деп жұла қашты,
Құдірет бірлән есіктің бәрін ашты.
Жеті есіктің бәрінен шыққан жерде
Әбден шаршап, Жүсіптің өкпесі ұшты.

- 2340 Шыққан жерде Жүсіпті қуып жетті,
Жеткен соң, артқы етегін махкам тұтты.
Ұстаған жерін жыртып алып қалды,
Қарамай етегіне қашып кетті.

Қуып тысқа шыққанда патша көрді,
Зылиханың ашуы келген еді.
Алдына шақырып алып бұл екеуін,
Патша екеуінен жауап сұрды.

Зылиха ашуланып жүгіріп келді,
— Бұ балаң маған қорлық қылды, — деді.

- 2350 Мені қатты бұйырды жаман іске,
Зынданға сал, иә, азап қылғын! — деді.

*Үшбү сөздің дәлелі қаулаһу Тағала Қалат мә жазау мән ара-
да би аһлика суа илла ән иусжана ау азабун алим**

Патша айтты Жүсіпке: — Не іс қылдың!
Бұ істі маған неге рауа көрдің?!
Мені жұртқа осынша рәсуа қылып,
Тойынған соң, нәпсіңнің тіліне ердің.

* Осы сөздің дәлелі Алла — Тағаланың сөзі. Ол (әйел) айтты: — Сенің үй-ішіңе жамандық қалаған адамның жазасы қапасақта тасталу немесе ауыр азап емес пе?!

Жүсіп айтты: — Жаман іс қылғаным жоқ,
Хақтығым — Құдайға аян, көңіліме тоқ.
Хақтығыма жас бала куә болар,
Ақтайтын Зылиханың куәсі жоқ.

- 2360 Патша айтты: — Бар уәзір ұғланына,
Он жеті күн болып-дүр туғанына.
Не деп бұған куәлік берер екен?!
Қаралық расы мен жалғанына.

Жүсіп айтты: — Тыңлаңыз, иә сұлтан,
Сырымды білер менім Азим Сұбхан.
Жас баланы сөйлетер құдіретімен,
Хақтығым болғаннан соң өзіне аян.

- Онан соң Қытфир шаһы әмір қылды,
Уәзірдің жас баласын алып келді.
2370 — Жүсіпке куәлікті айт, ұғлан, — деп,
Баланы Қытфир шаһы қолына алды.

Жас бала сөз сөйледі сонда тұрып,
Патша құлақ салды, мойын бұрып.
Патша менен халайық тыңлап тұрды,
Айтады куәлігін тілге келіп.

Бала айтты: — Жамандық қыла алмаймын,
Сөзімді жалған сөйлеп, бұра алмаймын.
Құданың айт дегенін айтамын мен,
Һәркез жалған куәлік бере алмаймын.

- 2380 Әй, патша, айтайын есті сөзім,
Шын көңіліңмен иланып, тыңла өзің.
Ақ, — деді, — артқы етегі жыртық адам,
Харам деймін етегі жыртықсызын.

Сонда патша қарады етектерін,
Құр бекер қарай ма жанның бәрін.
Жүсіптің артқы етегі жыртық екен,
Зылиханың ұялтып төкті арын.

Зылихаға патша ұрыс қылды,
 Баланың куәлігін дұрыс білді.
 2390 — Жалғаншы болдың, — деді Зылихаға,
 Жүсіптің аяғына жығыл, — деді.

Зылиханың айтқаны болды жалған,
 Жұрт қайран болды бұған құлақ салған.
 Жиылған топ ішінде жығылған соң,
 Зылиха кетті үйіне ұялғаннан.

*Фаслу Зылихаға ғайбат қылған қатындардың баяны**

Мысырдың шаһарында бар қатындары
 Мұны естіп, ақылын қосты бәрі.
 Зылиханы ғайбаттап күліседі,
 «Жоқ екен Зылиханың тіптен ары».

2400 «Зылиха бір құлына ғашық болған,
 Құлы оны жаратпай, рәсуа қылған.
 Құлы үйден қашқанда қуа шықса,
 Патша оны сырттан көріп қалған».

Бұл өсек Зылихаға есітілді [енді],
 Қонаққа қатындарды шақырды енді.
 Төрт жүз қатын жиылды шақырған соң,
 Баршасы бір сарайға отырды енді.

Зылиха киіндірді Жүсіпті енді,
 Киіндіріп, мәжіліске алып келді.
 2410 Һәммасына пышақ пен сөбіз беріп,
 «Тезірек, таза турап бергін!» деді.

Қатындар пышақ, сөбіз қолына алды,
 Жүсіпті көріп бәрі қайран қалды.
 Жүсіпке қараймын деп есі кетіп,
 Саусақтарын сөбіз деп турап салды.

* Зылиханы өсек қылған әйелдерді баяндайтын бөлім.

Қолдарын қызыл қан қып турап отыр,
Есін білмей қатындар турап отыр.
Ісі жоқ қолыменен қатындардың,
Қолдарының қандары саулап отыр.

- 2420 Зылиха айтты: — Қатындар, көргін мұны,
Өсек қылма мұнан соң енді мені!
Бір көрем деп турадың қолдарыңды,
Тандыңдар ақылыңнан көріп нені?!

Мен көргелі Жүсіпті жеті жыл-дүр,
Ғашықтық көрген сайын күнде артар.
Сонда дағы сіздерден сабырым артық,
Мені енді өсек қылмай, жайыңа жүр!

- Қараңдар менім реңім, түрім қандай!
Жүсіптің жүзі нұрлы, туған айдай.
2430 Тал бойында тарыдай бір міні жоқ,
Ерітер көрген жанды сары майдай.

Жүсіпті көрген қатын таң боп кетті,
Адасып ақылынан қаңғып кетті.
Тамақ ішіп, ішпегені есінде жоқ,
Үсті-басы шиедей қан боп кетті.

Зылиха ойлар «Жүсіпті талдырамын,
Не қылсам да тілімді алдырамын.
Әгар хасыл қылмаса мұратымды,
Патшаға айтып зынданға салдырамын».

- 2440 Сонда Жүсіп жылады «Құдайым» деп,
Күнәдан қорыққан соң уайым жеп.
«Бүйтіп жүріп күнәға ұшырармын,
Бұ фитнадан жатуға зынданың еп».

Бар Құдайым дұғасын қабыл қылды,
Ібіліс малғұн мұратын батил қылды.
Зылиханың көзінен таса қылып,
Хабсаханат Жүсіпке мекен қылды.

Зылиха айтты: — Тыңлағыл, Жүсіп, — деді,
Ғашық отпен ішім тұр пісіп, — деді.
2450 Өгар хасыл қылмасаң мұратымды,
Зынданға жатамысың түсіп?! — деді.

Жүсіп айтты: — Құдайға асы болман,
Сенің айтқан ісіңді асла қылман.
Қара жүзді болғанша Құдайыма,
Тіпті жақсы жатуға зындан маған.

Оны естіп ішіне от жабысты,
Ашуланып ішінен қаны түсті,
Беліндегі кемерін шығарып алып,
Харир, зипа киімінің бәрін шешті.

2460 Мәлік Риян Қытфирдің інісі еді,
Зылиха арыз қыла соған келді.
— Біздің бұ құл көп жаман істер қылды,
Зынданға соны апарып салдыр, — деді.

Көп малға ол баланы сатып алдым,
Ақырында пәлеге сонан қалдым.
Тілімді алсаң, тезірек зынданға сал,
Сонша жаман болған соң қапаландым.

Риян айтты: — Ендеше барғыл, — деді,
Менім бұ насихатымды алғыл — деді.
2470 «Құлым жаман болды» деп, қапа болма,
Рұқсат бердім, зынданға салғыл, — деді.

Зылиха сонда үйіне келді қайтып,
Бір сандық жасаттырды бұйрық айтып.
Жүсіпті сол сандыққа салды дағы,
Зынданға салмақ болды әзірлетіп.

Сол уақытта Қытфир шаһ жетіп келді,
Жүсіптің ахуалынан хабар білді.
«Шығарғыл» деп қатынға ашуланып,
«Пәлекеттің бәрі де сенен» деді.

- 2480 Жүсіпті ол сандықтан шығарды енді,
Астына харир, атлас төсендірді.
— Зынданға түстім ғой деп қапа болма,
Кешікпей шығарамын, барғын, — деді.

Аз күнде Қытфир шаһ дүния салды,
Бұйрықпен Әзірейіл жанын алды.
Мәлік Риян дейтұғын інісіне,
Қытфирдың патшалығы соған қалды.

- Йемен шаһарынан екі адам келді, — деді,
«Патшасы Мысырдың өлді, — деді.
2490 Риянды заһар беріп өлтірелік,
Онан соң біз сұралық елді» деді.

Хабаз, Сақи бұлайша кеңес қылды,
Мәлікке бұ хабары естіледі.
Шақырттырып алдырып ол екеуін,
Мәлік Риян зынданға махбұс қылды.

Жүсіптің түсті үстіне олар барып,
Жай жүрмей пенде болып болды ғаріп.
Сақи жатып бір күні түс көріпті,
— Жорушы бар ма? — деді хабар салып.

- 2500 Жүсіп айтты: — Түсінді жориын мен,
Не деген түс көріпсің, айтып көр сен.
Сақи сонда Жүсіпке түсін айтты:
— Жорытып білсең, әгар, ақылы кең.

Сақи айтты: — Ұйқымда бір түс көрдім,
Түсімде үш бау жүзім сығып тұрдым.
Қызыл алтын кесеге суын құйып,
Ішіп қойды Риянға беріп едім.

- Хабаз тағы: — Бір түсті көрдім, — депті,
Төбеме нан көтеріп жүрдім, — депті.
2510 Нанымды алып Риянға беріп едім,
Құстар келіп, басымнан талап кетті.

Екеуінің жорыды Жүсіп түсін,
— Сақидың оңғарады Құдай ісін.
Мәлік Риян — қылады сізді уәзір,
Беріңіз, бұ түсіңнің сүйіншісін.

Хабазға айтты: — Қатерлі сенің түсің,
Оңалмас мұнан былай қылған ісің.
Кешікпей-ақ өлтірер Риян сені,
Құстар жеп, ада қылар тәннен басың.

*Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала: Фатакулу ат-тайру мин расиһи**

2520 Хабаз сонда мұны естіп, қылды фаған:
— Мен түсті көргенім жоқ, иә ұғлан!
Жүсіп айтты: — Тансаң да Тәңірі қоймас,
Көрсеткен мен емеспін түсті саған.

*Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала:** Құдия әл-амру әллази фиһи тастафтин*

Сақи Жүсіп сөзіне бек қуанды,
Айтқанын жақсы көріп һәм иланды.
Ашуланып ол Хабаз көпір болды,
Сақи сонда мүмін боп дінге енді.

Сақиды қасына алды Мәлік Риян,
Қылмады бір зәррадай оған зиян.
2530 Құп сыйлап, уәзір қылып қасына алды,
Аманат сөз тапсырды Жүсіп оған.

— Мәлікке барсаң, бізден сәлем дегіл,
Жүсіптің күнәсі, — де, — екен жеңіл.

* Сондай-ақ Құранда Алла Тағала былай деп бұйырды: Құс оның басын шұқып жейді.

** Сондай-ақ Құранда Алла Тағала былай деп бұйырды. Сен жауабын сұрап жатқан нәрсе орындалды (үкім берілді).

Минһума узкурни инда Раббикка*
Бейкүнә екенімді хабар бергіл.

Ол уақытта ғарыш иесі — ұлық Сұбхан,
Патшалардың патшасы — Қадір Сұлтан.
Арыз айтып Жүсіп жалынған соң,
Жіберді сәлем айтып Жәбірейілден.

— Атаңа сені жақсы көргізген кім,
2540 Ағаларыңнан айырып бергізген кім?!
Зынданнан халас қылып һәм шығарып,
Жақсы қып ара жолда жүргізген кім?!

Кім құтқарды Зылиха жаласынан,
Куәлік кім айтқызды баласынан?!
Жеті қабат есіктен шығарған кім,
Кім шығарды патшаның қапасынан?!

Жүсіп айтты: — Тәңірімнен соның бәрі,
Он сегіз мың ғаламның Бір уа Бары.
Мехнат, рахат беруші Тәңірім өзі,
2550 Берген маған ғуфраным, ихсанларым.

— Олай болса, Тәңіріңді неге ұмыттың,
Риянды Құдайыңнан ұлық тұттың?
Жаратқан үкім қылса кім бұзады,
Не себептен Риянға арыз еттің?!

Жүсіп сушы қатесін өзі білді,
Қате іс қылғанына пұшайман болды.
«Құдай-а, кешіргілі!» деп мінәжат қылып,
Тәңірге жалбарынып тәубе қылды.

Хабазды бір күн Мәлік дарға асты,
2560 Дарда басын құс жеп, миын шашты.
Бұл айтқаны айнымай келгеннен соң,
Сақи қойды Жүсіпке ықыласты.

* Раббыңның (қожайыңның) қасында мені еске ал.

Жәбірейіл сол сағатта жетіп келді,
— Жүсіп нәби, Құдайың сәлем деді.
Мың шүкірлік қылыңыз Құдайыңа,
«Кешіріп, тілегіңді бердім» деді.

Бұ зынданда жатасыз бірнеше күн,
Саламат шығарсыз тысқа бір күн.
Шыққаннан соң Мысырға патша болып,
2570 Аузыңа қаратасыз барша жұртын.

Фаслу Кінғаннан келген араб

Зынданда жатыр еді Жүсіп нәби,
Кінғаннан келді мысыр[лық] бір ағраби,
Жолмен жүріп керуендер бара жатса,
Көреді терезеден Жүсіп оны.

Керуен зындан қасына жақын келді,
Жүсіптің сонда екенін түйе білді.
«Мен Кінғаннан келемін, иә Жүсіп» деп,
Жүсіпке түйе боздап зары қылды.

Әлқисса түйенің Жүсіпке жауап қылғаны

2580 Түйе сонда боздады,
Әңгімелер қозғады.
Тұсына жақын келген соң,
Тұра қалды сол жерде.
Енді қадам созбады,
Жүсіптің жүзін көрсем деп,
Зынданның ішін көздеді.

«Көрдім, — деп, — атаң Жақыпты»,
Хал-ахуал сөйледі.
«Көріп келдім атаңды,
2590 «Жүсібім» деп зар қылып,
Күні-түні сізді іздеді.
«Көрермін, — деп, — дүнияда»,
Үмітін асла үзбеді.

- Көріп келдім атаңды,
Тартып жүр сенің жапаңды.
Қасіретпенен зар қылып,
Кең дүниясын тар қылып,
Күндіз-түні қан жұтып,
Көрді сенің қапанды.
- 2600 «Жүсібім» деп зар қылып,
Күні-түні жылады.
«Перзентімді көрсет» деп,
Алладан һәр күн сұрайды.
Үміт қып зауқы сафанды,
Сізді жоқтап атаңыз,
Күні-түні аңырайды.
Жас орнына көзінен
Қызыл қандар парлайды.
Рахматына Алланың
- 2610 Белін махкам байлайды.
Фирағында өртеніп,
Кеше-күндіз зарлайды».

- Атасынан Жүсіпке
Түйе хабар береді.
Түйе боздап тұрған соң,
Жүсіп те жылай береді.
Атасының хабарын
Түйеден естіп біледі.
Жүсіп сонда жылады,
- 2620 Жүсіптің даусын есітіп,
Түйе шөге қалады.
Айдаса да тұрмайды,
Керуендер қайран болады.
Шөгіп жатып боздады,
Жүсіп мұны көрген соң,
Қасіреттерін қозғады.
Түйенің айтқан сөздері
Сүйегіне батады.
Өртеніп іші елжіреп,
- 2630 Жер бауырлап жатады.
Қайтіп сабыр қылады,

Халі сондай болғанын,
Есіткен соң атаны.

- Ғаріпті Тәңірім сүйесін,
Жетіп келді сол уақытта
Ол түйенің иесі.
Ол түйенің бар екен
Хайуан да болса киесі.
Ағаш алып қолына,
2640 Ұрайын деп жүгірді,
Тұрмаған соң түйесі.
Қолына алып келеді
Ұрайын деп таяғын.
Құдіреті болып Құдайдың
Жер ұстады аяғын.
Ала алмады ағраби
Жерден тартып аяғын.
Жігіттерін шақырды
Қорыққанынан бейшара,
2650 Ойбай салып бақырды.
Жер аяғын тұтқан соң,
Жүсіп сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

- Әй, ағраби, құлақ сал,
Таяқ алып жүгіріп,
Бүлдірді ненді хайуан-мал?!
Бейкүнә оны ұрасың,
Хайуанды бекер ұрам деп,
Құрыдың енді, байғұс шал!
2660 Қайдан келген адамсыз?!
Баян қыл бізге сіз ахуал.
Ағраби сонда сөйлейді:

— Мен айтайын халімді,
Жүк әпкеліп Кінғаннан,
Бітірдім сатып малымды.
Бұл араға келгенде,

- Аяғымды жер ұстап,
Сорып кетіп барады
Менім екі санымды.
- 2670 Қатты қорқып барамын,
Қояр ма Құдай жанымды?!
Жүсіп сонда сөйлейді:
- Тыңла, — деді, — Ей, ағраби,
Құлағың сал бері қарап.
Аяғың жерге жабысты,
Бұ түйені ұрмаққа,
Жазықсыз қылдың сен талап.
Қайтқыл енді райыңнан,
Болмағыл бекер құр хараб.
- 2680 Ағраби сонда сөйлейді,
Босатып жерден аяғын.
Қорыққанынан қолынан
Түсіп кетті таяғы.
Тәубе қылып бейшара
Жалынады Құдайға
Ашуы кетіп баяғы.
- Кінғаннан келдім осында,
Жолдас қылып әпкелген
Жүз кісім бар қасымда.
- 2690 Жеті жүз түйе жүк алып,
Келіп едім басында.
Пұлымды сатып бітіріп,
Шығып едім қосыма.
Жүсіп сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
- Кінғаннан мұнда келдің бе?
Ол шаһардың ішінде
Қаба ағаш білдің бе?
Он екі бұтақ басында
- 2700 Түгел ме екен көрдің бе?
Ол дәраخت орнында

Түзу тұр ма иілмей?
Саясынан жүрдің бе?
Ағраби сонда сөйлейді:

- Тыңладым айтқан сөзіңді,
Кім екенің білдірші?
Маған анық өзіңді.
Білгенімді мен айтсам,
Жарасар еді тап сонда,
2710 Көріп тұрып жүзіңді.
Биік ағаш дегенің,
Жақып нәби екен ол,
Көңілім менім сезінді.
Он бір ұғылы түгел тұр,
Осы күнде қолында.
Он екінші Жүсібі[н]
Қасқыр жеген бұрында.
Құлақ салсаң сөзімнің,
Жалғаны жоқ-дүр айырымға.
2720 «Жүсібім» деп зарланып,
Екі көзі Жақыптың
Шаһардың жұмла жолында.
«Келе ме, — деп, — Жүсібім»,
Шар тарапқа қарайды.
Қайғыменен қарайып,
Өткен күнін санайды.
Алланың өмірі тамаша
Демегін, асла, қалай-ды.
Бірнешені жылатып,
2730 Қуантқан неше талайды.
Жақып нәби сарғайды,
Алланың болып пәрмені,
Көрмес болды көздері.
Тәнінде қалмай дәрмені,
Бір көрсе Жүсіп перзентін
Қалмас еді арманы.
Тұрарында орнынан,
Сипалап жерді қармайды.
Жылауменен жасынан

- 2740 Көзі тіпті көрмейді.
«Дәрул махзун» мақамнан
Шықпайды күндіз-түнінде.
Сонда жатып «Жүсіп» деп,
Күңіреніп қатты сарғайды.
Жақын барған адамның
Тап-тақаты қалмайды.
«Жүсібім» деп аһ ұрса,
Есіткен адам аңырайды.
Жақыптың зарын естіген,
- 2750 Екінші қайтып бармайды.
Тура ажал жетпесе,
Қайғыдан адам өлмейді.
Есіл Жақып пайғамбар
Жасыды сөйтіп сүйегі,
«Жүсібім» деп аңыраса,
Кемсеңдейді иегі.
«Жарылқа деп, иә, Жаппар»,
Аузынан сағат тастамас,
Жаратқан қадір Иені.
- 2760 Сонда да мұңлық Жақыптың
Көз жасын қабыл қылмады.
Неше жылдан бір жылы
Жылаудан һәркез тынбады.
Шыбын жан тіпті-ақ берік екен,
Сонда дағы сынбады.
«Жүсіпсіз маған харам» деп,
Дүнияға көзін салмады.
Тоғыз жыл болды күңіреніп,
Бір үңгірде жатқалы.
- 2770 Аузына тағам салмады,
Ибн Иамин болмаса,
Бала екен деп өзгесін,
Көңіліне алмайды.
Бұ сөзді естіп ал сонда,
Жүсіп қатты жылады.
Атасын жайын есітіп,
Сүйегі жаман сынады.
«Уа, дариға, атам!» деп,

- Жер бауырлап құлады.
2780 Атасын ондай деген соң,
Қайтіп шыдап тұрады.
Атасы үшін қайғырып,
Ағын судай тынады.
Асылзада пайғамбар
Ақыры сабыр қылады.
Қолын ұстап ағрабидің
— Хош, еліңе қайт, — деді.
Тапсырайын аманат,
Жақыпқа сәлем айт, — деді.
- 2790 Ұмытпай барып тез айтсаң,
Болсын рахмат бад! — деді.
Дұға қылсын қол жайып,
Мен ғаріптің қақына.
Дұғасы қабыл олардың,
Қолымда жоқ бұ күнде
Беретін сәлем хат, — деді.
Халас болсам зынданнан,
Болсын көңілім шат.
Бұрылмай барып тез айтсаң,
- 2800 Сізге дұға қылайын.
Еліңе аман барғанша,
Аманат деп Аллаға
Тілегіңді тілеп тұрайын.
Дұға қылса ол ерлер,
Иншалла, жарылқар
Мені қадір Құдайым.
Сонда ағраби сөйлейді:
- Білсем екен жөніңді,
Кім екенің білмеймін,
2810 Есітемін үніңді.
Көріп қана кетейін,
Көрсетші маған түріңді?
Жақыпқа жөніңді айтайын,
Ішіме түйткіл болмасын,
Айтсаңшы маған сырыңды?!

Жүсіптің айтқан жауабы:

— Мәнісі бар сырымды айтпайтұғын,
Уағда қылған ісімнен қайтпайтұғын.
Мен сырымды айтуға рұқсат жоқ,
Рұқсатсыз іс қылуға батпайтұғын.

- 2820 Рұқсат жоқ жүзімді көрсетуге,
Артымнан өсек сөзді ергізуге.
Иесінен қорқамын рұқсатсыз,
Бұйырмаған істерді бергізуге.

Онан дағы алыңыз бұл белгіні,
Қызыл жақұт білезік, білгіл оны.
Жиырма мың алтындық бағасы бар,
Аманат қолыңызға сақта мұны.

- Бұ білезік бағасы саған жетер,
Жиырма мың алтындық бағасы бар.
2830 Ақыреттің жарағын қылсаң керек,
Бұ дүния опасы жоқ, келер-кетер.

Ол керуен амандасып жүріп кетті,
Екі арада бірнеше күндер өтті.
Бұ хабарды Жақыпқа жеткірмекке,
Кінғанның шаһарына барып жетті.

Кінғанға түнде келді күндіз жетпей,
Үйінде ойланып жүр бекер кетпей.
Жақыпқа жүгіреді аттан түсіп,
Үйінде таң атуға сабыр етпей.

- 2840 Жақыптың түнде үйіне жетіп келді,
Есіктен тыста тұрып дыбыс қылды.
Дина шығып келді де жауап сұрап:
— Сен өзің түнде жүрген кімсің? — деді.

Динаға жауап берді ол ағраби:
— Үйде ме, — деді, — зарлы Жақып нәби?

Аманат деп бір сәлем айтып еді,
Мысырда пенде болған бір ғабри.

Мұны естіп ол Дина үйге кірді,
Жақып нәби намазда отыр еді.
2850 Сәлем беріп болған соң оң-солына,
Жақып нәби Динаға: — Не хал? — деді.

Ағрабиды шақырды: — Үйге кел, — деп,
Үйге келіп, сөзіңді баян қыл, — деп.
Үйге кіріп, көргенін баян қылды:
— Сәлем айтты сізге бір ғабри құл, — деп.

Көп жылады зынданда тақаты-тақ,
Сізді бір көрмек үшін болып мәштақ.
Мысырдың зынданында жатыр өзі,
Нәсілі таза кісі екен, сөзіме бақ.

2860 Сізден дұға тілейді сонда жатып,
Мені сол қайран қылды таңырқатып.
Дұға қылғыл, зынданнан халас болсын,
Қам-қайғыға көңілі жатыр батып.

Жақып айтты: — Көрдің бе оның жүзін,
Аузынан есіттің бе айтқан сөзін?
Зынданға нағып кірген адам екен,
Кім екенін білдің бе оның өзін?

Ағраби айтты: — Сұрадым, айтпады атын,
Ғеш болмаса бермеді жазып хатын.
2870 Сырын маған айтпады «ғабримін» деп,
Бірін қоймай сұрадым асыл затын.

Жақып сушы ал сонда дұға қылды,
— Сенің бұ айтқан сөзің төтті келді.
Құдайыма қылайын мың шүкірлік,
Жаныма осы сөзің рахат болды.

Ағраби айтты: — Сауап іс керек маған,
Аманат оның сөзін айттым саған.
Ол мүсәпір бір білезік берді өзі,
Жиырма мың тіллаға жетер тамам.

- 2880 — Тыңла, — деді Жақыпқа: — Әй, Исрайыл,
Маған да ақыреттік дұға қылғыл.
Баянсыз пәни дүния керек емес,
Болады иман берсе мәула Жәлил.

Жақып сушы қол көтеріп, дұға қылды,
Дұғасы Хақ қасына қабыл болды.
Жәбірейіл пәрмен бірлән жетіп келіп,
Жүсіптен келіп сәжде сұрайды енді.

- Жәбірейіл айтты: — Тыңла, Жүсіп сыдық,
Саған атаң дұғасы жетті тахқиқ.
2890 Мехнаттардан рахатқа шықтың қазір,
Халық сеңа фауз нәжат қылды латиф.

*Фаслу Жүсіп (а.с)-ның зынданнан шықпағы**

Зынданды он екі жыл мекен қылды,
Атасының дұғасы қабыл болды.
Түсіндіріп айтып басқы сөзде,
Сол себептен зынданнан халас болды.

Сол сағат жетіп келді ол Жәбірейіл,
Жіберді жарылқауын Рахман Жәлил.
Басында мехнат тосыннан болып еді,
Жарылқау тосыннан, мұны білгіл.

- 2900 Бар құдай жарылқады Жүсіпті енді,
Мәлік Риян патша бір түс көрді.
Ғеш адам біле алмады түс тағбирін,
Падишаһ жұртты жиып айтып еді.

* Жүсіп (а.с)-ның зынданнан шықпағы туралы бөлім.

Құранда бұйырды қаулаһу Тағала: уа қалал малику инни
әра сабға бақаратин симанин йакулунунна сабғун ижаф уа
сабға сунбулатин худрин уа ухара йа бисати йа аййуһа әл-Ма-
лау афтунни фи руйайа ин кунтум лил руйа тағбурун***

Түсімде жеті семіз сиыр көрдім,
Бәрін де алдыма салып айдап жүрдім.
Бірінен соң бірін міндім жетеуін де,
Онан соң жеті арық сиыр көрдім.

Тіпті арық жеті сиыр түрі жаман,
Ілініп өлгелі тұр, бәрі һаман.
2910 Жеті семіз сиырды жеті арығы
Жеп бітірді түк қоймай, бәрін тамам.

Және тұр жеті астау толы бидай,
Жеті астау және де тұр құрыдай.
Үш түйір бидай сонда жерде қалды,
Өзге бидай көкке ұшты бәрі бірдей.

Һеш адам түс мәнісін біле алмады,
Алдында бұрынғыдай күле алмады.
Жұрттың бәрі сандалды жори алмай,
Сәлемге уәзірлер де келе алмады.

2920 Жұртына патша сонда ашу қылды,
Сол уақытта Сақи жүгіріп жетіп келді.
— Падишаһ, қаһарыңды қайтарыңыз,
Түс жорушы адамды білдім, — деді.

Мұны айтып ол Сақи көп өкінді,
Патша айтты: — Ойладың сонша кімді?
Басың шайқап осынша неге өкіндің?
Бұ ісіңнің мәнісін айтшы, — деді.

* Құранда Алла Тағала сөзімен былай бұйырды

** Патша айтты: — Расында мен (түсімде) жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл масақпен басқа да құраған масақтар көрдім. Әй, жамағат, (патша төңірегіндегілер) түсті жори білсеңдер, түсімді жорыңдар.

- Сақи айтты: — Тыңлаңыз, шаһ жиһан,
Зынданда көріп едім ғабри ұғлан.
2930 Бұ түсіңнің мәнісін сол біледі,
Данышпан жаратып-дүр Қадір Сұбхан.

Патша айтты: — Оны сен нағып көрдің?
Оның түс жоритынын қайдан білдің?
Сақи айтты: — Зынданда жатқанымда
Түсімді жорып еді, сонан білдім.

Айтқанының айнымай келді бәрі,
Періште сипатындай нұр дидары.
Өзі — ғалым, мінезі-жаннан артық,
Мақтай берсе, таусылмас онан әрі.

- 2940 Сақи айтты: — Тәңірі тағдыр жаман,
Он екі жыл зынданда ғұмыр кешті.
Патша айтты: — Ендеше, баршы жылдам,
Менім түсім мәнісін сұрашы жылдам.

Қызмет қылып алдына тіке тұрып,
Мәнісін әбден сұрап келші жылдам.
Сақи айтты: — Баруға бата алмаймын,
Жүзім шыдап, жауапты қата алмаймын.
Сізге арызын айтпаққа уағда қып ем,
Енді жүзін көрерге бата алмаймын.

- 2950 Сонда патша Сақиға айтады сөз:
— Сіз менім жауабымды есітіңіз.
Жақсы болса Тәңірден, біледі ол,
Ұялмай-ақ алдына барыңыз тез.

Сонда Сақи зынданға келіп жетіп,
Жүсіпке сәлем берді тағзым етіп.
Ұялып тұр бейшара төмен қарап,
— Қор болдым, — деді, — тақсыр, ұмытып кегіп.

Сонда Жүсіп Сақиға ғиззат қылды,
Ұялып тұрғанын анық білді.

2960 — Не қылсам, маған Төңірім өз құдіреті,
Сізде қате емес, — деп жауап қылды.

Жүсіпке айтты сонда Сақи тұрып:
— Патшамыз жаман састы бір түс көріп.
Жұрт жиылып, тағбирін біле алмады,
Мен айттым сонда сізді хабар беріп.

*Қаулаһу Тағала Йусуф аййуһас сиддиқ афтина фи сабғи
бақаратин симанин йақулуһунна сабғун ижаф уа сабғи сунбу-
латин худрин уа уахара йа бисатин**

Жүсіп айтты: — Жеті жыл тоқтық болар,
Арзан болып, астыққа жаһан толар.
Онан кейін артынан жеті жылдай,
Дүнияға жаһан қатты тарлық келер.

2970 Онан кейін берекет қайтып келер,
Дүнияға Рахман ием рахмат қылар.
Жесір қатын, жетім ұғыл мың қой айдап,
Уаллаһи ағлам арзандық, тоқтық болар.

Мұны естіп Сақи сонда қайтып келді,
Естігенін патшаға айтып келді.
Патша тыңлап Сақидың айтқан сөзін,
Қисыны бар болған соң, көңілі тынды.

Падшаһ айтты Сақиға: — Сен бар, — деді,
Жүсіпті ол зынданнан шығар, — деді.
2980 Зынданда жатпақ оған лайық емес,
Құп сыйлап мехнатынан құтқар, — деді.

Жақсы қызмет қылайын оған өзім,
Аузынан есітейін айтқан сөзін.

* Алла Тағаланың сөзі: Жүсіп, әй шыншыл, жеті семіз сиырды жеп жатқан жеті арық сиыр және жеті жасыл масақ пен құраған масақ туралы пәтуа бер (түсіндіріп бер).

Құтқарып мехнатты азабынан,
Ақылдас уәзір қылам оның өзін.

Ақылы артса, орнымды тағы берем,
Мен өзім қызмет қылып, соңына ерем.
Жұмла жұртқа атын мәшһүр қылып,
Ұлық-кішік бөріне һәм білдірем.

- 2990 Зынданға барып Сақи есік ашты,
Құдайым Жүсіпке енді рахмат шашты.
— Сүйінші! — деді Сақи Жүсіпке, — Енді
Қам-қайғы жамандықтың бөрі қашты.

Жүсіп айтты Сақиға: — Қайтып бар, — деп,
Қолы кесік қатынды жиып ал, — деп.
Күнәмнің мәнісін патша білсін,
Менім ахуал — жайымнан хабар сал, — деп.

- Сақи сонда Риянға қайтып барды,
Риянға мағлұм қылды бұ хабарды.
3000 Риян падишаһ бұ сөзді мақұл көріп,
Жидырды қолы кесік қатындарды.

Қолы кесік қатынның бөрі келді,
Зылиха да ішінде бірге келді.
Падишаһ қатындардан жауап сұрап,
Қуәге жиып қойды тамам елді.

— Не болған, — деді падишаһ, — қолдарыңа?
Не мүшкіл істер болған халдеріңе?
Зылиха айтты: — Кінәнің бөрі бізден,
Жүсіпті азап қылма жандарына.

- 3010 Онан соң падишаһ жұртқа әмір қылды,
Жүсіпке алтын сарай үй салдырды.
«Зынданнан Жүсіпті тез алып кел!» деп,
Қызметке бес жүз кісі аттандырды.

Бес жүз кісі зынданға келді жетіп,
Келген соң аттан түсті құрмет етіп.
Жүсіпті махбұсынан шығарған соң,
Жолдастары жылады шу-шу етіп.

Жолдастары зынданда жылап қалды,
Жүсіп нәби оларға көзін салды.
3020 Патшаға «азат қыл» деп Жүсіп сыдық
Һәммасын жолдасының тілеп алды.

Мәлік Риян һәммасын азат қылды,
Пенделіктен Құдайым нәжат қылды.
Тоғыз жүз кісі зынданда жатыр екен,
Бәрін Риян Жүсіпке бағыштады.

Мысыр халқы Жүсіпке келді бәрі,
Ұлық-кішік, шаһарда жас пен кәрі.
Басына дүрру, маржан, інжу шашып,
Тағзымдап қатар тұрды баршалары.

3030 Риян патша Жүсіптің көрді жүзін,
Тыңлады құлақ салып айтқан сөзін.
Ақылы, көркі, мінезіне қайран қалып,
Білмеді бихуд болып өзі-өзін.

Риянның Қадір Алла мейірін салды,
Жүсіптің жүзін көріп қайран қалды.
Жүсіпке тақытынан түсіп орнын беріп,
Мәлік Риян орнына падишаһ қылды.

Тәж киіп, тақытқа отырды Жүсіп нәби,
Фазылымен жарылқады Тәңірім оны.
3040 Көрген жан жамалына тояр емес,
Мысырдың шаһарының болды ханы.

Өзі — ғалым, данышпан, ақылы кәміл,
Қақ жарған қара қылды болды әділ.
Аузынан шыққан сөзі шекер балдай,
Адамның һешбіріне қылмас жәбір.

Мәлік Риян иман айтып, мүмін болды,
Жүсіп сыдық дінін қабыл қылды.
Жүсіптің қолын тұтып, мұхлис болып,
Хақ пайғамбар екенін тахқиқ білді.

- 3050 «Әй, тақсыр, дініңізді тахқиқ білдім,
Тағы да патшалыққа лайық көрдім».
Жұртына айтты «Жүсіптің өмірін тұт!» деп
Билігін берді сонда тамам елдің.

Тоған қазды бос тұрған көлдеріне,
Егінді көп салдырды елдеріне.
Неше сарай, амбарды жасаттырып,
Астықты көп құйдырды елдеріне.

- 3060 Астық төкті сарайға жеті жылдай,
Сарайды көп жасатты бір күн тынбай.
Тоқшылық жеті күні жеткенінше,
Дүния раушан болды бір шөп сынбай.

Жеті жыл өткеннен соң, тарлық келді,
«Егін салма!» деп, Жүсіп жарлық қылды
Жеті жылдай аспаннан жаңбыр жаумай,
Салқыны жоқ, жел тағы ыстық болды.

Ашықты бір жылдан соң Мысыр елі,
Мал жұтап, астық шықпай, қалды пұлы.
Шөп шықпай, жердің жүзі тақыр болып,
Дүнияның шаң басады соқса желі.

- 3070 Сонда Жүсіп жұртына хабар салды:
«Тауысқаның мұнда кел, — деді, — малды».
Астық пенен малдарын бітірген жан,
Жүсіптен алтын беріп, астық алды.

Бітірді сата-сата малы, пұлды,
Өткерді соныменен алты жылды.
Мал таппаған ұғылы мен қызын сатып,
Баласыздар құл болып қызмет қылды.

Жұрттың бәрі құл болды жетінші жыл,
Сатуға таба алмады бір жалғыз пұл.
3080 Барша жұрт «құлыңбыз» деп уағда қылып,
Жүсіпке кеп ант берді «бәріміз — құл».

Жіберді Алла Тағала Жәбірейілді,
«Иә, Жүсіп, енді шүкір қылғыл, — деді.
Басында сені құл деп сатып еді,
Барша жұрт һәмма сенің құлың болды».

Алты толып, жетінші жылға жетті,
Жүсіпте астық қалмады, тамам бітті.
Ішінен «Жұртқа енді не берем?» деп,
Жүсіп сушы Құдайға арыз етті.

3090 Сол уақытта Жәбірейіл келді өзiр,
Жүсіпке көрікті берген Жаппар Қадір.
«Құдіретімді тамаша қылғыл, — деді,
Еліңе өз жүзіңді көрсет заһир».

Онан соң Жүсіп жұртқа қылды пәрмен,
Падишаһтың пәрменіне не-дүр дәрмен.
«Ертең ерте шық бәрің майдан жерге,
Келмей қалған үйінде қылар арман».

Айтқан жерге жиылды жанның бәрі,
Ұрғашы-еркек, қатын-қыз, жас пен көрі.
3100 «Жүзіме қара!» деді сонда жұртқа,
Бәрі тегіс қарады келгендері.

Жүсіптің жамалына назар салды,
Мас болып, қараған жан талып қалды.
Сол орнында жатады бір айға ше,
Білмеді ұйқыда боп дүния-малды.

Ай сайын көрсетеді Жүсіп көркін,
Беттен перде алады, бастан бөркін,
Бір айдан тағам татпас есін білмей,
Ойламай, мас боп жатар дүния-мүлкін.

Фаслу Жүсіп (а.с.)-ның уәзір сайлағаны*

3110 Бір күні Жәбірейіл жетіп келді,
«Жүсіп нәби, Құдайың сәлем деді.
Ерте тұрып, ат мініп көшеге шық,
Кімді көрсең, соны уәзір қылғыл, — деді.

Күмәнсіз бұл сөзімді анық білгіл,
Ең бұрын кімді көрсең, алып келгіл.
Елден бұрын алдыға кез келгенді,
Соны өзің алдыға уәзір қылғын».

Бар еді Жүсіптің бір арғымағы,
Һәр не болса Тәңірі берген бағы.
3120 Арғымақтың бұрыннан әдеті еді,
Кісінеуші еді ерттейтін болса шағы.

Ерттерінде арғымақ кісінеуші еді,
Даусын естіп, жұрт тұрып келуші еді.
Әдетінше ерттеді арғымағын,
Кісінеп еді, жұртына есітіледі.

Екі жүз мың оңынан келуші еді,
Екі жүз мың солынан келуші еді.
Төрт жүз мың келеді алды-артынан,
Солай тұрып жамалын көруші еді.

3130 Атқа мініп, көшеге шығып еді,
Алдына жыртық тонды адам келді.
Өзі — ғаріп, бейшара, тоны жыртық,
Оны Жүсіп уәзірге менсінбеді.

«Бүгін мен Мысырға падишаһ болсам,
Бү жұртқа тақытқа мініп хукім қылсам.
Жұрттың бәрі мазақтап күлер мені,
Мұны мен өз алдыма уәзір қылсам».

* (а. с.) — аләһһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі.

Сол уақытта Жәбірейіл және келді,
 «Қараттың аузыңа тамам елді,
 3140 Жарамайды оны сен кем тұтқаның,
 Мұның сен мәні-жайын білгіл, — деді.

Зылиха жапқан еді саған жала,
 Күәлік берген сонда бір жас бала.
 Бұл саған қалайдан лайық емес?!
 Кез қылды бүгін соны Алла Тағала».

Жүсіп оны үйіне алып келді,
 Үстіне жақсы киім киіндірді.
 Ат-тұрманын түзетіп, құрмет етіп,
 Жүсіп оны алдына өзiр қылды.

Фаслу Зылиханы неках қылмақ баяны

3150 Жүсіптің түс көргені бала күні
 Басында баян қылып айттық оны.
 Неше түрлі мехнат көріп,
 Көп көрді шиддаттар мен қам-құсаны.

Онан соң мехнат кетіп, рахат жетті,
 Жәбірейіл періште жетіп кепті.
 «Тамаша қыл, — деп, — Хақтың пәрменіне»,
 Һәммасын бастан-аяқ баян етті.

«Ғешкімнен аямағыл шапағатың,
 Міскінге артық болсын махаббатың.
 3160 Зынданда пенделерге мейірбан бол,
 Жақпағыл Һеш адамға пәле отын».

Бү сөзін Жәбірейілдің махкам тұтты,
 Бұрынғы мехнат кетіп, рахат жетті.
 Рахым Мәула патшалық нәсіп қылып,
 Күллі Мысыр шаһары құлдық етті.

Һәрқашан ай жаңасы болғанында,
 Ләшкер жиылып, барша өзiр келгенінде.

Сегіз жүз мың ілесіп қастарына,
Жүсіп сыдық сейіл қылып жүргенінде.

- 3170 Зылиха зағип болды көзі көрмес,
Тағам, киім алмаққа халі келмес.
Жүсіпті көңілінен тастамайды,
Қартайған ғаріптігін Жүсіп білмес.

Жүсіптің зар еңірейді жолын күтіп,
Барады сол жылаумен күні өтіп.
Жүсіп жүрер жолынан үңгір жасап,
Сол жерде отырады үміт етіп.

- 3180 Тартады ғашықтықтың қасіретін,
Өзі — көрі, көзі жоқ — соқыр қатын,
Күндіз-түні жатады сол үңгірде,
Үміт қылып Жүсіптің махаббатын.

Ай жаңасы болғанда һәрқашанда,
Бір шығар Жүсіп нәби анда-санда.
Зылиха арғымақтың даусын естіп,
Былғанып зар еңірейді топырақ-шаңға.

Онысын Зылиханың Жүсіп білмес,
Білмеген соң қасына жақын келмес.
Қанша фариад зар қылып жыласа да,
Даусы [оның] құлағына естілмес.

- 3190 Зылиха қайғылы боп күні өтті,
Ғашық оты ішін өртеп, қандар жұтты.
Сонда дағы Зылиха үміт үзбес,
Қанша жыл тыңламастан қасынан өтті.

Зылиха болды қайран неше жылдай,
Жылайды күндіз-түні дамыл қылмай.
Пүтқа бір күн табынбай өкпеледі,
«Не жаздым, — деді, — саған медет қылмай?!

- Патша едім, тұл қалып болдым ғаріп,
Ғашық оты ішімді кетті жарып.
- 3200 Бұ күнгеше бір медет қыла алмадың,
Қолыңнан түк келмейді, білдім анық!
- Мысырдың патшасының қатыны едім,
Ғәмма қатын ішінде ақылды едім.
Қолыңнан келсе, маған аяйсың ба?!
Сонан бері Тәңірі деп сақтап едім.
- Жүсіп сыдық ол уақытта құлым еді,
Құлшылық Тәңірісіне қылар еді.
Тәңірісі ол Жүсіпті патша қылды,
«Ием бар» деп, әмірінен шықпас еді.
- 3210 Керегің жоқ, мен бездім өзіңізден!
Әй, санам, түк келмейді қолыңыздан.
Қалдырдың қанша жылдай жолымыздан!
Жүсіптің Тәңірісіне енді жалынады.
Үстінде алтын менен күмістерін
Саттырып, бірнеше күн ауқат қылды.
- Онан кейін ай тағы жаңа болды,
Атқа мініп майданға Жүсіп келді.
«Иә, Жүсіп, менім халім көрсеңші!» деп,
Зылиха айғай салып фариад қылды.
- 3220 Бар құдай Зылихаға медет қылды,
Жүсіпке бүгін даусы естіледі.
«Бұ кім?!» деп, даусын естіп мойын бұрса,
Көзі жоқ, соқыр кемпір зары қылды.
- Сонда Жүсіп атының басын бұрды,
Жақын кеп, Зылихадан ахуал сұрды.
— Қажетіңе жеткірейін, әй, бейшара,
Не мұрат, арызың бар, айтшы! — деді.
- Зылиха айтты: — Әй, шаһ жиһан!
Халім нашар, көзім көр, білгіл баян.

3230 Назар салып қарашы бүгін мені,
Мысыр шаһының қатыны Зылихамын.

Бұрын мен сізді сатып алып едім,
Бар малым сізге сарп қылып едім.
Бұл күнде душар болдым мұндай күйге,
Дертiңмен талай қайран болып едім.

Қолымнан кетті сонша наз-нығмет,
Бірі қалмай жоқ болды мал-мүлкат.
Һәр уақытта ғашық отың өртер мені,
Таусылмас сонда дағы ғашық қасірет.

3240 Дініңнің хақтығына иқрар қылдым,
Һәм «Жүсіп пайғамбар» деп анық білдім.
Бұ туралы қалмады еш күмөнім
«Ла иллаһа илла алла»* мүмін болдым.

Жүсіп сонда Зылиханы есіркеді,
Арзу ғашығын ойланып ғажап болды.
Сынамаққа сұрады Зылихадан,
— Сенің бұ ғашықтығың бекер, — деді.

Қайда, — деді, — Зылиха, жайың, малың?!
Ол қайда зипа бойың, құп жамалың?

3250 Толған айдай нұр жүзің балқушы еді,
Бірі жоқ үшбу күнде сол ахуалың.

Зылиха айтты: — Малымның бердім бәрін,
Күйдірді іші-тысым ақ дидарың.
Бақыттан, тақыттан бәрінен айырылған соң,
Тартқаным күндіз-түні қайғы-зарың.

Жүсіп айтты: — Бәлі, сен ғашық болсаң,
Ғашықтық қасіретінде сыдық болсаң,
Зылиха, бұл сөзіңе куә керек,
Шыныменен ғашық болып, дертке толсаң.

* Алладан басқа ешбір Тәңір жоқ

3260 Зылиха айтты: — Әй, Жүсіп, бері келші,
Маған келіп қамшыңның сабын берші.
Бекер болса, сынарсыз онан кейін,
Ғашық болсам, сонан соң сынап көрші.

Сонда Жүсіп қамшының сабын берді,
«Аһ!» деп ұстап, өзіне қайтып берді.
Отқа көсеп алғандай ыстық екен,
Ұстағанда Жүсіптің қолы күйді.

Қолы күйіп, қамшысын ол лақтырды,
Зылиха көзі жасын бұлап тұрды.
3270 «Ғашығы Зылиханың шын екен» деп,
Осылайша іс қылып сынап тұрды.

Зылиха айтты: — Көрдің бе менім жайым?!
Қырық жылдай көңіліме түсті уайым.
Қамшының сабы неге отқа жанды?!
Сол отты маған салды бар Құдайым.

От күйдірді қырық жылдан бері мені,
«Мағшұғым» деп, аһ ұрдым жоқтап сені.
Уасил шауқың көңілімді ғарат қылды,
Жүрегім болды менім от мекені.

3280 Сол уақытта Жәбірейіл жетіп келді,
«Жүсіп, сізге құдайың сәлем деді.
Өзі падишаһ Зылиханы неках қылып,
Зылиханы Хақ жұфұт қылсын деді».

Есітті Жәбірейілден мұны Жүсіп,
Сөз айтты Зылихаға мейірі түсіп.
«Аламын» деп есіттіріп Зылихаға,
Үйіне кетті қайтып жолға түсіп.

Мұны естіп Зылиха бек қуанды,
Жаман қатты шаттанып, көп қуанды.
3290 — Құдауанда падишаһым, Бір уа барым,
Рас па Жүсіп сөзі?! — деп қуанды.

Құдай-а, саған мағлұм менім сырым,
Бай едім, патша едім мұнан бұрын.
Өзім көрі, бұ күнде көзім соқыр,
Жамалымда қалмады зәрра нұрым.

Құдайым құдіретімен рақым қылса,
Көзім нұры өзіме қайтып келсе.
Бір уа бар рахматымен жәрдем беріп,
Жүзім тағы Жүсіпке лайық болса.

- 3300 Сол уақытта Жәбірейіл келді жетіп,
Қанатымен сипады дұға етіп.
Көзі ашылып, өзі һәм қайта жасарып,
Күндей боп шыға келді жарқ-жұрқ етіп.

Сол уақытта Зылиханы Жүсіп көрді,
Ғашық оты Жүсіптің ішіне кірді.
Йасиғтан соң төсекке жатқанынша,
Түстен кейін арасы жылдай болды.

- Некелеп Зылиханы Жүсіп алды,
Той қылып, барша жұртқа хабар салды.
3310 Ұлық-кішік шаһарда жұрт жиылып,
Жүсіптің құрметіне сарай салды.

Екі ғашық төсекке жатып қалды,
Жүсіп сонда Зылиханы бикрледі.
«Қанша жыл бір патшаның қатыны еді,
Бұ қалай тамаша?!» деп қайран қалды.

Сонда Жүсіп Зылихадан сөз сұрады,
Мұның жайын білуге тез сұрады:
— Бұл күнгеше бикрің қалай аман?
Мәнісін баян қылшы? — деп сұрады.

- 3320 Зылиханың Жүсіпке айтқан сөзі:
— Сақтады құдіретімен Тәңірім өзі.
Мен екен деп патша оны құшар еді,
Жатарда келуші еді жынның қызы.

— Ойыңда бар ма? — деді Жүсіп оны,
«Зина қыл» деп шақырушы ең сонда мені.
Ол уақытта күнөдан аман едік,
Соның үшін жеткірді Жаппар Ғани.

Зылиха айтты: — Тыңлаңыз, Жүсіп нәби,
Ұялтпа оны айтып енді мені.
3330 Фазылымен Пәруардигар бар Құдайым,
Ол фитнадан Егем сақтады сені.

Толған айдай балқыды жүзің нақышы,
Бал шекерден тәттірек сөзің жақсы.
Сізді көріп қалады кімнің сабыры,
Көңіліме түсті мың қасірет ғашығы.

Екі ғашық мұратқа сөйтіп жетті,
Құдайым Зылихаға рақым етті.
Пендеге құдай берсе қиын емес,
Мысырға патша болып дәурен етті.
3340 Зылиха Жүсіппенен көп жыл тұрды,
Екеуі патша болып дәурен сүрді.
Он екі ұғыл туды екеуінен,
Үлкен ұғылы Мүсәлімге хилғат берді.

Фаслу Жақып (а.с) балалары Мысырға барғаны

Аш болды бір жылдарда Кінған елі,
Су ақпай, құрып қалды шалқар көлі.
«Мысырда арзандық деп есітеміз»,
Балаларына айтады Жақып оны.

— Балалар, енді біздер ашықтық қой,
Ұнатсаңдар, мен бүгін ойладым ой.
3350 Мәніміз болмас, сірә, астық таппай,
Балалар, бұ сөзіме құлақты қой.

Мысырдан келіңіздер астық алып,
Тыңландар, бұл сөзімді құлақ салып.

«Мұсылман, өзі әділ, данышпан» деп,
Мақтайды патшасын көрген халық.

Патшасына айтыңыз бізден сәлем,
Оныңыз бәріңіз де барғын, балам.
Несие қып сұраңдар «ақша жоқ» деп,
Берер деймін патшасы уаллаһи ғалам.

3360 Оны да бірге жүрді түйе мініп,
Барады сапар шегіп ойнап-күліп.
Ибн Иамин бармайды, үйде қалды,
Мысырға барды бұлар он бес қонып.

Құдайдан Жәбірейілге пәрмен болды,
Жүсіпке ағаларын баян қылды.
Мұны естіп қуанды Жүсіп нәби,
Үш күннен соң Мысырға жетіп келді.

Жәбірейілден есітті бұ хабарын,
Қуанып тосып тұрды ағаларын.
3370 Құдаға мың мәртебе шүкір қылып,
Тұрады жақсы көріп келгендерін.

Босатып қойды түзеп бір сарайды,
Ішіне атлас, қамқа кілем жайды.
Кіргізіп ағаларын ол сарайға,
Құрметтеп ағаларын құп сыйлады.

Алдына неше алуан тағам қойды,
Тағам жеп ағалары әбден тойды.
«Біздерді неге мұнша сыйлады?!» деп,
Ол оны кеңес қылып ойлайды ойды.

3380 — Бізді патша бай адам деп ойлайды,
Ертең көп алтын берер деп ойлайды.
Пұлымыздың жоқтығын қайдан білсін,
Оның үшін біздерді көп сыйлайды.

Шамғұн айтты: — Атамызды патша білер,
Оның үшін біздерге құрмет қылар.
Пайғамбар деп есітіп атамызды,
Сол себептен біздерге ғиззат қылар.

3390 Рауил айтты: — Бұл патша әділ екен,
Кереметті бұл өзі фазыл екен.
Есіркеп, мүсәпір деп бізді патша,
Мен білдім солай қылып жатыр екен.
Меймандарға қылмаққа жақсы қызмет,
Мүсәлім келіп тұрды жандарына.

Мүсәлім меймандарға қылды қызмет,
Мойнына түскендей-ақ үлкен міндет.
Алдына тік тұрып қызмет қылды,
Көрмеген бұлар бұрын мұндай һиммат.

Олар сонда сұрады Мүсәлімнен:
— Әй, бала, тудың, — деді, — қандай жаннан?
3400 Жүзің нұрлы, әдепті, сөзің жақсы,
Біздерге қызмет қылдың һизар — шыннан.

Мүсәлім сонда тұрып жауап айтты:
— Патша маған «Қызмет қыл, — деді, — қатты».
Сіздерді патша атам жақсы көрер,
Қыламын соның үшін бұ қызметті.

Жүсіп сонда түзетті тақытын, бақытын,
Тамамын рас қылып саз уа сахтын.
«Кінғандықтар келсін» деп хабар салды,
Қызметкерлер түзетіп һәм ол уақытын.

3410 Оларға үш күн ұдай қызмет қылды,
Һәр қайсысын жекелеп әбден білді.
Патша оларды жоғары отырғызып,
Үстіне атлас, қамқа тон кигізді.

Олар келіп сарайға кіргеннен соң,
Патшаға тағзым қылып тұрғаннан соң,

Оны бірдей сәждеге басын қойды,
Патшалық салтанатын көргеннен соң.

Жүсіп айтты: — Бастарың көтер, — деді,
Тоңқайып жатпаңыздар бекер, — деді.
3420 Баян қыл, неге келдің бұл шаһарға?
Осы қылған қызметің жетер, — деді.

Ол оны сонда бірден көтерді бас,
Тітіреп, көздерінен төгісіп жас.
Тұра келді баршасы қол құсырып,
Тағы келді алдына һәр түрлі ас.

Астына баршасының күрси қойды,
Қорқысып неше алуан ойлайды ойды.
«Әлхайфа-әлхайфа» десіп олар,
Ішіп-жеп тағамдардан әбден тойды.

3430 Жүсіп сонда ағаларын бәрін білді,
Жекелеп һәр қайсысын фаһим қылды.
«Жүсіп деген» олардың ойында жоқ,
Құдаға Жүсіп сонда шүкір қылды.

Сонда Жүсіп бұларға: — Кімсіз? — деді,
Не іздеп, не жұмыста жүрсіз? — деді.
Бір туған адамсыз ба осы бәрің?
Түрлеріңіз бір, ұқсап тұрсыз, — деді.

Олар айтты: — Кінғаннан келдік, — деді.
Он екі ұғыл бір кісіден едік, — деді.
3440 Бабамыз — Бісқақ, атамыз — Жақып нәби,
Көп жылдай қайғы-қасірет шектік, — деді.

Жасында қасқыр жеді кенжемізді,
Біздер мұнда көргелі келдік сізді.
Жақсы көрген ұғылынан айырылған соң,
Атам үйге ап қалды бірімізді.

Жүсіп айтты: — Айтпаңдар жалған сөзді,
 Пайғамбар дедіңіздер атаңызды.
 Пайғамбарға ондай іс лайық емес,
 Артық жақсы көрмегі біріңізді.

3450 Олар айтты: — Әй, патша, есіт сөзім,
 Өлген кішімізді көрсең көзің.
 Жүзін, тақсыр, көрмедің, не айталық,
 Жүз мың артық сүйер едің көрсең өзің.

Біздер де оны жақсы көруші едік,
 Күнде жүзін көрмекке келуші едік.
 Өтірік «түс көрдім» деп атама айтып,
 Сонан кесір болды деп білуші едік.

Жүсіп айтты: — Ол інің не түс көрді?
 Атаңыз оның түсін не деп жорыды?
 3460 — Атам айтты «Патша боларсың, — деп,
 Мысырдың шаһарына» деп жорыды.

Жүсіп айтты: — Ол түсі болмады ма?
 Атасының жоруы келмеді ме?
 Ол тараптан хабарын білмейсіз бе?
 Жүсіп ұғылы патша болмады ма?

— Тақсыр-ау, ол бала өзі қайда?!
 Жүргенін құдай білер қандай жайда?!
 Он жасында баланы қасқыр жеген,
 Ажалға жоқ қой, тақсыр, сірә, айла.

3470 Өз жайымызды айталық, тақсыр, енді,
 Атамыз сізге «дұғай сәлем» деді.
 Аштықтан жүдеген соң келіп едік,
 Берсеңіз, несие астық алам, — деді.

Алдыңызға келдік біз мұқтаждықтан,
 Өлуге аз қалып ек біз аштықтан.
 Бір қайыр қылғыл, тақсыр, біз ғаріпке,
 Өділет, жомарттықтан даңқың шыққан.

- Жүсіп айтты: — Сөздерің мақұл болсын,
Сіздердің біреуіңіз мұнда қалсын.
3480 Тағы астық алыңдар қайтып келіп,
Екінші, Ибн Иамин бірге келсін.

Сіздер, өгар, түзіктік қылсаңыздар,
Атаңа бізден хабар берсеңіздер,
Пұл алмастан беремін тағы да астық,
Ибн Иаминді бірге алып келсеңіздер.

Ол оны бұ жауапқа разы болды,
Кепілдікке Шамғұн онда қалды.
Түйесіне жүктерін артып алып,
Өзгесі елдеріне тік жөнелді.

- 3490 Бұларға айтты жауап Жүсіп сыдық,
Көп сыйлап, құрмет қылды тауазуғлық.
— Көп кешікпей, тез қайтып келіңіздер.
Атаңызға айт, — деді — сәлем құлдық.

«Хош болар» деп, онан соң кетті көшіп,
Ойнап-күліп барады жолға түсіп.
Патшадан айтады көрген сыйын,
Жол үстінде кім кетсе жолығысып.

- 3500 «Һәрқашан біз базарға келуші едік,
Шаһарға қонып түсіп жүруші едік.
Сірә, көрген емеспіз мұндай ғиззат,
Астықты бекер алдық бір жылшылық».

Бұлар сөйтіп еліне барып жетті,
Алдына атасының жетіп кепті.
Балаларынан сөз есітіп күлді дағы,
«Аһ!» деп барып ақылын танып кетті.

Көргенін атасына сөйлейді енді:
— Мысыр шаһы мұсылман екен, — деді.
Шамғұнды кепілдікке алып қалды,
Екінші, Ибн Иаминді әпкел, — деді.

3510 Мұны естіп жылады Жақып нәби,
— Неге тастап келдіңдер ол Шамғұнды?
Ибн Иаминді мен енді қайтіп берем?
Алдап алып, жоқ қылдың Жүсібімді.

Балалары Жақыпқа жауап берді:
— Падишаһ сізді сыртыңнан жақсы көрді,
Сізді айтып жылайды қатты зар қып,
Қайта-қайта сізге көп сәлем, — деді.

Сонда Жақып оларға рұқсат берді,
— Ибн Иамин ілесіп барсын, — деді.
3520 Келгенде тоғыз еді және он боп,
Үш күннен соң Мысырға қайта жүрді.

Жақып айтты: — Мысырға барсаң, — деді,
Екі-екіден жүр шаһарға кірсең, — деді.
Тіл-көз болып жүрмесін, балаларым,
Топтанып бөрің бірге жүрсең, — деді.

Екі-екіден көшеден кірді барып,
Ибн Иамин жылайды жалғыз қалып.
Қайран болды біле алмай барар жолын,
Зар еңіреп қарап тұрды қайран қалып.

3530 Көшеде қайран болып қарап тұрды,
Алдына кез келгеннен жауап сұрды.
Айтқан тілін білмейді һешбір адам,
Сандалып сол арада жылап тұрды.

Келді сонда Жәбірейіл рухил әмин,
Жүсіпке айтты келіп Хақ сәлемін:
— Сүйінші сұрап келдім, — деді, — тақсыр,
Келді бауырың көшеге Ибн Иамин.

Үстіңе қоңыр-құба киім кигін,
Астыңа көрпе салып, түйе мінгін.
3540 Жүзіңе перде салып жасырынып,
Бауырың жүзін көрмекке шапшаң жүргін.

Даладан шаһар ішіне келіп жүрер,
Жол сұрап һәр адамға бір жалынар,
Ғабри тілмен айтқанын жан білмейді,
Қапа боп ызаланып жылап тұрар.

Сонда Жүсіп базарға жетіп келді,
Көшеде жылап тұрған адам көрді.
Ибн Иамин екенін тани алмай,
Жүсіп кеп сәлем беріп, жауап сұрды.

- 3550 Жүсіп айтты: — Әй, ғазиз, кімсіз? — деді,
Алақтап немене іздеп жүрсіз? — деді.
Ғабри тілмен сұрады: — Жөніңді айт, — деп,
Көшеде неге жылап тұрсыз? — деді.

Сонда айтты: — Кінғаннан келген жанмын,
Патшаның үйін іздеп жүрген жанмын.
Осы жерде айырылдым жолдасымнан,
Жақып ұғылы Ибн Иамин деген менмін.

- Иамин айтты: — Кім едің өзің жақсы?
Мұсылман нәсіліндей сөзің жақсы.
3560 Бұ тілді қайда жүріп үйренгенсіз?
Арабша сөйлеген сөзің жақсы.

Жүсіп айтты: — Кінғанда жүріп едім,
Ол шаһарды жасымда көріп едім.
Ғабри тілін үйрендім сол уақытта,
Жас күнімде бірқатар тұрып едім.

Ибн Иамин айтты: — Әй, мурууаттар,
Сенің жүзің көрмекке мұратым бар.
Бетіндегі ашсаңшы пердеңізді,
Көңілім ойран болып, тақатым тар.

- 3570 Жүсіп айтты: — Ондай іс ете алмаймын,
Жүзімдегі пердемді көтермеймін.
Сабыр қылғыл, рұқсат жоқ бет ашуға,
Ұятымды бұ жерде кетірмеймін.

Жүсіп айтты: — Сен сабыр қылғыл, — деді,
 Бір білезік берді де: — Алғыл, — деді.
 Мың тіллалық мұнымның бағасы бар,
 Бұ жақұтты қолыңа салғыл, — деді.

3580 Жүсіп Ибн Иаминге басшы болды,
 Дүкендердің алдына алып келді.
 Ибн Иаминге көрсетіп ағаларын,
 Жүсіп өзі үйіне қайтып келді.

Жүсіп айтты: — Жігіт, маған рұқсат бергіл,
 Ағаларың қасына барып тұрғыл.
 Ағаларың қасынан енді қалма,
 Падишаһтың сарайына бірге кіргіл.

Ибн Иамин қалғысы келмейді енді,
 Алдында ағаларын көрмейді енді.
 — Сізді көріп балқыды тұла бойым,
 3590 Көңілім сізден һеш қалғысы келмейді енді.

Сонда Ибн Иаминнің көңілдері езіліп жылап айтқан газалы

Мұны айтып ал сонда
 Ибн Иамин жылады,
 Көзінің жасын бұлады.

— Сізден қалғым келмейді,
 Дүнияны көзім көрмейді.
 Ағаларым қасына
 Баруға көңілім ерімейді.
 Бір сөзім бар көңілімде
 Айтуға аузым бармайды.
 3600 Жалғыз бауырым жоғалған,
 Жүсіпке түрің беңзейді.
 Ибн Иамин мұны айтып,
 Онан жаман еңірейді.
 Бір туған бауыры екенін
 Айтпаса да біліп тұр,

- Рухы мен жаны, денесі.
Екеуінің өзгеден
Бірге еді енесі.
Падишаһ қылды Жүсіпті
- 3610 Жаратқан қадір Егесі.
Ибн Иамин келгенде,
Қайран болып жүзіне
Қарайды он ағасы.
- Бүгін неге, — деседі,
Көтеріліп талайы,
Артық болды бағасы?
Жүсіпті қасқыр жегелі,
Күлген емес еді бұл.
- 3620 Жайылып кеткен жағасы.
Қуандың неге, айт?! — деді,
Көңіліңнің кетіп санасы?
Сонда Ибн Иамин сөйлейді:
- Адасып сізден қалғанда,
Бір адам келді қасыма.
Нұры бөлек жалғанда,
Түйесі бар астында.
Ғабри тілмен сөйлейді,
Ол кісіден айырылып,
- 3630 Мен ғаріп қалдым арманда.
Сіздерді маған көрсетіп,
Білезік берді маған ол.
Түзу жолға салғанда,
Жарылып кетті жүрегім.
Білезікті мен алып,
Білегіме салғанда,
Қайғым кетіп көңілімнен,
Шаттық маған орнады,
Қолыма соны салғанда.
- 3640 Иаһуда: — Білезігің қане? — деді,
Көрейін немене екен оны, — деді.

Өзіңе сақтап берейін маған бергіл,
Сенде жүріп бола алмас сәні, — деді.

Иаһуда білезікті қолына алды,
Қашып шығып, өзіне қайтып барды.
Рауил [білезікті] «көрейін» деп алып еді,
Ибн Иамин [нің] өзіне қашып барды.

Рауил алды Иаминнен қайта сұрап,
Қолынан кетті ағып мисли сынап.
3650 Ибн Иамин [нің] өзіне қайтып барды,
Қолында һешқайсының тұрмады ұнап.

«Көреміз» деп ағалары бәрі де алды,
Ұстап тұрып айырылып бекер қалды.
Бәрі де ыза болды ұстай алмай,
Ибн Иамин өзі алып, қолына салды.

Фаслу Жүсіп (а.с) сарай жасатқаны

Жидырды Жүсіп нәби ұсталарды,
«Жасап бер, — деді, — үлкен, кең сарайды».
Ол бұрышы бұ бұрышынан қырық құлашты,
«Жақсы қып жаса, — деді, — сондай жайды».

3660 Жүсіп айтты: — Ұсталар келсін, — деді,
Айтқанымдай бір сарай қылсын, — деді.
Жақыптың ұғылыменен суреттерін
Жүсіпке не қылғанын салсын, — деді.

Атасынан Жүсіпті алдап алғандарын,
Жап-жалаңаш құдыққа салғандарын.
Һәммасын жаздырды үй ішіне,
Өлтірмекке шын қастық қылғандарын.

Жүсіпке не қылғанын жазды бәрін,
Дұғарға «құлымыз» деп сатқандарын.
3670 «Үш айыбы бар-дүр» деп арзан сатып,
Қалдырмай жазды соның һәммаларын.

Сарайды әбден тамам жасап болды,
Ішіне түрлі тағам әзір қылды.
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,
Шақырып ағаларын алып келді.

Ағалары сарайға келіп кірді,
Рауил қарап, жазуды көзі көрді.
— Біздердің қылған сұмдық ісіміз, — деп,
Біріне-бірі айтып күңкіл қылды.

3680 — Атамыздан Жүсіпті алғанымыз,
Атам мен Хаққа асы болғанымыз.
Патшаның сарайына жазылыпты,
Һәрне істер Жүсіпке қылғанымыз.

Олар сонда жазуға көзін салды,
Ұялып қылғандарын көңіліне алды.
Ұялғаннан жүрегіне тамақ батпай,
Қор болып, ас іше алмай қайран қалды.

Жүсіп сонда біреуге өмір қылды:
— Неге жылар, ас ішпей, сұрағыл? — деді.
3690 Ол жігіт жетіп келіп меймандарға
— Неге ас ішпейсіз? — деп сұрайды енді.

Олар сонда ол жігітке жауап берді:
— Біздің бір кенже ініміз болған еді,
Сол інімізден айнымас анау сурет,
Жасында оны қасқыр жеген еді.

Жаңа өлгендей болдық біз оны көріп,
Тамақты іше алмадық көңіл еріп.
«Ол үйде отырмасаңдар мұнда кел» деп,
Бір сарайға әпкелді түзеттіріп.

3700 Шақырған соң ол үйге келді бәрі,
Жаюлы, даяр еді тағамдары.
Отыра салып тағамнан жеді бұлар,
Ибн Иамин ас жемей қылды зары.

Жүсіп айтты: — Жылайсың неге, жаным?
 Жүзің сары, көзің жас, ғаріп халің.
 Он ағалы кісіде мұң бола ма?
 Жылайсың неге, маған айт ахуалың?

Әлқисса, сонда Ибн Иаминнің Жүсіпке айтқаны:

Ибн Иамин сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:

- Барар ем қайтып әлгі үйге,
 3710 Маған рұқсат берсеңіз.
 Көрейін әлгі суретті,
 Қасыма өзің ерсеңіз.
 Жүсібіме ұқсайды,
 Өзіңіз жүріп көрсеңіз.
 Көрген соң әлгі суретті,
 Күл болды сынып сүйегім,
 Бү сөзіме сенсеңіз.
 Жүсіп рұқсат береді,
 Ибн Иамин қуанып,
 3720 Сарайға жүгіріп келеді.
 Жүсіптің келіп суретін
 Айналдырып көреді.
 Суретке қарап жылайды,
 Көзінің жасын бұлайды.
 Сығалап Жүсіп көреді,
 Басындағы қайғысын
 Суретке қарап тереді.
- Жүсіп мұны көрген соң,
 Мүсәлімге: — Бар, — деді.
 3730 Сарайдағы жылаған,
 Ағаңыз болар ол сіздің.
 Сұраса, айтқын хал, — деді,
 Жайыңды айтқын сұраса,
 Алдында қызмет қыл, — деді.
 Жұбатқын, өгар, жыласа.
 Мұны естіп Мүсәлім

- Сарайға жетіп келеді.
Ибн Иамин жылап тұр,
Артынан келіп қараса.
- 3740 Иаминнің келіп Мүсәлім
Қасына тұрды жанаса.
Қасына келіп тұрған соң,
Ибн Иамин қарады,
Мүсәлімнің жүзіне.
Мүсәлімнен сұрады,
Жасын алып көзіне.
- Қайғымды сен тындырдың,
Қарап едім өзіңе.
Қандай жанның ұғылысыз?
- 3750 Жауап бер менім сөзіме.
Айнымай Жүсіп секілді
Көрінесің көзіме.
Айтсаңшы маған, шырағым,
Кімсің, кімнің ұғылысың?
Мән-жайыңды сұрадым.
Елжіреп ішім барады,
Қайда болар тұрағың?
Ибн Иамин сөзіне,
Жауап берді Мүсәлім.
- 3760 — Айтайын енді жөнімді,
Қаттырақ мені қыстадың.
Жан аға, құлақ салыңыз,
Айтып һәрбір сөздерді,
Аяғымды тұсадың.
Жүсіп сыдық — атамыз,
Жақып нәби — бабамыз.
Атам — Жүсіп пайғамбар,
Тыңдағыл мұны, ағамыз.
- 3770 Бабам — Жақып Ысрайыл,
Хабаршылары — Жәбірейіл.
Атам — Мысыр патшасы,
Рисалат берген Хақ Жәлил.
Ибн Иамин мұны естіп,

«Ah!» деп барып жығылды.
Есін жиып ала алмай,
Бір бұрышқа барып тығылды.
Есін жиып алған соң,
Мүсәлім жауап сұрады:

— Кеселіңіз бар ма? — деп,
3780 Жығылған соң шошыдым,
Айтшы, — деді, — мұныңды.
Ибн Иамин сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:

— Ақша бір жауған қар еді,
Мен ғаріптің, шырағым,
Тақатым жаман тар еді.
Жүсіп атты жоғалған
Жалғыз інім бар еді.
3790 Сол себептен жығылдым
Есімді білмей, шырағым.
Інісінен айырылған
Мен бейшара зар еді.

Мүсәлім айтты: — Әй, аға,
Сөзімді менім аңлағыл.
Мен бір жауап айтайын
Құлақ салып тыңлағыл.
Мен сол Жүсіп ұғылымын,
Өз ініңнің баласы,
Шыныңмен, аға, жылағыл.
3800 Көшеде тұрған уақытыңда,
Түйемен барды қасыңа.
Білезік берген айтыңыз,
Көзден аққан жасыңа,
Білезік берген ініңіз.
Қызыл жақұт білезік
Бір ердің жетер басына.
Көріселік, кел бері,
Бекер жылап жасыма.

- Ибн Иамин мұны естіп,
3810 Қайтадан есін танады.
«Бауырыңмын» деген соң,
Іші-бауыры жанады.
Сылқ етіп барып жығылып,
Есін жиып алады.
- Рас па, — деп, — жауабың?!
Мүсәлімді тұра кеп
Құшақтай барып алады.
Бауырына басып құшақтап,
Мейірі сонда қанады.
- 3820 Сөйтіп тұрған кезінде
Жүсіп жетіп келеді.
Көрісіп тұрған екеуін
Артынан қарап көреді.
Талып түсіп тұрғанын,
Көрген соң Жүсіп көңілі
Қайтіп шыдап тұрады.
Кіріп келіп сарайға,
Пердесін алды жүзінен,
Ибн Иамин көрген соң,
- 3830 Жас тыймай кетті көзінен.
Биһұш болып жығылды,
Адасып кетіп көзінен.
Есін жиып алған соң,
Тұра келді зарланып.
Жүсіппенен көрісіп,
Зорға тұр басып сандалып.
Өксігін баспай еңіреді,
Жас кетті көзден парланып.
Арманда болып айырылған,
- 3840 Екі бауыр табысты.
Құшақтары айқасып,
Керегедей қабысты.
Аға-іні көрісіп,
Құшақтары жабысты.
Екі бауыр көрісіп,
Екеуі бірдей еңіреді.

- Айналдырған үшеуі,
Оңаша бір сарайда
Қой-қозыдай маңырады.
- 3850 Екеуінің дауысын,
Періштелер тыңлады.
Жүсіп көңілін тыйса да,
Ибн Иамин қоймайды.
Ибн Иамин төбесі
Тигендей болды аспанға.
Жүсіп сынды інісін
Бауырына қысып басқанда,
Жарыла жазды жүрегі.
Дариядай көңілі тасқанда,
- 3860 Жетпіс жылдай айырылып,
Бір күн көрер бар екен,
Өзелде нәсіп шашқанда.
Ибн Иамин болыпты,
Көзі оттай жасылды.
Құшақтасып, жыласып,
Көңілдері басылды.
- «Қарағым, інім, бауырым» деп,
Мүсәлімге асылды.
Мүсәлімді құшақтап,
- 3870 Ибн Иамин жылады.
Екі інісін көрген соң,
Аллаға шүкір қылады.
Жүсіп Ибн Иаминнен,
Хал-ахуал сұрады.
«Аман ба атам?» дегенде,
Жүсіп нәби есі ауып,
Сылқ етіп барып құлады.
Бір уақыттар болғанда
Көтеріп басын алады.
- 3880 Ибн Иамин жүзіне
Және тағы қарады.
Атасының ахуалын
Қайырып және сұрады.

Ибн Иамин Жүсіпке
Бір-бірлеп айта береді.

- Жылауменен атаңның,
Екі көзі көрмейді.
Үңгірде жатыр шықпастан,
Ғешкімге жауап бермейді.
- 3890 Қанша адамдар сөз айтса,
Жауапқа асла ермейді.
«Жүзіңді қашан көрем? — деп,
Аһ, Жүсіп!» деп еңіреді.
Жетпіс жылдай жылаумен,
Үмітін, асла, үзбейді,
«Жүсібім қашан келер?!» деп,
Төңірегін көздейді.
Өзге жұрт үзді күдерін,
Күдерін атаң үзбейді.
- 3900 Дина дағы жылайды,
Атаңменен қосылып.
«Ағакем!» деп зар қылып,
Бүтін көйлек кимеді.
Жүрек-бауырын қан қылып,
«Ағакем» деп жыласа,
Есіткен жұртты таң қылып.
Күндіз-түні жылаумен,
Ғешкімге жауап қатпайды.
- 3910 Үш күнде бір нәр татып,
Уақытымен тағам татпайды.
«Бұзылар, — деп, — тілеуім»,
Төсекке шешініп жатпайды.
Айта берсем баршасын,
Дина менен атаңның,
Үш күнде сөзі бітпейді.

Әлқисса, сонда Жүсіптің айтқан жауабы

Жүсіп айтты: — Бар, — деді,
Ағаларың қасына.
Бірге барып отырғыл,

- Олардың ішкен асына.
 3920 Ибн Иамин қорқады,
 Бұрыннан тиген басына.
 — Бар енді, — деді, — оларға,
 — Бірге жүрсең қасыма,
 Арманда сізден айырылып,
 Жетпіс жылдай көре алмай,
 Қойыным толды көл болып.
 Аман қылса құдайым,
 Енді сізден айырылман.
 Көріне салып жоқ болсаң,
 3930 Көңілімнен кетпес уайым.
 Жетпіс жыл тарттық қасірет,
 Сізді жоқтап күн сайын.
 Жетпіс жыл көрген күйімнің,
 Қараңғылық бөрісі,
 Қайсы да бірін айтайын.
- Жүсіп айтты: — Оларға барғыл, — деді,
 Құп тыңлап менім сөзімді алғыл, — деді.
 Мұнда алып қалармын ертең сізді,
 Бүгінше қастарында болғыл, — деді.
- 3940 Мен түнде қаптарыңа астық салам,
 Айламенен мен сізге қылған жалам.
 Алтын леген жүгіңе тығып қойып,
 Онан соң айыпты қып алып қалам.
- «Ұры» деп, алып қалам сізді мұнда,
 Қасымда бірге отыр бүгін түнде.
 Өз қасымда боларсыз онан кейін,
 Біле алмас бұл сырымды нешбірі де.
- Ибн Иамин ағаларына келіп кірді,
 Көңілі шат боп, жүзінде нұры тұрды.
 3950 Олар айтты: — Қуандың не себептен?
 Неге күліп келдің? — деп жауап сұрды.

Перде киіп оларға Жүсіп келді,
«Екі-екіден отыр» деп жауап қылды.
Су құйып, дастарқанды жайғаннан соң,
Екеуара алдына табақ қойды.

Алдына табақ қойды екеуара,
Жолдассыз Ибн Иамин қалды дара.
Өзгелері тағамды жей бастады,
Ибн Иамин жылайды ол бейшара.

- 3960 Жүсіп айтты: — Жылама, тағам жегін,
Неге төктің, бейшара, көзің жасын?
Мен қасыңа болайын саған серік,
Өзіңнің болайын мен бауырласың.

Ибн Иамин қуанып тұра келді,
Жүсіп оң жағынан орын берді.
Жүсіппенен тағына бірге отырып,
Табақтан екеуара ол да жеді.

- Меймандары тағам жеп, әбден тойды,
Ибн Иамин қайғының бәрін жойды.
3970 Екі-екіден баршасы тағам жесіп,
Дұға қып, дастарқанын алып қойды.

Тағамнан соң «Даярла қайың» деді.
Өлшеуге алтын леген алып келді.
Астық салып болған соң, өлшеуішті
Ибн Иамин жүгіне тығып қойды.

Жүгін артып онан соң жөнелділер,
Жолда барып бір жерге бөгелділер.
Сол жерде Жүсіп барды жүз кісімен,
«Падишаһ неге келді?» деп тігілділер.

- 3980 Екеуінен білмейді басқа кісі,
— Патшаның бар, — десті, — қандай ісі?!

— Өлшеуіш легенімді ұрладыңдар,
Иннакум ласариқун*, болдың кіші.

Олар айтты: — Уаллаһи біз алғамыз жоқ,
Харам ас аузымызға салғамыз жоқ.
Ұрлық қылған емеспіз ғұмырымызда,
Әуел-ақыр батил іс қылғамыз жоқ.

Олардың сөзін Жүсіп тыңлап тұрды,
«Тінтем» деп, көшін шаһарға алып жүрді.
3990 Қораға алып келіп, қамап қойып,
Жүктерін қаптарымен тінттірді.

Ибн Иамин жүгінен алды тауып,
Оларды айыптады жала жауып.
— Қане, ұрлық қылмаймыз дегендерің?!
Бұған неге кеттіңдер көңілің ауып?!

Тұзымнан қорықпадыңдар, надан, — деді,
Сіздерге өтірік сөз — жаман, — деді.
Төрт жүз сомдық легенімді ұрлап алдың,
Не іс қылсам, өкпе айтпа маған, — деді.

4000 Мұны естіп олар жаман сасады енді,
Беттерінен қандары қашады енді.
Не айтарын білмейді жаман сасып,
Ибн Иаминге азуын басады енді.

Олар сонда Жүсіпке жауап берді:
— Мұның бір інісі де жаман еді,
Екеуі Рахила атты бір анадан,
О дағы бұ секілді ұры еді.

Оларға сонда тұрып Жүсіп айтты:
— Жастарыңнан жамандық қылдың қатты.
4010 Атаңызды жылаттың неше жылдай,
Тарттырдың неше жылдай қасіретті.

* Шынында сендер ұры екенсіңдер

Қанша жылдай жылаттың атаңызды,
Мойныңа мен қояйын қатаңызды.
Жүсіпті алып барып құл деп сатып,
Харам боқ жеп, көр байыттың жөніңізді.

Жүсіп айтты: — Жалладтар қайда? — деді,
Ұрының өзін тұтып, байла, — деді.
Шариғаттың үкімін қылсам керек,
Зынданнан оған орын сайла, — деді.

- 4020 Олар сонда Жүсіпке айтты жауап,
Аяғын құшақтайды қылып тәуап.
— Оны қойып, біздердің бірімізді ал,
Атамызға қылыңыз біраз сауап.

Жүсіп айтты: — Ол істі мен қылмаймын,
Кінәліні жіберіп, сауды алмаймын.
Ұрының өзін тұтып, байла жылдам,
Әділдік мінезімнен айырылмаймын.

- Сонда бұлар қор болып шыға берді,
Оңаша бір жерге кеп кеңес қылды.
4030 Иаһуда айтты: — Мен бір ақырайын,
Бәріңіз қылыш тартып жүрің, — деді.

Даусым шықса, жиылып келіңіздер,
Қолдарыңа қылыш алыңыздар.
Шаһардың өзі ойран болған шақта,
Тірі адам қоймастан қырыңыздар.

Олардың бұ кеңесін Жүсіп білді,
Кіші ұғылы Мәмилеге әмір қылды.
Иаһуданы көрсетіп жіберді де,
«Арқасын сипа, шапшаң барғыл» деді.

- 4040 Мәмиле ата сөзін қабыл алды,
Қасына Иаһуданың жетіп барды.
Байқаусызда арқасын сипап еді,
Даусы Иаһуданың шықпай қалды.

Бұрыннан әдеті еді Иаһуданың,
Арқасын кеп сипаса біреу оның,
Өкпесі солып, даусы шықпас еді,
Қызығын қараңыздар әңгіменің.

Иаһуданың өкпесі жаман солды,
Күн батып, қосқа барар уақыт болды.
4050 Даусы күн батқанша шықпаған соң,
«Бұл қалай тамаша?» деп қайран болды.

Олар айтты: — Неге сен ақырмадың?
Бұ шаһарды неліктен неш қырмадың?
Әдейі уағда қылған жауабыңмен,
Бізді майдан жеріне шақырмадың.

Иаһуда айтты: — Ахуалым сондай болды,
Бір бала байқаусыз жетіп келді.
Арқамды бір-ақ сипап кетіп еді,
Даусым сонан кейін шықпай қалды.

4060 Олар естіп бұ іске қайран болды,
— Мұндай іс бұ шаһарда қайдан болды?
Өзіміздің тұқымнан біреу бар ма?
Болмаса, сенің өкпең неге солды?

Оларға айтты сонда Жүсіп келіп:
— Әй, залымдар, қалсаңшы мұнан да өліп.
Қылғаның бастан-аяқ бәрі жаман,
Менен өзге сіздерге жүрмес көніп.

Осымен екі мәртебе келдіңіздер,
Бір пұл жоқ, көп астықты алдыңыздар.
4070 «Жақып нәби ұғылымыз» дейсіз маған,
Тұздан қорықпай жамандық қылдыңыздар.

Әлде болса сыйладым атаңызды,
Атаң үшін кешірдім қатаңызды.
Ұрының өзін алып қалайын мен,
Болмаса, қырар едім баршаңызды.

Бұлар қорықты Жүсіптің айбатынан,
Бұрынғы айырылған соң қайратынан.
Рұқсат беріп жіберді өзгелерін,
Өзгесі елге қайтты Иаһудадан.

4080 Ибн Иаминді Иаһуда бағып тұрды,
Өзгесі амандасып жолға кірді.
Арада бірнеше күн сапар жүріп,
Мәнісін кеп атасына баян қылды.

Жақыпқа әңгімесін айтты келіп,
— Ұят қылды Ибн Иамин ұрлық қылып.
Иаһуданы қасына қойып кеттік,
Ұялып кеттік біздер тірі өліп.

Жақып сушы бұ істі білді баян,
Қайғысы артық болды бұрынғыдан.
4090 — Ибн Иамин ұрлықты қылғандығын,
Көрдің бе көздеріңмен заһир аян?

Жақыпқа жауап берді балалары:
— Патшаның бізге артық қылғандары.
Алтын леген жоғалып, ол падишаһ
Ибн Иамин жүгінен тапты оны.

Жақып айтты: — Үміт көп құдайымнан,
Қуанып бұ сөзіңе жылайын мен.
Иншалла, көрермін Жүсібімді,
Ғаріп көңілім құтылар уайымнан.

4100 — Не айтасыз? — деді олар атасына,
Өздерінің қарамады қатасына.
Жақып айтты: — Алладан рахмат болса,
Пенденің рақым әйлап панасына.

Мехнат-қайғы ақырын рақат қылар,
Ахуалын пендесінің өзі білер.
Әгар ол патша бекер кісі болса,
Иаһуда, Шамғұн неге бекер келер?!

- Балалары айтты: — Оны бір қылар едік,
Өзімізден оны біз күшті көрдік.
- 4110 Қолымыздан неш қайрат келмеген соң,
Ылажсыз біздер оған мойын бердік.
- Жақып нәби Динаға әмір қылды:
— Қалам, сауыт қағазбен әпкел! — деді.
Шамғунге қалам, сауыт, қағаз беріп,
— Мысыр шаһына бір нама бәйт жаз! — деді.
- «Пайғамбарлар кісі қақын алмас болар,
Жұртқа әшкере жаман іс қылмас болар.
Аллаға қара жүзді болатұғын,
Аузына харам асты салмас болар.
- 4120 Мұнан бұрын бізге көп қылдың ихсан,
Қайырыңыз арта берсін, болмай нұқсан.
Босатып ол баланы жіберіңіз,
Балаға бекер жала қылмағыл сен.
- Мені мұндай жаламен ренжітпегін,
Сәждеде дұға қылсам, әгар, бір күн,
Мүсәпірдің қорқыңыз дұғасынан,
Құрып кетер тұқымың қалмай бүтін».
- Жүсіпке бұл сәлемін алып келді,
Ашпай тұрып қағазды өбіп алды.
- 4130 — Өпкенімнің мәнісін білдің бе? — деп,
Оларға сонда Жүсіп жауап қылды.
- Қай патша, әгар да, әділ болса,
Қол хаты жақсылардың оған келсе,
Құдай Тағала тілегін берер, — деді,
Әуелі хатын өбіп, көзге сүртсе.
- Мұны айтып оқыды хатты Жүсіп,
Фирқат от бауырын ерітті ішке түсіп.
Атасының жауабын көргеннен соң,
Көзінен кетті жасы тыймай жосып.

- 4140 Бетінде ол Жүсіптің пердесі бар,
Жылағаны, көңілінде зердесі бар.
«Хат жазып атасына жіберсін» деп,
Жіберді Жәбірейілден Қадір Жаппар.

Жәбірейіл айтты келіп «көп жылама,
Атаңа жазғыл, — деді, — сәлем-нама».

- Мұны естіп атасына сәлем жазды,
«Физзатлы сәлем, — деді, — Ысрайылға.
Физзатлы Ысрайылға дұғай сәлем,
Өуел сөзің дұрыс емес, уаллаһи ағлам.
- 4150 Құдаға құл пенделер олай демес,
Сүйеді шүкірлікті Алла Тағалам».

Балалары ол хатты алып келді,
Жақып нәби ол хатты ашып көрді.
Қағазды ашып көріп қайран болып,
«Мына сөз — пайғамбарлар сөзі» деді.

Онан соң айтты Жақып балаларға:
— Кідірмей, тез барыңдар ол Мысырға.
Ибн Иамин Жүсіппен бірге екен,
Жаратқан үміт қылам ол Жаппарға.

- 4160 Олар сонда ол Мысырға келді қайтып,
Жүсіпке атасынан сәлем айтып.
— Атамызға болдық біз қара жүзді,
Оны жібер, бізді ұста енді қайтіп.

Сонда Жүсіп оларға бір хат берді,
«Өздерің қолыңа алып оқы» деді.
Іштерінен оқысып һәрқайсысы,
Өздері жазған хатын өзі көрді.

- Өздері жазған хатын көрді өзі,
Жүсіпті жамандасып жазған сөзі.
- 4170 Жазған хаты Жүсіпті сатқандағы,
Өздерінен ұялды көріп өзі.

Жүсіп айтты: — Бұ хатты һешкім білмес,
Бұ шаһардың адамы тілін білмес.
Һешкім оқып мағынасын айта алмады,
Сіздердің тіліңізден айырып болмас.

Олар айтты: — Бұ хатты біз білмейміз,
Оқып жөне мағынасын айта алмаймыз.
Жазуы жаман екен бұ қағаздың,
Мағынасына бұ хаттың жете алмаймыз.

4180 Ол хатты олар өзі жазған еді,
«Құлымыз» деп Жүсіпті сатқан еді.
«Үш түрлі айыбы бар өзінің» деп,
Мәлік Дұғар қолына берген еді.

Ол хат Жүсіп қолына түскен екен,
Жүсіп оны махкамлап тұтқан екен.
Бек қатты ықтияттап, таза сақтап,
Сандығының түбіне тыққан екен.

Жүсіп айтты: — Менен сөз тыңлаңыздар,
Бұрын сіздер бір құлды сатыпсыздар.
4190 «Үш түрлі айыбы бар өзінің» деп,
Бұл хатты сіздер сөйтіп жазыпсыздар.

Олар айтты: — Біз жазған хат емес ол,
Шын айтамыз, тақсыр, сіз иланғыл.
Жүсіп айтты: — Есіңнен тансаңыздар,
Алдыма алтын леген алып келгіл.

Ол легенді алып келіп өзіңіздер,
Құп тыңлап сіздер сонда тұрыңыздар.
Алтын леген шыңғырлап не сөз айтса,
Жауабына иқрар болыңыздар.

4200 Олар сонда бұ сөзді «мақұл» деді,
Бір жігіт алтын леген алып келді.
Сонда патша таяқпен қағып еді,
Қүдіретімен леген тұрып сөйлейді енді.

Легенге патша келіп ұрды таяқ,
«Тыңла» деп отырғызды бәрін таяп.
Жүсіпке ағалары не қылғанын,
Алтын өлшеу сөйледі бастан аяқ.

Жүсіп айтты: — Енді иқрар қылдыңыз ба?
Легенім не айтқанын білдіңіз бе?
4210 Сіздер қылған ұрлықтың бәрін айтты,
Жалған айтпай, шын сөзге көндіңіз бе?

Сіздер әуел Жүсіпті алдапсыздар,
«Біздермен тамашаға кел» депсіздер.
Өлтірмекке ант ішіп уәделесіп,
Қанша көп жалынса да болмапсыздар.

Жақыптың айырыпсыз сүйген ұғылын,
Сатқанда «Бұл жаман, — депсіз, — залым».
Маған кеп «жақсымыз» деп мақтанасың,
Жақсы адамның ісі ме тап осының?

4220 Сіздердің қолдарыңды мен кесейін,
Қосақтап мойныңыздан дарға асайын.
Бұ істерді қылады Жүсіп нәби,
— Өлтіріп, қандарыңды мен шашайын.

*Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала Қала нәл алим-
тум мә фаалтум би Йусуфа уа ахиһи**

Олар айтты: — Әй, тақсыр, күнәһіміз кеш,
Атамыз құрметі үшін байлаудан шеш.
Атам Жақып жылаудан көзі көрмес,
Лаж жоқ, не қылсаңыз біздерде еш.
Жасымызда айырылды бірімізден,
Не болар тағы айырылса енді бізден?!
4230 Атамыз енді тіпті жаман болар,
Кеңдік, тарлық қылсаңыз өзіңізден.

* Алла Тағала Құранда былай деп бұйырды. Ол айтты: — Жүсіп пен оның бауырына не жасағандарыңды білдіңдер ме?

Оны естіп Жүсіптің ақылы қашты,
 «Ah!» [деп] жылап, жүзінен перде ашты.
 «Бастарыңды көтеріп отырғыл» деп,
 Бәрінің де қолы мен көзін шешті.

*Қаулаһу Тағала Қалу иннака лә анта Йусуф**

Жалынады Жүсіпті көріп бәрі,
 — Сіз анық Жүсіппісіз, — деді, — әлі?!
 Сіз анық Жүсіпсіз ғой! — деді шулап,
 Ұятымен болмаған соң беттің ары.

4240 — Бек жақсы әділетті ісің, — деді,
 Жүсіпке ұқсап тұрар түсің, — деді.
 Басқа кісі болсаңыз қорықпас едік,
 Артық түр бұ ғаламнан күшің, — деді.

*Қаулаһу Тағала Құранда бұйырды Қала ана Йусуф уа һаза ахи***

Оларға Жүсіп айтты сонда тұрып:
 — Мен Жүсіппін, тыңлаңыз мойын бұрып.
 Мен өздеріңмен туысқан Жүсібіңмін,
 Құдайым қойды мені патша қылып.

Өздеріңмен туысқан Жүсібіңмін,
 Бү күнгеше сақтады Тәңірім аман.
 4250 Мысырға патша қылды Тәңірім мені,
 Айтайын мен жайымды енді саған.

Мұны естіп баршасы ақылын танды,
 Жүсіптің жауабына әбден қанды.
 Анық Жүсіп екенін таныған соң,
 Ұялғаннан беттері оттай жанды.

* Алла Тағаланың сөзі: Олар айтты: — Расында да сен Жүсіпсің ғой!

** Алла Тағала Құранда бұйырды Ол айтты: — Мен — Жүсіппін, мынау — бауырым.

Ұялғаннан көзінен төкті жасын,
 Жүсіптің аяғына қойды басын.
 Жабырласып аяғын құшақтайды,
 Көрген соң патша болған бауырласын.

- 4260 Жүсіп айтты: — Бастарыңды көтер, — деді,
 Аяғымды құшақтама бекер, — деді.
 Ұялмаңыз, мен ұмыттым күнәһларың,
 Осы қылған қызметің жетер, — деді.

Тұра келіп көрісті жабырласып,
 Ұялғаннан баршасы зар жыласып.
 Мұратына Құдайым жеткізген соң,
 Жүсіптің көңілі кетті судай тасып.

- Жылай-жылай ағалары қалды налып,
 Жұрт жиылды бұларға қайран қалып.
 4270 Ағаларымен Жүсіптің жылағанын,
 Періште де тыңлады құлақ салып.

Амандасып отырды күліп-ойнап,
 Ағалары ұялды ісін ойлап.
 «Мен кештім, ұялмаңдар» дегеннен соң,
 Қуанып кетті бәрі «Иә, Құдайлап».

Фаслу Жүсіп (а.с) көйлегін атасына бергені

- Жүсіп сонда сөйлейді
 Ағаларын келтіріп.
 — Тыңла, — деді, — сөзімді,
 Көзіне жасын толтырып.
 4280 Енді барып тірілткін,
 Атамды қойдың өлтіріп.
 Қуантайын ол мұңлық,
 Ғаріп, махзун атамды.
 Тірі екенім білдіріп,
 Жейдемді беріп жіберем.
 Қолына алып иіскеп,
 Қайғылы көңілі сүйінсін.

- «Тірі екен, — деп, — Жүсібім»,
 Көйлегін көріп тойынсын.
- 4290 Жетпіс жылдай жылаттың,
 Қояйын енді күлдіріп.
 Жетпіс жылдай жылаттың,
 Қартайғанда атамды.
 Мордар болып кетерсіз,
 Тілеңіздер қатаңды.
 «Күнәһімызды кешіріп,
 Бергіл, — деп, — талаптарыңды».
 Жіберейн мен беріп,
 Жасымда киген жейдемді.
- 4300 Бұ жейдемді сұрасаң,
 Құдыққа сіздер салғанда,
 Алып келді Жәбірейіл.
 Құдықта жалғыз қалғанда,
 Жұмақтан әкеп кидірді.
 Ғаріп, мұңлық атамнан
 Айырылған уақта арманда.
 Иншалла, жеткізер,
 Енді Қадір Құдайым.
 Көре ме екенмін деп едім,
- 4310 Атамды тірі жалғанда.
 Мың шүкірлік, Иләһи,
 Деді Жүсіп пайғамбар.
- Мен көргенше тыңайсын,
 Көйлегімді қолына
 Мұңлық атам алғанда.
 Жас күнінде Жүсіптің
 Өлген еді анасы.
 Жетім қалған артында
 Жүсіп нәби баласы.
- 4320 Сол уақыттың кезінде
 Сатып алған бір шоры
 Жақып нәби атасы.
 Бірге келген ол күңнің
 Бар еді еркек баласы.
 Жақып нәби ол күнді

- Жүсіпке қылған даясы.
Қасындағы ұғылын
Айырып, сатты біреуге.
Жанында жалғыз саясы
- 4330 Сатқан ол күң баласын,
Жылап есін танады.
Жетпіс қатрат көзінен
Жастары ағып тамады.
Перзентінен айырылып,
Іші оттай жанады.
«Білесің өзің сырым» деп,
Аллаға қылды сәнаны.
- «Жаратқан, Қадір Зұлжалал,
Айырып сатып жіберді,
4340 Қасымда еркек тайымды.
Өзім — шоры, балам — құл
Өлтірдің тағы байымды.
Арызымды кімге айтайын?
Жаратқан, Жаппар Иләһым,
Жақсылық бар ма дайынды?»
Мұны айтып бейшара
Жылап-жылап жатады.
Көңілі қамды бейшара
Ұйқыға таман жатады.
- 4350 Ұйықтап кетіп түс көрді,
Хақтан хабар жетеді:
- «Мінәжатың, әй, пендем,
Жеті қат көктен өтеді.
Тілегіңді мен бердім,
Оның да сүйген баласы
Атасынан айырылып,
Көзіңнен жетпіс жас тамды,
Жетпіс жылға кетеді.
Жетпіс жыл тамам біткенше,
- 4360 Әуелі сенің балаңды
Қосамын сенің өзіңе.
Шығарып көңіл санаңды,

Оны да сендей жылатам,
Бөліскен көргіл панамды».

Әлқисса, Жүсіптің сатып алған құлы атасына барғаны

Жүсіп нәби сол кезде
Сатып алған бір құлды.
Аты Бәшір ол құлдың,
Берді оған көп пұлды.
Көйлегін алып баруға
4370 Жібермек болды сол құлды.

«Сен бар, — деді, — атама,
Білесің, — деді, — һәр жолды».
Көйлегін беріп ол құлға,
«Алып бар, — деді, — атама».
Патшадан әмір болған соң,
Қызметтен тоқтап жата ма.
«Атама алып бар, — деді,
Көйлегім менен хатымды».
Шығарып салып жолына,
4380 «Болма, — деді, — ғапыл-ды».
Хат бергенде қолына
Айтып берді ақылды.
Көйлекті алып хатымен
Бәшір жолға кіреді.
Күні-түні асығып,
Неше күн сапар жүреді.
Сабан желі Құдаға
Сонда арыз қылады.
Көйлегі менен қағазын
4390 Жақыпқа алып барады.
Құдіретімен Құдайым
Желге рұқсат береді.
Тәңірі рұқсат берген соң,
Келе жатқан Бәшірден
Он күн бұрын келеді.
Жүсіптің иісін Жақыпқа
Иіскете береді.

Жүсіптің иісі келген соң,
Жақып шүкір қылады.
4400 «Ұғылымның иісі келді» деп,
Жақын нәби жылады.
Сонда тұрып сөйлейді:

— Құдіреті күшті, Құдай-а,
Соқтырдың мынау самалды.
Жүрегім менім жарылып,
Ақылым менім қамалды.
Мұрныма бір иіс келген соң,
Тозып кеткен ақылым
Қайтып келіп өзіме,
4410 Біртін-біртін жамалды.
Жетпіс жылдай қан аққан,
Жараларым оңалды.
Ақырын соққан, әй самал,
Білемісің амалды?
Анық келсін иісі
Перзентімнің мұрныма.
Иншалла, Жүсібім
Пайғамбар болар орныма.
Сүйегім балқып барады.
4420 Жаратқан Жаппар Иләһым
Тілегімді берді ме.
Сабан желі соққан соң,
Жүсіптің келді иісі.
Сүйінші сұрап келді ме
Өліп едім, тірілдім.
Көзімнің нұры ашылып,
Шеменге толған жүрегім,
Барады бүгін басылып.
Сабан желі ескен соң,
4430 Келген күнгі иісі,
Келіп тұр маған шашылып.
Енді арман қылмайын,
«Өспеді, — деп, — Жүсібім,
Мойныма ойнап асылып».

Өсек қылды сонда жұрт,
Жақыптың айтқан мұнысын.

- Біле қойды қайдан? — деп,
Жүсіптің иісін.
Жетпіс жылғы баласын,
4440 Иісі келді дегені,
Жаңылғаны күйісін.
Мазақ қылды жұрт сонда,
«Білдірді, — деп Жақыпты
Кәріліктің белгісін».

Әлқисса, Бәшірдің келгені

- Онан соң он күн болғанда,
Сол сөзімен жұрты тұрғанда,
Бәшір жетіп келеді.
Су басында кір жуған,
Бір кемпірді көреді.
4450 Бәшір келіп кемпірден
Жауап сұрай береді:
— Жақыптың үйі қайда? — деп.

Кемпір айтты: — Жақыпты не қыласың?
Ат үстінен асығып көп сұрайсың?
Бір нәрсеге сүйінші сұрағандай,
Мен білсем, тап сүйінші сұрап жүрсің.

- Мені Жақып баста сатып алған еді,
Жүсіпке мені дая қылған еді.
Бәшір атты ұғылымды айырып сатып,
4460 Мені қатты қайғыға салған еді.

Сонда мен жылағанмын Құдайыма,
Көңілім қатты толған соң уайымға.
Қасымда жалғызымнан айырылған соң,
Жыламай сабыр қылып тұрайын ба?

Рахман Алла есіркеп көз жасымды,
Ғинаят салған мені мүләйімге.
Құдайым сонда маған хабар қылды:
«Көзіңнен жетпіс қатрат жас төгілді.
Сүйгенінен айырып жылатам» деп,
4470 Бар Құдай уағда қылды жетпіс жылды.

Құдайым маған солай уағда қылды,
«Ұғылыңа сені бұрын қосам» деді.
Қане, менім келген Бәшір ұғылым?!
Жақыпқа сүйіншіге келесің, — деді.

Бәшір айтты: — Әй, ана, жыламағыл,
Көл қылып көзің жасын бұламағыл.
Менмін, ана, сол айтқан Бәшір ұғылың,
«Хақ уағдасы қайда!» деп, қам жемегіл.

Кемпір сонда ақылынан танды құлап,
4480 Бәшір ұғылы басында тұрды жылап.
Есін жиып тұра кеп көріседі,
Екеуі жамыраған қойдай шулап.

Екі пақыр жыласып көріседі,
Мұңдарын бастан кешкен теріседі.
Амандасып көрісіп болғаннан соң,
Енді екеуі Жақыпқа келіседі.

Сонда Бәшір келді де үйге кірді,
Жақыпқа кіріп келіп, сәлем берді.
Көйлекті хатыменен беріп еді,
4490 Қолға алып Жақып нәби көре берді.

Көйлекпенен хатты алып Жақып нәби
Бәшірден: — Сен кімсің? — деп жауап сұрады.
Бәшір айтты: — Жасымда саттың мені,
Сондағы құлыңмын, — деп жауап берді.

Сонда Жақып қағазды көрді ашып,
Біледі қайда екенін мауқын басып.

Жүсіп патша Мысырға болғанын
Білген соң, көңілі кетті судай тасып.

4500 Сонда Жақып Құдайына шүкір қылды,
Ұғылының патшалығын анық білді.
Жүсіптің жазған хатын көргеннен соң,
Көзі ашылып, көңілі раушан болды.

Ағаларын қайтарды Жүсіп сонда,
Шақыртады атасын «Кел, — деп, — мұнда».
Алтын-күміс, ат-инғам, сарпай беріп,
«Уатуни биәһликум ажмаина^{*}» деді сонда.

Кінғанға бұлар сонда қайтып кетті,
«Атамды әпкелем» деп айтып кетті.
Еліне барғаннан соң атасына,
«Күнәһімызды кешкін» деп арыз етті.

4510 — Қолыңнан Жүсібіңді алдап алдық,
Құл деп сатып, құдыққа және салдық.
Мысырға патша бопты осы күнде,
Әй, ата, енді ұялып арыз қылдық.

Жақып айтты: — Мен бүгін болдым разы,
Болғанда мағлұм болсын Тәңірі қазы,
Құдайым рахмат қылды бірақ маған,
Жылаттың жетпіс жылдай қысы-жазы.

Жүрді Жақып Жүсіпке түйе мініп,
Қуанып келе жатыр ойнап-күліп.
4520 Жетпіс үш кісі жолдас қасына алып,
Келеді дамыл қылмай күн-түн жүріп.

Бір күндерде Мысырға жақын келді,
Жақыпқа балалары зары қылды.
Жүсіпке жібереді бір кісіні,
«Жүсіпке барып хабар қылғыл» деді.

* Маған барлық туған-туыстарыңды алып келіңдер.

Жүсіпке атасынан хабар келді:
«Атаң келе жатыр» деп шабар келді.
Сегіз жүз жолдас кісі қасына алып,
Жүсіп нәби ол да атқа мінеді енді.

4530 Алдынан атасының келе жатыр,
Ергені қасындағы өңшең батыр.
Елден оқшау кісінетіп арғымағын,
Алтын-күміс жарағын жарқылдатар.

Келе жатыр сегіз жүз әскер алып,
Жаратқан басында артық Жаппар Халиқ.
Патшалық салтанатпен келе жатыр,
Дүбірі тақсыр ердің жерді жарып.

Көрген соң шүкір қылды Жақып оны,
Ұғылының құлағына келді зары.
4540 Қарасын баласының көргеннен соң,
Аттан түсіп тұрады баршалары.

Нұрланып күндей шығып келе жатыр,
Сәулетпен патшалық Жүсіп батыр.
«Сабыр түбі сары алтын» деген осы,
Жеткізген мұратына осылай ақыр.

Құрметтеп келе жатыр қауым — елі,
Аруақтанып аспанға шықты белі.
Бұрынғы ғаріп болып жүрген күнде,
Құдайға тіл тигізген бар ма жері?

4550 Келеді аруақтанып пері күшті,
Оны көрген дұшпанның ызасы ұшты.
Қарасын атасының көрген жерден,
«Әдепсіздік болар» деп аттан түсті.

Аттан түсіп тұрады Жақып нәби,
Жүсіп те аттан түсті көріп оны.
Жүсіптің құрметіне аттан түсіп,
Атын тастап, жаяулап жүрді бөрі.

Атын тастап жаяулап Жүсіп жүрді,
Тақат қылмай атасы жылап тұрды.
4560 Ақыр асыл пайғамбар — бөни Ысрайыл
Жыласа да жүгірмей шыдап тұрды.

«Уа, атам!» деп зар жылап келді Жүсіп,
Атасын құшақтады қатты қысып.
Жүсіп пенен атасы көріскенде,
Періште келді аспаннан топ-топ түсіп.

Ата мен ұғылы көрісіп қылды зары,
Жылады естіген жұрт, жанның бөрі.
«Екеуі қосылған соң қайтеді» деп,
Жүсіптің қорқып тұрды ағалары.

4570 Ата мен ұғылы көрісті құшақтасып,
«Шүкір, Алла!» деседі мауқын басып.
Баласын аман-есен көргеннен соң,
Жақып нәби кетеді судай тасып.

Жүсіп айтты «Шайтанның белі сынды»,
Бірін-бірі көрген соң көңілі тынды.
Амандасып көрісіп болғаннан соң,
Енді атына тұрмастан қайта мінді.

Неше түрлі сәулетпен Жүсіп батыр,
Атасын шаһарға алып келе жатыр.
4580 Жіберіп жасауылдар шаһарына,
Мейманхана, орындар дайындатар.

Мысырдың келе жатыр қаласында,
Қарашы ақылының данасына.
Патшалық сарайына алып келді,
Неше түрлі қызмет қып дадасына.

Той болды ол Мысырдың қаласына,
Бар Құдай жазған бұлай о басында.
Бұрынғы жаулық қылған он ағасы,
Бұлардың олар да жүр арасында.

- 4590 Ағаларының күнәлісін бәрін кешті,
Күнә еш пайғамбарда болмас һеш-ті.
Атасын көргенінің қуанышына,
Пақырларға нәзір қып алтын шашты.

Жетісті мұратына ұғыл-ата,
Сөзімде, айып етпе, болса қата.
Пайғамбарлар қиссасын өлең қылдым,
Оқыған жан, маған да қылғыл бата.

- Жақып нәби Мысырда қырық жыл тұрды,
Жәбірейіл бір күн келіп хабар берді:
4600 «Мұнан былай Мысырда тұрмасын деп,
Иә, Ысрайыл, Құдайың сәлем деді».

Жақып нәби бұ сөзді Жүсіпке айтты:
«Алладан бүгін маған хабар жетті.
Қош бол!» — деп, амандасып ата — ұғыл,
Еліне Жақып нәби қайтып кетті.

Насихат сөздер айтты баласына:
«Мысырдың тұрма, — деді, — қаласына».
Хатым Құран қылдырды жүрер күні,
Халил, Ысқақ, Ысмағұл бабасына.

- 4610 «Бұл шаһарда тұрма» деп атасы айтты,
Атасын шығарып сап үйіне қайтты.
Өзімен еріп келген жолдастарын
Қалдырмай, бәрін тамам алып кетті.

Еліне бір күндерде келді Жақып,
Аз күннен соң, көп тұрмай өлді Жақып.
Халиолла Сара мен Ысқақ нәби,
Қасында о да бірге болды Жақып.

- Мысырда Жүсіп нәби көп жыл тұрды,
Салтанатпен патша боп дәурен сүрді.
4620 «Мен өліп, сіздер тірі қалсаңыздар,
Дініңнен айырылма» деп үгіт берді.

Бір күндерде Зылиха дүние салды,
Зылиха өліп, Жүсіп жесір қалды.
Жаназалап көмбекке Зылиханы,
Шаһардағы мұсылманды жиып алды.

Жүсіпке ажал келді онан кейін,
Биік төбе үстінен қазды жайын.
Балалары, ағалары жылап бәрі,
«Иманды қылғыл, — деді, — бар Құдайым».

- 4630 Жүсіп тірі күнінде жұрт тоқ еді,
Қайғысы, уайымы һеш жоқ еді.
Жесір қатын, жетім ұғыл мың қой айдап,
Дау-жанжал тағы да жоқ боп еді.

Тарлық болды еліне Жүсіп өліп,
Шаһары ренжіді аштық болып.
Жүсіптің сүйегін кеп сұрайды енді,
Мүсәлімнен Риянның өзі келіп.

- Мүсәлімге келеді Мәлік Риян,
— Атаңа тірлігімде қылман зиян.
4640 Өлсе дағы көтерем сүйегін мен,
Бермесең, ұрысуға елді жиям.

Мұсылманның таусылды айлалары,
— Ақтартпаймыз қабірін, — деді бөрі.
— Көп қызмет қылған Риян атаңа, — деп,
Ұрыспа, — деп айтады ағалары.

Жүсіптің сүйегін Риян алды,
Сандық жасап, ішіне орап салды.
Ніл дарияның кішкене аралына,
Сөре қылып үйгізді терек-талды.

- 4650 Жел, су тимес келісті орын жасап,
Жүсіпті сонда қойды сандыққа сап.
Дүния-мал арзаншылық, тоқтық болды,
Дүния гүлдей көгерді қайта жасап.

Шаһарға құт-берекет кірді басып,
Һәркімнің несібесі судай тасып,
Ғеш шаһар тоқ болмады онан асып.
Жүсіп нәби сол жерде қырық жыл тұрды,
Пайғамбар боп Мысырға Мұса келді.
Мұсаға бір Алладан әмір болды:
4660 «Сыдығымды шығар, — деп, — су ішінен»,

Мұса кәлим Жүсіпті іздеді енді,
Сүйегі қайда екенін біле алмады.
Бір қатын жетіп келіп сол уақытта,
«Мен Жүсіптің сүйегін білем» деді.

Ол қатынның аты екен Балу маржан
Жүсіп нәби сүйегін көрсетті оған.
Кінғанға алып барып Мұса кәлим,
Атасының қасынан қылды дөфін.

Қасынан қабірін қазды атасының,
4670 Білмеймін қанша екенін қатесінің.
Халил, Сара, Ысқақ пен Жақып, Жүсіп
Қабірі бір арада баршасының.

Сұрасаң, мұны жазған мен — Жүсіпбек,
Дүнияда пенде едім күнәһым көп.
Соның үшін кітапқа атым салдым,
4676 Оқыған жан бір дұға қыла ма деп.

Қисса Шеризат — Күлшат

Шабытым көкке шарықтап,
Құмармын дастан, нақылға.
Домбыра, сырнай үйреніп,
Болып ем үйір басында.
Қалам алып қолыма,
Әр сөздің болдым нәшінде.
Өлеңіммен таныстым
Алыс пенен жақынға.

- 10 Жастайымнан көп болдым
Жақсылардың қасында.
Бұл дастанды шығардым
Алпысқа келген жасымда.

Көркінше шықты патша боп
Үндістан деген қаладан,
Жәмшид пенен Кейқауыс
Нәсілінен соның тараған.
Әділдікпен халқының
Қабағына қараған.

- 20 Бір кемдігі дүниеде,
Қайғылы еді баладан.
Болмаған соң перзенті,
Ашылмас көңілі жарадан.

Жасы елуге келгенше
Бір перзент деп жылады.
Бір күні тақта отырып
Бұзылды жаман қиялы.

- «Өзін кессе ағаштың
Орнынан шыбық шығады.
30 Бір перзенттің өзі өлсе
Өшкені жанған шырағы.
Өзім өлсем тағыма
Кім иелік қылады?!»
Көзінен жасы тамшылап,
Екі бетін жуады.
«Елдегі сорлы мен бе» деп,
Маңдайына ұрады.
«Аһ, дарига, перзент» деп,
Тағынан патша құлады.
- 40 Үстіне келді патшаның
Пархизат деген інісі.
Әкесімен әкелес,
Сол еді жақын туысы.
Әйелі тумай мұның да,
Оңалмай жүрген жұмысы.
Патшаның көріп жатқанын,
Қалады бітіп тынысы.
- Бір сұмдықтың болғанын,
Інісі де біледі.
- 50 Қайғысы деп баланың,
Зар жылап, іші күйеді.
Аң-таң болып Пархизат,
Патшаның басын сүйеді.
«Қайғысы кетіп көкемнің,
Болғай да қабыл тілегі».
- Айналайын, падиша,
Сенсіз менің күнім жоқ.
Сүйенгенім сен едің,
Артымда ерген інім жоқ.
- 60 Құйрық-жалым қуарып,
Менің де ұл мен қызым жоқ.
Көшіп кетсем жалғаннан,
Артымда қалар ізім жоқ.

Көркінше айтты: — Пархизат,
Тілекті Құдай берер ме,
Екі мұңлы зарласақ,
Көздің жасын көрер ме?!
Соңымыздан аталап,
Біздің де перзент ере ме.

- 70 Осыны айтып Көркінше,
Орнынан қарғып тұрады.
Күні-түні зар жылап,
Бір перзент болды сұрағы.
Тілегімді бергін деп,
Мінәжат Аққа қылады.

- Көркінше айтты: — Пархизат,
Бір шикі өкпе көре алмай,
Болмады сенің көңілің шат.
Не көрмейді дүниеде
- 80 Қам сүт емген адамзат.
Берер болса Құдайым,
Екеуімізге бір перзент.
Менен ұл, сенен қыз туса,
Бір-біріне қосалық,
Қабыл көрсе жалғыз Хақ.

- Менен туса егер қыз,
Ұлыңа сенің берейін.
Қызыма күйеу болған соң,
Мен неге бөтен көрейін.
- 90 Тілегіміз қосылып,
Болғай да үстем мерейім.
Қабыл көрсе Жаратқан,
Уайым-қайғы жемейін.

Пархизат айтты: — Көркінше,
Туысқаның мен, — деді.
Қабыл еттім, я, тақсыр,
Бұл сөзіңіз жөн, — деді.
Бұ тілекті, Жаратқан,

- Өзің қабыл көр, — деді.
100 Күні-түні зар жылап,
Бір перзент деп еңіреді.
- Раушан болды бір күні,
Кісі еді патша ақылды.
Жүкті болды әйелі,
Той қылып, халқын шақырды.
Жамбы тігіп айттырып,
Күрестірді батырды.
Ырза қылып қайтарды
Алыс пенен жақынды.
- 110 Бір перзент деп зар жылап,
Неше жылдай зарықты.
Қуаныш түбі тарық-ты,
Қараңғы түбі жарық-ты.
Падишаның әйелі
Туарға аз күн қалыпты.
- Көңілінен патшаның қайғы шықты,
Дос көркейіп, дұшпаны тізе бүкті.
Әйелі Пархизаттың көп ұзамай
Көтеріп бұ да бала, болды жүкті.
- 120 Бір күні патша жазған қысылады,
Қандай ғып енді бұдан құтылады.
Айымның күні бітіп отырғанда,
Көркінше бір кеселге ұшырады.
- Падиша қапа болды кеселіне,
Дүниенің жетпейді ешкім есебіне.
Хан, уәзір, бектерін алды жинап,
Жалғаннан көзі жетіп өтеріне.
- Көркінше тапсырады кәрі-жасқа,
— Пархизат өз орныма болсын патша.
130 Балама алтын тақты қайтып берсін,
Әйелім мен өлген соң ұғыл тапса.

Уақтыңша отырсын патша болып,
Толғанша туған балам он бір жасқа.
Қыз туса Пархизаттың әйелі де,
Балама бермекші еді менің баста.
Қыз туса, балама алып беріңіздер,
Қалыстық етіңіздер сөзден қашса.

«Мақұл» деп, барлық халық тақ тұрады,
Қағаз қып, бұған пешет бастырады.
140 Уәзір, сардар бәрі де қолын қойып,
Бұл жұмыс бұзылмасқа ант қылады.
Парс деген бар еді дана уәзір,
Қағазды аманат деп тапсырады.

Әлқисса, «халық» деп пешет басылып, қол қойылған қағазды
Парс данаға тапсырып, Көркінше дүниеден көшті. Пархизат
патша болды. Әйелі Пархизаттың жүкті болды.

Уақты күні біткен соң,
Дүниеден патша жөнөді.
Сұм қара жер, ойласақ,
Кімдерді жалмап жемеді.
Жалғаннан тайды табаны,
150 Патшаның болмай дегені.
Тірлігінде перзент деп,
Уайым-қайғы жегені.
Тілеген ұлын көре алмай,
Кездесті өлім кезеңі.
Мұнымен бұл сөз тоқтасын,
Патшадан айтып берелі.

Патша болды Пархизат,
Көркіннің мініп тағына.
Әділдік қылып отырса,
Кім таласар бағына.
160 Үкім қылып отырды,
Қол астындағы барына.
Көңілін шайтан азғырып,
Қарайды жаман қанына.

Парс деген уәзірін
Шақырып алды жанына.

Парс кеп сәлем беріпті,
Айтайын деп бір сөзді,
Екпіндеп патша демікті.
«Аулақ үйге жүргін» деп,
170 Уәзірді патша ерітті.
Еш адам жоқ оңаша
Бір үйге алып келіпті.
Алтын, гауһар, жібек тон
Уәзірге патша беріпті.
Бір бүлік елге салмаққа
Пархизат патша желікті.

Уәзір айтты: — Падиша,
Көңіліңде қандай жұмыс бар?
Қолдан келер іс болса,
180 Уәзірің бәрін дұрыстар.
Кеудеде басым тұрғанда,
Дұшпанға кетпес намыс-ар.
Айтпақшы болды қиялын,
Патшаға тиіп ықтияр.

Пархизат айтты: — Уәзірім,
Сөзіме құлақ салыңыз,
Бұл тілімді алыңыз.
Бір қиялды ойланып,
Қапа боп отыр ханыңыз.
190 Патшалық бізге аманат,
Білесің мұны бәріңіз.

Патшаның қатыны ұл туса,
Менен тақты алады,
Қайғы-қамға салады.
Осыған өзің ақыл тап,
Амалы қандай болады.

Туарға қалды жақындап,
Өзіне болсын обалы.
Өлтірсем деп әйелді,
200 Көңілім соған соғады.
Уәзірім, өлтір қатынды,
Берейін сенің ақыңды.
Мәртебеңді асырып,
Шығарайын атыңды.

Бұл айтқаны патшаның
Уәзірге қатты батқаны.
Не деп жауап айтудың
Амалын қиын таппағы.

Көркіншенің тұзын көп татқан,
210 Аруағын сыйлап сақтады.
Сақтағанмен не пайда,
Бұзуға сөзін қорқады.

Уәзір айтты: — Я, тақсыр,
Ұнаттым айтқан сөзіңді.
Қайғы түссе басыңа,
Құтқарайын өзіңді.
Ардақтаймын өлгенше
Өзіңдей асыл тегімді.

Он жігіт маған беріңіз,
220 Бұзылмасын сөзіңіз.
Олай десең, падиша,
Келеміз жамдап оны біз.

Падиша айтты: — Уәзірім,
Ырза болдым сөзіңе.
Еш адамның әйелді
Көрсетпей әкет көзіне.
Бір адам мұны сезбесін,
Қалмайық елдің сөзіне.

Әлқисса, патша уәзірге он жігіт қосып берді. Парс дана Көркінше үйіне жақын келіп, өзі көрінбейін деп, сыртта қалып, он жігітке «Көркінше қатынын байлап алып шығындар» деп әмір қылды. «Орман-тоғайға алып барып өлтіреміз» деді.

Падиша бұлай дегенде
230 «Мақұл» деп Парс жөнеді.
Уәзірдің қолына
Он жігіт сайлап береді.
Көрінбейін өзім деп,
Көңіліне осы кеп еді.
Жігіттерге әмір қып,
Уәзірдің мынау дегені:
«Көркіншенің әйелін
Алып шық байлап» деп еді.

240 Кіріп барып сарайға,
Әйелді жатқан көреді.
Жатыр еді толғатып,
Үйінде ешкім жоқ еді.
Байлап алды бас салып,
Ешбірі пәлен демеді.
Алып кетті өңгеріп,
Түн ортасы боп еді.
Ортасында дарияның
Аралға үлкен келеді.
Көрмеген адам жер еді,
250 Аю, қабылан, жолбарыс,
Айдаһары көп еді.

Көрмейін деп уәзір,
Жағада тұрып қалады.
Қалың орман, тоғайға,
Жалладтар алып барады.
Сонда Айым зар жылап,
Көзінен жасы тарады.
Толғақ та қысып жиілеп,
Сабыр-тақат қалмады.
260 Қай пейілімнен таптым деп,
Сондағы айтқан ғазалы.

— Айналайын, Жаратқан,
Нағылып мұнша қинадың.
Ерім патша болса да,
Менмендік, сірә, қылмадым.
Жетім-жесір, ғаріпті
Алдыма келсе сыйладым.
Тым болмаса баламды
Бір сағат бұрын тумадым.
270 Жылаған дауысын есітіп,
Көре алмай кеттім дидарын.
Осыған денем дуылдап,
Жүрегім қатты суылдап,
Ашиды удай тырнағым.
Шикі өкпем шықса сыртыма,
Садаға болсын бір жаным.

Падишадан айырылып,
Тасыған көңілім болды пәс.
Өзегіме өрт түсіп,
280 Өз жақыным болды қас.
Қылмас еді мұндай іс,
Егер де болса жатырлас.
Өлімге қалай қиды екен,
Әттегене, жарамас.

Жабайы аңға жем болып,
Қалдым-ау елсіз аралда.
Далада қалды сүйегім,
Қосылмай кетті мазарға.
Өзім өтіп жалғаннан,
290 Артымда балам қалар ма?!
Ақтың отын өшірген,
Кездессін залым зауалға.

Бұл осылай дегенде,
Он жігіт тұра жүгірді,
Анталап бәрі үңілді.
Шашынан сүйреп біреуі,
Қынаптан қылыш суырды.

- Құлағының астынан
Қылышпен дәлдеп бір ұрды.
- 300 Омыртқасын опырып,
Өтеді кесіп жұлынды.
Артына басы салбырап,
Тамырға жалғыз ілінді.
Тыпырлап жатты қорылдап,
Жан шықпақ өте қиын-ды.
Жолбарыстың ыңыранған
Қалыңнан даусы білінді.
- Жігіттер қатты шошынып,
Кейін қарай жүгірді.
- 310 Парстың барып алдына,
Қол қусырып кідірді.
— Өлтірдік, — деді, — бір шауып,
Бір бөлек басы үзілді.
- Бұлардың сөзін есітіп,
Уәзір іштен тыныпты.
Көрейін деп көзіммен,
Тоғайға өзі жүріпті.
Қалыңға кірді асығып,
Он жігіт тоқтап тұрыпты.
- 320 Уәзір қайтып барғанша,
Ханымның жаны шығыпты.
Жан шығарда қиналып,
Ұл бала әйел туыпты.

Әлқисса, уәзір әйелдің өлгеніне қатты күйініп, баланы жерден алып құшақтап, баланың өмір тарихын қағазға жазып, тұмар жасап, баланың білегіне байлап жатқаны:

Уәзірді көргеннен соң қайғы басты,
Көзінен шыдай алмай төкті жасты.
Баланы жерден алып, жүзін сипап,
Құшақтап бауырына, мауқын басты.

- Жылады өткен іске іші күйіп,
Баланың аймалады бетін сүйіп.
330 Қолына қалам менен қағаз алды,
Көзінің енді уәзір жасын тыйып.
- Қағазға болған істің жазды бәрін,
«Шешеңнің сорладым, — деп, — жүктеп қанын.
Пархизат інісіне орнын берген,
Өлерде бұйрығы боп Көркіншенің.
- Шырағым, сенің әкең Көркін патша,
Жоқ еді еш перзенті сенен басқа.
Пархизат дұшпандықпен мұндай қылды,
Жан ашып, рақым етпей сендей жасқа».
- 340 Жазады бұл тоғайға келтіргенін,
«Басымда болмады, — деп, — еркім менің».
Патшаның әмірінен қорыққанынан,
Анасын тоғайға әкеп өлтіргенін.
- Он дана қалтасынан алды гауһар,
«Шырағым, достығым деп саған айтар».
Қағазды тұмар жасап, сыртын қаптап,
Деп жатыр «тірі жүрсе, кейін байқар».
- «Әкеңнен қалған мынау жаднама» деп,
Байлады білегіне баланың кеп.
350 «Құдай сақтап дүниеде тірі жүрсең,
Есіңнен мұны, сірә, тастама, — деп.
- Патшаға сенің жаның қас көрінді,
Көркінше, көрмей кеттің жас бөріңді.
Бір Алла, мұны сізге тапсырдым» деп,
Көзінен қан аралас жас төгілді.
- Қайтады уәзір жылап етіп арман,
Жігіттер тұрған жерге қайтып барған.
Опат қып он жігітті жеп кетіпті
Жолбарыс, тоғайдан кеп шері, қабылан.

- 360 Уәзір мұны көріп қатты састы,
Атына мініп алып, қамшы басты.
Тоқталмай Пархизаттың алдына кеп,
Көрісіп патшасымен амандасты.

Патшаға болған істі мәлім етті,
«Жолбарыс жігіттердің бәрін жепті.
Әйелді баласымен өлтірдім» деп,
Көңіліне падишаның шаттық жетті.

- Барайық Көркіншенің баласына,
Орманның тастап кеткен арасына.
370 Шырылдап бала жылап жатыр еді,
Аймалап аузын ашып анасына.

Тоғайды көп жолбарыс жүрген жайлап,
Жеуші еді кездескенді жүндей шайнап.
Балаға бір жолбарыс кез келеді,
Көрген соң қалтырады қаны қайнап.

Жолбарыс қайғылы еді бұ да көптен,
Баласы жоқтығынан қасірет шеккен.
Туса дағы баласы өліп қалып,
Зар жылап екі көзден жасын төккен.

- 380 Баласы өлгеніне үш күн болған,
Жүрегі қапалықпен қанға толған.
Емшек ісіп, сүт кернеп, азап көріп,
Құтылмай жүруші еді қалың сордан.

Қалтырап жолбарыстың барлық тәні,
Баласы өлгеніне қайнап қаны.
Аузын ашып жас бала шырылдайды,
Шыдасын жолбарыстың қайтіп жаны.

- Балаға жолбарыс та мейір салды,
Қасына шыдай алмай жетіп барды.
390 Емшегін емізгелі еміреніп,
Баланы бауырына тартып алды.

Шерінің көзі жанып, рақымы келді,
Исініп, ауызына сап емшек берді.
Ажалсызға бір себеп болады екен,
Бала да солқылдатып еме берді.

Табиғат жолбарысқа тапсырады,
Көңілін «өз балам» деп шат қылады.
«Ақ иіліп сынбайды» деген осы,
Бұл сөзді ақылдылар парық қылады.

400 Тоқтасын мұныменен бұл сөз мұнда,
Ал енді басқа жерден сөзді тыңда.
Екі-үш жыл бұл ортада өтіп кетті,
Жолбарыс еге болып қалған ұлға.

Ақ жұмыс нақақ болмас жыласаң зар,
Балаға жолбарыс та болды ықрар.
Бағдат деген шаһардың қаласында
Есепсіз дүниесі көп саудагер бар.

Дейді екен Қожа Әсет оның намын,
Білмейді дүниесінің ешкім санын.
410 Жүреді әр шаһарға сауда қылып,
Баһадүр, қасына ертіп палуандарын.

Келеді бір шаһардан сауда қылып,
Бір жерге қонды бұлар шатыр құрып.
«Ауасы бұл араның жақсы екен» деп,
Біраз күн тынығады рахат қылып.

Саудагер бай кісі еді дүниесі көп,
Артқаны қырық қашарға тіллә мен оқ.
Қырық палуан, қызметкер бес құлы бар,
Сәулеті мұның қылған патшада жоқ.

420 Бұл жерде көп күн жатып рахат етті,
Бір күні аң аулауға көңілі кетті.
Құсбегі, аңшыларын қасына алып,
Тоғайға енді бұлар жүріп кетті.

Көреді қалың орман, бадал жерді,
Аралап бұлар тура бара берді.
Алдынан бір жолбарыс қарсы шауып,
Қожаның екі бірдей адамы өлді.

Жабылып жолбарысты ортаға алды,
Қылышпен басын шауып, ішін жарды.
430 Тоғайдан тағы шығып бір жолбарыс,
Ақырып айбатпенен айбарланды.

Жолбарыс қайтпай шапты қара шұбар,
Үстінде мініп алған баласы бар.
Қожа Әсет мұны көріп қайран қалды,
Жүзінен шұғыла беріп, нұры шығар.

Қожа айтты: — Жігіттерім, құлағың сал,
Жабылып жолбарысты ортаға ал.
Тұзақ тастап, тірідей біз ұсталық,
Балаға үстіндегі қылмай залал.

440 Қырық жігіт жолбарысты ортаға алды,
Ұмтылып тұс-тұсынан тұзақ салды.
Мойнына жеті тұзақ қабат түсіп,
Баланы дақ түсірмей ұстап алды.

Баланы алдына алып жүзін сүйіп,
Айрықша Қожа Әсет құрсанттанды.
Тазалап жас баланы шомылдырды,
Табиғат аямастан берген нұрды.
Патшалықтың жүзінен нұры шығар,
Қожа Әсет ақылменен мұны білді.

450 Үстіне таза киім киіндірді,
Беліне тіллә кемер буындырды.
Білегіне байлаған тұмарды алып,
Қожа Әсет ашып оқып, сырын білді.

Он дана гауһар менен алды хатты,
Айтылған жазуменен бәрі нақты.

«Әкесі Көркін патша» деп жазыпты,
Болар деп патшазада салтанатты.

Қағазды гауһар менен қойды тығып,
Білдірмей барлық сырын ішке бүгіп.
460 Өзі де перзенті жоқ адам еді,
Артықша қуаныш қып отыр күліп.

Қуанып Қожа Әсет болады шат,
Балаға Шеризат деп қойыпты ат.
Енді көшіп ол жерден жүріп кетіп,
Өзінің шаһарына барды Бағдат.
Қожа Әсет қуанышты баласына,
Бағдаттың той беріпті қаласына.
Мектепке жеті жаста тапсырады,
Қараңдар ақылының данасына.

Әлқисса, Қожа Әсет Шеризатты оқытып жата берсін, ендігі сөзді Көркіншенің орнына патша болған Пархизаттан айтамыз. Мұның да әйелі ай-күніне жетіп, бір қыз туады. Халыққа той беріп жатқаны:

470 Тағы да біраз ғана келді дастан,
Айтайын мұны қойып әуел бастан.
Інісі Көркіншенің ел басқарып,
Пархизат патша болып, көңілі тасқан.

Отырды алтын тақта үкім етіп,
Көңілінен қапалығы мұның кетіп.
Бір күні Пархизаттың әйелі де
Бір қыз туды, уақтылы күні жетіп.

Қуанды қыз да болса ата-анасы,
Бұрыннан Пархизаттың жоқ баласы.
480 Зарығып жылап жүріп сұрап алған,
Көзінің ағы менен бұл қарасы.

Қырық күндей халайыққа тойын берді,
Тамаша халық жиналып ойын көрді.

Билерге ат мінгізіп, шапан жауып,
Жетімді, ғаріп-ғасір тойындырды.

Шаһардан жиып алды ғалымдарын,
Қызы үшін ізет етіп оның бәрін.
Күлшат деп ол қызының атын қойып,
Қайтарды риза қылып жанның бәрін.

- 490 Бағуға әйелдерге қызды берді,
Он төртке Күлшат қыздың жасы келді.
Жүзінен нұр шашылған сұлу болып,
Тамаша таң қалдырды барлық елді.

Көрікті болды Күлшат қыз,
Алтын жібек тұлымды.
Айнадай жүзі жарқырап,
Атадан артық туылды.
Жүзінен нұры тамшылап,
Екі беті жуылды.

- 500 Хабарлады падиша,
Барлық жұрт қалмай жиылды.
Күлшатқа сарай салмаққа,
Ұсталарға бұйырды.

Орнатқан жері ойласып,
Таудың салқын саласы.
Көгорай шалғын құлпырған,
Дарияның үлкен жағасы.
Бұрқылдап бұлақ қайнаған,
Бау-бақша соның арасы.

- 510 Бағбандарды шақырып,
Мәуелі ағаш ектірді.
Айналасын қорғандап,
Әр түрлі гүлден септірді.
Жеті қабат жай салып,
Алтыннан қақпа соқтырды.

Іші-сыртын нақыштап,
Асырды даңқын халқынан.
Сыртын сырлап гүл салып,
Су тартты күміс-алтыннан.

520 Асыл тастардан тұрғызып,
Күмістен суын жүргізіп.
Қазық қағып алтыннан,
Гауһардан шырақ ілгізіп.

Кеніштен илеп балшығын,
Мүшкі зағыпыранмен сылады.
Жақындаса қасына,
Иісі аңқып ұрады.
Шеризаттан бастайын,
Айтармыз кейін бұларды.

Әлқисса, Пархизат патша Күлшаттың қасына қырық нөкер қосып берді. Әлқисса, [олар] сарайда тамашасын істеп жата берді. Ендігі сөзді Шеризаттан айтайын.

530 Жетіге Шеризаттың жасы жетті,
Қожа Әсет «перзентім» деп құрмет етті,
«Баламды оқытайын молдаға» деп,
Апарып өз қолымен табыс етті.

Оқыды молдалардан сабақ алып,
Тұрады Қожа Әсет те хабар алып.
Он төрт жаста ілімді тамам етіп,
Бақ-дәулет бірдей қонды балаға анық.

Шынарға шықты бір күн бұл Шеризат,
Жүз жігіт қосып берді мінгізіп ат.
540 Аң аулап, ит жүгіртіп, құсын салып,
Боп жүрді күнделікті көңілі шат.

Ойнайды жүз жігітпен атып оқты,
Келетін бұған қарсы адам жоқ-ты.

Тірідей жолбарысты ұстап алып,
Өнерге неше түрлі қайыл бопты.

Айрықша Қожа Әсет болады шат,
«Баламды қауіп-қатерден қыл, — деп, — азат».
Құдайы ғып ғаріпке дүние беріп,
Қылады күндіз-түні көп мінәжат.

- 550 Саудагер Үндістаннан келді бір күн,
Аралап Бағдаттың көрді жұртын.
Қожа Әсет басшыларын шақырады,
«Қонақ боп кетіңдер, — деп, — бізге бір түн».

Кәсібі Қожа Әсеттің әуел бастан,
Шаһарға мейман келсе әрбір тұстан,
Шақырып қонақ етіп жібереді,
Хикая, неше түрлі сұрап дастан.

- Шақырып керуендерді мейман етті,
Сұрайды әр шаһарда болған кепті.
560 Көргенін керуендер де айтып жатыр,
Ішінде шешендері аузы епті.

Сұрады Қожа Әсет: — Патшаң кім? — деп,
Халыққа әділеті қалай-дүр? — деп.
Олар айтты: — Шәріміз Үндістаннан,
Пархизат патшамыз, болсаң білмек.

Патшамыз айтарлықтай жаман емес,
Айталық тыңдасаңыз біраз кеңес.
Ұлы жоқ, патшамыздың бір қызы бар,
Келмейді сұлулыққа ешкім теңдес.

- 570 Ол қызын жанынан да артық көріп,
Атақты ұсталарды алды теріп.
Дарияның жағасынан бағы бұстан,
Қызымды шат қылсам деп жай сап беріп.
Ғажайып бір тамаша істеді бау,

Таң қалды барлық адам мұны көріп.
Дүниенің гүлінің бәрі де бар,
Ақылын адамзаттың тұрар бөліп.
Бұралып сол бақшада отыр Күлшат,
Жүреді қырық қыз нөкер соңына еріп.

580 Үй салды бау ішінен бөлек түрі,
Мұнара жеті қабат алтын сыры.
Жетеуінің порымы жеті басқа,
Ауызбен айтып болмас ешкім мұны.

Күлшат деп ол қызына қойған атты,
Сұлу жоқ бұл сияқты салтанатты.
Қасына қырық қыз нөкер қосып берген,
Істейді бау ішінде саяхатты.

Ол бауға қыздан басқа адам бармас,
Қарауыл бағбаны бар өзіне хас.
590 Керуен қатты мақтады Күлшат қызды,
Дүниеде сұлу жоқ деп оған ұқсас.

Шеризаттың айтқан замат ышқы кетті,
Ашықтық ішке түсіп, ақылын елітті.
Түніменен сөйлесіп керуендер де
Таңертең қош айтысып қайтып кетті.

Шеризат ғашық болды қызға қатты,
Түн болса, жастық қойып ұйықтамапты.
Шыдамай ашығына күйіп-жанып,
Бір күні атасына бұл сөзді айтты.

600 — Атажан, қабыл көрсең бұл ісімді,
Айтайын көңілдегі жұмысымды.
Шаһармен-шаһар жүріп сейіл еткізіп,
Таныстыр көзіңіздің тірісінде.

Қожа айтты мұны естіп барлық сырын:
— Қарағым, жаным перзент, көзім, нұрым.

Шырағым, сенен басқа перзентім жоқ,
Қалаймын шаттығыңды, жалғыз ұлым.

Истейін айтқаныңды, берейін мен,
Тірлігім, бұл дүниеде қуатым сен.
610 Шаһармен-шаһар жүріп аралатып,
Жан балам, жол көрсетіп келейін мен.

Қожа Әсет жол жүрудің қамын жепті,
Нәрсені керек-жарақ даяр етті.
Қырық қашырға алтын мен гауһар артып,
Үндістан қаласына жүріп кетті.

Шеризат жүз жігітін қасына алды,
Тіллә жабдық атына егер салды.
Бұлардың сәнді-сәулет порымына
Бәрі де көрген жанның қайран қалды.

620 Ал, енді Қожа Әсет кетті жүріп,
Жолдарда аңын аулап, сейіл құрып.
Тынбастан неше күн-түн жолда болып,
Бір тоғай жағасына жатты кіріп.

«Ауасы жақсы екен» деп қонды бұлар,
Гүл ашқан, шашма бұлақ, біткен шынар.
Тынығып сол тоғайда бір күн жатып,
Шығады аң аулауға енді бұлар.

Шеризат он жігітпен ауға шықты,
Атадан ұл тумапты мұндай мықты.
630 Қалың бадал тоғайға кірген екен,
Алдынан бір жолбарыс қарсы шықты.

Суырып алмас қылыш қолына алды,
Жолбарыс Шеризатқа пәнже салды.
Шеризат қарсы келіп шапқанында,
Қылышы ортасынан екі жарды.

Артынан бір жолбарыс тағы шықты,
Ақырып Шеризатқа айбат қыпты.
Аты үркіп жолбарыстан қаймығады,
Атынан сонда бала қарғып түсті.

- 640 Жолбарыс жақын келді көзі жанып,
Құйрығын сипаңдатты мұны танып.
Шеризатты асыраған анасы екен,
Сипады маңдайынан мұның барып.

Жылады жолбарыс та үніменен,
Жалады Шеризатты тіліменен.
Өз анасы ілгергі асыраған,
Үстіне бұрын жаста мініп жүрген.

- Қараңдар Шеризаттың данасына,
Жолықты асыраған анасына.
650 Аймалап тіліменен жалай берді,
Аңсаған жолыққан соң баласына.

Шеризат жолбарысты алды мініп,
Жігіттер қайран қалып тұрды күліп.
Шеризат, жолбарыс та жүре тұрсын,
Айтайын Күлшат қыздан баян қылып.

Әлқисса, Пархизаттың қызы Күлшат сұлу ауға шығып келе
жатқан жері:

- Пархизат падишадан бір қыз туды,
Күлшат та қырық қызбен сонда тұрды.
Аты — Күлшат, қырық қыз нөкері бар,
Жағалай дарияны сейіл қылды.
660 Сол күні аң аулауға көңілі кетіп,
Ат мініп қырық қызбенен бұ да жүрді.

Қыздармен сейіл қылып ауға кетті,
Шеризат жүрген жерге жақын кепті.
Тоғайдан бір топ адам шыға келді,
Бұларға сонда Күлшат назар етті.

Бір жігіт жолбарысты мініп алған,
Жүздері туған айдай раушанданған.
Адамзаттан бөлекше, үр мысалы,
Күлшат қыз мұны көріп естен танған.

- 670 Күлшаттың көрген замат ышқы кетті,
Шеризат мұны көрмей өтіп кетті.
Бір қызына Күлшат та тапсырады:
«Бұлар кім, барып хабар білгін» депті.

Бір қызы бұйырған соң шауып кетті,
Қарсы кеп Шеризатқа тағзым етті.
— Жолбарыс мінген жігіт, атыңыз кім?
Қай жаққа барасыздар сіздер? — депті.

- Шеризат айтты: — Елім Бағдаттан,
Сауда қып келе атырмыз Үрім жақтан.
680 Көшеміз екі-үш күнде елге қарай,
Мейманбыз шатыр құрып, қонып жатқан.

Қызға айтты: — Білдір маған өздеріңді,
Бұл жерге не жұмыспен келгеніңді?
Жүрсіндер бұл тоғайда қыздар нағып,
Баяндап айтып кетші өз жөніңді.

Қыз айтты: — Шаһарымыз біздің жақын,
Пархизат патшамыздың дейді атын.
Ұлы жоқ, Күлшат деген бір қызы бар,
Ауызбен айтып болмас салтанатын.

- 690 Қызына бұл жақыннан жай сап беріп,
Ол қызға адамда жоқ біткен көрік.
Аң аулап бұл араға келіп едік,
«Біліп кел» деп жіберді сізді көріп.

Келген қыз өз жайына қайтып барды,
Күлшатқа көрген ісін айтып барды.
Шеризат қыздың атын естіген соң,
Ғашықтық ішке түсіп, күйіп-жанды.

Жолбарысты мініп ап ер Шеризат,
Қайтып кеп атасының қолын алды.

- 700 Бала айтты: — Мен тоғайды қылдым сайран,
Қожа Әсет мұны көріп қалды қайран.
— Шырағым, өміріңді берік қылып,
Сақтасын панасында сені Аллам.

Шеризат қоя берді жолбарысты,
Қайтқалы өзі келген жолға түсті.
Жолбарыс Шеризатпен ырзаласып,
Көтеріп оң аяғын қолға қысты.

- Кеш болып, тамақтанып жатты бөрі,
Ұйқыға жан рахат батты бөрі.
710 Күлшат түсіп есіне Шеризаттың,
Жандырып ғашық оты жатқызбады.

Ғашықтық ішін өртеп жаққан шамдай,
Отырды таң атқанша ұйықтай алмай.
Шеризат мұндай халде жата тұрсын,
Ал, енді тыңдаңыздар Күлшат қандай.

Күлшат та ғашықтықтан жатып қалды,
Әр заман «Шеризат» деп «аһ» ұрады.
Күлшаттың тамақ ішпей жатқанына
Бөрі де қырық қыз нөкер қайран қалды.

- 720 Күлшатқа сонда қыздар сөйлейді кеп:
— Ас ішпей бүйтіп неге жатырсыз? — деп.
Күлшат жауап бермейді бұл қыздарға,
«Жайымды менің сұрап не етесіз?» деп.

Қоймады қой дегенмен ол қыздары,
«Сырыңды айтыңыз» деп көп қинады.
«Қыздарға айтпағаным болмас-ты» деп,
Ғашықтық қасіретін көп жырлады.

- «Жігітке ғашықпын» деп қасірет шекті,
 Қыздарға барлық сырын мәлім етті.
 730 — Ал, қыздар, мұның жолын табыңыздар,
 Қалай қып жолығамыз бұған, — депті.

Ақыры қалам менен қағаз алып,
 Жазумен мәлім етті барлық дертті.
 Бір қызына тапсырды бұл қағазды,
 «Апарып сол жігітке бергін» депті.

Қағаз ап, бір қыз кетті мініп атқа,
 Шатырға жетіп келді шай уақытта.
 «Бұл қағазды мәлике жіберді» деп,
 Тапсырды өз қолымен Шеризатқа.

Қағаздың мазмұны мынау екен:

- 740 Күлшаттың жазған қағазы,
 Шеризат, мұны оқып көр.
 Құлағыңа мазалы,
 Бағы бұстан бізде бар,
 Мысалы жәннат базары.

- Ішінде гүлдер ашылған,
 Атырапқа сулар шашылған.
 Бір көрген адам екінші
 Көрсем деп көңілі жосылған.
 750 Ішіне кірген адамның
 Көңілінің кірі ашылған.
 Жеті қабат үйім бар,
 Бірінен-бірін асырған.
 Сырты күмбез безенген,
 Төбесі көкке асылған.

Сізге айтар сөзім бар,
 Бұл жаққа қадам бұрыңыз.
 Гүл бағымды аралап,
 Тамаша бізбен қылыңыз.
 Өміріңді хош қылып,

- 760 Сұлумен ойнап-күліңіз.
Жеті күмбез үйім бар,
Ішіне келіп кіріңіз.

Алтыннан құрған тағым бар,
Үстіне соның шығыңыз.
Бұлбұл сайрар бағым бар,
Бұл сөзімді біліңіз.

- Қаласа егер көңіліңіз,
Келудің қамын қылыңыз.
Осымен сөзді тоқтаттым,
770 Иә, келерсің, келмессің,
Енді өзіңіз біліңіз.

Әлқисса, Шеризаттың қайтарған жауабы

Күлшаттың мынау ғазалы
Құлағыма жақты ғой.
Сөзіңіз шырын мазалы,
Қуаныш мен де етемін,
Жарымның түссе назары.

- Қолыма тиді ғазалың,
О басыда керуеннен
Есітілген хабарың.
780 Керуен болып бұл жерге
Келгенім — сенің себебің.
Бір Алла нәсіп әйласа,
Қосылмақ еді талабым.
Өзіңнен тілек болған соң,
Тоқтауға жоқ қой амалым.

- Тоқтауға менде тағат жоқ,
Жаннан артық жанатным.
Осылай менің пікірім,
Мәнісін оқып қарағын.
790 Хат жазып мен де жібердім,
Артынан өзім барамын.

Келген қыз қағазды алып қайтып кетті,
Күлшатқа алып келіп табыс етті.
Жазғанын Шеризаттың оқып көріп,
Көңіліне Күлшаттың да шаттық жетті.

Шеризат таң атқан соң атқа мінді,
Қасына он жігітті ертіп жүрді.
«Аң аулап келемін» деп атасына,
Басқа сыр білдірместен жолға кірді.

- 800 Ат мініп Шеризат та жүріп кетті,
Дарияның жағасына келіп жетті.
Ғажайып неше түрлі бағы-бустан,
Көрмеген адам, сірә, «бұл не?» депті.

Айнала баудың сыртын қорған құйған,
Бір жерден дарбаза қып, құлпын ұрған.
Ішінде неше түрлі миуалы ағаш,
Гүл ашылып, бұлбұлдар сайрап тұрған.

- 810 Сарайдың жеті қабат көрді бәрін,
Тілләмен нақыштаған сыртын оның.
Келгенін Шеризаттың Күлшат көріп,
Алдынан ертіп шықты қырық қыздарын.

Қасына қырық қыз нөкер ертіп шықты,
Күлшат кеп Шеризатпен көрісіпті.
Ізетпен құрмет етіп тамам қыздар,
Ордаға ортаға алып келісіпті.

Шығарып Шеризатты алтын таққа,
Қыздар тұр қол қусырып екі жақта.
Ашық-машық екеуі отырады,
Кірісіп неше түрлі сұхбатқа.

- 820 Сыбызғы, сырнай шалып құрды ойын,
Күлшат қыз қиғаштады бұрып мойын.
Шыдамай ашықтықтың әсеріне,
Білегін айқастырып ашты қойнын.

Тартылып керней-сырнай құрды бөзім,
Өр түрлі істеп отыр сұлу назын.
Қыздар тарқап ойыны аяқталып,
Іледі лашын құс көлдің қазын.

830 Күлшаттың жайнап жатыр көзі жанып,
Қармаққа ілінгендей жайын балық.
Айдыннан аққу ілген қаршығадай,
Жұмарлап жатыр бала бауырға алып.

Ғашықтық ештеңені елемеді,
Тарқады күй құмары денедегі.
Бағбаны Күлшат қыздың мұны көріп,
Патшаға айтайын деп жөнеледі.

Күлшатқа бұрын ғашық бағбан болған,
Жүрегі ғашықтықпен қанға толған.
Көрген соң бұл жұмысты бастан-аяқ,
Патшаға айтайын деп шықты жолдан.

840 Ойланды падишаға барайын деп,
Бетіне қыздың күйе жағайын деп.
Ақыр маған бұл қыздан еш пайда жоқ,
Кегімді сөйтіп бұдан алайын деп.

Бағбанның бауыры жанып, іші күйді,
Патшаға дереу барып арыз қылды:
— Иә, тақсыр, дәулетіңіз ұзын болсын,
Қызыңды бүгін түнде Құдай ұрды.

850 Қызыңыз бір жігітті алып кіріп,
Күндіз-түні шарап ішер, бөзім құрып.
Ышқы барлық қылады ол жігітке,
Тақтында кешке-күндіз бірге отырып.

Падиша мұны естіп қатты састы,
Кеудеден жан шығуға жақындасты.
Реңі ұшып, патшаның есі кетіп,
Халқына «жиналсын» деп хабар шашты.

Бар еді падишада екі палуан,
Жүрегі қайтқан емес ешбір жаудан.
Алмас, Қоймас аттарын дейді оның,
Падиша екеуіне ақыл салған.

- 860 — Тез барып қызым менен ол жігітті
Ұстап ап, қол-аяғын байла мықты.
Екеуін дарға тартып өлтірейін,
Жинап ап дар астына барлық жұртты.

«Мақұл» деп, екі палуан атқа мініп,
Асынды жарақ-сайман, сауыт киіп.
Екі жүз тағы артынан әскер ертіп,
Күлшаттың сарайына барды кіріп.

- Күлшатқа бір қыз келіп сәлем берді:
— Иә, Күлшат, атаңыздан адам келді.
870 «Атаңның Алмас, Қоймас палуаны
Көп тұр, — деп, — әскер ертіп» хабар берді.

Бір дұшпан Шеризатты көрген шығар,
Патшаға барып хабар берген шығар.
Болмаса, бұл палуандар келмес еді,
Атаңның өмірімен келген шығар.

Күлшаттың мұны естіп есі кетті,
Қыздардан Шеризатқа хабар жетті.
«Жігіттің обалына қалдым ғой» деп,
Көзінен жасын төгіп зар еңірепті.

- 880 Күлшаттың бала көріп жылағанын
Сұрайды: — Не болды, — деп, — саған, жаным?
Қыз айтты: — Атам бізден хабар тауып,
Көп әскер, жіберіпті палуандарын.

Дариға, құныңызға болдым серік,
Ұсталып не боламыз кетсек өліп.
Мен болмасам, бұл жерге келмес ең, — деп,
Жылайды екі көзден жасын төгіп.

Шеризат айтты қызға: — Зар еңіреме,
Күлшатжан, қайғырасың мұнша неге?!
890 Не келер дейсің оның қолдарынан,
Қапа боп, ғашық жарым, қайғы жеме.

Шеризат осыны айтып түрегелді,
Жарақ-сайман сауытын кие берді,
— Оларды іздеп келген көрейін, — деп,
Күлшатжан, қарап тұр, — деп күле берді.

Ол келген палуандар сыртта тұрып,
Сөйлейді Шеризатқа ашу қылып:
— Бері шық, патшаға айдап біз барамыз,
Істепсің бейәдептік бауға кіріп.

900 Есітіп мұның сөзін бала күлді,
Есірік екендігін енді білді.
«Иә, Күлшат, бір пиала шарап келтір,
Ішіп, жауап қылам» деп қарсы тұрды.

Шарапты Күлшат сұлу алып келді,
Кесесін ішіп бала қайтып берді.
Екі палуан алыстан мұны көріп,
Қапа боп, іші күйіп қайғы енді.

Алмас айтты Қоймасқа: — Бері қара,
Қылды ғой бізді мазақ мына бала.
910 Аттан түсіп, сен барып ұстап ап кел,
Қылайық байлап алып хас масқара.

Шеризат езу тартып қарғып тұрды,
Тұрғанын түлен түртіп енді білді.
«Аулаққа шатырымды тігіңдер» деп,
Шақырып жігіттерге әмір қылды.

Жігіттер қызметінде тіке тұрған,
Шатырын сыртқа апарып, тікті жылдам.
Шатырда шарап ішіп отырады,
Олардан уайым қып, жемеді қам.

- 920 Шеризаттың Қоймас көріп бұ қылғанын,
Аузынан ашуланып шықты жалын.
Шеризаттың қасына жетіп барды,
Суырып қынабынан қылыштарын.

Балаға Қоймас келіп қылыш салды,
Шеризат ашуланып ұстай алды.
Қылышын жұлып алып өзіне ұрып,
Қоймасты ортасынан екі жарды.

- Табиғат Шеризатқа берген күшті,
Қақ жарып ұрған қылыш бөліп түсті.
930 «Маған да ажал жақын келді ме» деп,
Алмастың мұны көріп зәресі ұшты.

Арсылдап Алмас келді аузын ашып,
Балаға найза ұрды көңілі тасып.
Айқайлап Алмасты да масқара етті,
Найзасын жұлып алып, өзін шаншып.

Ұстап ап айналдырып аспанға атты,
Ашуы Шеризаттың келді қатты.
Сүйегі төрт жүз қырық төрт уатылып,
Қырық қадам жерге түсіп, қаза тапты.

- 940 Екеуін өлтірген соң ойран қылып,
Әскерге қарсы шауып, нағыра тартты.
Алақтап алдындағы қаша берді,
Алмастың әскерінде жан қалмапты.

Патшаға тоқтамастан барды қашып,
Сөйлеуге мажалы жоқ аузын ашып.
— Өлтірді Алмас, Қоймас палуаныңды,
Құтылдық біздер қашып асып-сасып.

- Күлшат та отырады тамға шығып,
Зар жылап уайым қып іштен тынып.
950 Қайратын Шеризаттың көргеннен соң,
Жалынды Жаратқанға шүкір қылып.

Қуанды жаңа ашылған жайнап гүлдей,
Тұра ма Күлшат сұлу енді күлмей.
Табақ-табақ шашады тіллелерін,
Бетіне нұр шашылып сәуле гүлдей.

Шеризат отырады таққа мініп,
Күлшат та қызмет қылды тіке тұрып.
Бәзім қып Күлшатпенен шарап ішіп,
Ол түнді өткізеді ойнап-күліп.

- 960 Көңіліне падишаның қайғы еніп,
Әскерге «аттан» деді хабар беріп.
Өзі бас боп аттанып падишаның,
Сап тартып бау алдына тұрды келіп.

Келгенін падишаның қыздар көріп,
Айтады Шеризатқа хабар беріп.
Есі шығып қыздардың қалтырайды,
«Патшадан өлеміз» деп қорқу еніп.

- Шеризат мұны естіп атқа мінді,
Патшаның әскеріне қарсы жүрді.
970 Пархизат Шеризатты көргеннен соң,
Айтады уәзірге осы сырды.

— Құлақ сал, — патша айтты, — уәзірім,
Баланың байқадың ба қандай түрін.
Сен барып ила ғып бір алдамасаң,
Амалы табылмайды басқа мұның.

Патшаның Парс уәзір тілін алды,
Алдына Шеризаттың жетіп барды.
Келеді Көркіншеге барлық түрі,
Бетіне тура қарап, назар салды.

- 980 Балаға сәлем берді уәзір барып,
Қарады Шеризат та назар салып.
Уәзір айтты: — Иә, жігіт, жолың болсын,
Патшаның шарбағында жүрсің нағып?

— Мен өзім баласымын бөтен елдің,
Бағдаттың шаһарынан мұнда келдім.
Күлшаттың ғашық болып ажарына,
Алуға сапар шегіп қызға келдім.

Патшаның қызын берсе, аламын деп,
Күлшат қыз қаламаса, амалым жоқ.
990 Жәқсылықпен бермесе егер қызын,
Халқына тұрмын ойран саламын деп.

Уәзір айтты: — Қалай жалғыз жүріс?
Қыласың жалғыз басың қайдан ұрыс?
Көпке топырақ шаша ма жалғыз адам,
Бұл сөзің айтқанменен емес дұрыс.

Балалық қылмасайшы, мырза, — деді,
Сөзімді менің айтқан тыңда, — деді.
Күнәнді падишадан мен тілейін,
Сен ұрыс жалғыз басың қылма, — деді.

1000 Күнәнді падиша да сенің кешер,
Өзіңді әскер басы, сардар етер.
Парс уәзір айтады насихатын :
— Құр әуре ұрысамын деп болма бекер.

— Келмейді алдасаң да менің қашқым,
Халқынан ерегісsem түк қоймаспын.
Жалғыздың жары Құдай болып тұрса,
Неше мың әскеріне өзім баспын.

Уәзір Шеризаттан мұны естіп,
Нәйүміт боп патшаға келді жетіп,
1010 Баладан бастан-аяқ есіткенін
Айтады бірін қоймай мәлім етіп.

Падиша мұны естіп ашуланды,
Қызарып екі көзі оттай жанды.
«Тез барып байлап алып келіңдер» деп,
Атақты жіберіпті палуандарды.

«Мақұл» деп, бір палуаны қарғып тұрды,
Мақтанып өзін-өзі көп лепірді.
Қаһарланып ақырып айбатпенен
Аямай Шеризатқа найза ұрды.

1020 Найзасын тартып алды зорлық қылып,
Тұтасып күш-қайраты, көзі тұнып.
Ат үстінде қол салып карданына,
Тұмақтай жібереді лақтырып.

Палуанды жігіттері алды байлап,
Шеризат айқайлады қаны қайнап.
«Түбіме осы бала жете ме» деп,
Бармағын падиша да қалды шайнап.

Содан соң бір палуаны тағы барды,
Қарсы кеп Шеризатқа қылыш салды.
1030 Қылышын жұлып алып өзіне ұрып,
Қауындай ортасынан екі жарды.

Палуандар бірте-бірте келе берді,
Келгені Шеризаттан өле берді.
Ұстап ап, біреуіне-бірін қоспай,
Келгенінің сыбағасын бере берді.

Падиша уайым жеп қысылады,
Шеризат аш қасқырдай құтырады.
Бәз біреуін бір ұрып жұмырықпен,
Кәлләсін алмадай қып ұшырады.
1040 Сол күні елу палуан қолға түсіп,
Ақылдан енді патша ұтылады.

Кеш болып, осыменен күн де батты,
Тарқасып жай-жайына бәрі қайтты.
Патшаға түніменен қайғы түсіп,
Ұрыстың таң атқан соң найын тартты.

Сап тартып екі жаққа тұрды барып,
Майданға шықты бала айқай салып.

Шыдамай Шеризаттың айқайына,
Әскері падишаның тұр қамалып.

- 1050 — Жекеге қорықпасаңдар келші бірің,
Оның кел, маған десең келгін жүзің.
Жүзің қорықсаң, мыңың кел, — деп айтады,
Тиемін әскеріңе өзім бүгін.

Патшаның әскерінен жүзі барды,
Қамалап айналасын ортаға алды.
Бірін ұрып қылышпен, найза шаншып,
Бұл жүзді бір сағатта қырып салды.

- 1060 Падиша мұны көріп естен танды,
«Жабылып, тұзақ сал!» деп айқай салды.
Көтеріп үш жүз адам тұр тұзағын,
Тастауға Шеризатқа ыңғайланды.

Тұзағын үш жүз адам туралады,
Шырмауға Шеризатты илалады.
Көптік қып қанша қайрат қылғанменен,
Бойына үш жүз тұзақ шырмалады.

Шеризат нағыра тартып жүгіреді,
Жанынан көрген адам түңіледі.
Домалап үш жүз адам құлап қалды,
Быт-шыт боп шынжыр арқан үзіледі.

- 1070 Босанып бұл арқаннан бала тұрды,
Айқайлап енді әскерге өзін ұрды.
Қойға қасқыр шапқандай дал-дал қылып,
Әскердің қарсы келген бәрін қырды.

Атасы Қожа Әсет те жетіп келді,
Жүз баһадүр жігітті ертіп келді.
Шеризат жалғыз өзі қырғын салып,
Бояды қызыл қанға қара жерді.

1080 Қожа Әсет жүз жігітпен қойды атты,
Аралас бұлар да кеп қырғын сапты.
Жүз жігіт қасындағы бөрі палуан,
Өліктер төбе-төбе болып қапты.

Падиша мұны көріп жаман састы,
Тұра алмай қарсыласып бұлар қашты.
Ішке кіріп бекітіп қақпаларын,
Хан уәзір, бектерімен ақылдасты.

Ұрыстан Шеризат та қолын тартты,
Бірқанша олжаменен кейін қайтты.
Бау ішіне тіктіріп үлкен шатыр,
Қалдырмай атасына сырын айтты.

1090 Баласы атасымен бірге болды,
Күлшаттың Шеризатқа көңілі толды.
Жамалын Күлшат қыздың көргеннен соң,
Айрықша Қожа Әсет те риза болды.

Отырды сұхбат құрып бұлар әнша,
Айтылып неше түрлі сөздер қанша.
Ахуалын падишаның білдірейін,
Тамаша етті бұлар таң атқанша.

Әлқисса, патша уәзір, бектерімен ақылдасып: — Бұған қандай ақыл айтасыздар? — дейді. Парс дана уәзір «мен барып бұл баланың жай-күйін білейін» деп, Шеризатқа келіп уәзірдің айтқан сөзі:

1100 Былай деп Қожа Әсет сөз қайырды,
Дастарқан түрлі тамақ кең жайылды.
— Не жұмыспен келдіңіз бұл араға?
Уәзір, айта бергін сен жайыңды.

«Мақұл» деп Парс уәзір сөзге келді,
Жұмысын ойындағы сөйлейді енді.
— Атақты, ел басқарған падишамыз
Қаратқан үкіміне талай жерді.

Патшаға қарсы болып тұрмаңыздар,
Сөзімді менің айтқан тыңдаңыздар.
Сіздер — жүрген саудагер адамсыздар,
Халықты әуре-сарсаң қылмаңыздар.

- 1110 Шеризат, ұрысты қой, болалық ел,
Сендер менің бұл айтқан сөзіме ер.
Патша қызын бермейді сізге, тегі,
Бұл жерден көп кідірмей жөнеңіздер.

Уәзірдің мына сөзі келмеді оңға,
Жақсылап қоя алмады сөзін жолға.
— Патшаның қызы түгіл, тақытын алам,
Уәзір, қапа болма маған онда.

- 1120 Былай деп Қожа Әсет келді шынға,
— Сен, Парс, құлақ салып сөзді тыңда.
Айтайын Шеризаттың ахаулын,
Ұзақ қой хикаясы бұл мазмұнда.

Білсеңіз бұл Шеризат — патшазада,
Әкесі — болған екен бәріңе аға.
Кияншаһтың нәсілінен арғы атасы,
Көркінше өз әкесі мұның және.

Білесіз әкесінің шаһары бұл,
Бұл уаққа шейін мен де айтпадым сыр.
Айтайын мұның жайын енді саған,
Уәзір, құлақ салып тыңда да тұр.

- 1130 Бастады бұл тоғайға барған жайдан,
Баланы жолбарыстан алған жайдан.
Он дана білегінде гауһарымен,
Қағазға барлық істі жазған жайдан.

— Патшаның дұшпандығы сізге аян,
Анасын өлтіргенін қылды баян.
— Он сегіз содан бері жыл болды, — деп,
Қожа Әсет әңгімесін қылды тамам.

- Шеризат бұл баланың қойдым атын,
 Көрсетпей тығып қойдым жазған хатын.
 1140 Қағазды алып қолына бере салды,
 — Мінеки, оқып көр, — деп, — хикаясын.

Қағазға уәзір ашып назар салды,
 Хаты екен өзі жазған тани қалды.
 «Шырағым, айналайын, перзентім» деп,
 Құшақтап Шеризатты естен танды.

— Басымда, — Парс айтты, — күнәһым көп,
 Сен үшін көп жыладым уайым жеп.
 Атаңның қызметін көп қылып ем,
 Бұл істі енді баян қылайын, — деп.

- 1150 Көркінше халайыққа болған әділ,
 Пархизат інісі еді тұрған өзір.
 Қатыны өлерінде жүкті қалды,
 Қожа Әсет, тыңда сөзді, қылып сабыр.

Көркінше өлерінде халқын жиып,
 Інісін өз орнына патша қылып,
 «Қатыным мен өлген соң ұғыл туса,
 Орнымды беріңдер, — деп, — уәде қылып,
 Хат жазып, көп алдында пешет ұрған,
 Өлген соң, інісі жоқ оны қылған.

- 1160 «Қатынын падишаның өлтіргін» деп,
 Бір күні мен байғұсқа жарлық қылған.

Лажсыз оның сөзін қабыл еттім,
 Әйелді бір тоғайға алып кеттім.
 Қасымда құлдарыма өлтіргізіп,
 Нақақтан бейшараның қанын төктім.

Өлгенін көрейін деп бардым және,
 Туышты барсам қатын ұғыл бала.
 Он гауһар мен хат жазып тағып кеттім,
 «Шығар, — деп, — тірі жүрсе» мен бейшара.

- 1170 Мұны айтып зар жылайды уәзір ғаріп,
Көзінен жылағанда жасы ағып.
«Күнәмді кешіңіз» деп зар жылайды,
Танады болған істен енді нағып.

Әлқисса, Шеризат Парс уәзірге: — Күнәңіз болса кештім. Сізде күнә жоқ, — деді. Енді патшаңызға барып айт[ыңыз], жақсылықпен атамның орнын берсін. Халықтың обалына қалмасын, — дейді. Сонда Парс патшаға барып айтып тұрған сөзі бұл:

Шеризаттан рұқсат ап,
Уәзір жүріп кетеді.
Ешбір жерге қайрылмай,
Ордаға тура жетеді.
Патшаның келіп алдына,
Көргенін баян етеді.

- 1180 — Рұқсатыңмен, тақсыр-ау,
Шеризатқа барғаным.
Жағдайына түсініп,
Сөзіне әбден қанғаным.

Атасының орны екен,
Ол баланың таласы.
Сөзіне, тақсыр, қараса,
Көркіннің екен баласы.
Өлтіргенде аралға
Туған екен анасы.

- 1190 Туғанын өзім көріп ем,
Өлтірмей тастап келіп ем.
Болған істі хатқа сап,
Тұмар ғып байлап беріп ем.
Тірі жүрсе дүниеде,
Шығарын сонда біліп ем.

Қожа Әсет саудагер
Ол тоғайға барыпты,

- Жолбарыстан баланы
Ажыратып алыпты.
1200 Ілім-білім үйретіп,
Жақсылық жолға салыпты.
Қызыңызға ғашық боп,
Ізденіп келіп қалыпты.
Жалған емес, иә, тақсыр,
Бұл сөзім менің анық-ты.
- Мұны есітіп падиша,
Ақыл-естен танғаны.
«Жүзіқара болдым» деп,
Бетінде қаны қалмады.
1210 Өткен іске өкініп,
Боларын істің аңлады.
— Уәзірім, қалай сақтайсың
Қарабет мендей пендені?
- Амалын өзің таппасаң,
Сен едің менің сенгенім.
Шеризаттың қолында,
Енді менің өлгенім.
- Падиша бұлай дегенде,
Дана уәзір сөйледі:
1220 — Тағын берсең баланың,
Болады сонда жөн, — деді.
- Патша айтты: — Сонда қоя ма,
Тағын берсем қолына.
Атасының ол шығып
Отырса, егер, орнына.
Ақыры мені өлтірер,
Анасының құнына.
Амалым жоқ, қайтейін,
Түскеннен кейін қолына.
- 1230 Тәж-тағын беріп кетейін,
Басымның қамын етейін.

Шеризаттың көзіне,
Көрініп мұнда нетейін.

Уәзір айтты: — Падиша,
Сабырлық бұған қылыңыз,
Сөзімді айтқан біліңіз,
Шеризаттың алдынан
Өзіңіз әуел шығыңыз.
«Күнәһымды кешкін» деп,
1240 Өтініш, арыз қылыңыз.
Шеризат кешер күнәнді,
Бұл сөзімді біліңіз.
Шеризат, егер, кешпесе,
Тілеп алар қызыңыз.

Парстың айтқан бұ сөзін
Падиша мақұл көреді,
Шеризатқа тарту ап,
Уәзірмен бірге жөнөді.

Бұлардың келіп қосына,
1250 Келгендігін білдіріп,
«Кірелік ішке» дегені.
Шеризатқа білінді
Бұлардың келген дерегі.
Баладан рұқсат болған соң,
Уәзір мен патша кеп еді.
Падишаның күнәсін,
Шеризаттан уәзір тіледі.
Падишаны көрген соң,
Шеризаттың долданып,
1260 Ашуы қатты келеді.

Шеризат айтты уәзірге:
— Сөзіме менің қарағын,
Шаһардың жина адамын.
Патшаны менен сұрама,
Амалын өзім табамын.

Әлқисса, уәзір «мақұл» деп, ордаға келіп, барлық жұртты жинап, Қожа Әсет, Шеризатты келтіріп, барлық жұртқа жар салды. Пархизаттың барлық істеген жұмысын әшкереледі. Көркіншенің әйелін өлтіргенін, Шеризатты жолбарыс асырағанын, Қожа Әсет оны бала қылып алғанын, қызға қосылғанын айтты. Халық «Пархизатты өлтіреміз» дегенде Күлшат атасының қанын сұрап, былай деді:

— Әкеміз, ер Шеризат, бір туысқан,
Мен доспын қияметтік, әкем — дұшпан.
Болып ең, Парс уәзір, жұртқа аға,
Сенің де хабарың бар бұл жұмыстан.

1270 Әкемнің әрі қызы, баласымын,
Көзінің ағы менен қарасымын.
Әкемнің қамқорлығын ақтамасам,
Мойныма қаны жүк боп қалатұғын.

Бұл жерде жасыңыз бар, кәріңіз бар,
Бұл істі шарифатқа салыңыздар.
Өлмесе әкем, тірі жаза тартса,
Сіздерге зорымыз жоқ, зарымыз бар.

Осылай деп Күлшат жылады,
Көзінен жасы шұбады.
1280 «Қанын бер, — деп, — әкемнің»,
Қожа Әсеттен сұрады.
Қожа Әсет пен ер Парс
Мақұл деп мұны ұнады
Пархизатты он жылға,
Бадарғы зындан қылады.
Патша болып Шеризат,
Алтын таққа шығады.
Ынтымақпен Парсты,
Най уәзір қылады.
Осылайша баланың
1291 Әсіл болды мұрады.

Қисса Дандан

Бисмилла, мен сөйлейін Тәңірім атын,
Мұны жазған Сергелі Уақ затым.
Ақылбектің өлеңін тыңдасаңыз,
Ыбраһым шаһның сөйлейін хикаятын.

Ақылбек Сабалұғылы мұны жаздым,
Қайғыға зағышырандай болып аздым.
Хикаятты өлеңге айналдырып,
Талайын шығарушы ем өлең наздың.

10 Нағашым Рахмет, Абай өткен,
Құнанбай балаларын еркелеткен.
Жалғаннан өлмей, сірә, кім қалады,
Анам Талжан, Асылбай, бәрі кеткен.

Мен де белгі тастайын өлмей тұрып,
Алланың аманатын бермей тұрып.
Артыма қисса басып қалдырайын,
Түндіксіз, қараңғы үйге кірмей тұрып.

Қиссаны шығарушы деген құрсам,
Кітаптағы нұсқаға мойын бұрсам.
Мирас көріп һәр адам оқыр ма екен,
20 Бір күні қаза жетіп өліп қалсам.

Тіліме келтірейін жалғыз Хақты,
Безейін шамам келсе тіл мен жақты.

Ыбраһым падишаның хикаятын,
Жарандар, енді айтайын сал құлақты.

Құдайым жәрдем берсе, жазайын хат,
Аллаға қабыл болсын көп мінәжат.
Өтіпті Ыбраһым атты бір падиша,
Шаһарын мен айтайын Хадарабад.

30 Бар екен бір баласы жүзі көркем,
Һәркімге мейірін салып жүрген екен.
Атасы бегірек жақсы көреді өзін,
Есімі бұл баланың Дандан екен.

Жаратқан көркем етіп Жаппар Халиқ,
Атасы жақсы көрген мейірін салып.
Қайда барса өзіменен бірге болып,
Һәрқашан отырады қасына алып.

40 Бір саудагер бұ шаһарға келген жетіп,
Он бір ай сапар қылған тамам етіп.
Екі-үш күн бұ сапарда тұрды дағы,
Көрісерге патшаға тағзым етіп.

Бір кішкене алтын сандық алып келді,
Ыбраһымге сәлем беріп қарсы тұрды.
Сандықты һәдия үшін берді дағы,
Жолда көрген әңгіме[сін] тамам қылды.

— Әй, тақсыр, мен сауданы қылдым, — деді,
Көп ғажап шаһарларды көрдім, — деді.
Мұнда да бір ай сауда қылсам керек,
Бұ сандықты һәдия үшін бердім, — деді.

50 Мұның да тамашасын көзің көрсін,
Біз ғаріп, сіз патшаға баян қылсын.
Ішінде нәрсесі бар көрсетейін,
Құрметті Дандан ұғылық шығып тұрсын.

«Құп» дейүп, Дандан тысқа шығып кетті,
Сандықты падишаға жақын елтті.
Саудагер сандықты ашты дағы:
«Әй, тақсыр, қара, — деді, — бұл суретті».

Падиша көзін салса, қыз суреті,
Мұндай ғажап жаратар Қүдіреті.
Жас жігіттер қараса бұ суретке,
60 Көңіліне пайда болар ғашық дерті.

Саудагер айтты: — Бұған жоқ теңдесі, — деді,
Дидарын нешбір адам көрмес, — деді.
Бұ суретті сатады он мың алтынға,
Одан төмен атасы, бермес, — деді.

Шаһардың көп қызына бас болады,
Дидарын көрген адам мас болады.
Атасы падиша бермек болса,
Заданың екіншісі қас болады.

Атасы көрсетпейді оның үшін,
70 Бар адам ғашық болар көрсе түсін.
Мінекей сұрасаңыз мұның жайы,
Бітпеген неш адамға мұндай пішін.

Бұ қыздың шаһарына мен де бардым,
Сауда қылып көшесін араладым.
Сізге мен һәдия үшін берейін деп,
Он мың қызыл алтынға сатып алдым.

Атасы мұны сатып жүрді дейді,
Алғандар ғашық дертін көрді дейді.
Ұғылыңыздың алдында мен көрсетсем,
80 Әлбетте о да ғашық болар еді.

Патша айтты: — Ақыл көп сенде, — деді,
Өгар мұны көрмесем де күнде, — деді.
Өзімнің көрілігім болмаса, өгар,
Ғашық бола жаздадым мен де, — деді.

Падиша қалам менен қағаз алып,
Суретке саудагердің атын салып,
«Пәлен байдың келтірген һәдиясы» деп,
Андан кейін сандыққа қойды апарып.

90 Бір хадимге берді патша бұ сандықты,
«Қазынаға қойың, — деп, — қымбаттықты».
«Енді өзімнің саудама барайын» деп,
Падишамен қоштасып үйден шықты.

Шаһзада мұны көріп болды күпті,
«Бар сырды жасырды менен, — депті.
Атам менен саудагер һеш айтпады,
Сандықтың ішіндегі болған кепті».

Бұ пікірде шаһзада жүрді дейді,
Бір күні қазынаға келді дейді.
Сақшылардан кілтін алды дағы,
100 Қазынадағы суретті көрді дейді.

Сол сағат көрді дағы болды ғашық,
Дидарын бір көруге болады асық.
Бір дана уәзірі болған еді,
Отырды соныменен ақылдасып.

Қайғысы шаһзаданың болды басқа,
Болды ғой қайғы бөгеу ішкен асқа.
Бұ суретті қазынадан алып келіп,
Өзінің үйіне келді дуарасқа.

Сақтады бұ суретті неше күндей,
110 Сарғайды зағыпырандай һешкім білмей.
Қасындағы уәзірімен ақылдасып,
Жүреді атасына жақын келмей.

Білмеді Ыбраһым падишасы,
Осындай бұ суреттің тамашасы.
Ол бір уәзір ақылды, дана екен,
Һәрқашан бұ Данданның ашынасы.

- Уәзір айтты: — Сөз тыңда, шаһизада,
Бар екен осы сурет дүнияда.
Мағшұқты жігіт іздеп таппақ керек,
120 Тұратын пайда бермес бұл арада.
- Бар ма екен саудагерден мен сұрайын,
Шамам келсе, жұмысың мен қылайын.
«Бар» деп, маған хабарын берсе, өгар,
Іздеуге құрбандығың мен болайын.
- Осылай деп уәзір сөзін бітті,
Уәзірін сұрайын деп жүріп кетті.
Қай шаһарда мағлұмын білейін деп,
Саудагердің үйіне барып жетті.
- 130 Үйіне саудагердің келді жетіп,
«Сол қыздан айта ма» деп мағлұм етіп.
Алдынан бір адам шығып хабар берді,
«Саудагер жаңа өлді, — деп, — күні бітіп».
- Осылайша ол адам жауап беріп,
Тындады сөйлегенін қарсы тұрып.
«Тағам жеп отырғанда балық асап,
Өлді, — деп, — тамағына сүйек кіріп».
- Уәзір қапа болып кейін қайтты,
Бұрылып, аттың басын кейін тартты.
«Саудагер опат болып қалыпты» деп,
140 Уәзір шаһизадаға келіп айтты.
- Уәзір айтты шаһизадаға: — Жақын, — деді,
Саған да мен айтайын ақыл, — деді.
Үш күннен соң екеуміз жөнелейік,
Бұдан артық болмайды ақыл, — деді.
- Бірге жолдас болмағым анық, — деді,
Бізден бөтен білмесін халық, — деді.
Дариямен жүрейік, мен де іздесем,
Екеуміз де мінейік қайық, — деді.

150 Мен алайын үйімнен он мың алтын,
Білмесін бізден бөтен өзге халқың.
Сен де он мың алтынды алың, — деді,
Құдай қосса, болады жүзің жарқын.

Бұ сөзін шаһизада қабыл етті,
Үш күндей жол жарағын өзiрлетті.
Ақшам мезгіл болғанда қайық мініп,
Дариямен екеуі жүріп кетті.

160 Қайыққа жол жарағын салып алып,
Құдай-а, медет бергіл Жаппар Халиқ.
Патша ұғылын іздейді, жоқ болды деп,
Қайда екенін білмейді тамам халық.

Қайда деп шаһизада алаңдады,
Іздегенмен көп адам таба алмады.
Патша айтты «Хәкім уәзір ақылы көп,
Бекерге қаңғырмас» деп ой ойлады.

Таба алмады падиша ұғылын тез,
Бір адам көрмеген соң көзбе-көз.
Бұлар мұнда таба алмай тұра берсін,
Шаһизада, уәзірден есітің сөз.

170 Екеуі қайықпенен жүреді енді,
Он күндей дарияда келеді енді.
Он күн тамам өткенде көздеріне,
Алыстан бір жазира көреді енді.

Таба алмай ұғылын қалды патша,
Он мыңнан екеуінде болған ақша.
Жазираға жақындап келсе жетіп,
Тағы да көрінеді көркем бақша.

180 Бақшаға тағы бұлар жақын келді,
Алыстан бұл бақшадан кісі көрді.
Уәзірі шаһзадаға: — Барғыл, — деді,
Қайық тұтып қалайын осы жерде.

Шаһзада уәзір сөзін қабыл алды,
Беліне қылыш байлап кетіп қалды.
Ғұмырымды өткізіп тұрмайын деп,
Бақшаның есігіне жетіп барды.

Хәкім уәзір сақтамаға қайықта тұр,
Жамағат, бұ сөзіме мойынды бұр.
Шаһизада бақшаға жақын келсе,
Есік алдын сыпырып бір адам жүр.

Ол кісі айтты: — Сарайға кіргіл, — деді,
190 Ішінде қожамыз бар, білгіл, — деді.
Біз — оның қызметші адамдары,
Жауабыңды өз аузыңмен бергіл, — деді.

Бақшаға шаһизада келді кіріп,
Ақ сақалды адамға сәлем беріп.
«Қош келдің, мейманым, ғазизым» деп,
Қасына отырғызды жақсы көріп.

Шаһизада: — Арман бар бізде, — деді,
Бір сауалым бар еді сізде, — деді.
Бұл жерде ұзақ тұрсам ғұмыр өтер,
200 Бар еді бір ғажайып көзде, — деді.

Бір сурет бар көрсетейін сізге, — деді,
Қазір мұнда көргізсем көзге, — деді.
Әгар білсең суретті, әй, жан ата,
Хабарын айта көрші бізге, — деді.

Қарт айтты сурет көріп: — Білем, — деді,
Мен дағы сізге хабар салам, — деді.
Менде де бар сурет бегірек көркем,
Көрмесем, ауру болып қалам, — деді.

Таппадым іздесем де, бар деп айтқан,
210 Мен дағы сіздей болып қайғы жұтқам.
Ол заман өтіп кетті, міне сурет,
Қатын болып бірнеше бала тапқан.

Бұл суретің жаңа екен дүнияд,
Жылдам іздеңіз, шаһизада.
Ол қартайар, ғашықтық таусылмайды,
Бітірме ғұмырыңды бұл арада.

Осыны айтып пердесін жапты бетке,
— Мені мұндай салған, — деп, — қайғы дертке.
Тезірек, шаһизада, ізде, — дейді,
220 Жапан түзді қаңғырып, шығып шетке.

Ғашықтық он жасымда жетті, — дейді,
Мен һешкімге айтпадым тіпті, — дейді.
Менен көріп ғибрат ал, шаһизада,
Сонан бері алпыс жыл өтті, — дейді.

Мұны естіп шаһзада қайтып келді,
Естігенін Хөкімге айтып келді.
Ақсақалдың бар көрген хикматын,
Уәзірге бастан-аяқ баян қылды.

Мұныменен екеуі жүріп кетті,
230 Су үстінде жете алмай бір ай өтті.
Дарияда балық салып отыр екен,
Бір әдемі жігітке келіп жетті.

Бұл екеуі сөйлесті жақын барып,
«Мұнан да кетейік, — деп, — хабар алып».
— Ей, жігіт, ғапыл болып, ғұмырыңды
Неге сен өткізесің балық салып?!

Жігіт айтты: — Балықты тұтамын мен,
Бір алтынға бір балық сатамын мен.
Он балықты сатамын он алтынға,
240 Сонымен рахатта жатамын мен.

Бір қызы падишаның бегірек көркем,
«Алам» деп шаһизада келген екен.
Соған мен бұл балықты апарамын,
Шаһзадалар «балық алам» деген екен.

Дидарын көрген адам мас болады,
Он алтын маған көпке ас болады.
Біріне **шаһзаданың бермек болса,**
Заданың екіншісі **қас болады.**

250 Бұлар сонда көрсетті бұ суретті,
— Осы сурет біздерді **ғашық етті.**
Нәркестің суреті осы ма екен,
Баян қылшы білсеңіз оны, — депті.

Жігіт көріп суретті: — Бәлі, — деді,
Мұны адам алған жоқ әлі, — деді.
Безгек болған кезінде салынған ғой,
Азырақ бұ сурет сары, — деді.

260 Осы күнде көрсеңіз өгар, — деді,
Сіздерге мен айтайын хабар, — деді.
Диуана болып кетесің жүзін көрсең,
Мұнан да артығырақ нұр бар, — деді.

Бұлар айтты жігітке: — [Тыңда], — деді,
Саған да біз айталық сөзді, — деді.
Пәтер тауып беріңіз ертіп барып,
Ақы[с]ын беріп разы етем сізді, — деді.

Мұны естіп ол жігіт қабыл етті,
Бір хамалға бұлармен келіп жетті.
Екеуіне үй тауып берді дағы
Хақын алып, жайына қайтып кетті.

270 Пәтерде үш күн жатты бұлар келіп,
Базарды аралады ертең тұрып.
Базарды бұлар келіп араласа,
Айқайлап бір адам жүр нида қылып.

Айқайлап: — Ғашық адам білсін, — деді,
Ертеңгі күн бағ-санамға келсін, — деді.
Бағ-санам жанына келген жерде,
Нәркестің құп жамалын көрсін, — деді.

Бармасын ғашық болмаған адам, — деді,
Қасиетін білмейді надан, — деді.
Құп жамалын көргенде көңіл беріп,
280 Құдай білер, қандай адам алар, — деді.

Бұлар сонда сұрады бір адамнан,
Қышқырғушы адамның айқайынан.
— Мұның айтқан сөзіне түсінбедік,
Бір хабарын сөйлеңіз, — деді, — мұнан.

Ол айтты: — Нәркес ертең келер, — деді,
Бағ-санам ішінде жүрер, — деді.
Тамам ғашық сол жерде әзір болып,
Патша қызын бәрі де көрер, — деді.

Ертеңінде бұлар барды сонда,
290 Бағ-санамда бір бақша көрді сонда.
Бұлттан жаңа шыққан күндей болып,
Нәркес қыз бір уақытта келді сонда.

Тамам жұрт қаптап алған айналасын,
Көрді [ол] шаһизада һәр баласын.
Бұл Данданды көргенде ғашық болып,
Ұнатты сипатының тамашасын.

Хәкімге қайтып келді Дандан бала,
«Қыз дағы ғашық болды көре сала».
Хәкім айтты: — Сіз көрген қызың ба екен,
300 Қосылар күн бар ма екен, Хақ Тағала.

— Осы екен қызымыз менім көрген,
Шаһизада көп екен бәрі келген.
Хәкімге: — Разымын сізге, — деді,
Менімен сапарда бірге жүрген.

Уәзір айтты: — Аллаға сиын, — деді,
Асыңды ішіп болған соң, киін, — деді.
Бір хабарын алмасаңыз осы қыздан,
Жұырда қосылмағың қиын, — деді.

- 310 Шаһзада уәзір сөзін қабыл алды,
Беліне [алмас] қылыш байлап алды.
Қарауылшы ұйықтаған мезгілінде,
Бақшаның есігіне жетіп қалды.

Мысықтай өрмелеп, бақшаға кірді,
Ас пісірген тағы да кәнизак көрді.
Кәнизак тағы бір жаққа кеткенінде,
Қазанның дәл қасына жақын келді.

- 320 Қазанға Дандан сонда дәру салды,
Тамам кәнизак тағамды алдына алды.
Дәру салған тағамды асаған соң,
Бәрі де ұйықтағандай талып қалды.

Нәркес байқап қарады мұның өзін,
Жығылып қалған көреді кәнизак қызын.
«Біреу келіп дәруді берген екен,
Білдім ғой талғанынан мұның өзін.

Мен үшін біреу бар ғой өлейін деп,
Жамалымды түнде келіп көрейін деп,
Соның үшін бір адам келген екен,
Ұйықтап жатқан жерімде білейін деп».

- 330 Бұлайша Нәркес жатыр ой ойланып,
Түрегелді алтынды қылыш алып.
«Өз көңілім жақтырмайтын жігіт болса,
Өлтірейін қылышпен бірақ салып.

Жақтырсам ол жігітті әғар, — деді,
Қосылуға айтайын хабар, - деді.
Бірнеше күн ғишрат құрып жүріп,
Құдай қосса, халалдыққа алар» деді.

- 340 Қызға жақын Дандан да келді жүріп,
Қарады қыз да оған көңіл бұрып.
Қыз сонда ғашық болып Дандан ерге,
Көңілінде ұнатады қабыл көріп.

Мойынын бір-бірінің құшақтасты,
Аймалап біраз тұрып мауқын басады.
Бір-бірінің халдарын білмек үшін,
Өзінің халінен сөз сұрасады.

Кәнизактың біреуіне дәру салды,
Есін жиып, саламат болып қалды.
Бәрін де солайша түзеткен соң,
Тамам кәнизак естерін жиып алды.

Екеуі ғишрат етіп жатты дейді,
350 Ертең және келмек боп қайтты дейді.
Шаһизада уәзірге келді дағы,
Қызбенен қосылғанын айтты дейді.

Хәкімге дұға қылды шаһизада,
Неш арманы жоқ болды дүнияда.
«Құдай қосса, бұл қызды алып қайтып,
Жатпайық көп кешігіп бұ шаһарда».

Нәркес те орнынан түрегелді,
Бақшадағы бір хауыз суға кірді.
Судан шығып киімін киінгенше,
360 Аспаннан қара бұлт жетіп келді.

Қара бұлт жақын келді жерге түсіп,
Көрген жерде Нәркестің зәресі ұшып.
Қолынан Нәркестің ұстады да,
Аспанға ап жөнелді алып ұшып.

Нәркесті аспанға алып кетті,
Артындағы нөкері зарлық етті.
«Аспаннан қара бұлт алды» деген,
Падишаға тезірек хабар жетті.

Падиша атқа мініп шығып кетті,
370 Қасындағы қыздары зарлық етті.
Шаһардан алысырақ бір заһид бар,
Падиша бұл молдаға барып жетті.

Молдаға баян қылды қыздың халін,
«Әй, молда, маған айт, — деп, — ахуалын».
Патшаға бір хабарын айтайын деп,
Ол заһид осы халде ашты балын.

Балын ашып, патшаға хабар берген:
— Мен білсем, қызыңызға залым келген.
Қап тауының ар жағында көп диюдың,
380 Падишасы бар екен Қәһқәһә деген.

Ол патша қызыңызға ғашық екен,
Алуға келіп-кету машық екен.
Қызыңыз суға барып шомылғанда,
Тезірек ап кетуге асық екен.

Патшаның балаларын жиын, — деді,
Жібермесең, болады қиын, — деді.
«Ішіндегі біреуің барып кел» деп,
Әй, тақсыр, оларға бұйыр, — деді.

Біреуі пері халқын білер, — деді,
390 Бәрі де ғашық болып жүрер, — деді.
Біреуін жіберсеңіз ол диюға,
Әлбетте қызыңызды алып келер, — деді.

Менде бір көгершін бар, алғыл, — деді,
Қондырып задаларға, салғыл, — деді.
Минут қадар басына қондырыңыз,
Тезірек қауымыңа барғыл, — деді.

Тезірек қауымыңызға жөнеліңіз,
Бір-бірден бастарына қондырыңыз.
Қайсысының басында сөз сөйлесе,
400 Соны диюға тезірек жіберіңіз.

Падиша бек қуанып қайтып кетті,
Өзінің мақамына барып жетті.
«Қызыма ғашық болған күллі зада,
Ертеге жиылың» деп хабар етті.

Ертеге падишаның балалары,
Алдына падишаның келді бөрі.
Дандан да оларменен келді бірге,
«Қайсының болады, — деп, — ғашық жары».

410 Патша айтты: — Заһидке бардым, — деді,
Нәркестен жақсы хабар алдым, — деді.
«Қәһқәһә дию алып кетті» дейді,
Соның үшін қайран боп қалдым, — деді.

Аннан соң заһид берді бір көгершін.
Шаһизадалар, тыңдаңыз сөздерім шын,
Біреуіңізді жіберсем ол диюға,
Нәркесті мұнда алып келермісің.

420 Заһид айтты: «Мен хабар білемін, — деп,
Жиылған задаларың біледі деп.
Қайсысының басында сөз сөйлесе,
Сол барып Нәркесті алып келеді» деп.

Қәһқәһә алып кеткен менім қызым,
Кім барып әкеледі оның өзін.
Жиырмаңыз біріне бермек болсам,
Маған қас болар едің он тоғызың.

Падиша задаларды жиып көрді,
Заһидтің өсиетін айтып берді.
«Басымызға келгенде сөйлесе» деп,
Бәрі де задалардың тілеп тұрды.

430 Бастарына задалардың қондырды енді,
Заһидтың айтқан сөзін қылдырды енді.
Ақырында Данданға қонғанында,
Көгершін басындағы сөйледі енді:

— Әй, Дандан, Қәһқәһәға барасың сен,
Ақылды жолдасыңа саласың сен.
Диюларды өлтіріп патшасымен,
Нәркесті халалдыққа аласың сен.

Көгершін осылайша сөйлеп кетті,
Есіткен тамам халық тамаша етті.
Дандан енді Нәркеске жүрмек болып,
440 Хәкімге жайын айтып барып жетті.

Бұлар сонда қайыққа мінбек болды,
Нәркеске мұхитпенен жүрмек болды.
Құдай қосса өлтіріп Қәһқәһәні,
Нәркесті мұнда алып келмек болды.

Бұлар сонда қайыққа мініп кетті,
Мұхиттың дариясында бір ай өтті.
Тәтті суы біткен соң «алалық» деп,
Жазираның қасына барып жетті.

Тәтті суды жазирадан бұлар алды,
450 Бір ағаш біткен екен көзін салды.
Ол ағашта жазылған бір жазу бар,
Екеуі оқымаққа келіп қалды.

Ол жазудың сөздері: «Адам, — дейді,
Бір махлұқ болса, өгар, жаман, — дейді.
Жүні күйсе яки қанаты жоқ,
Мұны сүртсе, болады тамам, — дейді.

Өгар мұның шыбығын алса, — дейді,
Сиқырларға осыны салса, — дейді.
Сиқыры диюлардың бігер деген,
460 Адамға керек екен, барса» дейді.

Бұлар алды шыбық пен жапырақтан,
Тәуекелді тіледі бұлар Хақтан.
Тағы да бір ай жүріп дариядан,
Үлкендігі пілдейін бір құс тапқан.

Құсқа келсе, қанаты жоқ бір жағының,
«Отына күйді, — дейді, — аждаһаның».
Екеуі құсқа таман жақын келді,
Мұндай халін көргенде бейшараның.

Құс айтты: — Дәрігер бол маған, — деді,
470 Мен де себеп қылайын саған, — деді.
Қай жаққа барсаңыз да алып барам,
Уағда болсын енді бұған, — деді.

Жапырақты сүртті құстың қанатына,
Шат болды Данданның рахматына.
Сүрткен халде, құс аспанға ұшып кетті,
Құданың қараңыздар күдіретіне.

Құс айтты: — Мұхташам менім атым,
Қап тауының артында мекен-затым.
Жылда жейді баламды бір айдаһар,
480 Тартамын өз баламның мехнатын.

Біз үшеуміз-екеуміз дүнияда,
Біріміздің мекені Қап тауында.
Дандан айтты: — Қәһқәһе дию қайда?
Шамаң келсе, жеткізің мені сонда.

Құс айтты: — Бір айлық азық алың,
Үстімізге екеуің мініп барың.
Дарияда бір айдай ұшқаннан соң,
Өз үйіме жетемін, құлақ салың.

Екеуі дәл бір айлық азық алды,
490 Мұхташам енді ұшуға қанат салды.
Бір айдай дарияда ұшып жүріп,
Мұхташам ұясына келіп қалды.

Бұларды ұясына тастап кетті,
Өзі және аспанға ұшып кетті.
Бір күн ұшып ауада жүрді дағы,
Данданға уәзірменен келіп жетті.

Құс айтты: — Екеуіңіз енді сақтан,
Айдаһар келе жатыр мына жақтан.
Шамаң келсе, Данданым, өлтіріп көр,
500 Тілейін медет[деп] мен де Хақтан.

Данданға айтты бұлай жақын келіп,
Екеуі сақтанады мұны біліп.
Құсқа айтты: — Мені алып бар ана ағашқа,
Иншалла, өлтірем[оны] пара қылып.

Данданды бір ағашқа қондырады,
Өзінің айтқанындай қылдырады.
Мұнда бұлар бекініп тұрғанында,
Айдаһар да ағашқа құлдырады.

Айдаһар үлкен таудай келді жетіп,
510 Дандан өте берді дір-дір етіп.
Қасынан өтіп бара жатқанында,
Қылышпен салды басқа қаһар етіп.

Айдаһар екі бөлек өліп қалды,
Жер жүзі қызыл қанға толып қалды.
Бір сызғырған дауысы айдаһардың
Мағриб пен машриққа жетіп барды.

Мұхташам дауысын естіп келді жетіп,
Қуанды өлгеніне шаттық етіп.
Данданның келді дағы қолын өпті,
520 «Өлтірдің, — деп, — менім де сөзім күтіп».

Аннан соң түгінен берді біраз жұлып,
Отқа салсаң менен сен үміт қылып,
Осы жүннің иісімен саған келем,
Алдыңа келіп тұрам, өзір болып.

Диюдy бұлар құсқа мағлұм етті.
Данданды ұшырып алып кетті,
Неше күндер ұшқанда ол екеуі,
Екі айырылған бір тауға келіп жетті.

Ұяға тастап кетті ол Хәкімді,
530 Үш күндей ұшып бұлар жүре берді.
Екі тау қосылады, айырылады,
Қайран боп Мұхташам көзі көрді.

Құс айтты Данданға: — Мына тұрған,
Диюлар екі тауды сиқыр қылған.
Мен енді өте алмаймын екі таудан,
Қылатұн қайлаң бар ма енді бұған?

Дандан сонда сол жерде ол шыбықты
Оқтай атып, ол тауға оны соқты.
Шыбықты атқаннан соң тау жоғалып,
540 Мұхташам бір күн ұшып әрмен шықты.

Бір күн ұшып тағы да жүреді енді,
Жанып тұрған бір отты көреді енді.
«Осы тұрған — диюдың сиқырлары»,
Данданнан Мұхташам тіледі енді.

Дандан тағы оқ атты ол шыбықтан,
Мұхташам тағы ұшып әрмен шыққан.
Бір мағара көрінді алдарында,
Көздерін бұ екеуі салып баққан.

Құс айтты Данданға: — Бұ мағара,
550 Қәһкәһә мақамы, бермен қара.
Бұл мағара ішінде Қәһкәһә бар,
Шамаң келсе, қылыңыз пара-пара.

Бір жаққа осы жерден кетемін мен,
Бұл жерді сенсіз нетемін мен.
Керек болсам, жүнімді тұтатсаңыз,
Алыстан қасыңызға жетемін мен.

Шаттанып Дандан жерде тұрды,
Келуге мағараға енді жүрді.
Тағы да бір зор есік көрінеді,
560 Есік ашып, ішіне еніп кірді.

Кіріп барса, ол дию бір мұнара,
Басын қасып отыр екен қыз бейшара.
Данданға айтты: — Бұ жерге келдің бекер,
Енді сені қылмасын пара-пара.

Диюға тәуекел деп салды қылыш,
Өлтіріп **шаһизада тұрды тыныш.**
Қыз келіп Данданның қолын өпті,
— Һеш жаққа келмеймін[мен] сенен бұрыс.

Мәлике бану болады атым, — деді,
570 Машриқ жақта болады жұртым, — деді.
Пикин деген болады өз шаһарым,
Осылай менім саған датым, — деді.

Жеті жылдай сарғайдым мұнда жетім,
Мағұл патша болады менім атам.
Азрақа деген дию алып келіп,
Мұнан басқа жоқ еді **һешбір қатам.**

Шаһизада, артық-дүр күш, қуатың,
Маған сал шамаң келсе мархабатың.
Қап тауында қалдырмай мені, — деді,
580 Кәнизагың мен болайын, алып қайтың.

Дандан айтты: — Сен тұршы осы жайда,
Жаман-жақсы болмағың бір **Құдайда.**
Сені мен қалдырмай-ақ кетер ем,
Әй, Бану, Қәһқәһә мен Нәркес қайда?

Қыз айтты: — Сұрасаңыз хабар, — деді,
Олар да осы жерде болар, — деді.
Мына жерде тағы да бір есік,
Оны ашсаң, табылар олар, — деді.

Дандан тағы біразырақ жерге жүрді,
590 Алдында қарсы тұрған есік көрді.
Есікті қатты жұлып ашты дағы,
Ішіне қаһарланып кіріп келді.

Бү дию жасынан болған ғашық,
Шаһизада жетіп келді асып-сасып.
Қаһарланып ол Дандан келіп кірсе,
Диюдың Нәркес отыр басын қасып.

- Диюдың қыз түсірді басын жерге,
Құшақтап амандасты Дандан ерге.
— Мына дию өлтірер сізді қазір,
600 Ғашығым, неге келдің осы жерге?!
- Құсқа мініп келдің ғой, Дандан зерек,
Байқасам, тамам жұрттан ақылың бөлек.
Менен басқа саған бір қыз табылмай ма?
Қор болмай, шаһизадам, кету керек.
- Диюды оятуға қылды барыс,
Аяғына қылыш тықты жарты қарыс.
Дию сонда «а-а» деп ояныпты,
Қарасаң сипатына бір жолбарыс.
- Сен келмесең, орныңды басар едім,
610 Қаныңды судан жаман шашар едім.
Нәркесті аламын деген үшін,
Сені әкеп, көуап қып асар едім.
- Енді келдің алдыма менім, — деді,
Енді жаның қалмайды сенің, — деді.
Өзім барып, сені мен өлтірмекші ем,
Қис-лақис тәңірім өзі берді, — деді.
- Мұны айтқанда диюға салды қылыш,
Екі жарып көпірді тұрды тыныш.
Нәркеспенен екеуі шықты дағы,
620 Мәликебануды алуға қылды жүріс.
- Әй, Нәркес, сен осында тұрғыл, — деді,
Меніменен уағда қылғыл, — деді.
Мәликебану бір қызға уағда еттім,
Оны мен алып келем, білгіл, — деді.
- Мұны айтып ол Дандан шығып кетті,
Мәликебану қасына барып жетті.
Нәркес жоқ мағараға қайтып келсе,
Екеуі қайран қалып тамаша етті.

- Мұхташамның жүнін салып от тұтатты,
630 Қасына Данданның келіп жетті.
— Әй, Мұхташам, сен оны білемісің,
Мәликебанудан қайта келсем, Нәркес жоқ-ты.

Құс айтты: — Мен айтайын оның жайын,
Бұл өзі білмесеңіз үш ағайын.
Қәһқәһә, Азрақа Афласа менен,
Оларды күшті қылған бар Құдайым.

- Афласа мұнда Нәркеске келген шығар,
Қәһқәһәны өлтіргенін білген шығар.
Анасына Афласа айтқан халде,
640 Қис-Лақис Нәркесті ұрлап алған шығар.

Қис-Лақис — мың жасаған жаны, — дейді,
Көп дию «Тәңір» дейтін оны, — дейді.
Оның мен білдірейін жайын айтып,
Осылайша, Данданым, халі, — дейді.

Өзі және сиқыршы бегірек асқан,
Жанынан адам түгіл пері қашқан.
Мұхташам осыны айтып тұрғанында,
Бір кемпір бір тас алып, қадам басқан.

- Құс айтты: — Келе жатыр осы қатын,
650 «Қис-Лақис» деп айтады мұның атын.
Сиқыр қылмай тұрғанда, бұрын атқыл,
Әйтпесе сен көресің ғаламатын.

Шаһзада мұны естіп бір оқ атты,
Сол жерде көпір малғұн өліп жатты.
Бір «қиқө» деп атқанында жығылыпты,
Мұнан бұрын салдылар ғаламатты.

- Мұны көріп көп дию жабырласты,
Қолына бір-бір таудай алды тасты.
Шаһзада дем алмай бәрін атып,
660 Қандарын көпірлердің судай шашты.

Атқанда құйрығы үзіліп, жерге түсер,
Кәпірді шаһизада оқпен тесер.
Жаныменен қимылдап жерге түссе,
Мәликебану қылышпен басын кесер.

Қасына шаһизаданың келмеділер,
Бірі де соғысам деп тұрмадылар.
Ауада бір-біріне хабар беріп,
«Кетейік бұл бөледен» деділер.

670 Мың жасаған Тәңірісін өлтірді енді,
Жанына тұғры қаза келтірді енді.
«Мұнда тұрмай, алысқа кетпек керек,
Қиратып бәрімізді бітірді енді».

Бәрі де мұны айтып кетті қашып,
Шаһизада қырған соң қанын шашып.
«Нәркес қыз қайда маған хабар бер» деп,
Отырды Мұхташаммен ақылдасып.

680 Құс айтты: — Алтыннан бір сарай бар,
Бұ сарайға жетпейді неш сарайлар.
Есігін тап ішінен бекіткен-дүр,
Ішінде Нәркес пенен Афласа бар.

Шаһизада таң қалады қайран болып,
Жетіп келді жүрегі ойран болып.
Есігін бір таспенен ұрып еді,
Сол жерде бұзылады талқан болып.

Афласа есіктен шығып кетті,
Аспанға Данданды алып өтті.
Теңізге алып салам дегенінде,
Мәликебану қасына келіп жетті.

690 Қылышпенен Мәликебану салып қалды,
Афласа таудай болып өліп қалды.
«Мархаба патша қызы, әй, Бану» деп,
Шаһизада шаттанып қабыл алды.

Бір-бірі Нәркеспенен құп көрісті,
[Қыз]бенен ғашықтық сөз сөйлесті.
Үшеуі Мұхташамға мініп алып,
Бұл құстың ұясына келіп түсті.

Өткізді ғишратпенен ерте уа кеш,
Шаһизада мехнатқа уайым жемес.
Аман-есен көрісіп Хәкімменен,
700 Бар көрген әңгімесін қылды кеңес.

Мұхташам қызмет қылды қабыл көріп,
Ғешқайда босанбады мойын бұрып.
Азық алып мінісіп Мұхташамға,
Дариядан жерге түсті бір ай жүріп.

Мұхиттан аман-есен өтіп алды,
Бір айда қара жерге жетіп қалды.
Шаһизада бұл құсқа дұға қылып,
Қайтарып мұны азат етіп салды.

Мәликебану бір тал шашын қолына алды,
710 Күйдіріп сол арада отқа салды.
Бұл шаштың түтеткен иісіменен,
Бірталай көгершіндер келіп қалды.

Біреуі арасында тақытқа мінген,
Амандасып Мәликеге қарсы келген.
Мәликебану айтты бұларға: — Шаһарыма,
Қонақ болып қайтсақ, — деп жауап берген.

Адамның суретіне бәрі кірген,
Қарсыласып Мәликеге сәлем берген.
Сілкініп сол арада көгершіндер,
720 Жиылып адамзаттар болып жүрген.

Мәликебану шаһизадаға: — Сізге, — деді,
Мен бір ақыл айтайын сізге, — деді.
Пикин деген шаһарым бар-дүр менім,
Қонақ болып қайтайық бізге, — деді.

«Құп болар» деп бәрі де мінді тақытқа,
 Құдай-а, мен пақырды өзің сақта.
 Мәликебану шаһары Пикин деген,
 Перілер алып келді бір сағатта.

730 Мәликенің қарсы шықты ата-анасы,
 Қызы үшін көзінен ағып жасы.
 Аман-есен көрісті бір-біріне,
 Жол болды жер мен көктің екі арасы.

Уақиғаны бастан-аяқ айтты бәрін,
 Білісті күллі адамдар ахуалдарын.
 Мағрип пен машриққа хабар кетті,
 «Нәркесті диюдан алғандарын».

740 «Дандан бала Қәһқәһәға барды» деген,
 «Нәркес пен Мәликені алды» деген,
 Төңірек төрт бұрышына кетті даңқы,
 «Қис-Лақис пара болып қалды» деген.

«Жазасын бұ малғұнның берді» деген,
 Жаман екен Қис-Лақис негізі деген.
 Мәликебану сұлуға ғашық екен,
 Баласы — Мәржум патшаның Синсизи деген.

Жүз мың әскер жиып алды қасына,
 Қайраты бұ малғұнның асып енді.
 «Соғысып, Мәликебануды аламын» деп,
 Жетіп келді шаһарын басып енді.

750 Ол Синсизи Данданға елші салды,
 Бұ дағы бұл елшіден хабар алды.
 «Ықтиярмен берейін Мәликебануды,
 Нәркеске тимесін» деп хабар салды.

Синсизиге жауап айтты елші барып,
 Дандан мен Мағұл патшадан хабар алып.
 Бұ сөзді есіткен соң ол Синсизи,
 Елшіге сөз сөйлейді ашуланып.

- Мен өзім соғысуға тұрамын, — деп,
Нәркеске мойынымды бұрамын, — деп.
Бқтиярмен бермесе бұл Нәркесті,
760 Данданды шаһарымен қырамын, — деп.

Елшіге тағы Дандан айтты сөзін:
— Қимайды бұ Нәркесті менім көзім.
Дандан айтты елшіге: — Бара тұршы,
Ертеңгі күн соғысайын менім өзім.

Оның сөзін мақұл деп көре алмаймын,
Екіншілей қасына келе алмаймын.
Мехнат шегіп неше жыл жүргенімде,
Соғыспай, бұ Нәркесті бере алмаймын.

- Әскеріне бұл елші хабар етті,
770 Синсизі патшаға барып жетті.
«Ертеге Данданменен соғысамыз» —
Синсизі әскеріне өмір етті.

Мұны айтып Синсизі ұйықтап қалды,
Бір заманда өзіне көзін салды.
Аяқ-қолы байлаулы зынданда тұр,
Мұны көріп Синсизі қайғыланды.

- Ертеңменен Дандан ер киім киді,
Соғысқа өз басының қамын жеді.
Мәлике сұрды: — Қай жаққа барасың? — деп,
780 — Синсизімен соғысуға барам, — деді.

Мәликебану күлді де жауап берді:
— Өңкей жыннан бұйырдым тамам ерді.
Жүз мың әскер кісісін өлтірді де,
Патшасын зынданға салып берді.

Зынданға қолын байлап салдым, — деді,
Кегіңді, сөйтіп содан алдым, — деді.
Әскері өліп, өзі қолға кіргенінде,
Соғысуға енді кімге бардың? — деді.

790 «Синсизиді алып кел!» деп өмір етті,
Алдына шаһзаданың алып кепті.
— Біқтиярмен Мәликені бермек едім,
Қадірін білмедің оның, — депті.

Енді өзім Бануды алдым, — деді,
Сені енді өлімге салдым, — деді.
Өзіңнің төкапшарың тапты өзінді,
Әй, малғұн, арманда боп қалдың, — деді.

Синсизидің жалладтар терісін сойды,
Сабан тығып, көшеге іліп қойды.
Ол күні Мәликебануды Дандан алып,
800 Тамаша бұ шаһарда қылды тойды.

Тағы да бірнеше күндер өтті,
Нәркестің шаһарына келді жетіп.
Анда барғаш, Нәркеске ата-анасы
Қуанышты той қылды тамаша етіп.

Алты айдай шаһзада тұрды сонда,
Ерте-кеш ойын, тамаша қылды сонда.
Өз үйіне қайтып кеп ата-анасы
Ойынның қызықтарын құрды сонда.

810 Жолдасы Хәкім қызын тағы да алды,
Уәзір байғұс Данданға ата болды.
Бұ сапарда үш сұлу қыздарды алып,
Шаттанып шаһзада көңілі толды.

Алты айдай патша болар өз орнында,
Үш айдай Нәркестің шаһарына.
Үш ай патша болады Мәлике шаһарына,
Данданның кім пар келер қаһарына.

Үш айдай патша болды үш шаһарға,
Дүнияда кім пар болар Дандан ерге.
Нәркесті осылайша алғандығы,
820 Жайылды заманында һәр бір жерге.

Нұсқа екен кітабында сөйлер сөзі,
Бұрын өлең болмаған мұның өзі.
Жай сөзді өлең қып шығарам деп,
Ақылбек бейшараның талды көзі.

Мұнымен жазған қиссам болды сегіз,
Сөйлесем, таусылмайды сөзім теңіз.
«Әдһәмді» болған соң, мұны жаздым,
828 Оқыған жан, Ақылбекке рахмат деңіз.

Қисса Зияда, Шаһмұрат

Бағдат Мысыр бірлән — екі үлкен шәр,
Сарғайүр қайғы бірлән мағшұғы бар.
Ирамбақ перілердің ойнағы екен,
Азапты жолы қиын бек кіріптар.
Екі ғалам жаһанда Хақ Тағала,
Һәркімге хасыл қылсын нұр сипаттар.
Уасифін көріп түсінде перізаттың,
Көп бағлан сапар шеккен қара піл, нар.
Ақырында Құдайым қосылдырған,
10 Неше жыл қасірет бірлән болса да зар.
Расул өткеннен соң дүние салып,
Артында хүкім қылған төрт шаһариар.
Солардың заманында жиһан кезген
Сөйлейін бір жігіттен сөз қиссалар.

Мысырда бай болған мүлкі толған,
Нұр сипат қайғы көрсе, бір күн солған.
Бір ханның Зада деген дәулеті асқан,
Жиһазы мың шаһармен бірдей болған.

Гауһары сексен базар түзілмеген,
20 Саудасы жер қалмады кезілмеген.
Өзі де бір керемет әділетті,
Шынжыры тұғры түсіп үзілмеген.

Салдырды мың бір сарай, тоқсан тақты,
Бағында бұлбұл сайрап, сулар ақты.
Безентіп лағыл, інжу, зүбәржатпен,
Зүлфіден тақ орнатып, гауһар шапты.

Дәулетпенен биниһаят сарай салып,
Бек әділ хан болыпты аруақты.

- 30 Тексерген шарифатпен әділ жүзін,
Күллі жан қабыл көрді айтқан сөзін.
Айбынып һайбатынан көп падиша,
Көруге жарамайды басқан ізін.
Ақылы әділі мен тең болған соң,
Исламға хан қылыпты жалғыз өзін.
Екі қыз, бір ұл болды падишадан,
Тұтатын сұлулықпен күннің көзін.

- 40 Шаһмұрат патша ұғылы жеті жаста,
Ғаламнан сұлулығы еркін асты.
Атадан Зада хандай бала туып,
Дүшпанның талай қиын көңілін басты.
Шаһардан бай мен бектің ұлын жиып,
Мысыр[да] бойдақ жолдас өңкей жасты.
Жасынан шаһизада сейіл құрып,
Өсірді жапан түзде ғаріп басты.
Аш белбеу, алтын айдар ханның ұлы,
Екі қыз Хорлы — Ғайын жұпар шашты.
Тең болып төрт құбыласы шаһзаданың,
Көтерді мың жарым пұт қара тасты.
50 Жасынан батыр, палуан болғаннан соң,
Байлапты аш беліне жек алмасты.

Гауһар тас кемер белбау салтанатты,
Мінеді боз арғымақ жан салмасты.
Астары торғын, жібек, торқа, жақұт,
Киеді алтын жаға күн шалмасты.
Зілзала жер мен көкті талқан қылған,
Айырды алтын тақтан көп болмасты.

Екі ханшаның баяны

Ханшаның зүбәржаттан шарбағы бар,
Ханзада нәсілі патша сабағы бар.

- Ақ маңдай, қас зүбәржат, көзі гауһар,
 60 Назы көз, қиғаш қара қабағы бар.
 Нәсілі адамзаттан болса дағы,
 Безегей хор қызына тамағы бар.
 Көрмей жүзін, естіген көп бозбала
 Болады екеуіне шала құмар.
 Нөкері екеуінің елу төрттен,
 Ғешбірінің бір міні жоқ адам сынар.
 Ұқсайды һәрбірісі ай мен күнге,
 Қыз емес айта берсе көңілін тынар.
 Сипатын шын мүбәрак көрген жолы,
 70 Жігітте тағат қалмас мүлкін санар.
 Елу төрт қыз қойнында райхан гүлі
 Шам-шырақ панарындай күнде жанар.
 Күн батса қос ханша пәрмен қылып,
 Көшеге жақтырады лағыл панар.
 Неткен пенде екеуіне қосылар екен,
 Неше жыл қасірет бірлән болса да зар.

- Ұқсайды тоты құсқа бас игендері,
 Пердесін сурет қылды түргендері.
 Жиһанның ләулік нұры жан ләззаты,
 80 Сайраған бұлбұлдайын күлгендері.

Бейне хор жүрулері бұраңдаған,
 Ғеш пенде тағат қылып тұра алмаған.
 Екеуін ай мен күн деп ойлайды екен,
 Өгарда біреу көрсе сұралмаған.

Адамнан артық туған екі ұлғат,
 Бітпейді һеш пендеге мұндай тұлғат.
 Аршын төс, алтын сипат қос ханыша,
 Құдайым хасыл қылған қандай сипат.

- Ұжмақтай иісленген қойындары,
 90 Бағында бұлбұл сайран ойындары.
 Инжуден отыз тісі, ерні лағыл,
 Ақ тамақ, алтын иек мойындары.

Сайраған бұлбұл, тоты бау-шарбағы,
Саф гауһар перде жапқан алтын тағы.
Көмейі — халуа-шекер, тілі — балдан,
Сықылды піскен жүзім бет пен жағы.

100 Меруерт кірпіктері бейне тізген,
Ұқсамас адамзатқа көзін сүзген.
Мас болып, дидарына талып қалып,
Жанынан көрген адам күдер үзген.

Болмаған һеш пенденің мұндай түрі,
Шаһары сауық қылар елең-жыры.
Сипаты бұған теңдес адам болмас,
Құданың мансаптаған ләулік нұры.

Бұлардың дүниеден артық сәні,
Падишаның қосымша меһірбаны.
Көрсетсе мысал үшін бір тал шашын,
Жаһанды жарық қылар раушаны.

110 Һешбірін қияр емес бөтен жарға,
Бұйыртсын Хақ Тағала мағшұқ жарға.
Ғаламат ай мен күн деп ойлайды екен,
Көрінсе қос ханыша пенделерге.

Әлемге мәшһүр олған мұның сәні,
Шықпаған тал бойынан һешбір міні.
Сарайдан нұры шығып жарық қылған,
Шаһарда қап-қараңғы айсыз түні.

120 Сұрасаң, қос ханыша Хорлы — Ғайын,
Құдайым артық қылған осындайын.
Бірі — он жеті, біреуі он бес жаста,
Мағруф құлға берген туған айын.

Сарайы Ирамбақтай шарбағы бар,
Нөкері жүз сегіз қыз, айтсам жайын.
Бек бірлән сұлтан қызын нөкер қылды,
Шаһардың былай қойып өңкей байын.

Кеулесе саф лағылдай тарантасы,
Пар жегіп он арғымақ қылды дайын.
Қырық күндей ат шаптырып той қылады,
Сейілге ханның қызы шыққан сайын.

130 Көшеден бір өткенде жүзін көрген
«Түсіме енсе екен» деп зары қылған.
Сипаты елу төрт қыз екеуіндей,
Жағынған опа-далап иісті майын.

Мекені Зада ханның — Мысыр жері,
Ойнағы өңкей араб талапты ері.
Бәрінен сипаты артық екеуінің,
Тұлпардың сағым жетпес ақтаңгері.

140 Ханшаның отыз тісі меруерттен,
Мүшесі, кеудесі алтын, зүбәржаттан.
Райхан гүлі біткен екі қолы,
Безенген алтын, інжу, шын жақұттан.

Арабтан бұған ғашық талай батыр,
Пердесі алтын тақтың торғын шатыр.
Желпиді нөкерлері хайла бірлән,
Ішінде қос ханша ұйықтап жатыр.

Пердесі саф лағылдан жібектері,
Ақ маңдай, нұрлы сипат иектері.
Ғашық қып көп патшаны диуана етті,
Суғарған аб кәусәрдан сүйектері.

150 Безеген алтын бутал құлақтары,
Сан патша ғашық болған балалары.
Қарасаң сағымданып көз жетпейді,
Қолының созған гауһар салалары.

Бағында баға болмас інжу қақпа,
Бұлбұл құс, сандал ағаш, сулар ақпа.
Сыртынан нұры балқып мас қылады
Пердесі, бір қарасаң алтын таққа.

- Халайық әділ көрді Зада ханды,
Падиша шапағаткер меһірбанды.
Шаһардан түстік жерге иісі шығып,
160 Мас қылар маңайында тамам жанды.

Сарайдан күнде соққан нұрдың желі,
Мас болды маңайында мұқым елі.
Орнаған ләулік нұры Хорлы — Ғайын,
Адамнан асып туған бұраң белі.

Бап. Бағдат патшасы илә Мұхтар шаһтың қиссасы

- Болыпты талай патша бұл арапта,
Зададай һәрбіреуі шартарапта.
Бір ханның бұған теңдес салтанаты,
Жүргізген мыңдап әскер жүз карапта.

- Дәулеті аның дағы жан жетпеген,
170 Уақытында бір өзіндей жан бітпеген.
Бір өзі билегені — жеті түрлі ел,
Жарлығын падишаның екі етпеген.

Задаға заманында тең болыпты,
Тең келмес онан басқа патша тіпті.
Тоты құс, бұлбұл гуя бау-шарбағы,
Бір өзін отыз мыңдай нөкер күтті.

- Асыпты талай хадінден салтанаты,
Әлиден Шаһимардан арғы заты.
Задаға заманында тең болыпты
180 Дәулеті биниһаят, Мұхтар аты.

Билепті халқын жақсы әділдікпен,
Қымбатты бұл жүргізген һәр түрліктен.
Мың сарай салдырыпты безендірген,
Ішінде тоты сайрап түзендірген.
Қақпасы тоғыз есік зүбәржаттан,
Жүз кісі қарауылшы кезендірген.

Шарбағын жасатыпты мрамордан,
Жаралған арғы заты ләулік нұрдан.
Тұрағын Бағдат шаһары деп айтады,
190 Бағасы неш болмайды мұндай қорған.

Елінің ханы болды жақсы көрген,
Сейілде сансыз әскер қасына ерген.
Алса да неше қатын бала көрмей,
Меккеде үш мың түйе нияз берген.

Еліне әділдікпен қылды жарлық,
Пендеге жаман емес қолда барлық.
«Иесіз өлсем тағым қалады» деп,
Құдайдан бала тілеп қылды зарлық.

Бір бала нәсіп етті бір Құдайым,
200 Тарқады қайғылы шер, сары уайым.
Зияда деп ат қойды баласына,
Аты екен анасының Мұлғұзайым.

Жалғыз ұл Мұхтар ханнан туды манап,
Сипаты артық жамал, қызыл далап.
Бір де болса бағасы сан патшаға,
Жүріпті жеті жаста әскер санап.

Жетіпті Зияданың көміл жасы,
Артылды талай ханнан ғазиз басы.
Атасы ұғылына орнын беріп,
210 Болыпты Бағдаттың падишасы.

Дәулеті Зада ханмен тең болыпты,
Тең келмес онан басқа патша тіпті.
Тоты құс, бұлбұл гуя бау-шарбағы,
Бір өзі отыз мыңдай қол күтіпті.

Мұхтар деген хан болды
Бағдат шаһары ішінде.
Гауһардан шамын орнатқан
Мүбәрак құтты кешінде.

- Разы болмақ пендеге
220 Алланың қылған ісіне.
Хан ұғылы Зияда ғашық болған,
Хорлы — Ғайын сипатын түсінде.

- Бағдатта Мұхтар ханның дәулеті асқан,
Шаһарға құдайы қылып қазына ашқан.
Данышпан ақылы артық сан патшадан,
Халқына әділімен пәрмен шашқан.
Уәзірі һәрбіреуі бір патшадай,
Қисабы қырық жеті екен ақылдасқан.
Шетінен жауға шапса мың кісілік,
230 Бұлардың жан болмаған көңлін басқан.
Зияда Мұхтар ханның жалғыз ұғылы,
Түсінде Хорлыменен сұхбаттасқан.
Оянса, туған айдай мағшұғы жоқ,
«Дариға, бұ қалай?» деп жаман сасқан.

Көңіліне қиял кірді осылайша,
«Кірген жоқ Хорлы — Ғайын түске жайша.
Шын менің жарым ба екен Құдай қосқан
Бұрынғы ер Баһрам мысалынша».

Зияда Хорлы—Ғайынды түсінде көріп жоқтағанының баяны

- Оянған соң жылайды,
240 «Дидарын қашан көрем» деп.
«Жерін білсе бір адам,
Дүние малын берем» деп.
Азық сайлап, ат жиды,
«Хорлыны іздей жүрем» деп.
«Шын туған болсам Мұхтардан,
Түсіме енген махбұбтің,
Бір хабарын білем» деп.
«Мен — ақ сұңқар, ол — аққу,
Көп көлдерден көрінсе,
250 Көлденеңнен ілем» деп.
Хат жазады Мұхтарға:
«Рұқсат берсе хан ием,

Хасыл мұрат Алладан,
Жарымменен ойнап-күлем» деп.

- «Әуара қылды бұ түсім
Он төрттен-он бес жасымда,
Ғеш нәрсені ойламас
Хан балиғы басымды.
Түсімде көрген суретке
260 Бір жерде тұрмас жүрегім,
Іше алмаймын асымды.
Рұқсат беріп жөнелтсін,
Атекем келіп таратып
Алтын айдар шашымды.
Түсімде көрген нұрлы жоқ,
Оянған соң сипасам,
Алтын тақыт қасында-ай.
Сапарыма жүргізсін,
Сұраған беріп ісімді.
270 Қасірет-қайғы сарғайтты
Нұр сипатты түсімді.
Қай етейін, нұрлы жамалың
Ойлағанда кетірур
Әл-қуатты күшімді.
Шыдап үйде тұра алман,
Сабыр, хайла қыла алман,
Күйдірур дертің ішімді.
Балам десең, атекем,
Рұқсат беріп, әзірле
280 Маған қосар кісіңді.

Асыл туған нұрлы жан,
Ғашық болдым уасифіңе,
Түсімде көрген өңінен.
Шын уағда байласып,
Халал жұфұты болмаққа
Құшақтап еді мойнымдан.
Түске кірген нәрсенің
Қайғы[сы] қатты, дариға,
Оянып кетсем таңертең,

- 290 Кетіп қапты қойнымнан.
Тұра сала іздедім
Пердесі алтын тағымнан,
Іздеп хабар таппадым
Сайраны бұлбұл бағымнан.
Халыққа хабар шаштырдым,
Біле ме деп бір адам
Бағдат шаһары жағымнан.
Тінтпеген жерді қоймадым,
Бұлбұл сайрап, гүл шыққан
- 300 Дария, теңіз ағымнан.
Пері ме, адамзат па екен
Түсімде көрген Хорлыжан?
Тапсырамын сәлемді
Жел бірлән ұшқан сағымнан.
Бөгелемін іздеуге,
Атам бірлән анам бар,
Қайран басым, хан басым,
Он бес жасар шағымда.
- Басыма қайғы түсті осылайша,
310 Кірген жоқ Хорлы — Ғайын түске жайша.
Барат кешесіндей он төртінші
Сипаты мәшһүрленген туған айша.
- Ғеш сабыр ете алмаймын өзін көрмей,
Хорлының түсіме енген қасына ермей.
Есімді сағат сайын ұмытпасқа,
Жүзікті лағыл жапқан қолдан бермей.
- Пері ме, адамзат па, біле алмадым,
Қайғысы ішке енген соң күле алмадым.
Таңертең көзімді ашсам қасымда жоқ,
320 Жүрегім күл-ойран боп тұра алмадым».

Зияданың Хорлыны жоқтап айтқан газалы

— Нұр сипатты Хорлыжан,
Сипатың естен кетер ме-ай?!

- Хасыл қылып мұратқа,
 Жасаған Ие Құдайым
 Қуаныш көңілін етер ме-ай?!
 Пері десем — белгің жоқ,
 Адамзат десем — артықсың,
 Пендеге ұқсар белгің жоқ.
 Ирамбақ болса шаһары,
 330 Адамның ұғылы жетер ме-ай?!
 Шын мағшұғын іздемей,
 Талапты жігіт жетер ме-ай?!
 Кеше-күндіз қайғысы,
 Зердесі болса бойында,
 Қосылмай тағам татар ма-ай?!
 Ханның ұғылы болған соң,
 Мүкаммал жиһан толған соң,
 Хорлыдайын махбүбті
 Дүниелікке сатар ма-ай?!
- 340 Шаһзада осылай деп қайғыланды,
 Тек емес нәзікүлік мың мен санды.
 Ақылдасып жол-жөнін сұраймын деп,
 Жидырды шаһардағы біткен жанды.
- Падиша шаһарына пәрмен етті,
 Хабары жүрем деген көпке жетті.
 Тәж бен тақ, мал-мүлкінден қабат безді,
 Хорлыдай іздеймін деп алма бетті.
- Мұхтардың әділ патша арғы тегі,
 Жиылды ақыл айта өңкей бегі.
 350 Баласын падишаның ортаға алды
 Шаһардың сайыпқыран қаракөгі.

Шаһзадаға молдалар[дың] тоқтау салғаны

Молдалар кітап ашыпты
 Хикаяттың сөзінен.
 — Ғашық бопсың бір қызға,
 Түсте көрген кезінен.

- Лағыл, гауһар мүшесі,
Райхан шырақ көзінен.
Жаның қиып сапарға
Шын іздегің келеді,
360 Бір күн айтқан махбүбің
Халуа-шекер сөзінен.
Перілер екен ғашығың,
Іздеп мүмкін болмайды,
Хабар алмай өзінен.

Бап. Шаһзаданың молдаларға жауап бергені

- Молдалар, мына сөзің жарамайды,
Жаманды жақсы адамға баламайды.
Ер жігіт ғашық болса қасіретті,
Халқына дүниелікпен қарамайды.
- 370 Іздемей тұра алмаймын Хорлыжанды,
Жолына сарып қылдым шариф тәнді.
Байласқан қатты уағда, қайран мағшұқ,
Қосылмай ойламаймын патша-ханды.
- Бір сөзін сөйлегенде бұлбұл еткен,
Түсіме енгеннен соң есім кеткен.
Сипатын неше түрлі айта берсем,
Хор қызы тырнағына өрең жеткен.
- 380 Хан басым қапа болды қайғы басып,
Сүйегім әділ затты кетті жасып.
Ағалар, мені жолға жүргізе гөр,
Атаммен Мұхтар патша ақылдасып.
- Ғашықтан маған жеткен қасіретті оқ,
Түсімде бір қыз салды ішіме шоқ.
Мекенін сапар жүріп іздемесем,
Жанымнан үйде отырып үмітім жоқ.
- Атамның жалғызы едім балам деген,
Хан қылып, талайдан кек алам деген.

Ел-жұртым, алтын тағым, Бағдатым,
Ойлап па ем тірі айырылып қалам деген.

Мұхтар патшаның ұғылы зарлаганы

390 Мұхтарға хабар жетті мына сөзден,
«Жалғызым, қор болды екен қандай кезден.
Сорым, — деп, — қартайғанда бұ да болса»,
Жас ақты қан аралас екі көзден.

— Қайтейін, жалғызым ең алдыма алған,
Алтын тақ алпыс түрлі перде жапқан.
Жүзінді көрген тұрмас деуші едім,
Мұндай іс ақырында Құдай салған.

Өтіпті бізден бұрын Абдолла шаһ,
Қайғылы бұл неткен іс, қасірет, аһ.
Қыз үшін Малатияда өлген екен,
400 Дәл соның болады ғой жалғыз уәншаһ.

Зияданың анасының газалы

— Құлыным, кетемісің тірі тастап,
Салыпты мұндай іске Құдай бастап.
Зар жылап ханым шықты ордасынан,
Басының шашын жайып, жалаңаштап.

— Тоғыз ай сені көтеріп,
Толғатып үш күн туғызған.
Сылау май қылып жұпардан,
Аб кәусармен жуғызған.
Сәлде киіп, тәж салған,
410 Гауһармен белін буғызған.
Қамалға шапса жау алып,
Дұшпанның көңілін суғызған.
Саяға шықса сан батыр,
Тұлпармен тағы қуғызған.

Асыл туған, жалғызым,
Бағдаттың затынан.

Мейірім түскен туғанда,
Зияда деген атыңнан.
Тұрмайды деп ойлаушы ем
420 Бұл шаһарға бітпеген,
Тұрпаты бөлек затыңнан.
Түсінде көріп бір қызға,
Жас құлыным, жалғызым,
Тағаты кеткен жасынан.

Пері болса келді екен
Қай шаһардың елінден?
Қап тауы ма екен келгені,
Дария, мұхит көлінен.
430 Іздеп адам бара алмас,
Періден қызды ала алмас,
Құры жылап сәлем айтпаса
Сағымның соққан желінен.
Топ ішінде көрнекті,
Сейілде жүрген Зияда
Гауһар түсті белінен.
Жылап пайда таппайды,
Хорлыжан деп зар илеп,
Көзінен аққан селінен.

Түсінде көрген қыз үшін
440 Безіпті алтын тағынан.
Атлас көрпе, мамық жай,
Пердесі торғын ағынан.
Жасында түсті бір қайғы,
Бейнеті көп боп бағынан.
Қадірлі ханның заты еді,
Кетеген ұлан қағынан.
Қызды солар біледі,
Жіберіп кісі сұраңыз.
Баһрам, Шаһбал мекені,
450 Шаһары Мысыр жағынан.

Ханым бірлән хан жылар,
Ұғылының қайғы жағынан.

- Түсінде көрген бір сурет
Кетпеді деп ойынан.
Жылаумен қайтіп жөнелтем,
Қайран, балам, тарқамас
Іштегі қайғым молынан.
Зияда жаным туғанда,
Елі-жұрты жиылып,
460 Келіп жеген тойынан.
Ей, тұлпарым, жалғызым,
Ғашық болып бір қызға
Тәжін кимей басына,
Зұлпықар түскен бойынан.
Қыз үшін қайтіп жүдейді,
Тоятын алған, шырағым,
Құланның құлын-тайынан.
Зияда сапар кеткен соң,
Бүтін Бағдат шаһары
470 Айрылар шолпан, айынан.

- Гүл жүзім солды қапа боп,
Баламның қылған зарынан.
Іздесе хабар табар ма-ай
Түсінде көрген жарынан.
Пері болса үміт жоқ,
Сонысы қиын бәрінен.
Кімді іздеп сапар қылады,
Ақ пердесі алтын тақ,
Аяулы туған жалғызым,
480 Кетпеген ұят-арынан.
Өледі деп қорқамын,
Ғеш хабарын білмедің,
Қыз үшін зарлап жылайды,
Ғеш татпайды нәрінен.

Мұхтар хан газалы

— Жалғызым, қайғылы боп жүзің солды,
Перізат түнде көріп мамық қолды.

Құдай-а, салғаныңға ризамын,
Жалғызым бір қыз үшін мұндай зарлы.

Шекербанд, көз қуанышым, жалғыз ұғлым,
490 Жолыңа азат еттім мың сан құлым.
Күн-түні құлыным деп зар жылайды,
Солды ма қолда ойнақ қызыл гүлім?!

Затынан ләулік төжі кетпегенім,
Пәрменін ислам екі етпегенім.
Шөлдейді бір қыз үшін жапан түзде,
Арабтан көп падиша жетпегенім.

Жасынан күйге салған Құдірет Кәрім,
Қайтейін, Зиядажан, бар қарарым.
Басынан жел ұшпаған заманында,
500 Жолыңда бір сағымның ынтызарым.

Қуаныш қызыл гүлім қолда ойнаған,
Сорлы атаң жалғызым деп еш қоймаған.
Құрт-құсқа жапан түзде жем болады-ау
Жүзіне әділ патша жан тоймаған.

Зибажан, пәрмен солай айырылғаным,
Аш белің алтын сымдай майрылғаным.
Жел соқса айдалада қор болады-ау,
Пақыр мен мүсәпірге қайрылғаным.

Інжу тас, гауһар, жақұт, қимат пұлым,
510 Қай етейін, қош-аман бол, ей, құлыным!
Келүр деп сені тірі үмітім жоқ,
Қолда ойнақ бар қарарым қызыл гүлім.

Зияда, қош-аман бол, асыл жасым,
Қор болды бір қыз үшін ғазиз басың.
Салынған қызыл жақұт ләулік төжім,
Қай етейін, алтын айдар, інжу шашың.

Құлыным, қош-аман бол, зйба жаным,
Құдайдан сұрап алған меһірбаным.
Жалғызым, сапар шексе сен сипатты,
520 Отырұр қай етіп менің сорлы жаным.

Балаған бір де болсаң отыз ұлға,
Қалар ма азат берсем мың сан құлға.
Белгісіз, пері ме екен ғашық қызы,
Іздейтін талап етіп алыс жолға.

Ғашығы пері болса қайдан екен,
Шаһары қандай есім жайған екен.
Кетүрді жалғызымның есі-түсін,
Тигенде нұр сипаты айдан екен.

Тигенде адам болса қайсы жақтан,
530 Падиша қызы ма екен алтын тақтан.
Қыздары көл жазираның суы еді,
Шықпаса ғашық қызы жол тараптан.

Қап тауының бұғы, марал, ақтан кері,
Жиһанның мекен еткен қандай жері.
Періге түсте ғашық болушы еді,
Мысырдың өңкей сұлу талапты ері.

Шықпаса сол тараптан ғашық еткен,
Белгісі ғашықтықтың жанына өткен.
Ғаламды кездірейін адам болса,
540 Япырым-ай, пері болса қайда кеткен.

Әгарда пері болса Ирамбақтан,
Келмесе пері қызы сондай жақтан.
Қап тауы дүниені шыр айланған,
Ағын су сапар шекті алтын тақтан.

Қап тауы пері болса жолы қиын,
Ханзадам, қара басың күнде жиын.
Алар ем адамзаттың қызы болса,
Мың шаһар берсем дағы қалың сыйын.

- Қай етейін, әуел бастан қыстаған соң,
550 Қайғысын қатты шыдар баспаған соң,
Тақ пен тәж, мал-мүлкім не қылайын,
Жалғызым сен сипатты тастаған соң.

Мұхтар патшаның ұғылын жүргізбек болған газалы

- Ей, халайық, жараным,
Жалғызымдан айрылдым
Тұлпар атқа мінгізген,
Көп дұшпанды мұқатып
Талай жауды жеңгізген.
Ғәділетті халқына
Шарапат жол білгізген.
560 Алтын түлек ақ сұңқар
Көлінен аққу ілгізген.
Сауық қылып шаһарын,
Азаматын күлгізген.
Сейілге шықса жаяуға,
Инсі мен тұрғын тілгізген.
Үйреніп әскер мысалын
Тағзым бірлән жүргізген.
Тексеріп халқын әдеппен,
Әділ билік жүргізген.
- 570 Тоты құс ұшты бағынан,
Мекен етпей жиһанды,
Бағдат шаһар жағынан.
Бір қыз үшін безіпті
Отырған бәни тағынан.
Жүргізейін сапарға,
Бір төуекел Аллаға,
Жаман-жақсы болса да,
Өзіне біткен бағынан.
Ессіз болды, тағатсыз,
580 Түсте көрген махбүбтің
Сипаты нұрлы бағынан.

Сипатты туған жалғызым,
 Қайыр уа май еді халқына,
 Сан пақырды тойғызған.
 Лағылдан сарай жасатып,
 Мейман үшін қонғызған.
 Мысыр шаһар сұлтаны
 Жүсіптейін жомартым,
 Қонаққа тұлпар сойғызған.
 590 Пердесі жайын пәк етіп,
 Саф гауһардан ойғызған.

Ескендірдей сұлтаным,
 Дұшпанға бермей намысын,
 Хорлы халқың, саум елің
 Иттифақта болдырған.
 Қайғысы басқа түскен соң,
 Ғашық болып бір қызға
 Төрт тарапты шалдырған.
 Сағым үшін далада
 600 Топырақ басып қалады,
 Інжуге тәжін малдырған.
 Дүниеде ғашық қатты екен,
 Елі-жұрттан шын безіп
 Зарлатып мені қалдырған.

Шаһзаданың анасының газалы

Баласы үшін зар жылап,
 Ханым афған салады.
 Іші-бауыры елжіреп,
 Биһүш болып талады.
 — Ардақтаған бір күнде
 610 Ақ сұңқардай зибаян,
 Менен де жырақ болады.
 Қайғымен жүзім солады,
 Құлынынан айрылған
 Кер тағы өскен құландай
 Ішіме қайғы толады-ай.
 Пері болса бұл қызы,

Іздеп қай етіп алады.
Сапар шексе жалғызым,
Сорлы байғұс ананың
620 Отпен іші жанады.
Зияда келіп сапардан,
Қай уақытта, дариға-ай,
Мұңлы көңілім тынады.
Тапсырамын аманат,
Ей, шырағым, ғазизім,
Мен тілесем де зар,
Шыныңмен тастап кеттің бе,
Көз қуанышым, жалғызым.

Нәби затты жаралған,
630 Шаһимардан нәсілі
Заһидтардан таралған.
Әділдікті көрсетіп
Өзіне жиһан қаралған.
Пері ғой, тегі, мағшұғы,
Адамзат болса білмей
Қалмады жиһан сұралған.
Әуара қылып баламды,
Түсіне кірген жарының
Бар ма екен жері торылған.
640 Ғұмыр ғазиз сипатты
Заты бөлек Зияда,
Һәр түрлі нұрдан құралған.
Парасатпен сөз тартып,
Зейіні мол болған соң,
Көп патшадан сұралған.
Жиһанда жүріп құрт-құсқа
Жем болады, дүние-ай,
Шыбықтай белі бұралған.

Қыз үшін сапар жүрмекке
650 Дүниелігін сайлаған.
Тұлпар мен дүлдүл ат жиып,
Мінуге жолға байлаған.
Артыңда халқың не болар,

- Дұшпаны көп Бағдаттың
Қамқоры жалғыз сен едің,
Талай жауды айдаған.
Суретін көріп сағымның
Жалынмен іші қайнаған.
Адамзаттың асылы
- 660 Айдыны үлкен Зияда,
Сан патшадан таймаған.
Пәрмен Алла болған соң,
Себепкер болып түсінде,
Баламды бір қыз қоймаған.
Айрылды деп жылайды,
Әділдік көрген ел-жұрты
Қызығына тоймаған.
Иесіз қалды артыңда,
Бұлбұл сайрап шарбағың,
- 670 Қызыл гүлі солмаған.
Сапар шегіп, жүріп жол
Талай бейнет көреді
Шам-шырағым жайнаған.
- Жидырды тамам елін шарбағына,
Сиынды дін Исламның аруағына.
Амалсыз ханның келді жүргізгісі,
Баласы айланған соң бармағына.
- Жасанды жүз паракот, сексен караб,
Көп ерді жолдас қылды жеке талап.
- 680 Сиынып бір Аллаға тәуекел қып,
Затынан Шаһимардан, нәсілі араб.
- Сұлтандар ақыл айтты бірталай көп,
«Жол қиын, дұшпандар көп, тіліңіз еп».
«Шаһарға неше күндей мағлұм қылды,
Хан ұғылы дүйсенбі күн жүреді» деп.
- Жүрер күн ел жиылды Бағдат шаһар,
«Сұңқардан айырылды» қылдылар зар.

Бәрі де қолын жайып бата берді:
«Қарағым, дұғаңызда һәмма мүміндер».

- 690 Хан жылар: — Қош-аман бол, қуат-белім,
Су аққан зәмзәм шариф дария-көлім.
Үстінде боз арғымақ зар жылайды:
— Қай етейін, аман бол, — деп, — қайран елім.

Дұғадан тастамаңыз кеткендерді,
Құрметтеңіз, ей, жарандар, ата-анамды.
Үлкен аға, кіші іні, жамағатым,
Айтыңдар менен қайғы өткендерді.

Зияданың газалы

- Зияда сонда жылайды,
Амандасып елімен,
700 Неше сұлтан, неше бек,
Сарыарқаның белімен.
— Құдай қосып, айырылдым,
Ғашық болып түсімде
Сағымның соққан желімен.
Адамзат болса білермін,
Мысыр жақты іздесем,
Өзен аққан Нілімен.
Ғашығымды іздеп таппасам,
Ләззаты жоқ дүниенің,
710 Қымбатты баға пұлымен.
Қыз үшін азат қылады
Қызметкері, құлымен.

- Амандасты ел-жұрты,
«Аман бол, — деп, — зибажан»,
Мұхтардың жалғыз ұлымен.
Бағында тұрмай тез ұшқан,
Ғайыптың қызыл гүлімен,
Теңізге түсіп жөнелді
Индулияның көлімен.
720 Арыздасып, жыласып,

Айрылады халқындан
Теңіздің аққан селімен.

Шығарды елі-жұрты атын сайлап,
«Оңғар, — деп, — жастың жолын, иә, Құдайлап».
Ұғылына он екі мың әскер берді,
Белгіге Шаһимардан туын байлап.

Төрт кісі сүйеп жүрді Мұхтар ханды,
Халқына шапағаткер мейірбанды.
«Амандасып осы жерден қайтыңыз» деп,
730 Тоқтатты неше мыңдай тамам жанды.

Бәрі де зар жылайды афған салып,
Көп қылған шапағаттарын көңліне алып.
«Аман бол, зибажан» деп Мұхтар патша,
Атынан жер бауырлап түсе салып.

Зар жылап, тамам халқы фариад салды,
Мұхтар хан ханым бірлән естен танды.
Жөнеліп Теңіз деген дария бірлән,
Артынан изін етіп жылап қалды.

Шаһардан шыққан күні дария толды,
740 Көңіліне алмақ болды назар істі.
Әскердің он екі мың баршалары
Шетінен мың кісілік, бәрі күшті.

Дариямен үш күн ақты кеме саулап,
Патшаның ән салады көңілін аулап.
Теңізге Инді деген келгеннен соң,
Тоқтатты паряхотты шынжыр баулап.

Сол жерде жау-жарағын асынысты,
Тамаша күнде сейіл, аты түсті.
Бес күндей Индулияда ағып жүріп,
750 Аралға Кабил деген әрең жетті.

Ол жерде жеті күндей тағы жатты,
Аң аулап, құлан қуып, киік атты.
Тағы да жөнеледі кемеңі айдап,
Көп жердің бір қыз үшін дәмін татты.

Батыр-ды жолдас қылған талай мықты,
Жағынан мағриптің бұлт шықты.
Толқынның биіктігі Қап тауындай,
Кемеңің баршасын да суға тықты.

760 Шынжырды тоқтатуға ала алмайды,
Қорқысып, үрейлері неш қалмайды.
Толқыннан қаһары бар Ысрапылдай
Бір-бірін адам танып, біле алмайды.

Бір жерге толқын кеме жиып еді,
Патшаны бір қыз түсте қайғылы етті.
Екі кісі құтылды парахотпен,
Өзгесінің һәммасы суға кетті.

770 Жел шықты сол уақытта күнбатыстан,
Құбыламен бірдей соқты екі тұстан.
Соққан жел Амрұққа айдап келді,
Күңіренген дүниесі бұлбұл құстан.

Шаһзада есін жиды соққан желден,
Жел қуып айдап келді мұхит-көлден.
Бір шақырым келгенде жерге таман,
Үн шықты айғайлаған сондағы елден.

Парахот жақындайды жерге таман,
Қарайды қасындағы ерге таман.
Айрылып неше мыңнан екеу қалды,
Бір күнде патша болған қайран заман.

780 Жақын келсе Анкума биік тау жер,
Айырылып жолдасынан «дарига» дер.
Палуан Зияданың өзіндей-ақ
Дейтұғын Қосмалия талапты ер.

Екеуі жау-жарағын байлап алды,
Кеменің суын төгіп, жайлап алды.
Алтын семсер, ақ алмас наркескенді
Өткіртіп шарық тасқа қайрап алды.

Патша айтты: — Ей, жігіт, жан жолдасым,
Тазалап, тез қайнатып пісір асың.
Қандай халық бар екен бұл арада,
790 Байқайын қарауылдап таудың басын.

Шығарды паряхоттан арғымақты,
Қолға алды наркескенді екі жақты.
Жалаңаш күнге кепкен адамдары
Көрінді басқа халық аруақты.

Отырды қарауылдап тау басында,
Қайғыға ұшыраған өу басында.
Неше түрлі көрінді адамдары,
Жапырақ киімдері кеудесінде.

Өңі жоқ адамының зәңгі түсті,
800 Көреді жолда жүріп һәрбір істі.
Адам байқап болмайды айтқан сөзін
Шаһизада сөйлеуге іші пысты.

Алыстан тамаша етті соны байқап,
Биік тау, отырған үлкен қиқап.
Есітті даңылдаған дауыстарын,
Сөйлесті бір-біріне басын шайқап.

Миуасы, таудың іші жемісі көп,
Отырды тамаша етіп, һәрбірін жеп.
Жолдасы ас пісірді сол уақытта,
810 Сауыт пен алтын шелек су алып кеп.

Мосын асты, отын жағып, түтін салып,
Жылғаның ағып жатқан суын алып.
Жалаңаш от көрмеген халықтары
Түтінге қарадылар аң-таң қалып.

Пенде үшін жаратыпты бұл жалғанын,
Табады қай уақытта еске алғанын.
Айланып шаһизада жемістерге
Ұмытты жолдасының не болғанын.

820 Шаһзада ойға алады жаққан отты,
Біле ме надан адам сұрау-сотты.
Орнына қайтып келсе, жолдасы жоқ,
Құр байлап, тастап кеткен парахотты.

Зияда қайран қалып алаңдайды,
Белгісіз мекен еткен мұндай жайды.
Шапқылап дарияның жағасында,
Болдыртып тұлпар атын таба алмайды.

Айырылды жолдасынан жалғыз қалып,
Сол жерде зар жылайды фариад салып:
— Ермегім, елі-жұртым, жан жолдасым! —
830 Деді де неше заман жатты талып.

Бір уақыт есін жиды талғанынан,
Дүниенің пайда болмас жалғанынан.
Падиша ғазал әйлап зарлық етті,
Айырылып Қосмалиядан қалғанынан.

— Әуелде үйден он екі мың ер,
Халқына сөйлесуің бұ қиын жер.
Кетейін мұнда болса бір тілдесіп,
Құдай-а, мен пендеңнің мұратын бер.

840 Ұмытты жолдас үшін ғашық [жарын],
Кетірді ашуланып шын қаһарын.
Білейін бір хабарын достымның деп,
Жөнелді қуат әйлап Бір уа Барын.

Жолдасын іздеп жүрді зәңгі жақтан,
Бек жақсы таудың іші бау-шарбақтан.
— Айрылдым қасымдағы жолдасымнан,
Безіп ем бұ жиһанда алтын тақтан.

- 850 Табамын сені қайдан іздегенмен,
Білмеймін жердің жүзін кезлегенмен.
Тіл қайырып, достымды сұрар едім,
Ұқпаймын айтқан сөзін сөзлегенмен.
- Жолдасым қайда кеттің, сымбақ сәнім,
Болмаған падиша едім һешбір мінім.
Айырылып жолдасымнан мұндай болдым,
Билеген мың шаһарды, қайран күнім!
- Жаралған падиша едім дәулеті асып,
Қыз үшін сапар шектім қайғы басып.
Айырылған ел-жұртынан екеу едік,
Кетпедім тым болмаса арыздасып.
- 860 Жолдасым, жолығамын қашан саған,
Бейхалдік сұрасар күн бар ма маған.
Зар илеп Зиядажан отырғанда,
Есітті бір дауысты айғайлаған.
Немене айғайлаған елсізде деп
Жүгіртіп шыға келді құба дөңге.
- Сол жерде көрінеді жығылған ер,
Шаһзада зар жылайды ағызып сел.
Қосмалия «Зияда» деп айғай салды:
— Қалайын арыздасып, қасыма кел.
- 870 Сол жерде қаһарланды намыс етіп,
Бойына ақыл кірді, ашу кетіп.
Қорқатын Зияда жай падиша ма,
Қасына жолдасының келді жетіп.
- Зәңгілер таң қалады келбетіне,
Қарайды тамаша етіп әлпетіне.
Бұғаудан Қосмалия қашып шықты,
Патшаның мас болған соң суретіне.
Келеді тамам зәңгі хандарына,
Тұрғысыз адам шыдап маңдарына.

Зәңгілер жеті мың қол айдап шықты,
880 Бәрі де өз заңынша батыр мықты.
Карабан Қосмалия атқа мініп,
Семсермен қойдай қырып қайта тықты.

Ұстауға хайла қылды зиба ханды,
Соғыстан аямайды ғазиз жанды.
Екеуінен жеті мың қол қашқан соң,
Сұлтаны жалаңша дөң ашуланды.

Жан тумас Зияданың нұрындай боп,
Болат соғысады қырындай боп.
Зияда сол соғыста қимыл қылды,
890 Әли мен Қаһарманның біріндей боп.

Шығарды зәңгі сонда отыз мың қол,
Бәрінің тастан шоқпар, қаруы мол.
Ұмтылса есік қылар жүрген жерін,
Наркескен екі жүзді оңы мен сол.
Соғыстан падишаның бас-көзі істі,
Болса да не хайла етсін, бәрі күшті.

Мысырдың ғашық еткен көл далабы,
Қуаты түгелді ме ер талабы.
Зияда, Қосмалия қолға түсті,
900 Арабтың аруақтаған қос манабы.

Байлайды қол-аяғын кісен салып,
Екеуі бейнет көрді қолда қалып.
Не айтса әмірімен қылалық деп,
Он мың ер жүрмек болды ханына алып.
Патшасы бір кісіні жіберіпті:
— Ап келсін, етін жеймін ханның ұлын.

Жиылды көп жалаңша зәңгі халық,
Елінің жеген асы — жылан-балық.
— Қанын іпсін жылыдай сұлтанымыз,
910 Тірідей енді екеуін апаралық.

Ханына алып келді Зияда ерді,
Хорлы үшін аралапты талай жерді.
Зәңгінің падишасы өмір қылып,
Сегіз ай зындан салды падиша ерді.

Зәңгілер қарамайды зарларына,
Жеткізсін жалғыз Алла арманына.
Сексен құлаш зынданның тереңдігі,
Салдырды алып барып зынданына.

Сақтады сегіз айдай азап қылып,
920 Һешкім жоқ халін сұрар, жайын біліп.
Жиһанның бір сұлуын мұндай қылды,
Жүретін падишаны ойнап-күліп.

Жүрегі падишаның дертке толды,
Бір елге мені білмес қолды болды.
Қоштасып жолдасымен зар жылайды,
Көп жүрген ойына алып алыс жолды.

— Бір күнде Бағдаттың сұлтаны едім,
Дүлдүлден затым шыққан тұлпар едім.
Жолықтым қалың торға құтылмастай,
930 Ақ торан тоят алған сұңқар едім.

Қайғыдан беңзім кетіп күнде солдым,
Бейнеті қатты болды осы жолдың.
Аман бол, Қосмалия бірге жүрген,
Ирамбағы сапарында қасыма ерген.
Ауызбен бахилдікті сұрар едік,
Көрмедік елі-жұртты көзі көрген.

Бағдатта падиша едім әділ затты,
Хорлыжан, қайғы салдың маған қатты.
Халім сұрар сөйткенмен Һеш адам жоқ
940 Дейтұғын «Зиядажан қайда жатты?»

Зияданың Қосмалияға айтқан газалы

— Қосмалия, аман бол,
Бахилдік сұрап алайын,
Бір заманда хан болып,
Қызықтың көрдім талайын.
Құтылуға дәрмен жоқ,
Есім барда, жолдасым,
Арыздасып қалайын.
Хақ Сәруар Құдайым,
Тілегімді берүр ме,
950 Зар илеп афған салайын.
Мұндай болды заманым,
Падиша болған шағымда
Ойлап [па] ем зындан болайын.
Шаһимардан бабамның
Аруағына сиынып,
Алладан медет сұрайын.

Есен шықсам зынданнан,
Түсіме кірген жарымның
Әділдікті көрсетіп,
960 Бағдаттың жеріне.
Падишаһ болған заманым,
Қор болды ғазиз ғұмырым
Зәңгінің қазған көріне,
Хабар айтар адам жоқ
Мен сорлының еліне.
Ақыр өйтіп өлем де,
Тапсырып сәлем болмайды
Мұхиттың соққан желіне.
Медет бер өзің, Құдай-а,
970 Зындан толды түн-күні
Көзімнің аққан селіне.
Қосмалия, аман бол,
Алла қосып осылай,
Мұндай болды патшаның
Буынған гауһар беліне.
Медет бер деп жылайын

- Дін Исламның дініне.
Зынданда жатып қор болды,
Зиядадай патшаның
- 980 Таң қалғандай сынына.
Зәңгілерге кез болдым,
Тым болмаса түспедік
Ирамбақтың жөніне.
Әйласын қуат Мұртаза,
Ерлердің қайғы жөніне.
Сұлтанның қолы жетпейді
Наркескенді алуға,
Қол-аяғы байлаулы,
Ұмтылса да қынына.
- 990 Мен-ау сорлы душар болдым
Жаман көуір қолына.

Зынданда хан қор болды күлімдеген,
Жарынан һешбір хабар білінбеген.
Зар жылап, арыздасып отырғанда,
Есітті бір дауысты дүрілдеген.

Дәл сонда айғай салды бір адам кеп,
— Осында, екі адамзат, бармысыз? — деп.
Арқаннан тірі болсаң ұста, — деді,
Патшамыз жарлық қылды соямыз деп.

- 1000 Зияда сол уақытта қаһарланды,
Әйтеуір қинады деп шыбын жанды.
Талқан қылып сындырды кісендерін,
Қанатып неше жерден шариф тәнді.

«Құдай-а, оңғар, — деді, — біздің халді»,
Жолдасының байлауын шешіп алды.
— Арқан ұстап шығуға дәрменім жоқ,
Қолым шешіп шығар, — деп айғай салды.

Зәңгілер сол уақытта жиын қылған,
Патшаны өлтірем деп қиын қылған.

- 1010 Бірін-бірі шақырып, қонақ қылып,
«Адам сойып берем» деп сыйын қылған.

Арқанның жіберді зынданға ұшын,
Зияда қаһарланып жиды күшін.
Тағы да тыста тұрып айғайлайды:
— Зынданда екі адам, тірімісің?

Көңіліне хайла қылмақ келді дейді,
«Биледім Бағдат шаһар елді», — дейді.
— Мені сойып жесеңіз, тірі тұрмын,
Жолдасым қасымдағы өлді, — дейді.

- 1020 Қуанды біреуі өлсе, біреуі бар,
Жүдетті падишаны бір ғашық жар.
— Арқанға өлгеніңді байлап жібер,
Онан соң өзің керек, ей, жігіт зар.

Екеуі есітеді айтқан сөзін,
Хайланың қатты қылды енді кезін.
Арқанға өлік қылып байламаққа
Тартады Зияданың екі көзін.

- Өлікше Зияданы қойды байлап,
Тәуекел бір Аллаға зарлық әйлап.
1030 Ішінен қоса таңды киімінің
Қылышын екі жүзді өткір қайрап.
Ішінен наркескенді орап таңды
Ақ торғын Мұртазаның туыменен.

Қаруын бірге өзімен таңды сайлап,
«Тәуекел, медет бер, — деп, — иә, Құдайлап».
Зынданнан «тартып ал» деп айғай салды,
— «Арқанға жолдасымды қойдым байлап».

- Зәңгіге хабар берді мынадайдан,
Болмағың жақсы-жаман бір Құдайдан.
1040 Қуанып «байладым» деп айтқаннан соң,
Тартады бұлдыратып әлдеқайдан.

Арқанға кісі таңған көзін салды,
Бір Алла медеттесін ғаріп жанды.
Қайғысыз «өлген кісі жейміз ғой» деп,
Таңулы бір адамды тартып алды.

Әдеті зәңгілердің адам сойған,
Нұрына ғашық жардың болмас тойған.
Асты-үстін арқанменен шарып байлап,
Біреуін тартып алды байлап қойған.

- 1050 Тартып алып байлаудың жібін шешті,
Жақсыға мол береді ақыл-есті.
Зияда шешіп жатса ойлап жатыр,
Осы жол соғыспаққа жаннан кешті.

Бір жері шешілмеген неш қалмады,
Тірі ме, өлі ме деп көз салмады.
Әбден шешіп болған соң қылайын деп,
Шаһзада былқ-сылқ етіп қозғалмады.

- Қарауға шешіп қойып бата алмайды,
Садақпен өлген ғой деп ата алмайды.
1060 Шыдамай зәңгілердің дүбіріне
Шаһзада қаһар қысып жата алмайды.

Падиша шешіп алды баулап қырды,
Ойлайды шаһизада талай сырды.
«Ата-бабам, ер Әли, медет бер» деп,
Қолға алып наркескенді атып тұрды.

Сипаты ай мен күнге теңелділер,
Қуанып тұрғаннан соң оңалдылар.
Өлген кісі тұрған соң қылышы бар,
Зәңгілер шошыған соң жөнелділер.

- 1070 Көтерді Мұртазадан қалған туды,
Тарқатты іште қайғы сары суды.
Сиынып Арысланның аруағына,
Кәпірді қойдай қырып үш күн құды.

Қан қылды Амрұқтың жүрген жерін,
Зәңгінің тартып мінді тұлпар керін.
Зәңгінің он бес мыңдай бірін қоймай,
Қиратты неше мыңдай талай ерін.

1080 Дүниенің көз жетпейді пернесіне,
Алланың белгі болмас һәрнесіне.
Шығарып жолдасымда алайын деп
Келеді терең зындан жар басына.

— Зәңгіден тартып міндім керді, — деді,
Қираттым он бес мыңдай ерді, — деді.
Көрсеттің осы жолы хайла, — деді,
Ерлерге хайла қылмақ пайда, — деді.
Зынданға сексен құлаш арқан салып,
— Беліңнен, Қосмалия, байла, — деді.

1090 Жолдасын шығарып ап амандасты,
Өуелден іздеп шыққан қолаң шапты.
Бірігіп атқа мініп жөнелділер,
Байлаулы паряхотқа һәм келділер.
Түзетіп кемесінің һәр нәрсесін,
Сол жерде неше күндей көп тұрдылар.

Неше күн балық алды, азық сайлап,
Ас-суын даяр қылып алды жайлап.
«Дүйсенбі жүрелік, — деп, — Ирамбаққа,
Қойдылар жұма күні уағда байлап.

1100 Түсінде ғашық болды сағымменен,
Бір айтқан уағда сөзі жағыменен.
Аралдан жазғытұрым сең жүреді,
Теңізден Мұзды деген ағымменен.

Жүруге паряхотты қойды бұрып,
Қорқады сындырұр деп сең мұз ұрып.
Жағада сеңдері бар орнап қалған,
Әкетер бірін-бірі түн-күн ұрып.

Бір күні жүрерміз деп үміт етті,
«Қор қылма, Жаппар Құдай, бізді» депті.
Мұз үстінен су алам деп жүргенінде,
Жолдасы сол күйінше ағып кетті.

- 1110 Жалғыз қалды, жолдасы ағып кетіп,
Жер емес алып қалар қуып жетіп.
Ұстауға қалың мұздан кеме жүрмей,
Жығылды шаһизада есі кетіп.

Бір уақыт есін жиып атқа мінді,
Қосмалия ағып кетті патша сынды.
«Жайындардан жаныңды сақтарсың» деп,
Семсерін лақтырды алтын қынды.

- Айырды бір-бірінден күн мен айды,
Жад қылып сиынады бір Құдайды.
1120 Жәғада шауып жүріп амандасты:
«Қарағым, қай етейін?!» деп зар жылайды.

— Барасың, Қосмалия, сумен ағып,
Серік боп, ажалыңа түстің нағып.
Тұлпар ат болдырған соң тұрып қалды,
Айырылып жолдасынан санын қағып.

Теңіздің жан-жағына көз жетпейді,
Қайғысы жолдасының неш кетпейді.
Ат болдырып, жапанда жалғыз қалды,
Қайғылы падишадай жан бітпейді.

- 1130 Зияда қайтып келді мекен жерге,
Құдай-а, берме қайғы талапты ерге.
Болдырғаш Қосмалияның атын тастап,
Мінеді өз тұлпары бозғыл керге.

Жер емес хабар айтар жазған хатпен,
Шаһизада зар жылайды мінәжатпен.
Қимады айырылуға жолдасынан,
Бозғыл кер қайта қуды тұлпар атпен.

- Төрт күнде қуып жетті аққан сеңді,
Қайыспас падиша еді, қайғы жеңді.
1140 Сеңінің һәрбіреуі Қап тауындай,
Қашырды һайбатынан қайран өңді.

Сеңдері Қап тауындай қарап тұрса,
Үлкен хал келмейді шетке бұрса.
Тау мен тас дауысынан дүрілдейді,
Бір сеңді бір сең келіп қатты ұрса.

Сол уақыт жел шығады күншығыстан,
Теңіздің үсті суық қаңтар қыстан.
Құбыланың жағынан қырауланып,
Һайбатпен сеңді айдады екі тұстан.

- 1150 Зияда тұлпарымен жағалайды,
Қаһарлы қайғы басты екі байды.
Жел қуып, сеңнің бәрі шетке шықты,
Жолдасын су жүзінен таба алмайды.

Зияда жолдасынан қалды дейді,
Бар Құдай мұндай күйге салды дейді.
Қосмалия әйтеуір өлемін деп,
Мойнынан бір балықтың алды дейді.

- Балықты тоғыз құлаш ұстап алды,
Туласа жібермейді, су шайқалады.
1160 Кемерін беліндегі шешіп алып,
Мойнына ол жайынның махкам салды.

Көп тулады үстінен жығайын деп,
Теңізге Дүние айналған шығайын деп.
Шын болмасын білген соң адамзаттың,
Малтыды балық шетке шығайын деп.

Құйрығын малтиын деп есіп алды,
Жайынның жуасымас несі қалды.
Бұйдалап желкесінен басып тұрып,
Танауын наркескенмен тесіп алды.

- 1170 Сиянып Қосмалия зарлап тұрды,
Сіздерден аямайық білген сырды.
Арда екен арғымақтай жеке үйреткен,
Бұлқытып ары-бері мініп жүрді.
- Үстінен аққан сеңнің құтылды аман,
Әуелден қайраты көп, емес жаман.
Қамшымен борбайына салып қалып,
Малтытты Қосмалия шетке таман.
- Қайғымен Қосмалия көңілі күпті,
Көрмеген жамандықты бұрын депті.
- 1180 Жайын әкеп жағаға шығарған соң,
Алады мойнынан таққан жіпті.
- Қуанды көргеннен соң құрғақ жерді,
Сарғайтты қайғы-қасірет талапты ерді.
Құданың бұ да болса пәрмені деп,
Жайынды жібін шешіп қоя берді.
- Жүреді жағаменен көңіл бөліп,
Сарғайды зағыпырандай жүзі солып.
Жаяулықты көреді Қосмалияекең,
Бір күнде жүрген оның қасына еріп.
- 1190 Теңіздің балығы көп шуылдаған,
Жел қуып, аққан сеңі суылдаған.
Жағамен қапа болып келе жатса,
Есітті бір дауысты дуылдаған.
- Қорқады немене деп дауыс шыққан,
Бәрі су киімінің жеке шыққан.
Ғапыл болмай, жау болса білейін деп,
Қолға алды наркескенді қынға тыққан.
- Жағада құлақ салды тоқтай қалып,
«Зияда қор болды екен қайда қалып?!»
- 1200 Зар жылап Зияда отыр «жолдасым» деп,
Семсерін келе жатса қолына алып.

Танысты бірін-бірі әлдеқайдан,
Қазасын Құдай қосып һәрбір жайдан.
Зияда көрген жерден талып қалды,
Патшаның көңілі жұмсақ сары майдан.

Қосылды қалмаған соң жапанда өліп,
Сүйеді Зияданың басын келіп.
Кісінеп жерді тарпып қоя берді,
Келгенін Қосмалияның тұлпар біліп.

- 1210 Зияда есін жиып тұра келді,
Хорлы үшін аралады талай жерді.
Қосылып жолдасымен екеулері,
Баяғы паряхотқа қайта келді.

Алдылар атына артып, азық сайлап,
Екеуі жолға түсті «иә, құдайлап».
«Бір айлансақ мінерміз, Құдай қосса»,
Тастады паряхотты мықтап байлап.

- 1220 Хан еді өділ заттан асыл текті,
Салт мініп, тұлпар атпен сапар шекті.
Тауының биігінен күн көрінбес,
Болмайды жерден байқап аспан-көкті.

Қарата Ирамбаққа сапар қылды,
Өткізді зарлықпенен неше жылды.
Арада талай бейнет қайғы көрді,
Түстегі іздеймін деп назы гүлді.

Табам деп ғашық жарын үміт етті,
Арада мейлім менен көп күн өтті.
Миуасы, бас-аяғы аққан бұлақ,
Иесіз, дым сасыған баққа жетті.

- 1230 Бағына көз жетпейді бұлдыраған,
Кәусардың шәрбат ағып сылдыраған.
Лағылдан, інжу-гауһар қақпалары,
Мұндай бақ бұ дүниеде һеш болмаған.

Жасаулы сырлы сарай, алтыннан тақ,
 Нәрсесін қарап тұрсаң, бейне ұрмақ.
 Қызығы дүниенің бәрі сонда,
 Сайраған бұлбұл гуя бір бау-шарбақ.

1240 Бағының айналасы алты қорған,
 Ғеш жан жоқ мекен етіп мұнда тұрған.
 Ғәр түрлі үнмен сайрап сандуғаш[тар],
 Бірінен-бірі келіп сауал сұрған.

Жасапты пердесі аппақ бір алтын тақ,
 Зейнетті мұнан артық болмайды бақ.
 Сарайдың қызыл жақұт кірпіштері,
 Гауһардан терезесі, лағыл қақпақ.

Адамзат мекен етпес мұндай жерді,
 Тарқатты бақта жатып қайғы-шерді.
 Тақытқа тамаша етіп қарап тұрса,
 Алтын потал үстінде жазу көрді.

1250 Дүние бес күн тірілік жалған екен,
 Зияда хатқа көзін салған екен.
 Ол хатты таққа жазған оқып көрсе,
 Бұл сарай Ескендірден қалған екен.

Шарбақта сейіл құрды, жеміс тартып,
 Аттарын қоя берді дамылдатып.
 Қосмалия қалады бақ ішінде,
 Ұйықтады Зияда кеп таққа жатып.

1260 Патша[ға] Құдай берді артық түрді,
 Жаратқан дәрғаһында ләулік нұрды.
 Бұрынғы Бағдаттағы күніндей боп,
 Түсіне Хорлы жары тағы кірді.

Түсінде сөйлеседі Хорлыменен,
 Неше жыл ғашық болған нұрлыменен.
 Сол үшін ел-жұртынан қабат безген,
 [Зияда] сұхбаттасты Хорлыменен.

— Қарағым, Зиядажан ғашық еткен,
Көргелі сені түсте есім кеткен.
Әйтеуір мекенімді бір таптыңыз,
Шын асыл патша болсаң сөзге жеткен.

1270 Зибажан, қайғың түсті маған қатты,
Белгісі ғашықтықтың жанға батты.
Көрмесем сенің жүзің, шаттығым жоқ,
Қай етейін, сахих сөзің балдан тәтті.

Ғаламды нұр сипатың жасырғаным,
Қайғыңыз қатты болды, мағшұқ, сенің.
Жалғызы Шаһбалдың күләндамдай,
Бір сенде мағшұғым бар, патша менім.

Аш белің алтын сымдай бұралғаным,
Данышпан парасатпен сұралғаным.
1280 Әгарда жігіт болсаң, бір іздеп тап,
Затынан Шаһимардан жаралғаның.

Зүбәржат кіршіктерің, лағыл маңдай,
Сипатың белгілімсің атқан таңдай.
Әгарда мендік болсаң, бір іздеп тап,
Мағшұғым, жақсы көрген ғазиз жандай.

Түсінде осылайша уағда етті,
Белгісі ғашықтықтың жанына өтті.
Сұрасып бастан-аяқ ахуалдарын,
Ғайып боп сол уақытта Хорлы кетті.

1290 Хорлыдай түсте көрген бұраң белді,
Сол үшін тастап кеткен тамам елді.
Қозғалып ары-бері алтын тақта,
Сипалап төңірегін түрегелді.

Сайраған бұлбұлы бар бау-шарбақтың,
Пәрмені мұндай болды жалғыз Хақтың.
Оянса, жан-жағында дәнеме жоқ,
Қараса перде түріп алтын тақтың.

- Тағынан шаһизада түрегелді,
Хорлыны бау-шарбақтан іздейді енді.
1300 Түске кіріп, ғайып боп кеткеннен соң,
Бірталай аһ, фариад қылады енді.

Зияданың Хорлыны жоқтап айтқан газалы

- Ей, Хорлыжан, ғашықпын
Түсіме өзің кіргелі.
Сені іздеп бейнет көп көрдім
Сапарында жүргелі.
Мейірі тәтті, сымбатты,
Дәрғаһыңа ергелі,
Бір сен үшін безіп ем
Атам бірлән анамнан,
1310 Қолымнан белгі бергелі.

- Бүгін тағы сөйлесті
Мейірбаным тұлғалы.
Қай уақытта табармын,
Тәж бен тақты тастап ем
Бір саған ғашық болғалы.
Мекеніңді айтпадың,
Шын мағшұғым, Хорлыжан,
Басыма қайғы салғалы.
Талап еттім сапарға
1320 Бір сені іздеп алғалы.
Табар уақыт болар ма,
Иілдім афған сенің үшін,
Ғашықта басым қалғалы.

Хорлыжан, сенсіз бір күн тағатым жоқ,
Қайғылы көкіректі еттің шоқ.
Құдай-а, қай уақытта көрсетесің,
Ішіме менің салды тағы да шоқ.

Сөйлесті түнде жарым қасыма кеп,
Айтқанда шырын тағзым сөзінде еп.

- 1330 Пері ме, адамзат па, біле алмадым,
Айтады «мен де саған ғашықпын» деп.

Қолынан ғашық жарым бір дәм таттым,
Өңімде ғашық жармен сөзді қаттым.
Түсіме Хорлы жарым кірүр ме екен,
Пердесі алтын таққа қайта жатсам.

Бү сөзбен алтын таққа келді жетіп,
Жығылды таққа келіп, есі кетіп.
Түсіріп перделерін, көзін жұмды,
Түсіме кірер ме деп үміт етіп.

- 1340 Сапарда өткізеді ғазиз жасын,
Көп баға жолда шашты лағыл тасын.
Атлас көрпе, торғыннан төсектері,
Бүркейді ұйықтайын деп аяқ-басын.

Ғашықтан сарғаяды іші пысып,
Ұйқысы һеш келмейді қайғы қысып.
«Хорлыжан, сені қашан көрүрмін» деп,
Бір уақыт зар жылайды тақтан түсіп.

- Сен үшін безіп едім тәж бен тақтан,
Көңілім ашылмады мұң мен наздан.
1350 Бір саған қосылмаққа жаһатым бар,
Сапарда жүргенім жоқ қайғым аздан.

Пәрменді патша едім алтын тақтан,
Іздейін мекеніңді Ирамбақтан.
Әйтеуір үмітімді һеш үзбейін,
Тәуекел, қосылдырмақ жалғыз Хақтан.

Іздеуге ой қылады жұпар шашты,
Сипатты, жамалы артық қиғаш қасты.
Неше күн аунап-қунап мекен еткен
Бағымен Ескендірдің амандасты.

- 1360 — Хорлыжан, қай уақытта табам, — деді,
Қайғыңнан мен жүдедім тамам, — деді.
Тағында алтын перде он күн жаттым,
Медет бер, Зұлқарнайын бабам, — деді.

Бір іске Құдай салды әуел бастап,
Тұлпарды жүрмек болды таққа тастап.
Жаяулап Қап тауынан аспақ болды,
Жолдасы жүрмек болды сөзін қостап.

- Жөнелді екі жаяу қадам басып,
Сүйегі әділ патша кетті жасып.
1370 Біле алмай жолдың жөнін бейшаралар,
Ішінде қалың таудың кетті адасып.

Жол білмей бейшаралар адастылар,
Қай жерде тастан тайып құластылар.
Шыға алмай Қап тауына басы айналып
Табаны жерге тайып жыластылар.

Бап. Мысырдың патшасының қызы Хорлы Зиядаға ғашық болған газалы

Хорлының нәзік белі қындай болды,
Бармағы нәзік тартқан сымдай болды.
Сөз бастайын Мысырдың ғазизінден,
Сұлтаны Бағдаттың мұндай болды.

- 1380 Мысырдың сөз бастайын хандарындан,
Құрметті үкім еткен жандарындан.
Патшаның екі қызы Хорлы — Ғайын,
Жүрмеген неш адам маңдарындан.

Мысырға Зада патша пәрмен еткен,
Жүзінен әділдіктің дәрмен еткен.
Сейфүлмәлік көп іздеп Бөдіғұлды,
Жеріне Ирамбақтың ол да жеткен.

- Ғашықтық бұ шаһардан үзілмеген,
Дүниеде жер қалмады кезілмеген.
1390 Тақ пен тәж мал-мүлкінен қабат безіп,
Ісіне бір Алланың не хайла еткен.

Хорлыжан Зияданы ғашық еткен,
Ұқсас-ты назы күлген, сипат біткен.
Көп патша үміт етіп көре алмаған,
Екеуін жүз сегіз қыз нөкер күткен.

Зияда Хорлы қызды ғашық еткен,
Оған да артық болып сипат біткен.
Түсінде Зиядаға ғашық болып,
Хорлының афған әйлап есі кеткен.

- 1400 Дертiнен ғашықтықтың жүре алмаған,
Нөкерi мұндай iстен сыр алмаған.
Елжiреп iшi-бауыры ғашықтықтан
Орнынан оянған соң тұра алмаған.

Заданың екі қызы, бір ұғылы бар,
Ғашық боп назы гүлге көп адамдар.
Ғайын мен Хорлыдан сөз бастайын,
Тағы да есітіңіз бір қиссалар.

- Бірінің аты — Хорлы, бірі — Ғайын,
Жасаған қызыл жақұт мекен-жайын.
1410 Сол күнде нешелер ғашық болып,
Заданың ала алмаған күн мен айын.

Бермеді неше жақсы патша-ханға,
Һәркімді Құдай салар ғашық заңға.
«Хорлыжан, Ғайынменен екі балам,
Берем, — деп пәрмен еткен, — сүйген жанға».

Ғайын мен Хорлы екеуі жаннан өткен,
Кәміл жас шарапатқа толық жеткен.
Пердесі алтын тақта жатады ұйықтап,
Екеуін жүз сегіз қыз нөкер күткен.

1420 Сарайы екеуінің екі басқа,
Болады қайғы бөгеу ішкен асқа.
Жіберсе неше патша хош алмайды,
Жаздырып алтын потал лағыл тасқа.

Бір күні Хорлы жатты сарайында,
Сипаты нұр жаралған шырайында.
Түсінде ұйықтап жатса махаббатты,
Бір бақтың сейіл құрды маңайында.

Түсінде баққа келіп сейіл етті,
Ағұр су, алтын тақты жерге жетті.
1430 Әуес қып бұлбұл гуя сандуғашын,
Айналып қызығынан онан да өтті.

Көреді келе жатып бір ақ шатыр,
Бақшаның миуалары балдай татыр.
Ханыша сол шатырға көзін салса,
Ішінде бір адамзат ұйықтап жатыр.

Хорлының сипаты бар ғазиз жандық,
Не қайғы кез келмейді шариф тәндік.
Қалмады һеш сабырлық, қызда дәрмен,
Бұл жігіт, жаным құрбан, болса мендік.

1440 Жігітпен Хорлы келіп бір жатады,
Аузынан шәрбат-ләззат дәм татады.
Оятып мойнынан құшақтап ап,
Зибамен ұйықтап жатқан сөз қатады.

Сол уақыт жігіт тұрды пердені ашып,
Қасында бір қыз отыр бетін басып.
Көрген соң ханышаны ғашық болып,
Шаһзада тұра келді асып-сасып.

Хорлы айтты: — Жігіт, сөзің балдан төтті,
Бәрі рас айтқан сөзің инабатты.
1450 Жиһанда сан патшаны көрсем дағы,
Һешбірі жаралған жоқ сен сипатты.

Тілің бал, тісің меруерт, жігіт, сенің,
Жаралған шыны нұрдан шариф тәнің.
Етпесе рақым өзі Хақ Тағала,
Сен үшін қатты болды ғашығым менің.

Қараса, бір сұлу қыз бетін басқан,
Шын ғашық белгісі емес сөзден қашқан.
Бұраң бел, ерні ақық, көзі гауһар,
Сипаты бұ ғаламнан еркін асқан.

- 1460 Пердесін, бетін ашып, қолын алып,
Қарады бір-біріне көзін салып.
Екеуі бір-біріне ғашық болды,
Жаралған нұрларына қайран қалып.

Мойнына падишаның қолын салды,
Таныса түсте көрді мұндай халді.
Байласып қатты уағда екі мағшұқ,
Тілінен тақ үстінде ләззат алды.

- Қыз айтады:— Ей, жігіт, ғашық жарым,
Қайғының мен айтайын іште барын.
1470 Өз жөнімді сұрасаң, атым — Хорлы,
Жөніңді айт, мағлұм етіп ахуалдарын.

Сөйлесті талай-талай қос бұраң бел,
Зарынан ғашықтықтың ағызып сел.
— Мекеніңді айт, ей, жігіт, ғашық жарым,
Болады тұрмыс жерің қай шаһар, ел?

Хорлының жаннан асқан қиғаш қасы,
Аршын төс, алтын иек, інжу басы.
— Зияда — өзім атым, атам — Мұхтар,
Бағдаттың осы күнгі падишасы.

- 1480 Түсінде сейіл құрды екеу бақта,
Көп жатты сұхбаттасып алтын тақта.
Суретіне түсте көрген не хайла етсін,
Оянып ханша кетті сол уақытта.

Билеген Зада патша тамам елді,
Түсінде Хорлы көрді сағым желді.
Ханыша «ұйқым емес, өңім ғой» деп,
Сипалап екі жағын тұра келді.

Оянса, қасында жоқ көрген шатыр,
Бермеді һешбіреуге жауап қатар.
1490 Көзін ашып жіберсе Хорлы байғұс,
Баяғы өз сарайы, тақта жатыр.

Ойлайды: «көрген ғашық кісім екен,
Басыма бір қайғы жол ісім екен.
Нөкерім, тағым менен мынау тұрған,
Дариға, не хайла етсем, түсім екен».

Тұрған соң ойға түсті көргендері,
Уағда бір-біріне бергендері.
Күні-түні ханшаны зарлатады
Бақшада сейіл құрып жүргендері.

1500 «Түсімде көрген жігіт, қайда кеттің?
Көңілімді ғашық әйлап, қайғылы еттің».
Нөкерлері сұрайды ханышадан:
— Япырмай, бүгін жүдеп, не зар еттің?

Ханша айтты: — Нөкерім, ақылдасым,
Жолықты бір қайғыға ғазиз басым.
Түсімде бір іс көрдім бек қайғылы,
Адамзат айтып болмас мәселесін.

Жиылып нөкерлері тұрадылар,
Фариад ханша үшін ұрадылар.
1510 — Халіңді бастан-аяқ мағлұм ет, — деп,
Баршасы тағзым етіп сұрадылар.

— Айтайын сіздерге енді көргенімді,
Уағда бір жігітке бергенімді.
Оянсам, қасымда жоқ ғашық жарым,
Бақшада сейіл құрып жүргенімді.

Түсімде жігіт көрдім — Зияда есім,
Ғашықтық қайғы салды маған қысым.
Дүниеде халал жұфұт жар болмаққа,
Сол еді ұшып кеткен бұлбұл құсым.

- 1520 Не етейін дүниенің мүлік-малын,
Басыма қайғы түсті қатты, қалың.
Еш нәрсе хош келмейді көңіліме,
Жігіттің білмейінше ахуалдарын.

Сипатын бұ жалғанда айтып болмас,
Қайғылы, қасіретті көңілім толмас.
Дарига, өңім десем, түсім екен,
Сипаты бұ жалғанда естен қалмас.

- Сары алтын киімдері бір қызыл гүл,
Данышпан, жан жеткісіз бейне дүлдүл.
1530 Өңімдей түс те болса сұхбаттасып,
Заманым сайран еткен тоты бұлбұл.

Ғашықтан сарғайды іші пысып,
Жылады күнде зарлық тақтан түсіп.
Неше күндей дәм татпай жатып алды,
Жылайды Зияда деп тағын құшып.

Неше күн мұның бірлән көп күн өтті,
Бір жігіт ханышаны қайғылы етті.
Ғашықтан күні-түні афған салып,
Ханшаның зарлық бірлән беңзі кетті.

- 1540 Гауһардан отыз тісі, лағыл — тілі,
Заданың Хорлыжаны — назы гүлі.
Кетіпті қатты жүдеп ханышажан,
Исламның түсіне еніп бір бұлбұлы.

Гауһардан, басы, жақұт, мойны ақық,
Ханыша ғашық болды түсте тахих.
Сарғайды сипат нұры бейшараның
Сайраған тотыдайын сөзі сахих.

- Ғеш сабыр қыла алмай ішкі дертке,
Түсінде жігіт салды жанған отқа.
1550 Түсінде құшақтасып сейіл құрған,
Жетем деп зар жылайды айтқан сертке.

Зар жылап күні-түні ғашық үшін,
Қасірет-қайғы басты нұрлы түсін.
Солдырды Хорлыжанның нұр сипатын,
Ғашықтың қатты көрді мұндай ісін.

Ғашықтан қайғы басты нұрлы бетті,
Бек жүдеп, жігіт үшін беңзі кетті.
Түсінде айтқан сөзін есіне алып,
Бірталай Зияда деп ғазал айтты.

Хорлының ғазалы, Зияданы жоқтағаны

- 1560 — Түсімде көрген Зиядажан,
Шыбықтай белі бұралған.
Суретін түсте көрген соң,
Қалмады тағат, тұра алман.
Сөйлесе сөзі бұлбұлдай,
Зияда атты жан жігіт,
Аузына жиһан қаралған.
От перідей заты бар,
Шаһимардан ғазиздің
Рухынан таралған.
1570 Ондай да патша туар ма,
Медине — Мекке арабтан
Сөзі сахих жаралған.

Сөйлесе сөзі көңілден,
Тұлпар атты жүрісті,
Жиһанды кезіп таппаққа,
Түсінде уағда берісті.
Ғашық қылды от жағып,
Зипа бойлы міні жоқ,
Тоты құстай тұрысты.

- 1580 Құшақтасып сөйлесіп,
Бірге сейіл құрысты.
Мейірі шәрбат бал татып,
Шапағатты сөз қатып,
Дариға, түсте жүрісті.
Сөзі тәтті шекерден,
Мұхтар ханның баласы
Басыма салды бір істі.
- Түсімде көрген зибажан,
Қосылам қашан сеніңмен?
- 1590 Бұлбұл сайрап бағында,
Пердесі алтын тағында,
Сейіл еттің меніммен.
Дүниелік ойға келмейді
Ғашықтың қатты дінімен.
Шырын сөзің ұмытпан,
Өте ме күнім сеніңмен.
Ғашық қатты түскелі,
Басыма қайғың кешкелі,
Ұмытпайын күн-түні,
- 1600 Іші-бауырым елжіреп,
Зиядажанды ойласам,
Алтын жүзің сенімен.
Ұжмақта сайрап тотыдай
Хабарымды кетірді
Ғаламда жоқ нұрымен.
Сен үшін афған салайын,
Ғашықтық батты сонымен.
Ойлап тұрсам бойында
Жаралған жері жоқ еді,
- 1610 Көңілің толмас меніммен.
Қосылар күн болар ма
Бұ жиһанда онымен.
Түсіме кіріп сөйлескен,
Аһ, дариға, зибажан,
Көрмеймін бе сені мен,
Өлемін бен сенсіз мен.

Естіді нөкерлері зарлық сөзін,
Ханшаны жандай көрген бір қыз өзін.
Осылай Хорлы жылап жатқанында
1620 Сөйлейін ханымға кеп айтқан сөзін.

Береді ханымға қыз Малиға атты,
Сипаты оның дағы перизатты.
Хорлының елу төрт қыз нөкері бар,
Ең абзал артық екен инабатты.

Дәл сонда келді дейді Малиға қыз,
Сөзінің бөрі әдепті, сіз бенен біз.
Ханымның сарайына кіріп келді,
Тағзыммен сәлем беріп жүгініп қыз.

— Бердіңіз тағзым бірлөн сәлем, — деді,
1630 Жаралған бені үшін ғалам, — деді.
Қасынан Хорлыжан шықпаушы едің,
Малиға, жолың болсын, балам, — деді.

Малиға айтты: — Балаңмен елу бес едік,
Мекенді алтын сарай, алтын төсек.
Таңертең афған әйлап жылап отыр
Жететін Хорлыжанның ойына әнсек.

Түсінде ғашық бопты бір адамға,
Өлшеген қайран Хорлы ғазиз жанға.
Күн-түні аһ ұрып, зар жылайды,
1640 Көңілі басылған соң қайғы-ғамға.

Аз емес түскен қайғы бір басына,
Дәм татып қарамайды неш асына.
Атасы — Бағдатта Мұхтар сұлтан,
Исламның ғашық бопты патшасына.
Түсінде ұйықтап жатып бақ көріпті,
Жігітпен бақ ішінде бір жүріпті.

Балаңның ғашық болған қайғысы көп,
Хорлының жайын айттым мен сізге кеп.

Жігіт те әділ затты патша балам,
1650 Өз атын айтып кеткен Зияда деп.

— Уайым, бір ғашықтық басқан екен,
Қайғы[дан] Хорлыжаным сасқан екен.
Ханға айтып іздетуге қам қылайын,
Бір іске Хақ Тағала қосқан екен.

Жігітті түсте көріп болыпты зар,
Қоймайды неш сабырын бір ғашық жар.
Ханға айтып не қылсам да іздетейін,
Малиға, балам, енді үйіңе бар.

Ханым келді патшаға тақта жатқан,
1660 Мәңгінің ажал көрмес суын татқан.
— Біреуі үш перзенттің Хорлыжаның
Көріпті қатты қайғы жанға батқан.

Келмейді бір өткен соң заман, — деді,
Хан едің төрт құбылаң аман, — деді.
Түсінде бір жігітке ғашық болып,
Жүдепті Хорлыжаның жаман, — деді.

Күн-түні дәм татпайды астан, — деді,
Кешіпті ғашығы үшін бастан, — деді.
Ғашық бопты жігітке Зияда атты,
1670 Шарбағы інжу, жақұт тастан, — деді.

Хорлының зарлық бірлән беңзі солды,
Падиша елге пәрмен етпек болды.
Қызының ғашық жарын іздетуге
Жиыпты неше мыңдай әскер қолды.

Жидырды тамам елден пәрмен бірлән,
Қол жетсе не қылмайды дәрменменен.
«Ғашығын Бағдаттан іздетейін,
Өлмесін Хорлыжаным арманменен».

- 1680 Шақырды Шаһмұрат жалғыз ұғлын,
Хорлының қайғы басты қызыл гүлін.
Арғымақ тұлпар атты жиғызады,
Мысырдың қайда сұлу бар дүлдүлін.
- Жасатты парахотты темір хайла,
Он мың ер жүрмек болды мынадайда.
«Бағдаттан Зияданы іздейді» деп,
Кетіпті дүбірлері әлдеқайда.
- Шаһмұрат өзі қолға бас боп жүрді,
Он мыңдай жолдас қылды талапты ерді.
Мысырдан шыққан күні Ніл құйылысы
1690 Теңізге Инді деген келіп кірді.
- Кемені ағызады он мыңдай ер,
Құдай-а, талапты ердің тілегін бер.
Теңізде ай жарымдай ағып жүріп,
Көрінді қарауланған бір қорған жер.
- Бір күнде қарауланған жерге жетті,
Талай ер бір кісі іздеп талап етті.
Кемені байлап тастап жағалауға,
Шаһ[мұрат] «әскер тұлпар мінсін» депті.
- 1700 Мінділер тұлпар атқа ерлер саулап,
Қойдылар парахотты шынжыр байлап.
Сұлтаны Бағдаттың Мұхтар патша
Сейілде жүреді екен киік аулап.
- Мінеді тамам әскер тұлпар керге,
Шаһмұрат өзі бастық он мың ерге.
Екі кісі қос атпен келе жатыр,
Көз салып атқа мініп алыс жерге.
- Екеуі жетіп келді, олар көрген,
Жапанда жандар екен сейіл жүрген.
Аң аулап сол уақытта тө[бе]ге шықса,
1710 Мұхтардың жолдасы екен қасына ерген.

Келеді сәлем беріп екі адамдар,
Төрт тұлпар, екеуінің қос аты бар.
Ат-тоны артық, бұлар да салтанатты,
Сұрады мекен-жөнін енді бұлар.

Біз айталық: — Падиша, жөнімізді,
Бағдатта Мұхтар билер елімізді.
Сол ғой деп біз сіздерге келіп едік,
Жоғалттық Зияда атты інімізді.

1720 Мұхтар хан ел билеген сұлтанымыз,
Шықпайды пәрменінен бар жанымыз.
Жалғызы падишаның Зияда атты,
Пері үшін жолға кетті бір жанымыз.

Он екі мың қасына алды өңкей ерді,
Ғашық боп пері қызын түсте көрді.
Ирамбақ деп шаһарын есітеміз,
Осындай сапар қылды алыс жерді.

1730 Падиша бұ сөзді естіп ойланады,
Ішіне қапалықтан от жанады.
Өзіміз Бағдаттың кісісіміз,
Ғазизжан, өз жөніңіз кім болады?

— Мысырды билегеш атам менің,
Екі қыз, бір ұл еді перзенті аның.
Сарайда қарындасым ұйықтап жатса,
Түсінде ғашық қылған патшаң сенің.

Шаһмұрат — өзім атым, патша ұғылы,
Жұмсаған қисабы жоқ мың сан қолы.
Зияда атты патшаға ғашық болып,
Хорлының қарындасым солған гүлі.

1740 Қайғылы қарындасым Зияда үшін,
Жандырған ғашық оты бауыр-ішін.
Еш нәрсе дүниеде ойламайды,
Көрмесе сол жігіттің нұрлы түсін.

Сапарда пәрмен қылдым мың сан қолға,
Жолықты қарындасым қайғы молға.
Хақы үшін туысқандық іздейін деп,
Сол үшін шығып едім ұзын жолға.

Жүдеді қарындасым қайғы басып,
Сүйегі ғашықтықтан кетті жасып.
Кетсе де Ирамбаққа іздеймін ғой,
1750 Кетейін Мұхтар ханмен амандасып.

Бұ сөзбен Мұхтар ханға жүрмек болды,
Ап жүрді он мыңдайын әскер қолды.
Шаһмұрат келеді деп Бағдатқа,
Жаптырды жібек кілем келер жолды.
Сапарын Шаһмұраттың ел білділер,
Тоғыз мың алдарынан қол келділер.

Мұхтарға амандасты тағына кеп,
Қайғыға ер жүдемес уайым жеп.
Бастан-аяқ айтады ахуалдарын,
1760 Ұқтырып падиша осылай деп.

Неше күн Бағдатта тұрды дейді,
Көп әскер сейілдікті құрды дейді.
Іздеуге Ирамбақтан Зияданы
Мұхтармен амандасып жүрді дейді.

Қол берді сегіз мыңдай тағы бұған,
Хақы үшін сапар қылды бірге туған.
— Айта бар барсаң сәлем жалғызыма,
Көз жасым көл-дария бетім жуған.

Ер жігіт жарамайды сөзден қашса,
1770 Шаһмұрат гүл төгілер аузын ашса.
— Иләһи, жолың болсын, балам! — дейді,
Болар ек жақсы құда Құдай қосса.

Балама ғашық бопты қарындасың,
Кем емес сан патшадан ғазиз басың.

Құдайым жолықтырсын жалғызымды,
Зар еткен қабыл қылып көзде жасым.

Қол берді сегіз мыңдай кеме сайлап,
Бөрінің жау-жарағын махкам байлап.
Бірігіп Шаһмұраттың кемесімен
1780 Теңізбен жөнелділер, иә, Құдайлап.

Теңізбен қырық күн жүрді жер ортасы,
Пісулі күні-түні даяр асы.
Күнінде қырық бірінші матрұқтан
Көрінді мұнарланған таудың басы.

Кеменің темір арқан шынжыр бауы,
Шын байлық жарлы адамға деннің сауы.
Келгенде Сейітбаттал өткеліне,
Байқады сағымдаған Атлас тауды.

Атласта үш күн жатты аунап-қунап,
1790 Талапты өңкей батыр ерлер дулап.
Теңізбен ол Атластан жөнелділер,
Кемеге мініп алып қайта шулап.

Суменен кеме саулап он күн ақты,
Іздерге ойлары бар Ирамбақты.
Неше күн су жүзінде ағып жүріп,
Парахотты қозғалтып толқын қақты.

Қабаққа жақындайды бір күн ағып,
Парахот теңселеді толқын қағып.
Көрінген қабақ соқты, жайын екен,
1800 Жақыннан қарасады бұған бағып.

Мінгізген паряхотқа патша-ханды,
Ойламас ғашық адам мың мен санды.
Ғайбаттанып сол жайын аузын ашты,
Кемемен жұтайын деп тамам жанды.

Ғашықтық жүдетеді жанған отпен,
Жаманның ойы болмас сұрау-сотпен.
Кемені тоқсан екі жұтып қалды,
Құтылды бес жүз кісі парахотпен.

1810 Кемені жібермейді толқын тұтып,
Шаһмұрат зар жылайды қасірет тұтып.
Он сегіз мың әскерден бес жүз қалды,
Он жеті мың бес жүзін жайын жұтып.

Бірталай теңізбен азаптанды,
Қинады жолда ғазиз жанды.
Қалған бес жүз жанынан тегіс аурып,
Асбасшы қылып қойды патша-ханды.

1820 «Бір қайғы ер болған соң басқан шығар,
Бейнетім бір адамнан асқан шығар».
Шаһмұрат осылай деп қайыспайды,
«Бір Алла сынамаққа қосқан шығар.

Алланың ризамын бергеніне,
Жақсыға кім қуанбас ергеніне.
Тәубашылық келтірдім жас күнімде,
Мұндайды шаттанамын көргеніме».

Бес жүздің бөрі ауырды бірі қалмай,
Бола ма қайғы қатты мұндай болмай.
Тоқтатты парахотты шынжыр баулап,
Соларға сусын берді тыным алмай.

1830 Бес жүздің ауырғаннан үш жүзі өлді,
Жазылып екі жүзі өлге келді.
Көп көрді қайғы қатты су үстінде,
Билеген патша еді Мысыр елді.

Жүдеді шаһизада нұры қашып,
Үш жүзін өткізіпті арыздасып.
Дерт кетіп, екі жүзі оңалған соң,
Оларды тойындырды балық асып.

Оңалды сау кісідей һәммалары,
Шетінен батыр, палуан текті бәрі.
Бұрып алып паряхотты Ирамбаққа,
1840 Су бірлән жөнелділер жанның бәрі.

Ай болды тоғызыншы сумен аққан,
Алыстан от көрінді халық жаққан.
Түнде ағып кемеменен келе жатса,
Жарамас ғайбат айтып сөзді баққан.

Сол кезде судың үсті боран болды,
Қап таудай теңіз үсті сеңге толды.
Кемені толқын қағып жібермейді,
Жел шығып екі жақтан оңды-солды.

Сарғайып көрінді таң бір уақытта,
1850 Болмағың жақсы-жаман берген бақта.
Қараса жан-жағына шаһизада,
Жер көрді қарауланған Амрұқ жақта.

Кемені бұрып алды жерге таман,
Қарады қасындағы ерге таман.
Үш жүзі су үстінде тағдыр жетіп,
Екі жүз жерге шықты есен-аман.

Шығыпты неше күндей суда жүріп,
Сандалған өңкей батыр сең мұз ұрып.
Атқа мініп сапарға жүрмек болды,
1860 Жағада Дерек деген он күн тұрып.

Балықтан азық сайлап тамақ асты,
Сапарға байлап шыққан әуел басты.
Тұлпармен Ирамбақты іздемекке
Кемені шынжыр тағып бек байласты.

Азық алды балықтан қоржын толған,
Бәрінің қайғы көріп жүзі солған.
Бірнеше күн жол жүріп шаһизада,
Бір баққа кез болыпты бұлбұл қонған.

1870 Келділер мұқым әскер тұлпар мінген,
Жол жүріп, шаһизада қайғы көрген.
Жемісі неше түрлі бейне ұжмақтай,
Ішінен шығар емес адам енген.

Ішінде неш адам жоқ мекен еткен,
Әңгіме мұндай қызық баққа жеткен.
Лағыл, інжу, зүбәржат тақ жасаған,
Орны екен перілердің келіп-кеткен.

1880 Бұлбұлы, сандуғашы сайрап тұрған,
Шаһмұрат осы бақта сейіл құрған.
Жиһанда мұндай мекен неш болмайды,
Адамды ғашық етер көңіл бұрған.

Жаралған дүниеде артық мекен,
Істеген келістіріп қандай дүкен.
Сайран етпек жан үшін салдырышты,
Пері[нің] қыздарының сарайы екен.

Ондайды жан салдырмас Құдай қалап,
Патша сейіл құрды жанға талап.
Үйге кірсе, салулы төсектер бар,
Көрділер һәр нәрсесін тамашалап.

1890 Салулы үш жүз төсек, пердесі бар,
Сөйлейін бақтың қиссалар.
Төсекте бір-бір кісі жатып алды,
Аттарын қоя беріп енді бұлар.

Бағы екен, мекен еткен көп перізат,
Атлас көрпе, төсектің бәрі қымбат.
Пәлен қыздың орны осы төсек,
Жастыққа алтын потал жазыпты хат.

1900 Төсектің бөрінен де біреуі абзал,
Қайғы өтсе, керек болмас жиһаз бен мал.
Падиша бір жазуды оқып көрсе,
Ханшасы Ирамбақтың Ләззатбал.

Хан екен Ирамбаққа — пері Мұфтал,
Қызының аты болар Ләззатбал.
Ұйықтаса Шаһмұрат тақ үстінде,
Түсінде ғашық болған, бір мүшкіл хал.

Падиша ұйықтайды қыз тағында,
Зүбәржат, лағыл, інжу шарбағында.
Бір түсті көрді тағы қайғылы еткен,
Сөйлесіп Ләззатбалмен дәл жағында.

1910 Сарайда Шаһмұрат ұйықтап жатты,
Сөйлесті пері қызы, сөзі тәтті.
Қызымен Мұфтал ханның Ирамбақта
Ғашық боп, қайғылары болды қатты.

Түсінде Шаһмұраттың бір қыз келді,
Билеген Мұфтал патша пері елді.
Жиһаннан нұры артылған Ләззатбал,
Падиша құшақтады бұраң белді.

— Жеті жыл ғашық болдым, патшам, саған,
Шаһмұрат, ғашығым сен артық бағаң.
Қай уақытта болса да қосылмаққа
1920 Аузыңнан уағда бер, шаһым, маған.

Ғашықпын, патшам, саған жеті жылдай,
Артықсың адамзаттан, белің қындай.
Ғазиздің Мұфтал пері баласымын,
Ей, жігіт, сенің үшін халім мұндай.

Ирамбақ — перілерге үлкен орын,
Беріпті Құдай саған ләулік нұрын.
Сені іздеп мен Мысырға сегіз бардым,
Өзіңе ғашық болдым мұнан бұрын.

1930 Перінің Мұфтал атам патша-ханы,
Іздеттім талай жерден, жігіт, сені.
Ғашық жарым, уағда бер, іздер болсаң,
Жиһанда тірі болып жүрсең, мені.

Бір сені теңемейін перізатқа,
Келісті падишам сен дүлдүл атқа.
Түсімде жеті жылдай ғашық болдым,
Сабырым неш қалмады, қылар дертке.

Сипатың жаннан артық нұрлы самал,
Дәулетті падишам, сен хайла-амал.
1940 Мені ізде, жігіт болсаң, қосыларсың,
Мұфталдың жалғызымын Нұрлыжамал.

Жайнаған қызыл гүлдей патша шағың,
Кем емес бір адамнан біткен бағың.
Мекенім Ирамбақта, қосылсаңыз,
Астыңда менікі еді жатқан тағың.

Тағы да сөйлеседі сөзді бастап,
Бірінің айтқан сөзін бірі қостап.
Сол жерде ғайып боп қыз кетеді,
Патшаны алтын таққа жалғыз тастап.

Падиша көрген түсін ойға алады,
1950 Ғашықтан қапаланып іш жанады.
Түсім емес, көргенім өңім ғой деп,
Жан-жағын тұра сала қармалады.

Тұрған соң падишаның халі кетті,
Құсасы ғашықтықтың жанына өтті.
Сол жерде «Ләззатбал» деп зар жылайды,
Бұраң бел түсте көріп алма бетті.

Шаһмұрат [тың] тұсте көріп Ләззатбалды жоқтағаны

Шаһмұрат сонда жылайды
Ғашықтықтың дертінен.
Қосылмаққа түсінде,
1960 Сарайда жатқан кешінде,
Қызға берген сертінен.
Сабырлық хайла ете алмай,
Ләззатбалға жете алмай,

Патша жатып қайғырар
Ішінің жанған отынан.

- Сұлтаннан келіп сұрайды,
Әскер халқы жиылып,
Беңзі мұндай болған соң.
1970 Ғашықтық білді қаттысын,
Сипатты нұры солған соң.
Аяғын басып жүре алмай,
Үешкімге жауап бере алмай,
Беңзі кетіп жүдеді,
Ішіне қайғы толған соң.
Сұхбаттасып бір жатқан,
Қосылып түсте дәм татқан,
Жарын еске алғанда
Шаһзада жылайды,
Перізатқа ғашық боп,
1980 Зияданы таба алмай,
Жапанда бүйтіп қалған соң.
Кім болмас ғашық періге,
Сайрады бұлбұл серіге,
Ғәр сипаты келісті,
Хор қызындай нұрланар,
Гауһарға шашын малған соң.
Шаһизада жылайды,
Сабырлық хайла қылмайды.
- Ләззатбалдың түсінен,
1990 Сөйлеген сөзі перінің,
Арабтың ғазиз сұлтаны
Кетпеген соң есінен.
Таңертең тұрды зар жылап,
Көрген қызы ғайып боп,
Патша жатқан кешінен.
Ғазал айтып жылайды,
Ғашық болып перінің
Іздегей жөнін таба алмай,
Алланың қылған ісінен.

2000 — Түсімде көрдім, дарига,
Пері қызының жамалын.
Ирамбағы екен мекені,
Мұфталдың ұшқан самалын.
Нұрлы жүзін көрген соң,
Уағда сөзді берген соң,
Қай етіп оған жетермін,
Білмедім хайла-амалын.

Қай уақытта табармын
Мекеніңді жолы мен,
2010 Күн-түні сенсіз амал жоқ,
Ғашықтың қатты молымен.
Сапарға шықтым іздеуге,
Қарындасым ғашық боп
Мұхтардың ғазиз ұлымен.
Жетер де заман болар ма,
Қайғылы көңлім толар ма,
Құшақтасып дәм татып
Ләззатбалдың қолымен.
Бір амал тап, әскерім,
2020 Ирамбақта перінің
Ғашықпын қызыл гүлімен.

Жамалың сенің, Ләззатбал,
Бү жиһанда болмаған,
Қайғың қатты жүдетті,
Патша едім Мысырда,
Беңзім бұрын солмаған.
Құшақтасып түсімде,
Ғашықтықпен кетірдің,
Мағшұғым, есімді,
2030 Ғеш тағатым қалмады,
Патша болып тұра алмас,
Салтанатты құра алмас
Бір сені іздеп алмаған.
Бір қайғының түсінде
Ғашық болып періге,

Зияданы таба алмай,
Өйтiп жүрiп өлем бе,
Хан басым сағым шалмаған.

2040 Сол күнде Ләззатбал Ирамбақта,
Қайғылы патша мұндай алтын тақта.
Перi қызы көрiптi түсте мұны,
Бiр күнi ұйықтап жатып алтын тақта.

Патшаның ғашық бопты нұр жүзiне,
Азабы қатты түстi бұ кезiнде.
Ойламай падишаны жатып алды,
Патшаның қосылсам деп бiр өзiне.

2050 Издетiп жiберiптi перiлердi,
Ләззатбал көргеннен соң қайғы-зарды.
Таңдап ұшқыр батырын жiберiптi,
Дүниеден тауып әкел деп ғашық жарды.

Перiлер кезiп жүрдi жердiң жүзiн,
Ғашықтық жүдеткен соң патша қызын.
Неше күн кезiп жүрiп дүниенi,
Адамның естiптiлер зарлық сөзiн.

Зарлаған бiр адамның үнi келдi,
Падиша түсте көрдi сағым желдi.
Келдiлер қыз бағына тамам перi,
Ғашықтың мұнда екенiн бәрi бiлдi.

2060 Перiлер шуылдайды аспанда ұшып,
Жүдеттi шаһзаданы қайғы қысып.
Дауыстап бiрiн-бiрi жиып алды,
Тапқан соң қуандылар баққа түсiп.

Перiлер жиылдылар шарбағына,
Сарайдың сансыз толып жан-жағына,
Шаһмұрат сол уақытта зарлап отыр
Сиынып дiн Исламның аруағына.

- Перілер тыңдастылар айтқан зарын,
Сөйлейін баққа келген қиссаларын.
Патшаның әскерлері қорқыстылар,
2070 Перінің көргеннен соң тамам бәрін.
- Көрділер адамзаттар перізатты,
Шаһмұрат қайғы көрген түсте қатты.
Періше сөйлесуді біледі екен
Патшаның бір жолдасы Хайдар атты.
- Перілер жиылдылар бау-шарбаққа,
Сиынды бейшаралар жалғыз Хаққа.
Хайдардан рұқсатты сұрадылар,
Береміз арыз айтса патша жаққа.
- Патшаға Хайдар келді пәрмен сұрай,
2080 Бір күнде қайран болған патша күні-ай.
— Ішіне бау-шарбақтың пері толды,
Хан ием жұрт билеген, мынау қалай?
- Неше мың баққа толды ұшқан пері,
Тегінде Ирамбақ қой мекен жері.
Асынған жау-жарағын алтын, болат,
Мұфталдың не қылса да талапты ері.
- Сұрады рұқсатты менен бұлар,
Зиянды адамзатқа пері жындар.
Өлтірер деп қорқамын патша бізді,
2090 Қор болдық айдалада қайран күндер.
- Сол уақыт жатқан тақтан патша тұрды,
Асынды алтын, болат сегіз қырлы.
Тысқа шығып жауабын берейін деп
Сарайдан Хайдарменен бірге жүрді.
- Басына төжін салған зүбәржатты,
Періше Хайдар сөйлер бек һайбатты.
Патшаны көргеннен соң шуладылар,
«Ғеш адам көрмедік, — деп, — бұ сипатты».

- 2100 Падиша тысқа шықты төжін салып,
Үстіне киім киген, лағыл малып.
Перімен сөйлесуге келеді енді,
Хайдарды тіл білгіші қасына алып.
- Патшаға сәлем берді пері көріп,
Ғаламнан артық туған нұрын көріп.
Періге сөйлестірді Хайдар енді,
«Менде қандай жұмысы бар екен» деп.
- Сөйлейді сонда Хайдар сөздің бәрін,
Сұрайды қандай жауап қиссаларын,
Падишаны шақырған алтын тақтан,
2110 Шарбаққа нешік келген ахуалдарын.
- Періге Хайдар айтты патша сөзін,
Перінің патша білмес келген кезін.
Естіген соң перілер енді айтты:
— Іздедік ол жігіттің біздер өзін.
- Мұфтал хан Ирамбақта жұрт билеген,
Перілер жақындасып сөз сөйлеген.
Патшаның жалғыз қызы Ләззатбал
Жігітті о[сы] тұста ізде деген.
- 2120 Хайдар тағы патшаға айтады сөз,
Іздеген бір-біріне жолықты тез.
Неше жыл азап тартып жүрсе дағы,
Құдайым ақырында қылады кез.
- Сөйлесті пері бірлән сөздің жайын,
Құдайым кез келтірген осындайын.
Патшаның көңілінде азасы бар,
Перінің түсте көріп туған айын.
- Пері айтты: — Біздің мекен Ирамбақта,
Іздедік бұрын сізді Мысыр жақта.
Мұфталдың жалғыз қызы Ләззатбал,
2130 Уасифіне ғашық болды алтын тақта.

Ұшамыз сіздерді алып жетсе дәрман,
Қанша қосылмаққа еткен арман.
Бар болса, дүниеде тауып кел деп
Біздерге Ләззатбал қылған пәрмен.

Патшаға қатты ғашық ханышамыз,
Сөйлесіп бүгін сізбенен танысамыз.
Екі жүз қасындағы жолдасыңмен
Артына Қап тауының ап ұшамыз.

2140 Шошымаңыз жығылып өлеміз деп,
Зарларсың қай уақытта жетерміз деп.
Жиылды өңкей ұшқыр перізаттар
Мінгізіп Қап тауындан өтеміз деп.

Падиша, қайғыңызды кетіреміз,
Қатерсіз Қап тауындан өткереміз.
Ирамбақ шабар атқа бір айлық жол,
Ұшсақ ертең түсте жеткіземіз.

2150 Көтеріп ұшпақ болды өңкей жасты,
Шаһзада жолдасымен ақылдасты.
«Не болса да көрелік Ирамбақты,
Бұ жолға байлап шықтық айдай басты».

Бұ сөзбен перілер ап ұшпақ болды,
Падиша мұндай іске душар болды.
Бір кісіден һәрқайсы мінгізіп ап,
Ап кетті Ирамбаққа тамам қолды.

Аспанмен пері ұшты адамды алып,
Кез болды мұндай іске Құдай салып.
Ауаның жүзін тұтты ұшқан пері,
Жүрмейді бір-бірінен кейін қалып.

2160 Ұштылар адамзаттар пері мініп,
Аспанда сауық салды ойнап-күліп.
Күн көрінбес перінің ұшқанынан,
Болмайды адамзаттар бірін біліп.

Перілер Қап тауынан алып ұшты,
Падиша көрген екен қайғы түсті.
Бір заманда шарбақтан кеткен соң,
Кез болды бір шарбаққа бұлбұл құсты.

2170 Баққа келсе, сайраған бұлбұл құсы,
Жасатпас мұндай мекен һешбір кісі.
Ондайды көрем деген ойы бар ма,
Періні жолдас қылған Құдай ісі.

Пері[лер] келіп түсті бау-шарбаққа,
Адамзат сиынады жалғыз Хаққа.
Бұ дағы Ләззатбалдың мекені екен,
Патшаны отырғызды алтын таққа.

Салдырған сайран үшін бұ бір сарай,
Қанша қайғы көрді қатты талай.
— Сұраймыз Ләззатбалдан сүйіншіні,
Ирамбақ қалды түстік мұнан былай.

2180 Бір пері жіберелік бұрын елге,
Ұқсайды ақылыңыз дария-көлге!
Біз сіздің ғашығыңыздан тұрмай жатқан,
Көз жасы көл-дария аққан селге.

Падиша «жиыл» деді перілерді,
Неше жыл жолда көрген қайғы-зарды.
Жіберді Хайдар бірлән бір періні,
«Қуант, — деп, — Ләззатбал ғашық жарды».

2190 Патшадан бұрын кетті Хайдар батыр,
Патшаның айтқан сөзі балдай татыр.
Үстіне бір перінің мініп алып,
Адамзат Ирамбаққа келе жатыр.

Бағы бар Ирамбақтың гүлін сүйген,
Жиһанда ғашық жарға болмас тойған.
Жолына падишаның қарауыл сап,
Неше мың перілерден нөкер қойған.

Сол уақыт Хайдар келді мекен жерге,
 Қасында мініп келген пері бірге.
 Құрметтеп адамзатты күтпек үшін
 Бір сарай бөлек берді Хайдар ерге.

2200 Қызметші даярлады мың сан құлды,
 Жайдырды келер жолға қымбат пұлды.
 Алдынан нөкерменен шығамын деп,
 Қуанды көремін деп қызыл гүлді.

Көруге қарсы жүрді туған айды,
 Жолына лағыл, [жібек] кілем жайды.
 Алып кеп Шаһмұратты шаһарына,
 Тоғыз мың сойғызыпты тойға тайды.

2210 Той қылды Шаһмұрат келгеннен соң,
 Қосылды шын мағшұғын көргеннен соң.
 Мекенде Ирамбақтай сейіл құрды,
 Жарыменен сұхбаттасып күлгеннен соң.

Перілер жиылдылар Ирамбаққа,
 Тәж киіп патша отырды алтын тақта.
 «Қырық күндей, — Мұфтал патша, — той қылам» деп,
 Айтқызды мағлұмнаме һәр тарапқа.

Перілер жиылдылар лағыл киген,
 Той болды бек қызықты жарын сүйген.
 Пақыр мен мүсәпірге бермек үшін
 Базарға жеті жүз пұт гауһар үйген.

2220 Ойыншы неше түрлі сауық салған,
 Қызықты мұндай болмас дүние жалған.
 Шаһмұрат қосылған соң Ләззатбалға,
 Айтады Зияданы көңілге алған.

Неше жыл сапар шегіп жүргендерін,
 Арада талай бейнет көргендерін.
 Мысырда Хорлыдайын қарындасы
 Уағда бір жігітке бергендерін.

- Мысырда қарындасым Хорлы — Ғайын,
Айтайын, Ләззатбал, сізге жайын.
Перідей нұр сипаты артық туып,
2230 Көп патша ғашық болған көрген сайын.

Шарбағы екеуінің тоты, бұлбұл,
Безеген сарайында райхан гүл.
Түсінде бір жігітке ғашық болып,
Сол еді іздегенім бірталай жыл.

Хорлының қарындасым беңзі нұрлы,
Ақылы, зейіні мол талай сырлы.
Түсінде Зияда атты жігіт көріп,
Ішіне қайғы түскен неше түрлі.

- Түрленген шарбағында қызыл гүлі,
2240 Іздедім сол жігітті неше жылы.
Бағдат шаһарының падишасы,
Сұлтанның Мұхтар деген жалғыз ұлы.

Жігітке Зияда деп исм кеткен,
Жақсының бір белгісі сөзге жеткен.
Хорлыға түсінде о да ғашық болып,
Пері деп осы жаққа іздеп кеткен.

- Шығып ем сол жігітті таппақ үшін,
Ғайыптың кім болжайды бұрын ісін.
Ғеш хайла, сабыры жоқ ғашықтықтан,
2250 Жігіттің көрмейінше нұрлы түсін.

Екеуін қосар ма екен нәсіп әйлап,
Ғәрбірі қызыл жақұт тұрған жайнап.
Бар болса бұ дүниеде табармын деп,
Еліммен шығып едім уағда байлап.

Мұң қылып, ғашық жарым, айттым мұны,
Ұшырып перілерге іздет соны.
Ата-анам, елі-жұртым жырақ қалды,
Мен тауып алып қайтам қашан оны.

Мұны естіп Ләззатбалдың көңілі түсті,
2260 Һәр түрлі Құдай салар қайғылы істі.
«Жігітті Зияда атты тауып кел» деп,
Ұшырды перілерін өңкей күшті.

Ауаның ұшқан пері жүзін алды,
Есітіп ханышадан мұндай халді.
Аса ұшып Қап тауындан екі күнде,
Арылтып төрт тараптың бәрін шалды.

Перілер қайтарында баққа кірді,
Аралап тау ішінден іздеп жүрді.
Зарлаған бір адамның үнін естіп,
2270 Сол ма деп құлақ салып тыңдап тұрды.

Тыңдаса бір адамзат зарлық еткен,
Шыққалы шаһарынан көп күн өткен.
Баяғы Мұхтар ханның жалғыз ұғылы,
Хорлыны пері ғой деп іздеп кеткен.

Перілер жақын келіп қарадылар,
Фариад екі адамзат ұрадылар.
Қай мекен, қай шаһардан жүргендерін,
Бұлардың енді жөнін сұрадылар.

Сапарда азап көрген бірталай жыл,
2280 Жігітті талап еткен мұратты қол.
Ишарат қолдарымен көрсетеді,
Перімен сөйлесуге білмейді тіл.

Перілер алып ұшты екі адамды,
Адамзат көрсе жүдер қайғы-ғамды.
Бесінде Қап тауынан алып ұшып,
Оқыпты Ирамбақта намазшамды.

Зияда Ирамбаққа келіп түсті,
Пері алып өңкей күшті.
Шаһмұрат Ләззатбалға қосылған соң,
2290 Іздеткен тауып алды бұлбұл құсты.

Жыласты екі сұлтан құшақтасып,
 Жүдеген бейшаралар қайғы басып.
 Жерінде Ирамбақтың көріседі,
 Шаһмұрат Зиядамен амандасып.

Шаһмұрат [тың] Зиядаға айтқан газалы

- Шаһмұрат [сонда] айтады:
 — Ей, Зияда, сұлтаным,
 Сені іздедім неше жыл,
 Ғашық болып түсінде
 Хорлы саған назыгүл.
- 2300 Жан екенсің келісті,
 Сөйлеген сөзің дәл бұлбұл.
 Сапарыңда өлтірдім
 Көп азамат сай дүлдүл.
 Өуезің бар мейілім,
 Жолықтырды Құдайым,
 Зияда, саған қызыл гүл.
 Туысқандық ойладым
 Һәр мүшеңіз қымбат пұл.
 Қайғырды халқым мен үшін,
- 2310 Жылады Хорлы сен үшін.
 Іздедік сені талапты ер.
 Хорлыға сізді қосармыз,
 Ғашық дертің басармыз,
 Құдай-а, бізге жәрдем қыл.
- Жеті жыл болды шыққалы,
 Медеткер болып қосылдым
 Ләззатбал жарыммен.
 Бүгін көрдім рахат,
 Неше жыл қылған зарымнан
- 2320 Кеше қашып құтылдым,
 Жайын жұтып айырылдым
 Көп жолдасым бөрінен.
 Сұрап ем, сені көрсетті,
 Ризамын һәр нешік,
 Хақ Тағала Кәрімнен.

Шаһмұрат [тың] Зиядаға айтқан газалы

Зияда амандасты Ләззатбалмен,
Көрісті бейшаралар мұндай халмен.
Ханыша көңіл аулап сөз айтады,
Неше жыл сапар шеккен патша-ханмен.

2330 Ләззатбал Зиядамен көріседі,
Көңілі бір-біріне еріседі.
Сөйтсе де Хорлы жары естен кетпес,
Бір жылдай Ирамбақта жүріседі.

— Зияда, сіздер адам, біз — перізат,
Ғашығың бір Хорлы үшін болды қымбат.
Бір Алла нәсіп етсе, қосыларсың,
Қосылдым Шаһмұратқа тұлпар сымбат.

Өзіңнен адам ұғлы өтпеуші еді,
Көңілі мағшұғына жетпеуші еді.
2340 Шаһмұрат күндіз-түні зары жылап,
Ойынан сенің дертің кетпеуші еді.

Шаһмұрат мынау тұрған — менім жарым,
Бәрінді кез келтірді Бір уа Барың.
Қаусырсын Хорлыға нәсіп етсе,
Көңліңден тегіс кетіп қайғы-зарың.

Зияда айтты: — Хан едім Бағдатта,
Көңілім түні-күні мына жақта.
Көп іздеп Хорлыдайын мағшұғымды,
Жапанда жал қалмады дүлдүл атқа.

2350 Мұхтардың жалғыз ұғлы болушы едім,
Қасыма сансыз әскер алушы едім.
Ақ торғын шатыр тігіп, хале киіп,
Сауықты сахарада салушы едім.

Бір күні тақта жаттым ұйықтайын деп,
Неше жыл сапар шектім уайым жеп.

Сипаты нұрлы туған ғаламда жоқ,
Хорлыжан ғашық етті түсімде кеп.

Екіңіз қосылыпсыз Ирамбақта,
Ғашығымды іздеп едім осы жақта.
2360 Дертiнен Хорлыжанның мұндай болдым,
Пәрмендi патша едiм алтын тақта.

Шаһмұрат бiр менi iздеп бейнет көрген,
Жолдасы өңкей батыр қасына ерген.
Құдайым құтты қылсын екiңiздi,
Жеңгем сен гауһар әйнек үлгi көрген.

Лағылдан зүлфi шашың таралғаным,
Аш белiң алтын сымдай бұралғаным.
Дертiме бiр дәрмендi өзiңiз ет,
Затынан Шаһрухтың жаралғаным.

2370 Сол жерде падишалар кеңеседi,
Ләззатбал ай мен күнге теңеседi.
Бұ жылша Ирамбақты мекен етiп,
Жүрелiк ендiгi жыл ал деседi.

Шаһмұрат Зияданы тауып алды,
Сөйлейiн мен бiр қисса, жаңа келдi.
Қызықты ел жиылып тойын қылып,
Шарбақта Ирамбақтай сауық салды.

Неше күн той қылдылар жақсы тiлек,
Сұңқарлар қосылған соң тоғыз түлек.
2380 Күткiздi Зияданы жолдасымен,
Қыздарға жүз перiзат лағыл бiлек.

Бiр сарай бөлек бердi алтын тақпен,
Исламның дiн қуатты жалғыз Хақпен.
Неше жыл бейнет көрген падишалар
Жапанда сейiл құрды арғымақпен.

Назыгүл неше түрлі сұлу қыздар,
Лағылдан жағалары хале тондар.
Ұжмақтың мүйісінің бәрі сонда,
Сайрайды түрлі бұлбұл, тоты құстар.

- 2390 Жиһанда һешбір болмас мұндай бақтар,
Жаюлы атлас көрпе, алтын тақтар.
Райхан гүлден оттап, шәрбат ішкен,
Мінгені — гауһар жалды арғымақтар.

Ирамбақ үйлері бар меруерт тас,
Бұраң бел, мекені екен көп қиғаш қас.
Тұтқаны һәрбірінің — алтын табақ,
Ішінде неше түрлі нығмет ас.

- Перілер күнде қызық сауық салған,
Қолына райхан гүл табақ алған.
2400 Көп тұрып Ирамбақта қайтпақ болды,
Хорлының ғашығын кейін қалған.

Ойлайды падишалар мекен жерін,
Қайғы мен жолда өтірген талай ерін.
Құрметті мұндай жерде тұрса дағы,
Арабтың теңемейді бұған бірін.

Бек жақсы құрмет көрді перілерден,
Құтылды падишалар қайғы-зардан.
Зияда сабыр етіп тұра алмайды,
Хорлыдан хабар алмай ғашық жардан.

- 2410 Мұфталға ақылдасып қайтпақ болды,
Жолдасқа қосып берді мың сан қолды.
Той қылды неше күндей жақсы тілек,
Жаптыртып масатымен жүрер жолды.

Қуанды елі-жұртын көрмек болып,
Қасына сансыз әскер ермек болып.
Ақ туын Мұртазаның көтерділер,
Ғайынды Қосмалияға бермек болып.

- Сөйлесті Шағмұрат Қосмалияға,
Шағардан шыққаннан соң бұлбұл гуя.
2420 — Құдайым нәсіп етсе, Ғайын сендік,
Нөкері елу төрт қыз бәрі сенге.
- Жамалы оның дағы нұрлы, — дейді,
Сарайы зүбәржаттан сырлы, — дейді.
Ғайынды саған берем, Қосмалия,
Тиген соң Зиядаға Хорлы, — дейді.
- Жол жүрді ғашық қайғы салғаннан соң,
Ер іздеп көрген түсін алғаннан соң.
Ақ сүйек патша болды Қосмалия,
Заданың кіші қызын алғаннан соң.
- 2430 Мұфтал хан болды ұзатпақ Ләззатбалды,
Халқына мағлұм етті мұндай халді.
Әуелде Зияданы іздеп шығып,
Затынан Шағрухтың бір қыз алды.
- Сансыз мал, Ләззатбалға жиһаз берді,
Қасына қанша әскер нөкер ерді.
Жапаны шексе дағы шаһизада,
Тарқатты қайтарында қайғы-шерді.
- Жіберді Ләззатбалды ел шығарып,
Мысырға бұрын қайтқан неше барып.
2440 Тигізді өз қолынан сүйгеніне,
Қыздарды нөкер еткен қасына алып.
- Перілер амандасты Ләззатбалмен,
Шықтылар Ирамбақтан мұндай халмен.
Жеріне әскермен қайта ап ұшты,
Бағалы лағыл, інжу, қымбат балмен.
- Шыққан соң он күн ұшты Ирамбақтан,
Мұфтал хан мекен еткен алтын тақтан.
Мұхиттан, жеті теңіз өткеннен соң,
Тау көрді мұнарланған араб жақтан.

2450 Жеткен соң ел шегіне дамылдасты,
Ләззатбалмен қайтты қиғаш қасты.
Сол жерден елге хабар жібермек боп,
Падишалар әскермен ақылдасты.

Арабтың мекеніне жақын келді,
Жеткен соң құрғақ жерге көрді елді.
«Бір кісі сүйіншіге жіберелік,
Қуантып Хорлыдайын бұраң белді».

Алдынан Хайдар барын, жол біледі,
Һәрнені ақылды адам мол біледі.
2460 Ауамен пері мініп келе жатса,
Алыстан Хайдар батыр қол көреді.

Сол қолға жақындайды Хайдар батыр,
Мүләйім айтқан сөзі балдай татыр.
Дертінен Зияданың сейіл еткен,
Таныды Хорлы — Ғайын тұрған шатыр.

Бұлардың қастарына келді жетіп,
Һәр істі Құдай қылар нәсіп етіп.
Хайдарды таныған соң Хорлы байғұс,
Жығылды қуанған соң есі кетіп.

2470 Бір уақыт талғанынан есін жиды,
Көзінің зар әйлаған жасын иді.
Сұрады мағшұғының хат-хабарын,
Әуелден Зияда деп жанын қиды.

— Ей, Хайдарбек, жүдепсің, жүзің сары,
Жиһанда сіздей жүрмес жанның бәрі.
Қосылып бір-біріне екі мағшұқ,
Күн бар ма сейіл етер ғашық жары.

Білдің бе, Хайдар, хабар Зиядамнан,
Көңілім ашылмаған қайғы-ғамнан.
2480 Патшаның, аһ, дариға, абзал еді
Жаралған нұр сипаты лағыл шамнан.

Хорлының Хайдардан хабар сұрағаны

- Білдің бе хабар, ей, Хайдар,
Зияданың жолынан!
Ұстап тұрып жылайды,
Хорлы байғұс қолынан.
Сапардан іздеп жүргізді,
Түрлі бейнет көргізді
Қайғысы қатты молынан.
— Зиядам менің бола ма-ай,
2490 Қайғылы көңлім тола ма-ай,
Жолға жүрдің, ағалар,
Қай жұлдыздың солынан.
- Ей, Хайдар, менім халім мұндай болды,
Есіме ғашықтықтан қайғы толды!
Дертіме һешбір хабар таптыңдар ма,
Күн сайын тосып жүрмін келер жолды?
- Білдің бе Зияданың һеш хабарын,
Табады қандай адам ғашық жарын.
Көзіме бір көрсетіп мен сорлының,
2500 Басар ма, хайла бар ма қайғы-зарын.
- Қай уақыт Зияданы көремін мен,
Дертінен сейілдікте жүремін мен.
Әгарда сүйіншіге келген болсаң,
Басқаны бір өзімнен беремін мен.
- Хайдар айтты: — Қатты екен зарың, — деді,
Жүдепсіз бір [Зияда] үшін барың, — деді.
Құдайым тілегіңді қабыл етті,
Есен-сау келе жатыр жарың, — деді.
- О дағы сізді іздепті неше жылдай,
2510 Нәзіксің, қос ханыша, белің қындай.
Қасірет неше жылдай көрсе дағы,
Құдайым ақырында мұндай қылды-ай.

— Қуанттың жүрегімді, Хайдар аға,
Бағымда алтын-күміс сансыз баға.
Аяймын сізден немді сүйіншіге,
Тұлпар мен хале киіп алтын жаға.

Сөйледі Хайдар сонда сөзге дайын,
Жол көрген, ақылы мол, сөздің жайын.
— Айтайын мәселемен бір сөзім бар,
2520 Өгарда құлақ салсаң, Хорлы — Ғайын.

Бір бақта үш райхан, екеуі гүл,
Инжуден жапырағы біреуі бұл.
Жиһанда ондай нәрсе болмаған соң,
Теңдесін іздетіпті бірталай жыл.

Жұмбағым екі қызыл гүл болыпты,
Мекені өңкей қымбат пұл болыпты.
Қарап тұрса зейіні жетер емес,
Ішіне бау-шарбақтың нұр толыпты.
Мекен қып өзге жерде тұрсам үдеп,
2530 Сипаты күні-түні һәм солыпты.

Төрт құбыла бірдей болып жаралыпты,
Бақшадан оған адырын қаралыпты.
Өзіне дүниеде баға болмас,
Ұжмақтың мүйісінен жаралыпты.
Қандай жердің осындай гүлі бар деп,
Тоты құс, бұлбұл ұшып сұралыпты.
Жиһанның жүзін басқан сұлулығы,
Сипаты саф лағылдан құралыпты.
Қай уақытта түсем деп бұстан-баққа,
2540 Дертiнен әрең ғашық тұралыпты.
Неше түрлі жеміс пісіп тұрған,
Һәркімнен ғашық айтып сұралыпты.
Тағы да бұстан-бақта екі райхан,
Жемісі жерге түсіп бұралыпты.
Бұстан-бақша болса да, ей, ханыша,
Бәрінің заты жақсы бір қалыпты.
Қызығын бұ дүниенің көрмек үшін,

- О дағы өзге жерді ойға алыпты.
Қара торғын перделі киіп алып,
2550 Гүліне бұстан-бақтың сөз салыпты.
Бір ағаштың бұтағы екеуі де,
Біреуін көлеңкеден күн шалыпты.
Екіншісін бұтақтың ақырында,
Лағылға төре апарып тең малыпты.

Бап. Хайдар айтқан жұмбағын шешкені

- Бұл сөзің, Хайдар аға, болады бұл,
Екі қыз, райханның біреуі ол.
Бұстан-баққа түспегі — ғашықтығы,
Заданың балалары — райхан гүл.
- 2560 Ұшырған тоты, бұлбұл — кеткен сөздер,
Жапырақ — қасымдағы нөкер қыздар.
Теңдесі бақшалардан табылмаған,
Іздеткен Зияданы байғұс біздер.
- Дегенің екі бақша — екі хандар,
Жемісі қол үстінде — ханша жандар.
Тағы да бұстан-баққа шыққан гүлің —
Мені іздеп Ирамбаққа кеткен іздер.
- 2570 Гүліне бұстан-бақтың сөз салғаны,
Бір маған ғашық болып қайғы алғаны.
Бір ағаштың бұтағы — біз екеуміз,
Баяғы менім дертім күн шалғаны.
- Бұтақтың екісінің бірі — Ғайын,
Ақылды, бөгелмейді сөзге дайын.
Баланың өзі дағы балатұғын,
Иншалла, құтты болсын, не қылайын.
- Жол жүріп талай бейнет көрген екен,
Бір жігіт Зиядаға ерген екен.
Лағыл деген сөздің жөні осылай,
Күйеуге Ғайынды да берген екен.

- 2580 Һәр нәрсе тағайынсыз мін болады,
Мәселе дәлел сөзбен шын болады.
Қара пері дегенің — Хайдар батыр,
Ғашықта түсте көрген түн болады.
- Ей, Хайдар, сен де жақсы қымбат бұлсың,
Хайлаң бар жас күніңнен назыгүлсің!
Айталық нөкерлерге, шаһарға жүр,
Бақшамды бұлбұл гуя даяр қылсын.
- 2590 Қуанды мұндай халмен Хорлы — Ғайын,
Жаңадан кілем жайған көше сайын.
Жүніндей тоты құстың зейнеттеніп,
Құбылды қос ханыша хорлардайын.
- Саф лағыл тарантасы қоңырау таққан,
Екеуін жүз сегіз қыз нөкер баққан.
Хорлы мен һәрбіреуі Ғайындай-ақ,
Нәзік бел, көзі гауһар, опа жаққан.
- Нөкерін Хорлы — Ғайын түзетеді,
Айтуға жақсы адамға сөз етеді.
Әуезі тоты құстай тек мүләйім,
Екеуін жүз сегіз қыз күзетеді.
- 2600 Лағылдан там қойдырды баққа жағып,
Бау-шарбақ сылдырлайды шәрбат ағып.
Ұжмақтың хорларындай һәр сипаты,
Адамзат тағат тұтар бұған нағып.
- Он мыңдай әскер тұрды атпен бағып,
Гауһардан алтын ерге тұрман тағып.
Тамам елін жидырды шарбағына,
Шаһарға мағлұм әйлап дабыл қағып.
- 2610 Тұрыпты Хорлы — Ғайын о да бағып,
Қасында жүз сегіз қыз даярлапты.
Осы күнде солардай бір қыз болса,
Жігіттер ғашық болмас оған нағып.

Толыпты ел жиылып бау-шарбаққа,
Зада хан төжін киді алтын тақта.
Өлдеқайдан көрділер, келе жатыр
Патшалар бағанағы қалған жақта.

Жігітке һәзір болмас сөзден тайған,
Қайғысыз дүниеде нұрға тойған.
Жидырып түстік жерге масатыны,
Ұстатып атлас көрпе нөкер қойған.

2620 Сол уақыт жақын келді патша-хандар,
Даяр боп түсіп тұрды жолда анлар.
Көтеріп атлас көрпе үстіне сап,
Шаһарға келді дейді тамам хандар.

Келділер падишалар мекен-жайға,
Ұқсаған өңкей ғашық күн мен айға.
Задаға Зияданы алып келді,
Келінін қыздар күтіп бір сарайда.

2630 Шаһарға бұлар келді елдей көшіп,
Қуанды Хорлы — Ғайын көңлі өсіп.
Күттілер ханышалар Ләззатбалды,
«Үстінде жаным құрбан жеңгем» десіп.

Болмады мұндай қызық бұ жалғаннан,
Ғашығы қатты жүдер еске алғаннан.
Шаһмұрат пері қызын алып келді,
Бұрынғы ер Баһрам жол салғаннан.

Құрмет етті күйеуді көп ерімен,
Һәркімнің жақсы болмақ өз жерімен.
Пәрмен қылды падиша бектеріне:
— Көрістір балаларды бір-бірімен.

2640 Болдылар көрістірмек бұраң белді,
Іздеген тауып келді сағым желді.
Қосуға балаларды той қылам деп,
Жидырды атыраптан тамам елді.

Маңайында айлық жерге айтты сауын,
Ұжмақта Хорлы — Ғайын піскен қауын.
Ханыша көрмесе де қайғы кетті,
Бұлбұлдың ұстаған соң аяқ бауын.

Жиылды адам қалмай мұсылманнан,
Тұлпар ат таңдап мінген мың мен саннан.
Халықтың тойға келген қисабы жоқ,
2650 Көрінбес жердің жүзі тамам жаннан.

Ойыншы билеуші мен сауық сапты,
Көрсен де талай бейнет жарын тапты.
Ертең тойды бастаймыз деген күнде
Шаһарға ақ торғыннан перде жапты.

Көрген жоқ ханышалар Зияданы,
Көп көрді ғашықтықтан қайғы-зарды.
Қырық күндей бек қызықты той қылыпты,
Қосуға бір-біріне ғашық жарды.

Той болды хорлар сейіл салғанындай,
2660 Белгісі бұ дүниеде қалғанындай.
Рұмнан жеті түрлі ел қаратып,
Хұсайын Шаһарбанды алғанындай.

Тоты құс, бұлбұл ұшып қосылғандай,
Сипаты бұ ғаламнан асылғандай.
Бұрынғы Ләйлі — Мәжнүн, жеті ғашық
Пәрмені перілерге шашылғандай.

Той болды жердің жүзін жасырғандай,
Көңілі дұшпандардың басылғандай.
Кейде байын білмейді елі тойдай,
2670 Басынан Ніл дариясы тасылғандай.

Той болды дүние малы шашылғандай,
Есігі Ризуанның ашылғандай.
Тілінден екі ғашық ләззат алды,
Баһрам Күләндамға қосылғандай.

Қырық күн ел жиылып етті тойын,
Қосылды бір-біріне алма мойын.
Ғашықты түсіне енген өңде көріп,
Ханыша құшақтайды гауһар қойын.

2680 Түрленер қос ханыша нұры тасып,
Аузынан дүр, маржан, гауһар шашып.
Екі айдай екі күйеу жатып алды
Қызымен падишаның құшақтасып.

Зар еткен қосылған соң қайғы кетті,
Сарайда екі бөлек құрмет етті.
Қосылып бұлбұлдайын сайрасқан соң,
Баяғы қайғы-қасірет заман кетті.

2690 Зүбәржат, лағыл, інжу шарбағы бар,
Сарайда сұхбаттасып төрт ғашық жар.
Сұраған сүйіншіні ханышадан
Патшаға уәзір болды батыр Хайдар.

Тарқады қырық күннен соң жиылған ел,
Той болды бек қызықты дария-көл.
Меккеден имам келіп хұтпа оқып,
Некахлы ханым болды қос бұраң бел.

Мысырда хандар тұрды үш айдайын,
Қосылды бір-біріне Хорлы — Ғайын.
Зада хан бектерімен ақылдасты,
Қыздарын ұзатуға айтып жайын.

2700 Зада хан ұзатпақ боп балаларын,
Шығарды көкіректегі сәналарын.
Қырық күндей тағы қызық той қылады,
Шаһардан жөнелтуге паналарын.

Жүргізді хан қыздарын жиһаз беріп,
Қасына неше мыңдай әскер еріп.
Қайттылар өз еліне Зияда хан,
Мысырда үш айдайын қызық көріп.

Адамға иман күткен болұр пайда,
Ер жігіт дәм айдаса бармас қайда.
Елу төрттен нөкері бірге жүрді,
2710 Бөлінбей ханышадан мынадайда.

Қисапсыз айтып болмас берген малын,
Сөйлейін өз жұртына келген халін.
Мінгізіп бес жүз тұлпар әскер берді,
Безеген зүбәржатпен құйрық-жалын.

Қасына әскер берді ергеніндей,
Болмайды айтқан анық көргеніндей.
Қисабы дүниенің әрең толды
Заданың қыздарына бергеніндей.

Пендеге Құдай салар істің бәрін,
2720 Неше жыл жолда көрген қайғы-зарын.
Пері деп Ирамбаққа іздеп барып,
Мысырдан алып қайтты ғашық жарын.

Мысырдан шығыпты енді падишалар,
Нөкері қанша әскер сауық салар.
Жүз сегіз қыз хорлардың жамалындай,
Үстіне атлас көрпе сағым шалар.

Қызыл жақұт сырғасы, бауы гауһар,
Құйылып сағат сайын нұрға толар.
Адам сабыр ете алмас жүзін көрген,
2730 Солардың һәрбіреуі ғашық қылар.

Белі нәзік, мойны ақ лағылдар,
Қосылып қандай жігіт болады олар.
Сипаты бұ ғаламда қызға бітпес,
Жиһанда асып туған енді солар.

Жиһанда асып туған енді солар,
Қосылып қандай жігіт бұларды алар.
Інжуден отыз тісі, ерні ақық,
Буына саф алтыннан шашын малар.

Мысырдан алып қайтты күн мен айды,
2740 Жан көрмес дүниеде һеш мұндайды.
Бірнеше күн жол жүріп шаһзадалар,
Бағдат шаһарына жақындайды.

Жеті жыл сапар шегіп көп күн өтті,
Патшаның көңіліндегі қайғы кетті.
Құрбандық шыбын жанын етіп жүрді,
Мұратқа шаһизада ақыр жетті.

Бастаған шаһизада мың сан қолды,
Көріпті ғашық үшін талай жолды.
Түстік жерге қалған соң Бағдатқа,
2750 Үш кісі сүйіншіге озбақ болды.

Алты атпен үш кісі озды Мұхтарханға,
Бір Алла берсін мұрат барша жанға.
Патшаның пері іздеген ұғлы келді,
Қуанып елі-жұрты қалды таңға.

Жиылған шаһар халқы, бек пен байы,
Зияда падишаның туған айы.
Мұхтарды ханым бірлән қуантады,
«Осылай жалғызының, — дейді, — жайы».

Билеген әділдікпен тамам елді,
2760 Түске енген тауып келді сағым желді.
Әскермен қарсы шығып Мұхтар патша,
Шаһарға балаларын алып келді.

Неше жыл бейнет көрген жолда жүріп,
Дертіне ғашықтықтың мойын бұрып.
Падиша жалғызымен амандасты,
Халқымен келер жолын тосып тұрып.

Болған соң амандасып шаһар жүрді,
Көңіліне паттық кіріп һазар түрлі.
Алды-артынан он мыңдай әскер жүріп,
2770 Қуанып Бағдатқа алып кірді.

Той қылды Мұхтар патша неше күндей,
Өткізді күнде сауық, өлең-жырды.
Қызыққа төрт тараптан хандар келді,
Асынып алтын қылыш болат қырлы.

Гүлденіп бау-шарбағы неше түрлі,
Еліне айтты дейді көрген сырды.
Тәжілмәлік Әлидің баязиріндей
Ел-жұрты айтқан сөзін тыңдап тұрды.

2780 Сарайда Хорлы — Ғайын сайран қылды,
Нөкерлер перізатты күтіп тұрды.
Қырық күндей алтын тақта ойын салып,
Арабтың уәлаяты дәурен сүрді.

Той болды Ніл дария тасуындай,
Мысырдың уәлаятын басуындай.
Мұхтар хан халқын жиды сасуындай,
Тор тауы мекен мосы асуындай.
Зүбәржат, лағыл, інжу табақ ұстап,
Ұжмақтан хордың қызы түсуіндей.

2790 Ұжмақтан хордың қызы түсуіндей,
Алдынан түрлі гауһар шашуындай.
Жігіттер, мадақтасам қызық болды,
Нәбиге мейірімді қосуындай.

Қырық күн ел тарқады өткеннен соң,
Мұратқа шын іздеген жеткеннен соң.
Зияда Бағдатқа патша олды,
Көңілінен қасіреті кеткеннен соң.

Екеуі жұрт билеген патша болды,
Бір Алла тілек беріп көңлі толды.
Өзінің пәрмен еткен заманында
2800 Шығарды бір қақпадан қырық мың қолды.

Салдырды мейман үшін сексен сарай,
Жиһанның салтанатын етті талай.

Падишаны, бай болсын, не мүсәпір,
Демепті құрметтеуге мынау қалай.
Ғаламнан биниһаят өнері асты,
Көрген жан салтанатын қайран қалды.

Көрсө де мұрат тапты көп бейнетті,
Тағы бар мұратынан һәм зейнетті.
2810 Ғұмардай халифа болып ел билеген,
Ұстауға шарифатпен бек айбатты.

Нұры артық өзге жаннан салтанатты,
Құданың Арысланы Өлизатты.
Үстінен бес жүз шаһар пәрмен етті,
Қақ жарып қара қылды әділетті.

Дүниеден асып кеткен сұлтанаты,
Мұртаза, Шаһимардан арғы заты.
Өттілер дүниеден дәулетпенен
Уақытында патша болып инабатты.

Мұратқа патша болып жеткен жері,
2820 Қосылып құрметпенен күткен жері.
Хорлыны ғашық болып он жыл іздеп,
Дүниеден қызық көріп өткен жері.

Дүниеден қызық көріп өткен жері,
Мұратқа қайғы көріп жеткен жері.
Заданың екі қызын екеуі алып,
Қосылып құрметтесіп өткен жері.

Дүниеден қызық көріп өткен жері,
Көңілден қайғы-қасірет кеткен жері.
Патшаның жиһан кезген халін сөйлеп,
2830 Қиссаның тамам болып біткен жері.

Ғайыптың Алла білер асыл сырын,
Махфуздан жаратыпты ләулік нұрын.
Сұлтанды жиһан кезген мәселе еттім,
Шыққан жоқ қисса болып мұнан бұрын.

Үш қисса жіберіп ем мұнан бұрын,
«Қожа Ғаффан», «Таһир» мен «Нұрғұзарын».
Абызкей, қата болса айып етпе,
Ғашықтың тасниф еттім өлең-жырын.


2840 Әлидің арғы тегі әуладынан,
Қоймаған бұ ғаламнан жықпай бірін.
Тайпалған төрт аяғы жорғадайын,
Әуелден келістірген зат пен түрін.

Бижігіт — атекейім, Жақып — атым,
Сіздерге мағлұм әйлап жазған хатым.
Бір Алла қата болса, өзі кешсін,
Қатасын айып қылма, асыл затым.

2850 Өлеңді келістірген ақыл зерек,
Ойласам дүние жүзі дөп-дөңгелек.
Тамам қып бір қиссаны жазып болдым,
Тағы да бір қиссаны жазсам керек.


Екі елу ердің жасы болады жүз,
Көреді есен кісі талай жаз-күз.
Бұ жолы екі қисса жаздым сізге,
Жолықса, тағы қисса жіберерміз.

2858 Қолыма ұстағаным қалам болды,
Көңілім бұ дүниеге алаң болды.
Мың сегіз жүз сексен төртінші жыл,
Апрелде он бесінші тамам болды.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА ХАЗІРЕТ ЖҮСІП АЛӘЙҺИССАЛАМ ИЛӘН ЗЫЛИХАНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

«Жүсіп — Зылихаға» арналған көптеген шығармалар шығыс пен батыс әдебиетіне бірдей, кең тараған әлемдік сюжеттердің қатарына жатады. Оларға арқау болған сюжет ежелгі мифтерден, Таурат пен Інжіл, Құраннан алынған. Құрандағы Жүсіптің оқиғасы ең көркем сюжеттің бірі деп есептелінді. Әлемнің көптеген халықтарының фольклоры мен жазба әдебиетінде бұл сюжеттің кең таралуы оның драмалық және әсерлі желісінде. Онда жалпы адамгершілік гуманистік көзқарастың басы, жақсылықтың мәңгі күші туралы ойлар, жазаның болмай қоймайтындығы туралы және соңында зұлымдықтың жеңілісімен аяқталатыны жайында, мінез-құлықтың әлеуметтік мәні туралы бейнеленген. Шығармадағы дәл осы жоғарғы идеяның себебінен дәуірдің әр кезеңдерінде әлем әдебиетшілері оған назар аударып келген. Көркем әдеби сюжет ретінде «Жүсіп — Зылиха» шығармасы әсіресе Шығыста айрықша даңққа ие болды. Бұл сюжеттің көркем өңделуі Орта Азия мен Кавказдың оңтүстігі, Поволжье және Қазақстан, Иран мен Ауғанстан, Үнді мен Пәкістан, Түркия мен Шығыс Арабиясы елдерінің әдебиетінде кездеседі.

Аңыздың құрандық түрі (Құран Кәрім, 12-аят) өте ықшам, қысқа ғана айтылып, ауызекі сөйлеу стилі сақталған.

Осы аңыз туралы Б.Әзібаева былай дейді: «Библейско-кораническая легенда о Юсуфе Прекрасном представляет собой вполне занятную, многослойную, многосюжетную историю, наполненную приключениями, неожиданными ходами и поворотами, немаловажное значение в ней занимал религиозно-ми-

стический элемент и мифология древних. Несомненно также и то, что эпизод с Зулейхой был второстепенным и служил прежде всего двум целям: а) для подчеркивания святости, верности и преданности Юсуфа; б) для проверки выдержки устойчивости, т.е. нравственных качеств Юсуфа. И только благодаря таланту, гуманистической концепции творчества поэтов, писавших на тему о Юсуфе, эпизод «преступной страсти Зулейхи к своему рабу стал главным моментом произведений на эту тему, кульминацией многотрудной жизни героя, который в награду за свои добродетели и достоинства, как и другие сказочно-эпические герои, получает в конце концов трон и прекрасную жену»¹.

Бұл сюжет көп елдің фольклорына еніп, үлкен әдеби өңдеуге түсті. Шығыс елдерінің ақындары қиссаны өңдеп, оның сюжетіне жаңа эпизодтар, тараулар қоса отырып, әрқайсысы өз түсінігін енгізуге тырысты.

Аталмыш қисса жөнінде батыс ақын-жазушылары да қалам тартқан. Ол туралы Ш.Қ.Сәтпаева еңбегінде былай дейді: «Отдал дань теме и Вольфганг Гете, воспев красавицу Зулейху в своем знаменитом цикле стихов «Западно-восточный диван»². Ал неміс жазушысы Томас Манн «Иосиф және оның ағалары»³ атты үлкен роман жазып шықты. Онда Жүсіпті жеке тұлға мен қоғамның арасындағы үндестік заңы принципі негізінде тамаша жүйені құрған мемлекеттік қайраткер ретінде көрсетеді.

Бұл сюжетке қаншама көп шығыс ақындары қисса-поэмаларын шығарып жырласа, соншалықты зерттеуші-ғалымдардың да⁴ назарын өзіне тарта білді.

Қазақ арасында Жүсіп пен Зылиха махаббаты жайлы қисса ертеден-ақ мәлім.

¹ Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998. — С.129.

² Ш.К.Сатпаева. Казахская литература и Восток. — Алматы, 1982, с.92.

³ Манн Т. Иосиф и его братья. М. 1968. 1-2 т.

⁴ Хисамов Н.Ш. Поэма «Қысса и Иусуф» Кулгали М, 1979., Абул-л Касим Фирдоуси и его творчество. Л-М, 1935. Бертельс Е.Э. Узбекский поэт Дурбек и его поэма о Иосифе Прекрасном. // Альманах Дар. Ташкент. 1944. К. Тахиров. Туркменский поэт Андалиб и узбекская литература. Самарканд. 1965, с.23; Тагирджанов А.Т. К вопросу о поэме Фердоуси «Юсуф и Зулейха». Советское востоковедение. т-5. М-Л, 1948, с.334-338; Короглы Х. Юсуф и Зулейха. Краткая литературная энциклопедия. М. 1975. т-8, с. 1026.; Т.Манн. Иосиф и его братья. М. 1968, т-1, 2; Сатпаева Ш.К. Казахская литература и Восток. А, 1982, с.91-102, Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. — А, 1998, с.129-130.

«Жүсіп — Зылиханың» қолына түскен бір нұсқасын ақын Жүсіпбек Шайхысламов жазып алып, өңдеуден өткізген. Дастан «Қисса-и хәзірет Жүсіп ғәләйһиссәләм мен Зылиханың мәселесі» деген тақырыппен 1898, 1901, 1904, 1907 жылдары Қазандағы Университет, ал 1913 жылы Домбровский баспаханасында, 1918 жылы «Орталық» баспаханасында Ш.Құсайыновтың басып шығаруымен жарық көреді.

«Амма Иусуф пайғамбар ғәләйһиссалам қиссасы» деген қолжазба ӘӨИ-дің қолжазба қорында 127-папкада сақтаулы. Бұл қисса дәптердің 7-106-беттерінде сарғыш қағазға қара сиямен, қауырсын қаламмен араб әрпінде жазылған. Тапсырған С.Ордалиев. Қолжазба 1889 жылы жазылған. 1961 жылы Қостанай экспедициясы әкелген бұл қолжазбаның иесі — Құлмұхамбет Байғұлыұлы.

Бұл жөнінде А.Қыраубаева өз еңбегінде біраз тоқталып өткен⁵. Ол «Жүсіп — Зылиха» дастанын зерттеп, осы тақырыпқа қалам тартқан шығыс ақындары — Фирдоуси, Құлғали, Рабғузи шығармаларын салыстыра отырып талдап, айырмашылықтарын көрсеткен.

Осы Ж. Шайхысламов пен Қ. Байғұлыұлы жазып алған нұсқаларды өзара салыстырғанда, Ж. Шайхысламов алған нұсқа ең көлемді, баяндалу тілі қазақ оқырманының ұғымына жақын, түсінікті екенін байқадық. Сол себепті біз оқиғасы толық баяндалған, қазақ арасында көбірек тараған, әрі төл шығармасындай болып кеткен Жүсіпбек жазып алған нұсқасына тоқталдық.

Жүсіпбек нұсқасының сюжеті Құлғали мен Ансари нұсқасына, көбіне Құлғалидың «Қисса Жүсібінең өте жақын. Ал Құлғали, өз тарапынан, Фирдоуси мен Ансари шығармаларына сүйенген⁶.

Дастанның қысқаша мазмұны төмендегідей: Жүсіп он бір жасында бір түс көріп, шешуін әкесі Жақып пайғамбардан сұрайды: «Толған ай мен бір күн көрдім, олардың қасындағы он бір жұлдыз екен, сол жұлдыздар айға сөжде етті», — дейді. Жүсіпке әкесі: «Патша, пайғамбар болады екенсің, саған ағаларың қызмет етеді екен», — деп жориды. Осыдан ба-

⁵ А.Қыраубаева. Ғасырлар мұрасы. — А. 1988. 59-61 бет.

⁶ Хисамов Н.Ш. Поэма «Қисса и Иусуф» Кулғали — М., 1979.

рып ағалары өштесіп, Жүсіптің көзін жоймақ болады. Оны айдаладағы бір құдыққа апарып тастайды, кейін Жүсіпті Мысырдың саудагеріне құл есебінде сатып: «бұл құлдың бойында үш үлкен айыбы бар: ұры, өтірікші, қашқын» дегенді айтады. Құлшылықта Жүсіп көп азап шексе де Құдайдың кереметімен оны жұрт құрметтейтін болады. Дастанның екінші бөлігінде Зылиха мен Жүсіп арасындағы махаббат баян етіледі. Ақыры Жүсіп Зылихаға үйленіп, еліне қайтады, әкесімен аман-есен кездесіп мұратына жетеді.

Дастан мазмұны тартымды да қызықты оқиғаларға толы. Жақсылықтың зұлымдықты жеңіп, адамдардың бақытты өмірге қол жеткізуі — қисса-дастандардың негізгі идеясы.

Өте шағын, қысқа ғана айтылған Құрандағы Жүсіп оқиғасы келе-келе ақындардың импровизациясының арқасында сюжеті ұлғайып, көптеген қосымша эпизодтар қосылып, кейіпкерлер тереңірек сомдалып, әдеби өңдеуден өтіп, тілдік дамуы, көркемдік деңгейі өсіп, қалыптасқан түрі бар үлкен бір тамаша шығармаға айналды.

Шығарманың композициясы жетілген. Дастан тілінің қарапайымдылығымен, стилінің жетілуімен және көркем бейнелеудің бай әдістерін қолдануымен ерекшеленеді. Онда баяндалатын оқиғалар бір-бірімен тығыз байланысты.

Жүсіп пен Зылиха бейнесі үнемі қозғалыс үстінде. Оқиға дамыған сайын оның кейіпкерлерінің де өсіп, жетіле түскенін байқаймыз. Адамдардағы бар қасиет оларға да тән. Кәдімгі адамдар сияқты олар да қателіктер жібереді.

Дастан жанрына қайнар көз болған құнарлы арнаның бірі — ертегі. Аталмыш дастан оқиғасының баяндалуында, қатысушы адамдардың бейнесінде қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер де бар. Ол — Жәбірейіл періште қанатымен сипағанда Зылиханың жасарып, баяғы сұлу қалпына келуі, Жүсіптің көйлегін көзіне басып, иіскегенде Жақыптың көзі ашылып, сауығып кетуі т.с.с. суреттейтін көріністер.

Ертегіде қиын есеп шешуін тапқан кейіпкер патша болады. Мұнда Жүсіп патшаның түсін жорып берген соң, таққа отырады. Ал уәзірін сайлағанда, таңертең алдынан кім бірінші кездесе, сол болатын болды. Бұл да ертегілік сарын.

Дастандағы түс көру мотиві көптеген әлем халықтарының, соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық

шығармаларында, әсіресе пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде, діни дастандарда, батырлық жырларда, ертегілерде, әсіресе ғашықтық дастандарда «Жүсіп — Зылиха», «Бозжігіт», «Таһир — Зухра», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» т.б. кездеседі.

Түс көру сарыны «Жүсіп — Зылиха» дастанында да мол көрініс тапқан. Мәселен, дастанның басында Жүсіп болашақ пайғамбарлығы жөнінде түс көреді. Кейін үлкен ағалары Жүсіпті «серуенге бірге шығалық» деп шақыра келгенде де атасы Жақып пен қарындасы Дина алдын-ала бұл сапардың бақытсыздыққа апаратынын сездіретіндей түс көреді. Кейін де осы түс көру мотиві бірнеше жерде кездеседі.

Жүсіп пен түйенің иесі екеуінің арасындағы диалог ерекше фольклорлық дәстүр аясында құрылған. Кейіпкерлердің өзара жұмбақтап сөйлесіп, бірін-бірі жақсы түсінуі қазақ халық ертегілерінде жиі кездеседі. Дастанның осы берілген үзіндісінде метафоралы тіл Жүсіптің даналығын көрсетеді. Оның жұмбақ сұрағы бейтаныс әңгімелесуші адамды іштей тексеруіне жатады. Бұл сұраушының қоғамдық жағдайына сәйкес, тұтқынның кім көрінгенге сене бермейтіндігін көрсетеді. Жыршы бұл жерде әлеуметтік психологияның астарлы түсінігін байқатады. Араб саудагері сұрақтың мәнісін бірден түсініп, оны шешіп береді. Тек осыдан кейін ғана Жүсіп оған өзінің өтінішін айтады. Осы метафоралы тіл екі адамның - араб саудагері мен Жақыптың тапқырлығына көзделген.

Сонымен, Жүсіп пен Жақып — дастанның басты кейіпкерлері және олардың өзара қарым-қатынасы сюжеттің негізгі желісін құрайды. Ел басқарушының міндетіне жеткенге дейін жыршы Жүсіпке неше түрлі қасиетті береді. Ақын елдің берекеге жетудегі басты шарты — басқарушының төменгі жақтан, яғни қаналушы таптар арасынан шығуы керек деп есептейді. Дастандағы Жүсіптің құлдық күйінішті тағдыры — басқарушы болу жолындағы қажетті сын. Енді, міне, Жүсіп тұтқын құл болған жағдайынан Мысыр елін билеуші дәрежесіне жетті. Ол жаңа қызметінде орнығып, ел-жұртты аштықтан сақтау үшін қызу жұмысқа кіріседі.

Жалпы Жүсіп бейнесі арқылы құлдық айыпталады. Ақын сүйікті кейіпкердің жан азабы арқылы оқырманның барлық құлдарға деген аяушылық сезімін туғызады. Бір құлдың

тағдырын осылай көрнекті түрде суреттеу арқылы, ол тұл қалғандардың адамгершілік құндылығы жөнінде гуманистік идеяны ұсынады. Құлдың тағдырындағы ең қорқынышты нәрсе — бостандықтан және адамшылық абыройдан айырылу.

Әрине, дастанда кейіпкердің құлдық тағдыры жөнінде егжей-тегжейлі айтылмайды, бірақ Жүсіпті құл ретінде сату эпизодында ақын кейіпкердің қайғысын қысқа болса да терең шеберлікпен бейнелеу арқылы дәл жеткізеді.

Жалпы дастандардағы болашақ патшаның көп сергелдеңге түсіп, қиын сыннан өткеннен кейін ғана төжге қол жеткізуі, бір жағынан, халықтық түсінікті аңғартса, екінші жағынан, бас қаһарманды дәріптеу мақсатынан туындайтыны сөзсіз. Көп қорлық көріп, ғаріптік күйді бастан кешірген, ауыр өткелден өтіп, мансапқа қол жеткізген билеуші сағы сынбай, қайсар, қайратты болып өседі, сөйтіп көпшілікке жақын, жетім-жесірлерге рақымды әміршіге айналады.

Дастанда қылмыс жазаланып, қайырымдылық сыйға бөленіп, әділдік жеңіп шығады. Осының бәрі дастан бойында бір тепе-теңдікте сақталған.

Шығармада араб, парсы, көне түркі сөздері мен тіркестер, Құран аяттары, дұғалар, араб тілінде берілген тарау атаулары жиі кездеседі.

«Жүсіп — Зылиха» дастаны 1976 жылы «Ғашық нәме» (361-456 бб.) және 1994 жылы «Ғашықтық дастандар» (262-382 бб.) атты кітаптарда жарық көрді. Жинақтарды құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү. Сұбханбердина. 1976 жылғы басылымда «Жүсіп — Зылиха» дастаны біраз қысқартулармен өзгертіліп берілген, мысалы, мұнда Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылатын алғашқы 68 жолы түсіп қалған. Сонымен бірге, бұл жарияланымда дастанда кездесетін 14 тарау атауы мен Құраннан берілген 11 үзінді жазылмай кеткен. Түсіп қалған сөз тіркесі, сөйлемдер, Құраннан үзінділер, тарау атауларына мысал келтірейік:

Тараудың аты

428-жолда

Фаслу сифати бири Йусуф аләйһис салам (Жүсіп аләйһис саламның құдығының сипаты туралы бөлім)

Құраннан үзінді

82-жолда

Натаким Құранда бұйырды қаулаһу Тағала: Инни раайту ахада ашара каукабан уашшамса уал қамара раайтуһум ли сәжидина

(Құранда Алла Тағала былай деп бұйырыпты: - Расында да мен (түсімде) он бір жұлдызды, күн мен айды маған сөжде етіп жатқандарын көрдім).

2352-жолда

Үшбу сөздің дәлелі қаулаһу Тағала: Қалат мә жазау мән арада би аһлика суа илла ән иусжана ау азабун алим.

(Осы сөздің дәлелі Алла Тағаланың сөзі: ол (әйел) айтты: - Сенің үй-ішіңе жамандық қалаған адамның жазасы қапасқа тасталу немесе ауыр азап емес пе?!)

1976 жылғы жарияланымда қате жазылған сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер	1898 жылғы басылымда
Ғаламда аты мәшһүр Жүсіп салық	Кәламда аты мәшһүр — Жүсіп сыдық (11-жол)
Баяндап мен берейін соның жайын	Мақтамай, шамам келсе тастамайын (12-жол)
Жүсіп нәби он бірге шыққан еді	Келгенде он бір жасқа Жүсіп нәби (77-жол)
Тағрифін атасынан сұрап келді	Тағбирын атасынан сұрай келді (80 жол)
Өзің біл бауыздасаң, яки сойсаң	Тәнімде жүз мың, әгер, жаным болса (343-жол)
Патша айтты Жүсіпке: - Бұл не істегенің?	Патша айтты Жүсіпке: - Не іс қылдың?!
Мәніне түсінбеймін ештененің	Бұл істі маған неге рауа көрдің? (2352-2353 жолдар)
Ғашық дертке қатындар улап отыр	Есін білмей қатындар турап отыр (2417-жол)
Түйеменен нантасып жүрмін, - депті	Төбеме нан көтеріп жүрдім, - депті. (2509-жол)
Бас иді сол Сақиға небір жоян	Аманат сөз тапсырды Жүсіп оған (2531-жол)
Жақсылық күтсін Жүсіп менен, - деді	«Кешіріп, тілегінді бердім деді (2566-жол)
Еліне көп жылдан соң келді Жақып	Еліне бір күндерде келді Жақып,
Келген соң, көп жасамай өлді Жақып.	Аз күннен соң, көп тұрмай өлді Жақып (4614-4615 жолдар)

Ал 1994 жылы жарық көрген «Ғашықтық дастандар» атты жинақта «Жүсіп — Зылиха» дастанымен біршама жұмыстар жүргізіліп, мәтін әжептеуір түпнұсқаға жақындастырылған. Әйтсе де біраз шумақтар түсіп қалған, кейбір сөздер, сөйлемдер өзгеріске түскен қалпы жүр. Бұл басылымда да араб тілінде берілген тарау атаулары, Құраннан үзінділер енбей қалған.

Сонымен бірге, дастанда Жүсіп есімінің жанында араб тілінде жазылған ... деген сөз бар, ол сөз араб тілінде екі түрлі оқылады. Дастанның 1976 жылғы және 1994 жылғы нұсқаларында **садық** деп, яғни **дос** деген мағынасын алып жазыпты. Ал шындап келгенде ол сөздің «сыддық» деген мағынасын (яғни, қазақ тіліндегі «сыдық») алуы керек еді. **Сыдық (а) — тек шындықты айтушы; адал, шыншыл, әділ, әділетті.** Бұл атау кейіннен Мұхаммед пайғабардың айтуымен, өзіне үлкен сенім білдірген төрт жардың бірі — Әбубәкірге де беріледі. Содан бері Әбубәкір «сыдық» лақабымен мәшһүр болды⁷.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1898 жылғы басылымнан еш өзгертусіз дайындалды.

Әуесбаева П.

ҚИССА ШЕРИЗАТ — КҮЛШАТ

Қазақ жерінде шығыстық аңыз, әңгімелер мен көптеген фольклор және әдебиет туындыларының сюжеттері ертеректе ақ тарап, ел ауызында жүрген. Солардың ішінен кеңінен тарап байтақ жеріміздің бір-бірінен алшақ жатқан аймақтарында белгілі болғаны — Шеризат пен Күлшаттың тарихын баяндайтын сюжет. Оның қазақ даласына қай кезде тарағанын тап басып айту қиын. Алайда өлең үлгісіне түсіп, қағаз бетіне іліге бастаған кезі — XIX ғасырдың 70-80-жылдары. Қазіргі кезде осы сюжетке негізделген, бір-бірінен бөлек, атаулары әр түрлі болып келетін, фольклор және жазба әдебиет түрінде жырланған, жазылған алты шығарма мәлім болып отыр.

Бұларды дүниеге әкелген, өзінше жырлап, халық арасына таратқан адамдар — М. Ж. Көпеев, Ә. Найманбаев, Н. Нысанбайұлы, Е. Құнанбаев, К. Әлімбетов т.б. Дастанның таралу

⁷ Пайғамбарлар баяны. Осман Нури Топбаш, — А. 2004, 96-бет.

шеңбері мейлінше кең. Мәселен, ең алғашқы нұсқаларының бірі Солтүстік Қазақстаннан табылса, Н.Нысанбайұлының үлгісі Оңтүстік Қазақстаннан жазылып алынған. Ал Семей өңірінде Ә. Найманбаевтың осы тақырыпқа шығарған дастаны кеңінен тараған. Сондай-ақ бұл дастан Қытайда тұратын қазақтар арасында да айрықша мәлім болды.

Бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы бар Шеризат және Күлшат туралы қазақ дастандарының дүниеге келуіне парсылардың ертегілік сюжетке құрылған «Қисса Ширзад уа Голшад» хикаяты себепші болғаны анықталды.

«Бабалар сөзі» сериясының осы томына ғашықтық дастан үлгісінде жырланған «Шеризат — Күлшат» дастаны ұсынылып отыр. Бұл нұсқа халық ақыны, жыршы, әнші Кәпбай Әлімбетовтен жазылып алынған. Ал серияның үшінші томында хикаялық дастандар жанрына жататын «Қисса Шеризат» пен «Қарқабат» дастандары жарияланған⁸.

К.Әлімбетов нұсқасында екі тақырып қарастырылады: 1) тумай жетім болған Шеризаттың батыр болып өсіп, мұратына жетіп, заңды билікке қол жеткізуі; 2) Шеризат пен Күлшаттың махаббаты.

Осы тақырыптас басқа да дастандардағыдай «Шеризат — Күлшат» дастанының негізгі арқауы — жазықсыз құғынға ұшыраған жандар туралы Шығыс пен Батысқа кең тараған сюжет желісі. Көптеген жағдайда бейкүнә кейіпкер анасының құрсағында жатқанда өлімге бұйырылады да, алуан түрлі себептермен [көбінесе аңдардың немесе басқа да көмекшілердің арқасында] тірі қалады. Ерекше ерлігімен көзге түсіп, өзінің кім екенін танытады. Сөйтіп, ақыр аяғында еліне оралып, дұшпанында кеткен кегін қайтарады, әкесінің тағына отырады.

Бұл нұсқаның ерекшелігі — «жеңілген жауының қызына үйлену» мотиві трансформацияланып, екі жастың сезімі дәріптеліп махаббат тақырыбы басты мәнге ие болады.

Дастанда біраз фольклорлық сарындар қамтылған, мысалы, перзентсіздік, «ғажайып туылуы», «ғажайып көмекшілер», «әділ патша», «сырттай ғашық болу» мотиві т.б. Осылардың

⁸ Бабалар сөзі: Хикаялық дастандар. 3-том. Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған Б.Әзібаева. — Астана: Фолиант, 2004. — 9-95-беттер.

әрбірі түпнұсқалық түрінен көп алшақтамайды, дегенмен талқыланып отырған дастанда кейбіреулері өзінше көрініс тапқан.

Мысалы, баласыздық мотиві дәстүрлі эпос үлгісінде суреттеледі: ағайынды екі кісінің де баласы жоқ екен және бұл жағдайды екеуі де уайым етеді. Сондықтан да берісі қазақтың, әрісі исі түркінің эпостары сияқты әлі дүниеге келмеген перзенттер туралы құдалық келісімдер көрініс табады. Бұл сияқты келісімдер, қазақтың дәстүрлі құқықтарында көрініс тапқандай⁹, қазақтар үшін үйреншікті жағдай болған. Мұның көркем үлгідегі жарқын айғағын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосынан көреміз.

Ал Шеризат пен Күлшаттың махаббат тарихы парсы хикаяттарындағыдай басталады: Үрім шаһарының патшасы Пархизаттың қызы Күлшаттың сұлулығын, ол үшін салынған ғажайып бақшалы сарайды ұзақ сапардан қайтып келген көпестер әңгімелеп береді. Шеризат сырттай ғашық болады да, дереу жолға шығады.

Дастанда парсы хикаятының фабуласы сақталған, түпнұсқаның сюжеті мен мотивтердің негізгі өзектері толық пайдаланылған. Сонымен бірге, тыңнан қосылған тұстары да айқын байқалады. Кейбір мәнді эпизодтардан аттап кетушілік те аңғарылады.

Кез-келген фольклорлық шығармадағы сияқты дастан кейіпкерлерінің мінез-әрекеттері объективті қисынмен көрініс тауып отырады. Ал белгілі бір істі тындыру барысында бір кейіпкерді екінші кейіпкер ауыстырғанмен, олардың іс-әрекеттері, атқаратын міндеттерінде [функциясында] айтарлықтай өзгеріс болмайды. Сондықтан да бұл нұсқада бас кейіпкердің әкесі Пархизат патшаның уәзірі бөтен адам емес — өз бауыры болса да, ол қатал да мейірімсіз. Ал оның іс-әрекетінің қисыны түпнұсқадағы уәзірдің іс-әрекетімен үндес. Яғни, өзімшіл, билік құмар және берген антын аттап кетуге бейім т.б. Сонымен бірге, марқұм падишахтың бауырының ашу-ызасы мен оның әлі дүниеге кел-

⁹ Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. СПб. 1832. ч. III; Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Вып. I. Материальное право 1886; Сборник киргизского обычного права. Ч. I. Право семейственное // Материалы по казахскому обычному праву. Алматы, 1948.

меген туысынан құтылғысы келетіні бір туған бауырлардың кейде екі түрлі мүддені қолдайтынын аңғартатын дуалистік мифтің нышаны екені сөзсіз. Демек, олардың арасындағы өшпенділік рулық жік кезіндегі салт-дәстүр туралы ұғым-түсінікті аңғартады. Кейін келе бұл мотивке жеке дара билікке құмарту, іштарлық және тақты мұрагерлік дәстүр бойынша сақтап қалу сияқты рулық сезімді ығыстырған мотивтер де қосылған. Яғни, шағын отбасылар мен қандас туыстар арасындағы байланыстар мәнінің солғын тартқаны аңғарылады.

Түпнұсқада көңіл аударатын көріністердің бірі — кейіпкер әкесінің аң аулап жүріп сәтсіздікке ұшырауы. Мұнда оған арыстан шауып, ол мезгілсіз дүние салады. Ал сөз етіп отырған вариантта патша өз ажалынан өледі, яғни парсы хикаятындағыдай арыстан үш рет емес, тек екі-ақ рет көрінеді. Демек, байырғы магиялық ұғым-түсініктерді көрсететін басқа да киелі сандар сияқты, үш санының сақталмауы, сол арқылы арыстанның үш рет көрінбеуі дастандағы логикалық мағынаның белгілі дәрежеде бұзылуын көрсетеді.

Осы орайда оқиғадағы тағы бір буын түсіп қалғанын атап өткен жөн. Ол — патшаның көріпкел түсі. Түпнұсқада оған түсінде бір саяхатшы келіп, қызына арнап бақшалы сарай салуына әмір береді.

Бұл тұс парсылық түпнұсқада айтарлықтай мөнге ие: саяхатшы әкесі мен қызының болашағын, олардың тағдырларының ортақтығын болжап, әке тағдырына қатысты қызына жүктелер міндеттің мәнін аңғартады. Бізде Пархизат сарайды ешкімнің нұсқауынсыз салады.

Түпнұсқалық парсы хикаятында Шеризат мұрагерлік жолмен таққа отырғаннан кейін, Күлшаттың өз әкесіне төніп келген ажалдан құтқару үшін елеулі рөл атқаратыны белгілі. Бұл ретте оған әкесі салып берген бақшалы сарайдың көмегі тиеді. Себебі, Күлшат Шаһризада сияқты, тоғыз бөлмелі сарайдың санымен үндес тоғыз әңгіме айтып, әкесін дарға асуды кешеуілдетеді. Ал К.Әлімбетовтен жазылып алынған мәтінде мұндай қыстырма сюжеттер кездеспейді.

Қыз әкесінің дарға асылуын он жыл зынданда отырумен ауыстыруды өтінеді де, бұл мақсатына оңай қол жеткізеді. Яғни, әкесін құтқаратын қыз мотиві орталық тақырыпқа айналмайды. Мұның өзі түс мотивінің түсіп қалу сырын білдіреді.

Міне, бұл вариантты жырлаушылардың толықтыруы немесе өзгертуі осы тұрғыда. Мұндай өзгерістер дастанның басталуында жүзеге асады да, одан әрі жырлаушылар өзекті оқиғадан ауытқымайды десе де болады.

Сонымен бірге, бұл мәтінде образдарды психологиялық жағынан байыта түсуге айрықша мән берілген. Мұны Көркин шаһтың әйелінің өліміне байланысты уәзірдің қайғыруынан және ханшайымның өлер алдында айтқан ғазалынан байқауға болады. Шеризат дастан талабына сай тәрбие алған; сондай-ақ бақшалы сарай мен ғашықтар сезімінің суреттелуі де ғашықтық дастан рухына сай.

Дастан халық ауыз әдебиеті үлгісімен жырланған. Оны ақын, жыршы, әнші Кәпбай Әлімбетовтен фольклортанушы Н.Төреқұлов 1941 жылы жазып алған. Мәтін ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы: Ш.621, 1-дәптер, араб әрпінде.

1965 жылы жинаушы Қ.Майлыбаев осы дастанды екінші рет К.Әлімбетовтен жазып алған. (ӘӨИ-дің қолжазбалар қоры, Ш.900). Екі қолжазбаны салыстырғанда арасында еш айырмашылық жоқ болып шықты.

Оқырманға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

Әзібаева Б.

ҚИССА ДАНДАН

Сюжеті фантастикалық ертегілерден алынған бұл шығарма шығыс дастандарының ізімен жырланған. Демек, мұнда ғашықтық дастан поэтикасы көрініс тапқан: кейіпкер жігіт патшаның жалғызы, оның «жүзі көркем», ол тәрбиелі, мейірімді. Күндердің күнінде ол белгісіз бір сұлудың суретін көріп оған жан-тәнімен ғашық болады, әкесінің рұқсаты мен батасын алмастан алыс жолға шығады, жолда көптеген қиындықтарға тап болады. Сол кедергілерді жеңіп, ақырында үш бірдей сұлуды алып мұратына жетеді.

Мұнда «сырттай ғашық болу» мотивінің кең тараған түрлерінің бірі — сурет сарыны пайдаланылған. Суретті көрген жігіт бірден ғашық болады. Жігіттің аты — Дандан. Қыздың аты — Нәркес.

Кейіпкердің ғашықтық сезімін күшейту мақсатымен мәтінге бірнеше эпизодтар енгізілген. Мысалы, жарын іздеп шыққан Данданға көп жыл бұрын осындай сурет көріп, осы күнге дейін оған ғашық болған қарт былайша кеңес береді: «Тезірек, шаһзада, ізде, — дейді, Жапан түзді қаңғырып, шығып шетке». Одан кейін кездескен балықшы жігіт Данданды ғашық еткен сурет «Безгек болған кезінде салынған ғой» деп Нәркестің асқан сұлулығын баяндап, оған ғашық болған патшазадалардың көп екендігін, әкесі біреуіне бермек болса, екіншісі қас болатынын әңгімелейді. Бұдан соң Нәркес сұлудың жар салып «құп жамалын» көрсету арқылы күйеу таңдау сарыны беріледі. Шынында да Нәркес асқан сұлу, ол жиынға «Бұлттан жаңа шыққан күндей болып» келеді. Ол жарын бірден таниды да, екі ғашық қосылады...

Айтылған сарындармен бірге мәтінде көптеген ертегілік сарындар пайдаланылған, мысалы, Нәркесті ғашық болған диюдың алып кетуі, шаһзадалардың ішінен қызды босатуға тапқырлығы мен ерлігі жететін жігітті таңдайтын құс, Мұхташам атты алып құстың балапандарын жейтін айдаһар, кейіпкердің онымен айқасып өлтіруі, Данданға риза болған құстың көмегі, қызды алып кеткен диюға барар жолда кездескен түрлі ғажайып кедергілер т.б.

Қыз кейіпкер керемет сұлу болса, Дандан сырттай ғашық болған сұлуды жад етіп тек жылап еңірейтін кейіпкер емес. Керек жағдайда ол айдаһарды жеңіп, диюларды да, олардың патшасын да өлтіреді.

Композициясы өте жинақы, оқиғасы қызық бұл дастан шығыс әдебиетінде қалыптасқан дәстүр бойынша, «биссмиладан» басталады, сонан соң жинаушы өзі туралы мәлімет береді. Осыдан кейін ғана оқиға басталады.

Дастан бірінші рет 1902 жылы Кәримов баспаханасынан араб әрпінде жарық көрген. Жариялаған Есен молда. 1911 жылы дастанның тағы бір нұсқасын Ақылбек Сабалұлы жариялады.

Бұл екі басылымды салыстырғанда, бұлардың сюжеті мен мазмұны, композициясы бірдей, кейіпкерлер жүйесінде де ешқандай айырмашылық жоқ екендігі анықталды. Алайда екі шығарманың оқиғасы бір, мазмұны өте жақын болғанымен, екі мәтін өзіндік тілдік жүйесімен өзгешеленеді. Яғни әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлап дамытқан.

Демек, Есен молда да, Ақылбек те бір сюжетке жырланған екі бөлек дастанды жөндеп жариялаған.

«Қисса Дандан» — халқымыздың сүйсіне оқыған, тыңдаған шығармаларының бірі. Оның 1902, 1911-жылғы басылымдарының көшірмелері қолжазба қорларында сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1911 жылғы басылымнан еш өзгертусіз дайындалды. Мәтінде кездескен көне түркі сөздері түпнұсқалық қалпында берілді, мысалы: *дейіп, бегірек, барғаш, үшбу, анда, андан соң, деділер, бекіткен-дүр, тұрғыл, білгіл* т.б., ал араб, парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тіліне аударылып, томның соңында берілген арнайы сөздікте топтастырылды.

Әзібаева Б.

ҚИССА ЗИЯДА, ШАҒМҰРАТ

Шығыстық сюжетке құрылған «Қисса Зияда, Шаһмұрат» атты дастан 1890, 1892, 1896 жылдары Университет баспаханасында Ш.Құсайынов қаражатымен басылып шыққан. 1912 жылы Домбровский баспаханасынан Құсайынов мұрагерлері шығарған.

Шығарма тақырыбы — қос жұптың махаббаты, сүйіспеншілік. Дастан оқиғасы Бағдат патшасы Мұхтардың ұлы Зияданы, Мысыр патшасы Заданың егіз қызы Хорлы мен Ғайын және ұлы Шаһмұратты қатар таныстырудан басталады.

Дастан сюжетінің негізгі элементтері мынадай: кәрі атананың баласыздық мотиві, сұрап алған баланың ерекше сұлулығы, батырлық қасиеттерінің ерте (жеті жаста) көрінуі, түс көру мотиві, Ирамбақты іздеу, теңіз оқиғасы, жолдағы қауіп-қатер (адам жегіш зәңгілер елінде тұтқын болу, алапат жайын).

Махаббат тақырыбы дастанда ертегілік-таңғажайып сипатта суреттелген. «Любовь в дастанах — главный двигатель сюжета, а романтическая идеализация любовного чувства героев составляет еще одну специфическую (жанровую) особенность подобных произведений»¹⁰, — дейді дастан эпосын зерттеуші Б.Әзібаева. Зияда сүйгенін бір көрмесе айықпайтын ауруға шалдығады.

¹⁰ Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998. — С.124.

Молдалардың «ғашығыңнан бір белгі болмаса, іздемей кідіре тұр» деген насихатын тыңдамай, елі-жұртымен, ата-анасымен қоштасып, түсіндегі белгісіз бір сұлуды іздеп жолға шығады.

Шығыс дастандар поэтикасына сәйкес патшаның ұлы досымен сапарға шығатын. Сол себептен қалың қолдың жолда қаза табуы дәлелді. Зияданың әкесі де ұлының қызға ғашық болуын «Алладан пәрмен болған соң» деп, тағдырға мойынсұнады.

Жыршы дастанда монологты кең пайдаланған. Сұлу қыздың портретін беруде асыл тастарға, аспан денелеріне теңеу, әсірелей суреттеу фольклорда қалыптасқан дәстүр екені белгілі. Сұлулық дастанда асқақтала дәріптеледі. Қыз бен жігіттің сезімін, қайғы-қасіретін суреттеуге көп көңіл бөлінген.

«Қисса Зияда, Шаһмұрат» дастанында мінсіз кейіпкерлер жүйесі қалыптасқан, қыз әкесі Мысыр падишасы да, суыт хабар жеткізуші нөкер қыз Малиға да ғашықтардың қосылуына көмектесу ниетінде. Қыз ағасы Шаһмұраттың сапарға шығу мотивировкасы — қарындасының түсінде көрген ғашығын тауып беру. Ертегілерде қыз ағасы мен әкесі болашақ күйеуге түрлі сынақ-шарт қойып, қызды сүйгеніне қоспау үшін кедергі келтіретін, ал бұл дастанда осы жағдай өзгеріске ұшыраған.

Шаһмұрат бейнесі сүйгенін ойлап күндіз-түні аһ ұрудан аспайтын, әрекетке бармайтын ғашықтық дастандар кейіпкерінен өзгеше сомдалған. Зәңгілер елінде тұтқында болғанда айла да қолданып зынданнан шығып, діни кейіпкерлер секілді Мұртазаның (Мұхаммед пайғамбардың) ақ туын қолына ұстап, наркескенін алып, көп зәңгімен жалғыз шайқасады.

Зияда да Сейпілмәлік сияқты сырттай ғашық болған қызды іздеп теңізге түседі, зәңгілер елінде тұтқында болады. Сейфүлмәлік отын тасып жүрген жерінен қашып кетсе, Зияда ерлікпен шайқасады, бұл жағынан Баһрамға ұқсайды. Осы шығармада ғашығын іздеп көп азап тартқан Сейпілмәлік пен Баһрамның есімі аталып отырады.

Зияда мен Хорлының, Шаһмұрат пен Ләззатбалдың оқиғасы қатар баяндалады, бұл — осы дастанның ерекшелігі. Пері қызы Ләззатбал түсінде көрген сүйгенін ұшатын перілерге іздетеді. Пері тілін білетін Хайдардың көмегімен перілер ханшасы — Ләззатбал мен Шаһмұрат табысады. Зияда пері қызы Ләззатбалдың көмегімен сүйгеніне қосылып, дегеніне жетеді.

Белсенді әрекетке бармағанымен, Зияданың да, Шаһмұраттың да жолда көрген азаптары сүйгендеріне қосылуына лайықты алғышарт секілді.

Дастандағы Қосмалия он екі мың әскерден аман қалған серіктес жолдас қана, сөйтсе де Хорлымен бірге туған Ғайынды алып сұлтанға теңеледі. Үш той қатар тойланады.

Осы дастанға байланысты А.Е.Алекторов былай дейді: «В этой киргизской книжке, писанной стихами размера «ремель» и конченной писанием 15 апреля 1884 г., повествуется о Зияде, сын багдадского царя Мурата. Издатель — Шемсуддин Хусеинов (Каталог А.Т.Соловьева и Н.Ф.Катанова, стр.390. Печаталась также в 1896 году. Автор — Якуб, сын Биджигита «Деятель» за 1897 г. стр.693-694.)»¹¹.

Дастанды Жақып Бижігітұлы 1884 жылы баспаға дайындап жібергені туралы мәлімет кітап соңында берілген.

Бұл дастан 1986 жылы «Қисса-дастандар» атты ғылыми-көпшілік жинақта жарияланды (237-284-беттер). Жинақты құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. «Біз жинаққа тоқсан жылдан астам баспа бетін көрмеген, ертеде Қазанда басылып шыққан нұсқасын беріп отырмыз»¹² — деп, құрастырушы қай жылғы басылымды алып отырғанын нақты көрсетпейді.

1912 жылғы Қазан басылымы мен жинақтағы мәтінге текстологиялық салыстыру жұмысы жүргізіліп, жинақта жарияланған мәтін осы басылымнан дайындалғаны анықталды.

Дастанның басында қиссашыл ақындар дәстүрі бойынша, Алла Тағалаға мадақ, Мұхаммед пайғамбар мен оның шаһариарларына салауатайтылатын 14 өлең жолы жәнесоңында қыз ұзату тойы мен келін түсіру тойларын суреттеу, ондағы қыруар байлық пен сән-салтанат көрінісі кеңестік кезеңде басы артық сипаттама ретінде бағаланып, 564 өлең жолы алынып тасталған, жалпы 855 жол қысқарған. Текстологиялық жұмыстың нәтижесінен бірнеше мысал келтірейік.

¹¹ Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей о киргизах. — Казань, 1900. — Добавление. С. 4-5.

¹² Қисса-дастандар. Құрастырып, алғы сөзі мен түсінігін жазған Ү. Сұбханбердина. — Алматы: Жазушы, 1986. — 330 б.

1912 жылғы Қазан басылымында:	1986 жылғы басылымда:
<i>Шынжыры тұғры түсіп</i> үзілмеген 2-бет, 22-жол	<i>Үміті жақсылықтан</i> үзілмеген 239-б, 8-жол
Амалсыз ханның келді жүргізгісі Баласы айланған соң бармағына. 13-бет, 676-677-жол	Амалсыз хан да берді рұқсатын Баласы кіріскен соң жол қамына. 250-бет, 470-471-жол
<i>Сарыарқаның</i> белімен 13-бет, 701-жол	<i>Туған елдің</i> белімен 250-бет, 475-жол
<i>Жад қылып сиынады</i> бір Құдайды 20-бет, 1119-жол	<i>Сиынып ауызға алды</i> бір Құдайды 259-бет, 889-жол
<i>Неше күн мұның бірлән</i> көп күн өтті 27-бет, 1536-жол	<i>Осылай қайғы-мұңмен</i> көп күн өтті 269-бет, 1309-жол
Көп көрді қайғы қатты су үстінде 31-бет, 1831-жол	Көп көрді не азапты су үстінде 275-бет, 1566-жол
<i>Сайран етпек жан үшін</i> салдырыпты 32-бет, 1883-жол	<i>Сайрандау үшін оны</i> салдырыпты 276-бет, 1618-жол
<i>Ойламай падишаны</i> жатып алды 35-бет, 2045-жол	<i>Ауырып сұлық түсіп</i> жатып алды. 279-бет, 1755-жол
Ләззатбал көргеннен соң қайғы-зарды 35-бет, 2048-жол	Зарлаған бір адамның үні келді 279-бет, 1758-жол
<i>Айтқызды мағлұмнаме</i> һәр тарапқа 38-бет, 2214-жол	<i>Ел-елге, ат шаптырды</i> әр тарапқа 283-бет, 1923-жол

Енді мәтіндік салғастыруда байқаған қорытындыларымызды жинақтап берейік. Түпнұсқада *патша* сөзі кейде өлеңнің буын санына қарай *падиша* түрінде де оқылады. Жинақта *көп падиша — талай патша болып, падиша — біздің патша немесе патшаңыз* түрінде берілген.

Көне түркілік формаларды қазіргі қолданыстағы нормаға түсіру басым: *қарадылар—қарап қапты, теңелділер—теңеледі, алдылар—алды олар, тыңдастылар—тыңдасыпты, жиылдылар—көп жиылды, қарадылар—қарап алды, болдырғаш—болдырған соң, қай етейін—қайтейін, олған—болған, сеніңмен—сенімен, бірлән, илә—менен, мен, пен.*

Кейбір араб, парсы, түрік, орыс сөзі қазақ тіліне аударылып берілген: *махкам—бекем, фариад—дауыс салып, беңзі нұрлы—өңі нұрлы, парахотты—кемелерін.*

Кей сөздер дұрыс танылмаған, мысалы, Алла Тағаланың 99 ұлық есімінің бірі: Жөнелді қуат әйлап *бәрі-бәрін* (617-ж.) емес, былай оқылуы керек: Жөнелді қуат әйлап *Бір уа Барын* (842-ж.).

Кейбір сөздер сол мәндел басқа сөзбен алмастырылған: *уақытында—кезінде, бала туып—ұл боп, белің қындай—көркің қандай, сұрау-сот—сұрасу.*

Бұл өзгертулерді құрастырушының қателігі ғана емес, сол кездегі фольклорлық шығарманы жариялаудағы кеңестік көзқарас және редакторлық түзету мен «ішкі цензордың» күштілігі деп түсіну де қажет.

Кейін осы мәтін 1995 жылы Ү.Сұбханбердина құрастырған «Батырлық дастандар» атты ғылыми-көпшілік жинақта еш өзгеріссіз қайта басылды (269-318-беттер).

Томға енген мәтін 1912 жылғы Қазан басылымынан еш өзгертусіз дайындалды.

Рақышева Ж.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (өр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Өрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры—жазымшты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін—жұмаққа, енді біреулерін—тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.)**—Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны—Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

** С.ә.с.—*салла Ллаху әлэйһи уас салам*: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

(жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиллаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Ад, Әд, Ғад— Йемен жерінің оңтүстігін мекендеген көне қауымдардың бірі. Алланы танудан бас тартып, тастан жасалған пұтқа табынған халыққа Алла Тағала Һуд пайғамбарды жібереді. Ол бір Алланың жолын уағыздайды. Бірақ ад қауымы оған қарсы шығады. Пайғамбардың насихатын тыңдамаған ад қауымына жіберген Құдай дауылы оларды жер бетінен құртып жібереді.

Әбубәкір— Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.ә.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед (с.ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әли— Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болғанмыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркес-

іп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баһрам — ғашықтық дастан кейіпкері, Баһрам мен Күләнда сұлулық пен махаббаттың, ғашықтықтың символына айналған.

Бәшір — Жүсіптің пайғамбардың көйлегін атасына жеткізетін құлы

Ескендір Зұлқарнайын [б.д.д. 356-323] — Македонияның атышулы патшасы Александр Македонский. Ол туралы ертегі, аңыз, әңгімелер Шығыс пен Батыс халықтары фольклорында кең тараған. Сондай-ақ оған біраз әдеби шығармалар арналған. Солардың ішінде шығыстың классиктері [Низами, Фердауси, Абай, т.б.] поэмаларының орны ерекше. Солардың басым көпшілігінде Ескендір Зұлқарнайын әрі батыр, әрі кемеңгер қолбасшы, әділетшіл, құдіреті күшті, «аруағына» көптеген ел табынған, аты өшпейтін қасиетті адам деп бейнеленеді.

Жақып — пайғамбардың аты, көбінесе Исраил ұлдары деген түрде кездеседі. Құранда Кәрімде қырық үш жерде кездеседі. Ал Жақып пайғамбар туралы он алты жерде кездеседі.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың өмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар. Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары

жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған ХІХ ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зылиха — Көптеген халықтарда белгілі «Жүсіп — Зылиха» шығармасының басты кейіпкері, Мағриб елінің Таймус атты патшасының қызы.

Иаһуда, Рауил, Шамғұн — Жүсіптің ағалары, олардың шешелері бөлек. *Ибн Иамин, Дина* — Жүсіптің бір шешеден туған інісі мен қарындасы.

Кейқауыс — Иран елінің патшасы, «Шаһнаме» дастанының кейіпкері, Кей династиясының өкілі.

Қис-Лақис, Қәһқәһә, Азрақа, Афласа — диюлардың аты.

Қаһарман — діни дастан кейіпкері. Әли сияқты дін орнықтыру жолындағы күрескер.

Қытфир — Мысыр елінің патшасы

Мәжнүн — Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Орталық Азия халықтарының «Ләйлі-Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мәлік Риян — Қытфир патшаның інісі

Мәлік Дұғар — мысырлық бай саудагер

Мәмиле — Жүсіп пайғамбардың кіші ұлы

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша — Моисей.

Аңыз бойынша, Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға: «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық», — деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған

перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — Ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

Мүсәлім — Жүсіп пайғамбардың үлкен ұлы

* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

Намруд — діни аңыздарда Ыбраһым пайғамбарды отқа өртеп, өлтірмек болған рақымсыз патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері, **Інжілдегі Ной**. Құран Кәрімде оның аты **43 рет** аталады және **71-сүре** осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді, осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Оспан, Осман — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, **Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер**. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Омар, Ғұмар — *Омар* — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халиф. Ол — исламның алғашқы кезеңіндегі ірі діни қайраткерлердің бірі. **Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң ислам дінін одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады**. Омар хазірет халиф болған он жыл ішінде ислам діні **Ирак, Сирия, Египет және Ливия** жерлеріне орнықты.

Омар халиф тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Сақи — Мәлік Риян патшаның уәзірі

Сара — Ыбраһым ғ.с. бәйбішесі

Сейфүлмәлік — арабтың «Мың бір түн» атты бірнеше том құрайтын ертегілер жинағындағы «Сейпілмәлік — Бәдіғұлжамал хикаясы» атты тарауының негізінде жырланған шығыс халықтарына ертеден таныс дастан, поэмалардың бас кейіпкері. Оларда Сейфүлмәлік таза, өшпес, адал махаббаттың, шын берілгендіктің символы ретінде суреттеледі.

Сайфулмәлик — патшаның семсері (сейф /а/ — семсер, қылыш, мәлик /а/ — патша, билеуші) деген мағына береді.

Синсизи — Мәликебануды алам деп Данданға қарсы шыққан мәжүл патшаның баласы.

Хасан, Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халифа болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді, ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санады. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халифа Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хұсайын — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына

түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жазады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, олоны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды... Ол бала болашақ Ысқақ пайғамбар еді.

Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың сыннан өткендерін ескеріп, құрбандыққа шалу үшін көк қошқар береді. Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Сонда оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда өлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді.

Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.

Ыбраһым есімімен Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысқақ — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исаак. Құранда Ыбраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарханынан дәм татқан періштелер хабарлайды. Ол бала болашақ Ысқақ пайғамбар еді.

Ысмайыл, Ысмағұл — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ыбраһымның баласы, Інжілдегі Исмаил. Ол Алланың өмірімен әкесі Ыбраһым екеуі тасқын қиратқан Қағбаны қалпына келтіреді.

Аңыздарда Ысмайылды Ыбраһымның күңі Ажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы айтылады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ыбраһым Ажар мен Ысмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліккеген соң шешесі

ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығады, сонда оған алыстан құдықты, көгалды жер сағым боп көрінеді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Ысмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті Зәмзәм бұлағы атқылайды.

Ібіліс— діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. **Ібілісті басқаша**— **шайтан**, «**Алланың жауы**» немесе **жай ғана** «**дұшпан**» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша, **Ібіліс Алланың тілін алмаған**, **Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып**, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Алайда **Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді**.

Ражим— «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған)— Құранда жиі кездесетін **Ібіліске байланысты қолданылатын әпитет**.

СӨЗДІК*

Аб кәусар — [аб /п/ — су, кәусар /а/ — молшылық; жұмақта орналасқан «Кәусар» есімді керемет өзеннің атауы] — кәусар суы. Құран Кәрімнің «Әл-Кәусар» сүресінде айтылғандай, Кәусар — Пайғамбарымызға сыйлыққа берілген өзен. Оның екі жағалауында інжуден ойылған шатырлар, ал топырағы жұпар иісті.

Абызкей /т/ — білгір, білімді

Ағзам /а/ — ұлы, мәртебелі; ең зор; ең үлкен

Ағла /а/ — өте қатты; ұлы, ең жоғары; ең биік; ең зор; асқар; ең ұзын; ең үлкен; ең ардақты; ең құрметті.

Ағлам /а/ — хабарлау, айту; ескерту

Ағлау /к.т./ — азап шегу, жапа шегу, күйзелу, налу, тарығу, қайғыру, қамығу

Ағраби /а.п/ — көшпелі араб, бәдауи, бөтен; жат; бөгде; белгісіз кісі; таныс емес; бейтаныс

Ағыр /т/ — ауыр

Азим, азимат /а/ — ұлы, мәртебе, зор, айбындылық, ұлылық, маңыздылық, абырой, әсемдік; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Азһар /а/ — әшкерелеу; көріну; ашылу; байқалу; айқындалу; көмектесу

Айа — бұл демеулік шылаудан кейін зат есім, табыс септігінде тұрады

Ақабат /а/ — ауырлық; машақат; қиындық; бөгет, кедергі, тосқауыл

Амбар /о/ — қамба

*Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Андан /т/ — одан

Андан соң, аннан соң /т/ — онан соң

Арзу /п/ — арман; мақсат; мүдде; тілек; ынта; ықлас; көңіл; талап; талпыныс; ұмтылыс; сенім; үміт; медеу

Асла /а/ — мүлде; тіпті; еш

Асы /а/ — күнәһар

Афған /п/ — күңірену, күрсіну, зарлау

Ашық, ышқы, ғышқы /а/ — ғашық болу, сүйіктісі; махаббаты

Әзели, әзелде — о баста, әуелде

Әйла /т/ — жасау, істеу; бос болу, елсіз; күйрету, ойсырату; азап шегу, күйзелу, налу, уайымдау, қамығу

Әлхаифа /а/ — қорқу, үрқу, сескену, жасқану, имену, шошу, үрейлену, қорқақ

Әсіл, асыл /а/ — хасыл деген сөздің фонетикалық өзгеріске түскен түрі; түзу; бірдей; тең; тегіс; сабырлы

Әуара /а/ — есуас; әуре

Әулад /а/ — үрім-бұтақ, ұрпақ, әулет, балалар

Бад /п/ — болсын

Бадал — ұйысып өскен қалың бұта, ағаш шоғыры

Барат /а/ — Мұсылман санағы бойынша, сегізінші шағбан айының он төртінші күні кешірім сұрау, тәубеге келу

Батил /а.п./ — бұзық, күнәһар; әлсіз; бос; бекер; жалған; қате; құру, жоғалу

Бахилдік, Бахил /а/ — сараң, қызғаншақ

Баһар /п/ — көңіл; көктем; гүлдену

Башарат /а/ — адам; адамзат; халық

Бәддұға /п/ — қарсы дұға, теріс бата; бәд /п/ — жаман, теріс

Бәзи /п/ — ойын; алданыш; ермек; әзіл-ойын

Бәйт /а/ — өлең; екі тармақты бір мақаммен, сарынмен айтылатын өлең

Бәни /а/ — ел-жұрт, ру

Бәни Ысрайыл /а/ — Ысрайылдың ұлдары, Ысрайыл ұрпағы

Бәңзі /түрік/ — бет, жүз, кескін, бет пішіні

Бей /т/ — сыз, -сіз

Бек — өте, тым, аса, тіпті

Бен /т/ — мен

Беңзейді /к.т./ — ұқсайды; келеді

Бикр /а/ — кіршіксіз; таза; бұзылмаған; пәк; адал

Билән, бірлән, илән, илә /т/ — және, -менен, -бенен, пенен, -мен, -бен, -пен

Бина /а/ — құрылыс; ғимарат; үй

Биниһаят /п.а/ — шексіз

Бисмиллаһи /а/ — Алла атымен

Бихуд /п/ — зая, босқа, текке; есінен танған

Биһқиш болу /п/ — естен тану, ессіз құлау; көңілсіз болу

Бустан /а/ — бақ, бақша

Бутал — сырға

Бір уа бар — мәтінде Алла Тағалаға қатысты айтылған теңеу.

Бірлән, бірлән, илән /т/ — мен, пен, бен, менен, бенен (көмектес септігінің жалғауы)

Гериан /п/ — жылаушы; еңіреуші; зорлаушы; боздаушы

Гозин /п/ — таңдау

Гуя /түрік/ — бейне, секілді, сияқты

Фабри /п/ — еврей, иудей

Ғаза /а/ — соғыс

Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазиз /а/ — күшті, қуатты, құрметті, Алланың 99 есімінің бірі

Ғайбат /а/ — жалған сөз, өсек-аяң

Ғайш, ғишрат /а/ — дүниенің қызығы, сауық-сайран

Ғайш-ғишрат /а/ — сауық-сайран; дүниенің қызығы

Ғақ /п/ — бағынбайтын; тілазар; қияңқы; көнбейтін

Ғаламат /а., тат/ — белгі, таңба; нышан; ырым; таңғажайып, керемет, ғажайып; пәле

Ғаллам /а/ — өте білетін; аса тәжірибелі; бәрін өзі біліп тұрған; білмейтіні жоқ, бәріне қанық

Ғам /а/ — қайғы, мұң

Ғани /а/ — бай, дәулетті адам; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу, аңқаулық

Ғар /а/ — үңгір

Ғарат /а, п/ — тонау; талау; шабыншылық; жортуыл; шапқын(шылық)

Ғарбәт /п/ — аластау; сүргін; құғын; жат ел; жат жер; түз

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғафир /а/ — кешірімді

Ғафур Рахман /а/ — өте кешірімді, рақымды Алла

Ғаяр /а/ — қу, айлакер

Ғиззат /а/ — сый, ізет, құрмет; атақ, даңқ; намыс; ар

Ғинаят /а/ — қамқорлық, бас-көз болу

Ғинбар /п/ — хош иісті

Ғуфран /а/ — кешірім; күнәсінен босату, жіберу

Ғұд /а/ — ағаш, баған, діңгек, сояу, өзек, бұтақ, сабақ; алоз; сарғалдақ

Ғұзыр /а/ — өтіну; кешірім сұрау; ақталу; сылтау(рату); кедергі

Ғұриян /а/ — жалаңаш; тақыр; ашық; ашылған; бүркенішсіз

Ғұсыл /а/ — су құйыну, жуыну.

Дада /п.т./ — ата; әке; көрі үй қызметшісі, бала бағушы

Дая /п/ — асыраушы; күтуші; тәрбиеші; нағашы

Дәрахт /п/ — ағаш; бұта

Дәрғаһ /а,п/ — Құдай құзыры; салтанатты сарай; хан сарайы

Дәру /к.т./ — дәрі

Дәрул махзун /а/ — қайғы үйі

Дәрун /а/ — үй

Дәфін /а/ — жерлеу, көму

Дегеш /т/ — дегенде, деген соң

Дейүп /т/ — деп

Дианат /а/ — сену; дін тұту; шариғат; аят-хадис; дін оқуы; сенім; наным; илану

Диуана — діндар, тақуа адам; іс-әрекетінде береке жоқ, бәтуасыз, тұрақсыз

Дуарас /о/ — дворец

Дүр — маржан, інжу, гауһар; зор, атақты

Егәр /к.т./ — ер, ер-тоқым

Жад қылу /п/ — жадына алу, еске түсіру

Жаллад /а/ — ләшкер; жендет, бас алғыш

Жамал /а/ — келбет, дидар, жүз, көрік; сұлулық, әдемілік, ажар

Жамиг /а/ — біріктіру; бірлестіру; жинау; бірлестік, одақ; жиын, топ; көп; бөрі

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жармақ — бидай, арпа, сұлы, күріш, тары сияқты дақылдар дәнінің ұсақталып, жармаланған түрі; ортасы тесік тиын, бақыр ақша

Жаһаннам /а/ — тамұқ, тозақ; діни ұғым бойынша, күнәға батқандар дүние салғаннан кейін баратын жер. Аллаға сенімсіздік білдіріп, оған құлшылық етпегендер жаһаннам отында мәңгі жанады.

Жаһат /а/ — ниет, ықылас, талап

Жәлил /а/ — үлкен, ұлы, қадір; зор; данышпан; айбынды; сәулетті; ардақты; мәртебелі; сүйікті, қадірлі; қымбатты; атақты; тамаша; маңызды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жәһил /а/ — надан, білімсіз

Жұда /п/ — жоқ; құр алақан; жұрдай

Жұмла /а/ — бәрі, баршасы, күллі, барлық

Жұмырық — жұдырық

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай.

Жүһүд /а/ — жөйіт, еврей, яхуди; Мұса пайғамбардың үмбеті

Забур — діни кітап; Алладан түскен төрт кітаптың бірі

Загип /а/ — соқыр; әлсіз; нашар; ауру

Зағыпыран /а/ — сары түсті гүл; мұң-шер, қайғы; мәтіндерде ауыспалы мағынада қолданылған

Зада — нәсілі, ата-тегі, тұқымы асыл, жақсы адам; бала; жігіт

Залил /а/ — қорланған, мойынсұнған

Зар /п/ — кемпір-шал

Зауқы /п/ — әдемілікті, сұлулықты әсемдікті сезіну; құмарлық, әуестік, көңіл көтерушілік, рахат, ләззат

Захмат /а/ — қыспақ; сығылысу; кептелу; тығыздық; тарлық; қалың топ; көпшілік; қиындық; астан-кестен

Заһар /а/ — у

Заһид /а.п./ — елеусіз; шағын, ықшам; қораш; кішкене; монах; сопы; құдайшыл; діншіл; діндар; діни; тақуа

Заһир /а/ — анық; ашық; нақты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәрра /а.п./ — кішкене бөлік; түйір(шік); үзім, тілім; кішкентай

Зипа, зипа /п/ — әдемі, көркем, сұлу; сүйкімді; жақсы; келісімді; жарасымды; әсем; ұнамды

Зұлпықар /а/ — Әли Арысланның сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін қылышы

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зұлфі /п/ — бұрым, шаш

Зүрият /а/ — тұқым; жұрағат

Икрам /а/ — ізет; бедел; сый; құрмет; қошемет; қадір

Иқрар /а/ — мойындау; жорамал, долбар; орнату; белгілеу; дәлелдеу, анықтау; тану; сана; түсінік

Ила — амал; әдіс; шара

Ила ғып — иландырып

Иләһ /а/ — жаратушы; Құдай

Илһам /а/ — иландыру; рух; шабыт; аян

Имам /а/ — діни жетекші, мұсылман қауымының басшысы; мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы

Иман /а/ — ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным; адам бойына тән ізгілік, адамгершілік; белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт

Инану /к.т./ — илану, сену

Инғам /а/ — тарту, сыйлық

Инсі /а/ — адам

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла қаласа

Исм /а/ — есім

Иттифақ /а/ — келісім, ынтымақ, бірлік, келісім, бір ауыздылық

Ихсан /а/ — жарылқаушылық, жақсылық, шарапат, қайыр; мейірбандық, рахым; зекет, садақа, құдайы

Ишара /а/ — нұсқау; ақыл-кеңес; белгі; таңба; нышан; ырым

Йасиг /п/ — жасиық деп те атайды. Құтпан намазының парсыша атауы

Календер — бастапқыда Орта Азиялық қалендарийе туыстығының мүшесі, соған берілген адам деген мағынада қолданылған. Кейінгі орта ғасырда ел аралап жүретін кез келген тақуа жанды осылай атайтын болған.

Караб /о/ — кеме

Кардан /п/ — мойын

Кафур /а/ — камфара ағашы

Кәлам /а/ — сөз, әңгіме; тіл

Кәлим /а/ — сөйлеуші, әңгімелесуші, айтушы

Кәлима /а/ — сөз, нақыл

Кәллә — бас

Кәмал /а/ — толығу; толықтық; түгелдік; кемел

Кәмил, кәміл /а/ — толық; бүтін, аяқталған

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көп құдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған

Кәрім, кәрим /а/ — жомарт; игі; шарапатты, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кәуіл — ойламаған жерде, байқаусызда

Кезин /к.т./ — екі ай

Кемер /а/ — белбеу, белдік

Кешедә /а/ — айқындалған, анықталған

Кимия /а/ — химия

Кияншаһ — ежелгі Иранның Кияни әулетінен шыққан патшалар

Көр — суқараңғы, соқыр

Күрси /а/ — орын; орындық; тақ

Қаба /а/ — дәрекі; тұрпайы; өрескел; құнарсыз; қатқыл; қалың

Қабағат — орасан; өте; керемет

Қабахат /а/ — оңбағандық; дәрекі; ерсі; айуандық

Қадар /а/ — жағдайынша, әл-қүдіретінше

Қалың — ну (орман, тоғай) жайқалған, бітік (шөп, егін)

Қалыс — тікелей қатысы жоқ, бейтарап; ара ағайын, жамағайын

Қам — қайғы

Қам сүт — қам — шикі, піспеген, өңделмеген омырау сүті

Қанадил /а/ — шам, шырағдан, шырақ, аспашам

Қарар /а/ — шешім, ұсыныс; қаулы; тыныштық; мекені, тұрған жері; үй; орнығу; тыныштану

Қасам /а/ — ант, серт, уәде

Қатрат /а/ — тамшы

Қимат /п/ — қымбат

Қиу /т/ — құдық; қойма; зындан

Құдауанда /п/ — Құдай, Тәңірі

Қүдірет /а/ — Құдай, Алла, Жаратушы; керемет күш, ғажайып қасиет

Құрсант /а/ — шат-шадыман, қош

Қышқыреушы — айқайлаушы

Латиф /а/ — ашық жүзді; жайдары; ақ пейілді; мейірімді; сыпайы; құрметті; ізгі; игі; рақымды; қайырымды

Ләулік — асыл тас; жайнаған

Ләшкер /т/ — әскер

Лутфун /а/ — мейірімділік, кеңшілік, жұмсақтық, ізеттілік

Мағбұд /а/ — құлшылық етілетін, табынатын зат; нәрсе; Құдай, Тәңірі; бұт

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, мәлім

Мағмұм /а/ — қынжылу; күйіну; қапалану; қамығу

Мағриб /а/ — батыс, күнбатыс

Мағруф /а/ — белгілі, мақұлданған

Мағшұқ /а/ — сүйікті, ғашық

Маддат /а/ — аралық; кезең; кез; мезгіл; мерзім

Мажал /а/ — күш-қуат; әл-дәрмен

Мазлұм /а/ — езілген, езілуші, рухы түскен; тұнжыраңқы; қаналған

Мақам /а/ — мән; маңыз; дәреже; шен; орын; әуен; жер; орын; мазар; мавзолей

Малаик рух аламин /а/ — Жәбірейіл періште

Мархабат /а/ — қайырымдылық, мейірімділік.

Матам /п/ — қайғы, шер

Матрұқ /о/ — материк, құрлық

Махбұс /а/ — қапастағы адам, тұтқын

Махбұб /а/ — ғашығым, сүйіктім

Махзун /а/ — мұңды; қайғылы; уайымды; шерлі; күйінішті; зарлы

Махкам /а/ — мықты, берік

Махрұм /а/ — айырылған, бақытсыз

Махфуз /а/ — тағдыр, жазмыш, пешене

Махшар /а/ — ақырет күні. Адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет

Машриқ /а/ — күншығыс; шығыс

Мәлике /а/ — патшайым; ханша

Мәжид /а/ — мешіт, Алланың үйі

Мәула /п/ — қожа, әкім, өмір, ұлық; мырза; қамқоршы; қолдаушы; сүйеуші

Мәшһүр /а/ — атақты

Мийан /п/ — орта; орталық; іш жақ; іш; бел; мықын; белуар

Миңлық /к.т./ — мыңдаған; көптеген, есепсіз, сансыз, қыруар, өлшеусіз

Миск /а/ — мускус; хош иіс

Мисли /а/ — сияқты, сықылды

Миуа // — мөуе, жеміс

Мордар /п/ — лас, былғаныш; арам; қорланған

Мөштақ /п/ — үлкен арман; ынта; мақсат; ықылас; тілек; көңіл білдіру; аңсау

Мунади /а/ — жаршы

Мурууат /а/ — ерлік; айбын; қажыр, қайрат; жомарттық; ақ көңілділік, қайырымдылық; парасаттылық

Мұқарраб /а/ — жақын; жуық; үйлесу. Аллаға жақын төрт періштені мұқарраб деп атайды. Олар: Жәбірейіл, Өзірейіл, Мекайыл, Ысрапыл

Мұстажаб /а/ — лайық болу, тұрарлық болу

Мұрсал /а/ — жіберілген елші, уәкіл

Мұртаза /а/ — мәмілегер; төртінші халифа хазірет Әлидің эпитеті

Мүтиг /а/ — мойынсұну; мойындау

Мұхлис /а/ — шын, адал; берілген; ақкөңіл; рақымды; әділ; әділетті

Мүбәрак /а/ — таза; құтты; қасиетті

Мүкәммал /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық.

Мүлкат /а/ — иелік, меншік, қожалық; мүлік

Мүмін /а/ — мұсылман

Мүшкі, миск /а/ — тағы қайталап жаз

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Нағра /п/ — соқпалы аспап, барабан, дауылпаз

Наза /а/ — адамның көю, қапалануымен байланысты болатын ашу, ыза

Най /п/ — флейта

Най уәзір — бас уәзір

Нам /п/ — кісі аты; есім

Нама /п/ — хат

Нәби, әнбия (көп. түрі) /а/ — пайғамбар

Нәбуат /п/ — Алланың аяны арқылы келешектен хабар беру, пайғамбарлық

Нәзір /а/ — құрбанның бір түрі, уәжіп — құрбан; құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәжат /а/ — құтылу, құтқару; азат ету; бүтіндік; амандық; түгел

Неках, некаһ /а/ — неке қию, некелеу, үйлену, тұрмысқа шығу

Нида /а/ — жар шақыру, дауыстау, айқайлау; жалбарыну; үндеу; ұран

Ниқаб /а/ — бет перде, жапқыш

Ништар /к.т./ — ланцет; скальпель; хирургиялық пышақ, кесу

Нияз /п/ — қажет, қажеттілік; өтініш; сый, тарту

Нығмет, нигмат /а., тат/ — бақытты өмір; шапағат; сый; рақым; жарылқаушылық; жақсылық; шарапат; қайыр; байлық; береке; игілік; ырзық; тамақ, ас, ауқат

Ошал /түрік/ — осы; бұл

Панар /о/ — фонарь

Парахот /о/ — кеме

Пәнже /п/ — бес саусақ

Пәрмен /а/ — өмір, бұйрық, жарлық; күш, қуат

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Дастандарда поэтикалық образ ретінде қолданылады. Сопылық ұғым бойынша, мұсылмандар дін үшін жан-тәнін аямай жаумен шайқасуын білдіретін ұғым; жаушы, шабарман, қуғыншы; жаршы, хабар әкелуші, хабаршы.

Пәруардигар /п/ — Жаратушы; Алла, Құдай, Жасаған

Пешет /о/ — мөр

Потал, пота — алтын жалатқан қымбат белбеу

Пінһан /п/ — құпия; жасырын; тығулы, бүркеулі

Пір—қажы, хазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Діни ұғымда пір қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептелінеді, аруақ туралы түсінікке жақындайды

Расул /а/ — елші; негізінен Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға байланысты айтылады

Рауа /п/ — рұқсат етілген, ерік берілген, шешіліп қойылған; мүмкін; жарамды; тиімді; қолайлы

Раушан /п/ — нұрлы, сәулелі, әдемі

Рахим, Рахима /а/ — мархабатты; мейірбан; рақымды; қайырымшыл

Рахман /а/ — аса қамқор, мейірімді Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — мейірім, шапағат

Рисалат /а/ — жолдама, хат; пайғамбарлық; елшілік; міндет; зерттеу; хабарлама

Рифғат /а/ — жоғарылау, көтерілу

Рухил Әмин /а/ — сақтаушы; байқаушы; қараушы рух

Сабан /а/ — шығыс желі

Саз /п/ — музыкалық аспап; керек-жарақ; жиын-той; жиһаз; жөндеу; әзірлік; даярлық; ән

Сайфу /а/ — қылыш

Санам /а/ — пұт; табынатын адам; ардақтайтын адам; жансыз тұлға; пұтқа табынушылардың Құдайының аты

Сардар /а/ — сарбаздардың басшысы; жасақ басы; қолбасшы

Сарнай /п/ — той үстінде тартылатын сый-көде

Саттар /а/ — кешіруші; паналатушы; таса қылушы; бүркеп тұрушы; Алланың 99 есімінің бірі

Саум /а/ — ораза

Сафа /а. тат/ — жақсы, таза, тұнық, ашық болу; рақаттану, көңіл көтеру

Сахаба /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге Ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Сахих /а/ — дұрыс, әділ

Сахт /п/ — машақат; мүшкіл; қиын; айбатты; күшті; берік; қатты; қатал; ауыр

Сәжда, сәжде /а/ — мойынсұну, табыну; Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою; тәжім, бас ию; иілу, сәжде қылу

Сәна /а/ — мадақ; алғыс

Сәркардан /п/ — сергелдең

Сәруар /п/ — басшы, жетекші, қожайын

Сеңа /к.т./ — саған

Сұбхан /а/ — жасаған, күшті, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Сұлтанат /а/ — билік; мемлекет

Сыдық /а/ — тек шындықты айтушы; адал, шыншыл, әділ, әділетті

Сірі — көн болып қатып қалған

Табиб, тәбиб /а/ — дәрігер, емші, тәуіп

Тағала /а/ — бөрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Тағбир /а/ — түсінік; лебіз; болжам, жорамал; түспал

Тағин /а/ — тағайындау; анықтау

Тажир /а/ — көпес; сатушы, саудагер

Тақыт — ою өрнектеліп безендірілген арқасы және жақтауы бар мүлік (қазіргі диван тектес); патшалар отыратын орын, тақ

Тарантас /о/ — күйме

Тасбих, Тәсбі /а/ — Алланы мадақтау, дәріптеу; 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбі тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.с.) қызы Фатима анамызға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың тәсбісі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған

Тасниф /а/ — жүйелеу, жинақтау; құрастыру; жазу; шығару

Тауфиқ /а/ — ұйғару; татуластыру; басу; тыныштық орнату; көмектесу; жәрдем; табыс; келісу; мәміле; татулық, тыныштық; жәрдем; қолғабыс; медет; көмек; мерей; сәттілік; бақыт

Тахқиқ /а/ — орындау; іске асырылу; зерттеу; тексеру; анықтау

Тахиқ /а/ — жүзеге асу

Таһлил /а/ — дауыстау, айқай, шу; мақұлдау; мадақтау

Тәдбир /а/ — шара; амал; орналасу; басқару

Тұғры /т/ — тура

Тұту /т/ — ұстау

Тұһмат /а/ — күдік; күмән; сезік; шүбә; айып

Тіллә, ділдә — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында

да қолданылады

Уа — және

Уағда /а/ — уәде

Уаллаһи /а/ — Құдай ақына!

Уаллаһи ағлам /а/ — Алла жақсы біледі

Уасил /а/ — қосылған; жалғанған; бірлескен

Уасиф /а/ — сипат; белгі; сапа

Уасл /а/ — қосылу; қосылған жер; қосылған орын

Уасуаса /а/ — азғырушы, тура жолдан тайдырушы, құлаққа сыбырлап «түртіп» тұратын шайтан; шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғырушы

Уахи /а.п/ — сендіру; сыр ашу; дауыс; үн; Мұхаммедке Жәбірейіл арқылы келген Алланың бұйрықтары, жарлықтары

Уәжіл /а/ — жалтақ; жасық; қорғаншақ; жасқаншақ

Уәншәһ — бала

Уисал /а/ — қарым-қатынас; байланыс; ғашықтық байланыс

Ұғлан /а/ — ұлан, жасөспірім, жеткіншек, өрен

Ұғыл /т/ — ұл

Үшбу /к.т./ — осы, бұл

Ғаған /п/ — жылау; еңіреу; зар жылау

Ғазыл, ғазилат /а/ — қайырым, шапағат, қайырымдылық

Ғариад /п/ — айғай, жылау; зарлану

Ғарш /а/ — үй жиһазы; бұйым; керек-жарақ

Ғасад /а/ — бұзылу, арамдық, бұзықтық

Ғаслу /а/ — бөлім, тарау

Ғата /а/ — бозбала; жігіт; ұлан; жасөспірім

Ғауз /а/ — жеңіс; жеңу; салтанат; жетістік; мерей; табыс; құтылыс; құтқару

Ғаһим /а/ — түсінік, пайым, ой, зейін

Ғирақ оты /а/ — тозақ оты

Ғирақ, фирқат, фирағат /а/ — айырылу; айырылыс; жүріп кету; кетіп қалу

Фитна /а/ — дін бұзушылық; арамдық

Хабиб /а/ — сүйікті, қадірлі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хабсаханат /а/ — түрме

Хадим /п/ — қызметші

Хазірет /а/ — ағзам, мәртебелі, аса құрметті

Хақ, Ақ /а/ — шын, шындық, күмәнсіз ақиқат; нағыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Халал, алал /а/ — шарифат бойынша ұлықсат берілген; заңды; некелеп алған; таза; адал; жарамды; неке; жұптылық

Халас /а/ — арылу; құтылу; азат болу

Хале тон — құрметті шапан, тон

Халиқ, халық /а/ — жаратушы, жасаушы, жасаған, тудырушы, Пәруардигар; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Халил /а/ — күйеу, жұбай; дос; сүйікті

Халиолла /а/ — Алланың досы, жолдасы

Халифа /а/ — орта ғасырлардағы мұсылман елдердің мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы; патша, сұлтан

Хамд, хамду /а/ — мадақ; мақтан; даңқ; дәріптеу, даңқын шығару; рахмет, алғыс

Ханнан /п/ — мейірімді, рақымды, қайырымшыл; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Хараб /а/ — қирау, жоқ болу, апатқа ұшырау; бұзылу

Харам /а/ — таза емес; заңсыз; шарифат бойынша, тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]

Харидар /п/ — аларман, алушы, сатып алушы

Харир /а/ — жібек

Хас /а/ — айрықша, ерекше, өзіне тән

Хасыл /а/ — іске асыру, орындалу, жүзеге асу, тілегіне жету; нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету

Хатым — белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың Құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатым

Хауыз /а/ — бассейн, су қоймасы

Хәжжам /а/ — қан алушы

Хәсса /п/ — бөлік; бөлім; бөлек; бөлшек, үлес; енші; несібе; нәсіп; ырыс; арнайы; дербес; тән; іріктелген; таңдаулы; жеке

Хикаят /а/ — алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма

Хикмат, хикмат Құда /а., п/ — ауыр бейнет, азап; Құдайдың әмірі, кереметі; хикмет, даналық, кеменгерлік, нақыл сөз, мақал, ақылды дәйектеме, негіз

Хилаф /а/ — қарама-қарсылық, алауыздық, талас, дау

Хилғат /а/ — сыйлыққа берілген, сыйлаған киім; сыйлық

Хошнуд /а/ — разы; риза; рақаттанған; қанағаттанушылық; көңілді; қуанышты

Хулла /а/ — киім; көйлек-көншек

Хусусан /а/ — әсіресе

Хұтна /а/ — дұға, уағыз, насихат

Ғазар — әр

Ғаман /тат./ — бөрі, барлығы; үнемі; әрқашан; әрдайым; бірақ; дегенмен; бөрібір

Ғәдия /а/ — сыйлық

Ғәлак /а/ — апат; құру; зауал; ажал; қаза; өлу, өлім; күйреу

Ғәмма /п/ — барлық; бүкіл

Ғидаят /а/ — жүргізу, басқару; әрекет жасау

Ғизар /а/ — сандырақ, қиысыны жоқ сөз; ажуа; келемеж; ойын; әзіл; қалжың

Ғилал /а/ — жас ай; жаңа туған ай; жарты ай

Ғиммат /п/ — қызмет; әрекет; жігер; күш; қайрат; қажыр; жалын; шоқ; ынта; ыждағат; тырысу

Ғұш /п/ — ақыл-ой; ес; зерде; сана, зейін; жады

Шай уақыт — бір шәй ішіп болатын уақыт

Шамғ /а/ — балауыз; шырақ; шам

Шариф /а/ — құрметті, ұлы, қадірлі; ақсүйек, текті; Пайғамбардың ұрпақтарына берілген атақ

Шауқ /а/ — нәпсі, ынтызар, ынтық, құмар, құштарлық

Шаһ /п/ — патша, хан

Шаһадат /а/ — айғақ; куәлік; көрсеткіш; куәлік ету, куә болу. Кәлима-шаһадат Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке куәлік білдіретін сөз: Ашһаду ан лә иләһа илла Алла уа ашһаду әнна Мұхаммед ғабдуһу уа расулуһу (Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед оның құлы мен елшісі екендігіне сенім білдіремін). Ислам дінін қабылдау үшін кәлима шаһадатты үш рет айту керек

Шаһариар — шаһар /п/ — төрт, яр /т/ — жар, серік, яғни Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа болып, тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атқа ие болған

Шаһбаз /п/ — кеңпейіл, ержүрек, сабаз

Шаһид /а/ — шейіт; құрбан болу; куәлік; көрсеткіш; ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шашма /п/ — бұлақ

Шәр, шаһар — қала

Шиддат /а/ — күш; пәрмен; шама; қайрат; қуат; құдірет; қарқын; қаталдық; қаттылық; айбат; бақытсыздық; бәле; қаза; қырсық; аза; дерт; зар; күйініш; қайғы; қасірет

Шоры /т.тат./ — құл; күң

Шынар — шың, биік

Ықрар /а/ — шешім; мойындау

Ышқы, ғышқы /а/ — ғашық болу, сүйіктісі; махаббаты

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан бері қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Ирамбағы, Ерамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам — шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Йемен, Емин — Оңтүстік-батыс Арабияда орналасқан мемлекет. Шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында Йемен (Емин) мол байлықтың елі деп суреттеледі.

Кінған — Палестинаның көне аты — Ханаан, нұсқада Кінған деп алынған.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Мағруп, Мағриб — арабша Мағриб, яғни батыс деген сөз.

Малатия — Түркиядағы көне шаһарлардың бірінің аты. Діни дастандарда жиі аталып отырады. Аңыз қаһарманы — Сейітбаттал, яғни Жағыпар батыр осы жерде дүниеге келеді.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл — Африкадағы ірі өзен.

Пикин — Шығыс еліндегі көне қалалардың бірі

Ризуан — хадистерде айтылғандай жаннаттың күзетшісі

Ханаан — Сирия мен Египет арасындағы жатқан аймақ, аңыз бойынша, Мұса пайғамбар өз халқын осы жерге әкелген. Бұл жерді ежелгі грек тарихшысы Геродот Палестина деп атаған. Сол «арман еткен өлке» — таураттық филистимлян елі.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒАМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Әлімбетов Кәпбай (1904-1985) — туып-өскен жері Оңтүстік Қазақстан облысы. Өз аймағының белгілі ақыны, жырауы, фольклор үлгілерін орындаушы. Кәпбайдың айрықша еңбегі — оның өзіне дейінгі өткен жырау, ақындардан халық мұрасын үйреніп, біздің заманымызға жеткізуінде.

Ол көптеген айтыстарға түскен суырыпсалма ақын.

Байғұлыұлы Құлмұхамбет (1863-1918) — қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туып өскен. Руы — қыпшақ. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы.

Бижігітұлы Жақыл — шығыстық сюжетке құрылған дастандарды баспаға дайындап шығарушы, ақын. «Қисса Қожа Ғаффан», «Қисса Таһир», «Нұрғұзарын» және «Қисса Зияда, Шаһмұрат» дастандарын Қазан қаласындағы баспаға дайындап жіберген.

Сабалұлы Ақылбек (1880-1919) — ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ақын араб, парсы, түрік пен орыс тілдерін, шығыс әдебиетін жетік меңгерген. Кейбір деректер бойынша, Сабалұлы Ақылбек Абай аулынан, тіпті шешесі Абайдың туысы болған.

Сабалұлы Ақылбек «Таһир — Зүһра», «Бозжігіт», «Алтын балық» т.б. дастандарды ел аузынан жинап, өңдеп, редакциялап кітап етіп бастырған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937) — ақын, ауыз әдебиетінің жинаушысы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа өулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Медресе бітірген Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандарды, айтыстарды т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фолькло-

ры шығармаларын жинап бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі, көне түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссәләм мен Зылиханьң мәселесі. — Қазан, 1898.
2. Қисса Шеризат — Күлшат // ӘӨИ, Ш.621.
3. Қисса Дандан. — Қазан, 1911.
4. Қисса Зияда, Шаһмұрат. — Қазан, 1912.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. Мәдине, 1991.
2. Азибаева Б. У. Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
3. Алекторов А. Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей о киргизах. — Казань, 1900.
4. Батырлық дастандар. Құрастырған Ү. Сүбханбердина. — Алматы, 1995.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1981.
6. Бертельс Е. Э. Абул Касим Фирдоуси и его творчество. — Л-М., 1935.
7. Бертельс Е. Э. Узбекский поэт Дурбек и его поэма о Иосифе Прекрасном // Альманах Дар. — Ташкент, 1994.
8. Ғашық наме. Құрастырған Ү. Сүбханбердина. Алматы, 1976.
9. Ғашықтық дастандар. Құрастырған Ү. Сүбханбердина. Алматы, 1994.

10. *Короглы Х. Юсуф и Зулейха* // Краткая литературная энциклопедия. М., — 1975.
11. Қисса-дастандар. Құрастырған *Ү. Сүбханбердина*. — Алматы, 1986.
12. *Қыраубаева А.* ШЫҒЫСТЫҚ қисса-дастандар. — Алматы, 1997.
13. *Қыраубаева А.* Ғасырлар мұрасы. — Алматы, 1988.
14. *Манн Т.* Иосиф и его братья. 1-2-т. — М., 1968.
15. *Осман Нури Топбаши.* Пайғамбарлар баяны. — Алматы, 2004.
16. *Сатпаева Ш. К.* Казахская литература и Восток. — Алма-Ата, 1982.
17. *Тагирджанов А. Т.* Влияние поэмы Фирдоуси «Иусуф и Зулайха» на «Кисса-и Иусуф» Али и «Иусуф и Зулайха» Шайяд Хамзы. Палестинский сб. Вып.21 (84), А. 1970.
18. *Тагирджанов А. Т.* К вопросу о поэме Фердоуси «Юсуф и Зулейха» // Советское востоковедение. т.-5. — М.-Л., 1948.
19. *Хисамов Н. Ш.* Поэма «Кысса и Иусуф» Кулгали. — М., 1979.
20. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов*. — Москва, 1968.
21. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
22. Қазақ тілінің сөздігі. Құрастырушылар: *Ә. Болғанбаев, Б. Қалиев т.б.* — Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
23. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
24. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства Образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Восемнадцатый том включает в себя четыре романических дастана: «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі», «Қисса Шеризат—Күлшат», «Қисса Дандан», «Қисса Зияда, Шаһмұрат».

Главная тема этих произведений - любовь молодых людей по своему выбору и борьба их за право на эту любовь, за воссоединение с возлюбленным.

Несмотря на общность тематики произведения, вошедшие в том разнообразны по сюжетике, происхождению и интерпретации основной темы. Например, сюжет дастана «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» очень древен. Как известно, легенда, связанная с именем прекрасного Юсуфа, существует в фольклоре народов Востока с древних времен. Впервые в письменном виде она была зафиксирована в Библии в IX веке до н.э. Также она вошла в состав Корана. Но многим народам Востока прекрасный Юсуф известен не как персонаж Библии и Корана, а как герой свыше 120 художественных поэм и дастанов на языках многих народов мира. Среди тех, кто создавал поэтические образы Юсуфа и Зулейхи были Рудаки, Фирдоуси, Шахабеддин Бухари, Кул Али, Дурбек, Андалиб и многие, многие другие. Они сыграли огромную роль в превращении легенды в художественное произведение с гуманической направленностью.

Библейско-кораническая легенда о Юсуфе Прекрасном представляет собой вполне занятную, многослойную, многосюжетную историю, наполненную приключениями, неожиданными ходами и поворотами, немаловажное значение в ней занимал религиозно-мистический элемент и мифология древних. Несомненно также и то, что эпизод с Зулейхой был второстепенным и служил прежде всего двум целям: а) для подчеркивания святости, верности и преданности Юсуфа; б) проверки выдержки, устойчивости, т.е. нравственных качеств Юсуфа. И только благодаря таланту, гуманистической концепции творчества поэтов, писавших на тему о Юсуфе, эпизод «преступной страсти Зулейхи» к своему рабу стал главным моментом произведений на эту тему, кульминацией многотрудной жизни героя, который в награду за свои добродетели и достоинства, как и другие сказочно-эпические герои, получает в конце концов трон и прекрасную жену.

Дастан «Қисса Шеризат — Құлшат» своим происхождением обязан одному из сюжетов прозаической персо-таджикской литературы средневековья который, по всей видимости, был записан со слов рассказчиков и оформлен как художественное произведение в XVII—начале XVIII в. В Средней Азии это произведение было известно на таджикском и узбекском языках. Еще в XIX веке повесть эта была переведена на русский язык и издавалась в Москве в 1862, 1863, 1871, а также в 1988 г.; издавалась она и в Лондоне в 1926 г. на английском языке.

У нас выявлено шесть самостоятельных, независимых друг от друга, иногда имеющих разные названия, произведений о Шеризате и Кулшат, созданных в русле как фольклорной, так и письменной традиции. Среди создателей, сказителей и исполнителей их — М.Ж.Копеев, А.Найманбаев, Н.Нысанбайұлы, Б.Бектурганов, Е.Кунанбаев, К.Алимбетов и др.

Основу персидского хикаята и всех казахских дастанов составляет древний, широко известный на Востоке и Западе сказочный сюжет о невинно гонимом. Он развивается согласно канонам архаического сюжета, т.е. обреченный на смерть сирота спасается, остается жив благодаря чудесной помощи львицы, вырастает необыкновенно храбрым и мужественным, узнает правду о своем прошлом, возвращается к себе на родину,

восстанавливает справедливость, занимает отцовский трон и женится на дочери своего врага.

Сюжет персидского хикаята включает в себя следующие мотивы: мотив необычного рождения героя, соединенный с мотивом убийства беременной царицы; мотив чудесных помощников в образе львицы; контаминацию мотивов: заочная любовь + героическое сватовство + любовь к дочери своего врага и т.д. То есть, сюжет является международным по своему характеру, типичным для фольклора многих народов.

Публикуемый в данном томе дастан представляет собой фольклорный вариант, записанный от сказителя Алимбетова К. В нем имеются некоторые отклонения от первоисточника, к примеру функцию визиря выполняет родной брат шаха и т.д. Но, в целом, в дастане полностью сохранена фабула персидской повести и все основные звенья сюжета.

«Қисса Дандан» и «Қисса Зияда, Шаһмұрат» построены по классической схеме восточных романических дастанов, то есть в них присутствуют все традиционные звенья сюжета подобных произведений: мотив заочной любви, далекое и опасное путешествие, преодоление всех трудностей, встреча влюбленных, еще одна цепочка приключений и т.д. В «Қисса Дандан», например, герой влюбляется в портрет красавицы, обнаруженный в сундуке, который был подарен его отцу заезжим купцом, выезжает в далекий и опасный путь втайне от родителей, преодолевает многочисленные трудности и т.д. При этом он выказывает мужество и героизм. В итоге он, как многие сказочные герои, женится на трех красавицах, одна из которых — пери.

«Қисса Зияда, Шаһмұрат» является классическим образцом подобных дастанов. Особенностью его является то, что в нем повествуется не о двух влюбленных, как обычно, а о двух парах влюбленных молодых людей, любовное чувство которых возникает заочно и мгновенно. То есть в произведении разработано несколько сюжетных линий, фабула намного сложнее и насыщена дополнительными ходами и интригами.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные о исторических и религиозных деятелях, име-

на которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастаны «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» и «Қисса Зияда, Шаһмұрат» издавались в научно-популярных фольклорных сборниках дважды: первый в 1976 и 1994 г.г., второй в 1986 и 1995 г.г. Для этих изданий характерно произвольное сокращение текстов и редакторская правка. Дастаны «Қисса Шеризат-Кулшат» и «Қисса Дандан» публикуются впервые.

Всетексты подготовлены адекватно первоисточникам: «Қисса Шеризат-Кулшат» с рукописи, хранящейся в рукописном фонде Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК: Ш. 621, арабская графика; «Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән Зылиханың мәселесі» с казанского издания 1898 года, «Қисса Дандан» с казанского издания 1911 года, «Қисса Зияда, Шаһмұрат» с казанского издания 1912 года.

Объем тома — 23,5 п.л.

SUMMARY

M. O. Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of the hundred volume Collection of Kazakh folklore «Babalar sozi» implemented within the framework of the State Program «Madeni mura» («Cultural heritage»).

The eighteenth volume includes four romantic dastans: «Kissa khaziret Zhusip aleikhissalam ilyan Zilikhanin maselesi», «Sherizat — Kulshat», «Kissa Dandan», «Kissa Ziyada, Shakhmurat» .

The main theme is love between young people that they have chosen and the struggle for the right to love and join with the beloved.

Although the topics of the works are common, the plots, origin and interpretation are different and diverse. For example the plot of the dastan «Kissa khaziret Zhusip aleikhissalam ilyan Zilikhanin maselesi» is very ancient. As we know the legend related to the name of the wonderful Yusuf is existing in folklore of the peoples of Oriental countries since ancient times. For the first time it was recorded in the Bible in IX century B.C. Also it was included into the Koran. However in many nations of Orient countries wonderful Yusuf is know not only as a personage of Bible and Koran but as a hero of more than 120 artistic poems and dastans in many world languages. Rudaki, Firdousi, Shakhbeddin Bukhari, Kul Ali, Durbek, Andalib and many others have created poetic types of Yusuf and Zuleikha. They played enormous role in transformation of the legend into artistic work with humanist aim.

Bible-Koran legend about Wonderful Yusuf is an interesting, multi-level, multi plot history full of adventures, surprising

actions, the religious-mystique element and ancient mythology played an important role in it. Also the episode with Zuleikha was a secondary episode and served for two aims: a) for underlining the holiness, faithfulness and devotion of Yusuf; b) testing the endurance, sustainability i.e. moral features of Yusuf. Only thanks to talent, humanist conception of the poets creativity who wrote about Yusuf the episode «criminal passion of Zuleikha» to her slave became the main moment of the works written on this topic, the culmination of the difficult life of the hero who finally gets the throne and a wonderful wife as a prize for his virtue and merits like many other tale-epic heroes.

The origin of the dastan «Sherizat — Gulshat» is based on one of the plots of the prosaic Persian-Tadjik medieval literature that obviously was recorded from the narrators and arranged as an artistic work in XVII-beginning of XVIII c. In Central Asia this work was known in Tadjik and Uzbek languages. Already in XIX century this story was translated into Russian and published in Moscow in 1862, 1863, 1871, and also in 1988; it was published in London in 1926 in English.

We have identified six independent works about Sherizat and Gulshat that sometimes have different titles and were created within folklore and written traditions. Such narrators and performers as M.Z.Kopeev, A.Naimanbaev, N.Nysanbayuly, B.Bekturganov, E.Kutpanbaev, K. Alimbetov and others.

Persian khikayat and all Kazakh dastan are based on the ancient well known in the East and West tale plot about innocent exiled person. It develops according to the archaic plot canons i.e. the orphan doomed to death was rescued by the lion, grew up and became very brave and courageous man, learnt truth about his past, returned back to his motherland, restored justice, took his fathers throne and married his enemy's daughter.

The plot of Persian khikayat includes the following motives: motive of unusual birth of the hero combined with the motive of murder of the pregnant queen; motive of the wonderful helpers in type of a lion; contamination of motives: distance love+ heroic matching+ love to the enemy's daughter etc. So the plot is international on its character and typical for folklore of many nations.

The dastan published in this volume is representing a folklore version recorded from the narrator K. Alimbetov. It is a little bit different from the original, for example the name of the hero's father is Karakabat but not Korokin as in the Persian khikayat, brother of the Shah is functioning as a vizier etc. However in general the dastan completely preserves the plot of Persian story and all main plot chains.

«Kissa Dandan» and «Kissa Ziyada, Shakhmurat» are based on a classical scheme of Oriental romantic dastan i.e. they include all traditional plot chains typical for such works: motive of distance love, far and dangerous trip, overcoming difficulties, meeting of the loving people, one more set of adventures etc. In «Kissa Dandan» for example, the hero falls in love with the portrait of the beauty that he has found in the box that was gifted to his father by one merchant. He secretly from his parents started long and dangerous travel, overcame many hardships etc. Finally he as many other tale heroes married three beauties and one of them was a peri.

«Kissa Ziyada, Shakhmurat» is a classic example of such dastans. Its special feature is that it tells not about two lovers as usually, but about two pairs of young lovers who fall in love immediately and a distance. So in the work several plot lines are developed, the plot is more complicated and is full of additional acts and intrigues.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic-folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Dastans «Kissa haziret Zhusip aleikhissalam ilyan Zilikhanin maselesi», «Sherizat — Kulshat», «Kissa Ziyada, Shakhmurat» have been published twice in scientific popular folklore collections: first in 1976 and 1994, second 1986 and 1995. In those editions the arbitrary reductions of the texts and editorial correction were made. Dastans «Sherizat — Gulshat» and «Kissa Dandan» are being published for the first time.

All texts were prepared adequately to the original sources: «Sherizat—Kulshat» was prepared from the manuscript kept at the manuscript department of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, Republic of Kazakhstan, S.621, in Arabic graphics; «Kissa khaziret Zhusip aleikhissalam ilyan Zilikhanin maselesi» from Kazan edition of 1898, «Kissa Dandan» from edition of 1911, «Kissa Ziyada, Shakhmurat» from Kazan edition of 1912.

Volume includes 23,5 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қисса хазірет Жүсіп аләйһиссалам илән
Зылиханың мәселесі 9
Қисса Шеризат — Күлшат 158
Қисса Дандан 199
Қисса Зияда, Шаһмұрат 226

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 317
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 335
Сөздік 344
Жер-су атаулары 360
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 362
Шартты қысқартулар 363
Пайдаланылған әдебиеттер 364
Резюме 366
Summary 370

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

18 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. К. Тұрлынова*
Редакторы *Ү. С. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Н. Садықова*
Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**
ИБ № 2036

Теруге 24.08.05 жіберілді. Басуға 14.09.05 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.
Қаріп түрі **«Мектептік»**. **Офсеттік қағаз**. **Офсеттік басылыс**.
Шартты баспа табағы 23,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №384.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISSN 0306-8122 7



0306-8122 7